

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

**ОЛЖАБАЙ ТОЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ
300 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
«ОЛЖАБАЙ БАТЫР – ЕЛ ҚАҺАРМАНЫҚ»
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ,
ПОСВЯЩЕННОЙ 300-ЛЕТИЮ
ОЛЖАБАЯ ТОЛЫБАЙУЛЫ
«ОЛЖАБАЙ БАТЫР – ЕЛ ҚАҺАРМАНЫ»**

ПАВЛОДАР
2013

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 6373 (5Қаз)
О 54

Редакция алқасының бас редакторы:

Өмірбаев С. М., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор

Жауапты редакторлар:

Ержанов Н. Т., Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры, б.ғ.д., профессор

Кузембаев Н.Е., Ғылым және инновациялар департаментінің директоры, т.ғ.к., доцент

Жауапты хатшы:

Каюмова М. С., Ғылыми - әдістемелік бөлімінің бастығы

О 54 С. Торайғыровтың Олжабай Толыбайұлының 300 жылдығына орай, «Олжабай батыр – ел қаһарманы» атты ғылыми – практикалық конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2013. – 330 б.

ISBN 978-601-238-337-9

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 6373 (5Қаз)

ISBN 978-601-238-337-9 © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
Е.М. АРЫННЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ**

**Құрметті жиынға келген зиялы қауым өкілдері,
қонақтар мен студенттер!**

Өлкеміздің жоғары білім ордасы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде атақты бабамыз, қазақ халқының қаһарманы Олжабай батырдың 300 жылдық мерейтойына орай үйлестірілген конференциямызға қош келдіңіздер!

Ардақты бабамыздың еліміздің, өлкеміздің тарихына қосқан үлесі бүгінгі ұрпақтың сәйкес бағасын тауып отыр. Олжабай бабамыздың құрметіне бүгінгі өткізіліп отырған, бұрын-соңды еліміздің әртүрлі аймақтарында ұйымдастырылып жатқан шаралар халық санасында, ел тарихында осы тұлғаның алатын рөлінің белгісіне айналып отыр.

Қазақ тарихында ерекше орын алатын сала – тұлғалар тарихы. Ежелден бері ата-бабамыздың жас ұрпақты тәрбиелеу, тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселесіне келгенде арқа сүйері – халық ауыз әдебиетінің үлгілері: батырлар жырлары, дастандар еді. Осы ретте қазіргі тарих ғылымында осы терең де мағыналы, дәуір келбетін ашатын, аса бай тарихи дерек көздерінің тарихи зерттеулерде алып отырған рөлі төмен деңгейде деуге толық негіз бар. Бұл дерек көздерінің отандық тарихшылар тарапынан көп елей қоймауы кеңестік кезеңдегі халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне қатысты қалыптасқан бағалаудан туындаған болатын. Осындай әдіснамалық кемшіліктен бүгінгі жас тарихшылар буыны бас тартып, жаңашыл көзқарас аясында қайта қарау қажеттілігі жоғары. Әсіресе бұл Елбасымыздың тарихшылар қауымы алдында белгілеген міндеттерді орындау аясында өте маңызды болып отыр. Тарихи зерттеулерді жаңа деңгейге көтеріп, «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында ұлттық тарихты насихаттау арқылы жаңашыл патриотизмді қалыптастырудың жолы ретінде тұлғалық тарих саласы ерекше маңызға ие. Батырлар жырлары мен дастандарындағы тарихи тұлғалар арқылы тәлім-тәрбие, батырлардың халқына деген сүйіспеншілігі, ерлігі мен данышпандығы арқылы жас буынның отансүйгіштігін оятуға болады. Осындай үлгі боларлық тарихи тұлға – халық батыры Олжабай. Олжабай батырдың қазақ тарихындағы орыны мен рөлін, тарихи тұлғасын айқындау үшін жалпы оның заманының сипатына үнілу қажет.

Қазақ тарихындағы Олжабай батырдың алатын орыны туралы оның тікелей ұрпағы саналатын қазақ ғылымының айтулы өкілі, ұлт тарихын, әсіресе, ғасырлар қойнауындағы жәдігерлерімізді хатқа жазып кеткен академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқының тарихында XVIII ғасыр ерлік оқиғаларға толы естен кетпес дәуір болды. Халық жадында «Ақтабан шұбырынды» атанған сол бір қиын уақытта халық арасынан даңққа бөленген атақты адамдар аз шыққан жоқ. Сондай адамдардың бірі – «Ақтабан шұбырынды» дәуірінің ержүрек батыры атақты Олжабай. Ол – жоңғар-қытай бөгдыхандарына қарсы тұрған азаттық күресінің дарынды, табанды басшыларының бірі», – деген еді.

М.Ж. Көпейұлының еңбектеріне арқа сүйесек, Олжабай батыр – «Қалмаққырған», «Шүршітқырған», «Талқы» шайқастарына қатысып, ерлігі үшін үлкен даңққа иеленіп, бүкіл Қазақ хандығында беделге ие болған тұлға.

Дара болып туған дарын иесі «жеті қырлы, бір сырлы» болатынын дана халқымыз ежелден бері байқаған. Олжабайдың батырлығына, әскери қабілетіне саяси-дипломатиялық дарыны да сәйкес келген. 1739-1742 жылдары қалыптасқан саяси жағдай талабы бойынша, жоңғар ықпалын шектеу және Абылайды тұтқыннан босаттыру шараларын дипломатиялық тәсіл арқылы жүзеге асыру мақсатында Олжабай батыр Толыбайұлы 1742 жылы Әбілхайыр бастаған қазақ билеушілерінің бірі есебінде Арғын тайпасы атынан Ресей мемлекетіне қарауға ант береді. Елші ретінде Олжабайдың Орынбор қаласына жіберілуі де оның қазақ билеушілері, үшін сенімді адам болғанын, әрі Ресей мен Жоңғар хандығы үшін елеулі тарихи тұлғаға айналғанын аңғартады.

Қазақ халқының қаһарманы Олжабай батырдың еліміздің тәуелсіздігі мен болашағы үшін қосқан үлесі мен рөлі өте зор. «Ат тұяғын, тай басар» деген дана халқымыздың сөзі бар, Олжабайдың тұлғасының дарыны оның тікелей ұрпақтарының бойынан көрініс тапты, бүкіл қазаққа әйгілі ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан мен қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтер – ардақты Олжабай бабамыздың тікелей ұрпағы.

Аласапыран заманда батырлықтың, тайсалмас ерліктің, әділдік пен парасаттылықтың символына айналған Олжабайдың тарихи тұлғасы бүгінгі қазақтың жас буыны үшін үлкен үлгі-өнеге болуы қажет. Киелі ордамыздың бірлігі нығайып, елдігіміздің берік шаңырағы көркейе берсін! Жас буынның санасына Олжабай батырдың үлгісі нәр болып сіңіп, бабамыздың аруағы қолдасын!

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПМУ-ДЫҢ ПРОРЕКТОРЫ Н.Т. ЕРЖАНОВТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті қонақтар! Құрметті конференцияға қатысушылар!

XVIII ғасырдың ержүрек батыры, қазақ халқының азаттық жолындағы күрескер Олжабай Толыбайұлының 300 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған «Олжабай батыр – ел қаһарманы» атты ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Тәуелсіз Қазақстан жарқын болашаққа ұмтылып, әлем қозғалысына қосылуда. Осы жолда ата-баба тарихы ғана бізге қазыналы өсиетімен жол сілтейді. Қазақ даласының ұлылығын, халық мәдениетін, шежіресі мен салтын біз өткен тарихтан ғана аламыз. Ал, тарихтың ең басты міндеті – ұлттық абырой мен патриоттықты тәрбиелеу болып табылады.

Себебі, патриоттық сезімдер халықтың өткенімен байланысты тарих арқылы қалыптасады. Сондықтан, тарихты зерттеу мен насихаттау бүгінгі күні ерекше мәнге ие. Бүгінгі конференцияға арқау болған Олжабай батырдың да тұлғасы кейінгі ұрпаққа үлгі болатыны сөзсіз.

Уважаемые гости! Уважаемые участники конференции!

От всей души рад приветствовать вас на открытии научно-практической конференции «Олжабай батыр – ел қаһарманы», посвященной 300-летию доблестного казахского воина XVIII века, одного из руководителей национально-освободительного движения казахского народа Олжабая Толыбайұлы.

Суверенный Казахстан гордой и твердой поступью идет вперед к мировым вершинам, по крупицам восстанавливая древнейшую историю и культуру народа, самобытность и величие казахской степи, – совершенно уникальной цивилизации, уходящей своими корнями вглубь тысячелетий.

Национальная культура – это драгоценный клад каждой нации. В понятие национальной культуры входят обычаи, фольклор, эпос, особенности характера людей, особая система ценностей. У казахского народа, в условиях суровой кочевой жизни и постоянной

борьбы за независимость, за целостность казахских земель, сложилась самобытная система воспитания, которая формировалась, проверялась и совершенствовалась на протяжении многих веков. В основе её лежало привитие молодёжи силы, ловкости и выносливости, воспитание храбрости, мужества и других качеств, необходимых кочевнику-шаруа и войну-сарбазу.

В эпоху, когда физическая выносливость, ловкость, храбрость становились для сынов казахской степи нормой жизни, для того чтобы стать в устах народа живой легендой, остаться в вечной памяти потомков, необходимо было обладать беспримерной доблестью. Именно таким «ел батыры» стал Олжабай Тольбайулы.

С его именем связана идея общенационального единства, государственной независимости и территориальной целостности Казахстана. Именно в борьбе за осуществление этой идеи раскрылись такие разносторонние природные дарования Олжабай батыра, как личная отвага, талант полководца, дальновидность стратега.

Особенно значимо, что празднование 300-летия батыра совпало с празднованием в Казахстане аналогичной юбилейной даты другого достойного сына своего народа – хана Абылая.

В плеяде видных государственных и военных деятелей Центральной Азии имя хана Абылая светит особо яркой звездой. Великий правитель и полководец, выдающийся политический деятель, искусный дипломат, он всю жизнь посвятил борьбе за целостность и независимость казахского государства.

Батыр Олжабай был активным сторонником сильной централизованной государственной власти Абылай хана. Бесстрашный участник его военных походов, Олжабай батыр сумел проявить не только воинскую доблесть, но и выдающиеся дипломатические способности, к примеру, в казахско-китайских отношениях середины XVIII века. Особую историческую ценность для благодарных потомков представляет книга записей батыра, в которой он описывал свои сражения. Это важный исторический документ, в нем содержатся значимые факты по деятельности Абылай хана, Казыбек бия, батыров Богенбая, Кабанбая и многих других.

Олжабай батыр – великий воин, давший миру не менее знаменитых потомков. Выдающийся ученый с мировым именем Алькей Маргулан является праправнуком знаменитого батыра, а поэт, писатель, видный государственный и общественный деятель Олжас Сулейменов – его потомком в седьмом поколении.

Историческая судьба казахской земли тесно переплетается с судьбами многих поколений людей, живущих на этой земле. Жизненный путь человека напрямую зависит от вызовов эпохи, в которую он живет. Одним лишь героям дана воля и сила преодолевать и подчинять себе законы жизни. Таким героем был Олжабай батыр – пример мужества, честности и справедливости для всех последующих поколений.

Проведение научно-практической конференции «Олжабай батыр – ел қаһарманы» – это дань уважения легендарному герою, великому защитнику казахского народа. Это огромная честь для нашего университета.

Желаю участникам конференции интересной и плодотворной работы!

ОЛЖАБАЙ БАБАНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕР

М.А. ХАКАНОВ
Олжабай батырдың ұрпағы

Тарихымыз сандаған ғасырлардан тамыр тарататын, құндылық құпиялары толық ашылып болмаған халқымыздың өткені мен бүгін туралы толғансақ аса тереңдікті қажет етеді. Ол үшін ата-бабаларымыз айтып келген. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Абылайдың ақ жолы» дегенді санаға сәулендіріп, әрман қарай ой жүгіртсек, тарихымыз тек қана халқымыздың (біздің) азаттық пен теңдігін, бірлік пен ынтымақтығын, достық пен махаббаттығын арман еткен.

Енді бүгін тәуелсіздігімізді алған тұста тұңғыш ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың нұрлы жолы арқылы өткендегі үздік-үздік тарихты қайта жалғап, қазақтың қайраткерлері туралы әділ бағалар беріліп жатыр. Бұл істе Қарағанды обылыстық әкімдігі мен халқымыз бірлесіп өз бағаларын беріп, Олжабай бабамызға Бұқар Жырау ауданында ескерткіш қойылды.

«Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» – дейді халық даналығы. Қазақ елінің басына қаралы бұлт үйірілгенде, елім мен жерім деген қасиетті ұғымды биікке көтерген батырлардың бірі – Олжабай Толыбайұлы болатын. Халқымыздың дарынды перзенті Ш. Уәлиханов қазақ-қалмақ соғыстарына байланысты айтқанда: «Абылай ғасыры – қазақ ерлігінің ғасыры еді» – дейді. Аты аңызға айналаған Абылай ханның өзі «Олжабай есен болса – ел аман» – деуі батыр бабамызға деген нық сенімді және айырықша құрметшілікті білдіреді. Алайда, әйгілі қаһарман жөнідегі дерек көздеріне үңіле отырып, батыр бабамыздың ерлігіне қатысты мынандай мәселелерді де ерекшелік айтуды жөн санадым.

Біріншіден, Олжабай бабамыздың есімін ерекшелігін жоңғар соғысына дағы басты белгі – анық ту ұстаушысы болғандығы. Ту кез келген жауынгерге берілмейтіндігі аян. Үлкен шайқаста ту ұстаушыны қолға түсіру үшін екі жақта жанталасады. Қиын сәттегі

қауіп пен қатер жүгінің жеңіл емес екендігін сезініп, серітке берік екендігін дәлелдеу оңай іс емес. Ал Олжабай бабамыз болса, алғашқы соғыста Қаратай батырдың туын ұстап кіріп (18 жасында) сенімді ақтаумен қатар дұшпанның ту ұстаушысын мерт етеді.

Екінші: Абылай хан бастаған қалың қол Қалден – Церенге қарсы аттағанда да, Олжабай батыр Абылайдың сары ала туын алып, камалға ат қояды. Қолының қоспасына оқ тигеніне қарамай туды ешкімге берместен, кейінде де шегінбестен қақпаны бұзып камалға жол салады. Бұл ерліктері ауыз әдебиетінде және Сақау ақынның толғауында айтылады:

Олжабай орта жүзге ту ұстаған
Балапан түйғын құстай құныстанған.
Қолының қоспасынан оқ тисе де
Ту ұстаған жеріне жылыспаған

– дейтін өлең шумақтары өшпес ерліктің өнегесін көрсетеді.

Үшінші: жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалыс болып, отан соғысына айналған сұрапылда қазақтың сандаған батырларының есімін орын алып, жауынгерлік ұранға айналады. Халқымыздың қаһармандары Бөгенбай, Қабанбай қатарына «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай» – деген атақ хандар тарапынан берілгені. Бұл атақты Олжабай бабамыз Түркістанды азат ету жолындағы шайқастан бастап, Қаратау мен Сыр бойын, Сарыарқаны жоңғар шапқындығынан босату жолындағы күресте алғаны анық. Батыр бабамыз қазақ елінің оңтүстігі мен орталығы және солтүстігі мен шығысында соғысып, ұлы даланың ұраншы ұланына айналғанын тарихи аңыз әңгіме, өлең жырлар қалыс қалдырмай орынды мақтан етеді.

Төртіншіден: Олжабай бабамыздың көзі тірісінде де оның қаһармандылығына қатысты халық жыршы ақындары ойып орын алғаны. XVIII ғасырдағы аса ірі тұлға Бұхар жыраудың толғауларында да Олжабай батырдың ерлігіне арта сөйленеді. Ірі қолбасшы Қабанбай батырға ел атынан сөйлеп, ендігі тапсырма халық атынан екендігін былайша ескертеді:

Бас-басына батырлар
Арнап міндет артамын
Ата-аналық ақын бар
Алдарына оның тартамын
Қара Қабан Қабанбай
Қайтпа жаудан кек алмай
Ерін өлді арманда

Сапарынан келе алмай
– десе Малайсары батырдың әрі би екеніне байланысты былай дейді:

Малайсары батырым
Күшіне сай ақылың
Елдің кегін жоқтайтын
Жаттай өлді жақының
Жауды жайрат аяңбай
Бұзушы едің камалдай

Бұдан кейін Бұхар бабамыздың сөзі Олжабай бабамызға арналған жыраулар поэзиясының білгір маманы, белгілі ғалым Х. Сүйіншіәлиев «Бұхар өз сөзінің ауыр салмағын Олжабай батырға салады. Асылы Олжабай негізгі күш болған, ауыр қолды бастап шыққан қолбасшы болу керек» деп орынды бағалауы.

Қанды жорық Олжабай
Болат тіркеу ордамай
Қолды бастап тез аттан
Ту көтеріп үш жақтан
Еркіндігі шабақты
Нәсер төгіп садақтан
Болат қару тарланым
Арыстанады арланым
Сен тіріде құламас
Сарала туы орданың.

Бесінші: Олжабай бабамыздың қол басшылығымен ірі шайқастар өткен жерлер сол өткен дәуірдің ескерткіші болып қалған. Соның бірі – Жасыбайдың кегі үшін Олжабай батырдың Қалмақтарды ұлардай шулатып, жан шошырлықтай күңір еткен жері, Баянауылдың күн шығысындағы «Қаламақ қырған» тауы.

Қалдан хан өліп, Жоңғар мемлекетінің хандық тағына таласудың нәтижесінде жеңілген қалмақ шонжарлары Әмірсана, Даваций, Банжурлар Абылай ханға келіп тығылып, пана іздегендері тарихтан белгілі. Қашқындарды шығарып бермедіндер, деп Лама доржа бастаған жиырма мың шүршіт әскері 1752 жылы қыркүйек айында Қазақ жеріне кіргені тағы аян. Міне, жоңғарлар және шүршіттер бар осындай қалың дұшпандардың өктемдігіне қарсы шығып, оларды ойсырата жеңген жері бүгін де «Шүршіт қырған» деп аталады. Бұл кішігірім жатаған таулар өзіміздің облысымызда, бұрынғы Молодежный ауданының күшығысында, қазіргі Шідерті кенті.

Ел мен жер, қазіргі біздің өміріміз үшін ерліктің шын үлгісі болған осындай бабамызды ескеріп, бүгін барлықтарымыз жиналып, Жүріп жатқан ғылыми конференция қайырлы болсын, сіздерге үлкен рахметімді айтамын! Отанымыз аман? Еңбектеріңіз жемісті болсын!

Өткен тарихымызда Олжабай Толыбайұлының бүкіл өмірі, осы Павлодар облысында, Баянауыл мен Екібастұз аудандарында өтіп еді. Бабамыздың ерлігі мен батырлығын және ірі қолбасшы болғанын ескеріп, келе жатқан үш жүз жылдығына байланысты Павлодар қаласынан көше аталса және жатқан жеріне күнбес көтеріліп, ескерткіш орнатылып, ірі жеңіске жеткен жеріне белгі қойылса. Аруақ риза болып, елдігіміз асқақтай түсер еді!

ӘОЖ 94 (574)

ШЕЖІРЕДЕГІ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Олжабай батыр Толыбайұлының (1709-1783)
305 жылдығы қарсаңында

МАҚСАТ АЛПЫСБЕС

т.ғ.д., Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Шежіре дегеніміз тарихи жады, тарихи сананың және ұлттық сана-сезімнің қайнар көзі. Қазақ шежірелері сан ғасырлар бойы жинақталып келген халықтың ұжымдық тарихи зердесі, халықтың дара біткен тарихи санасы болып табылады. Қазақ шежірелерінде ақпарат сақталуын қамтамасыз ететін механизмдердің бірі – ол белгілі бір тарихи оқиғаны маңызды және қажетті тәжірибе деп білуден қатар, оның қоғам мен ондайғы жеке адамдардың өмірлік өну, өсу, өркендеу үрдісінде нақтылы қолданыс табатындығына сенуден шығады.

Тарихи жады, зерде дегеніміз өткен тарихи дәуірлер туралы ақпараттың маңыздылығы мен өзектілігін көрсететін тарихи сана. Ондай сана өткен тарихи уақыт пен қазіргі және келешек уақытты өзара тығыз байланыстырады. Тарихи жады – ол рухани-әлеуметтік, ұлттық-мәдени үрдіс. Оның негізгі мақсаты – халықтың өткен тарихи өмірінен жинақтаған тәжірибесін сақтау және өндіру, және сол арқылы осы тәжірибе мен білімді қоғам өмірінде адам әрекеттерін ұйымдастыру үшін қолдану.

Ұлттың тарихи санасы мен зердесі адам есімдері, оның тұлғалық болмысымен тығыз байланысты. Тарихта өткен әйгілі адамдардың есімі тарих ғылымында мәні терең деректік категория болып табылатыны мәлім. Өйткені, елеулі тарихи оқиғаның орын алған уақытын анықтау мәселесінде де және сол оқиғаны баяндаудың өзінде де әңгіме ең алдымен ол тарихи оқиғаға қатысты адам есімінен басталады. Шежірелердегі бұл деректік категорияның тарихи-лингвистикалық негіздерін ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ, адам есімдерін тарихи тұлғаны айқын көрсететін бірден-бір деректік белгі ретінде қабылдау қажет.

Өз кезінде, әрине, ол дәуір туралы аңыздар мен тарихи әңгімелер әлде қайдай молырақ та болған болар, бірақ одан кейінгі уақыттың оқиғалары халық санасында, халықтық жадыда жақсырақ сақталған. Дегенмен де XVII–XVIII ғасырларда бұл тарихи аңыздарды ұжымдық санада берік ұстаған білім жинақтаушылар болды. Бізге сақталып жеткен аңыздар мен өлеңдер әр дәуірде орын алған оқиғалар бойынша қалыптасқан ауызша тарихи әңгімелер үлгілерінің азғана болса да құнарлы бір бөлігі. Солардың біршамасы XVIII ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейін еңбек еткен, яғни революцияға дейінгі орыс авторларының жазбаларына ілікті.

Шежірелік деректердің бір топ жиынтығы тарихи тұлғаларға қатысты мәліметтерді сақтайды. Шежірелер жүйесінің аса өзекті деректерін тарихи тұлғалар, олардың ата-бабалары мен ұрпақтары және тарихта қалдырған әртүрлі қоғамы әрекеттері құрайды. Шежірелердің негізгі қаңқасын ру-тайпалық ұжым туралы баяндайтын, оның пайда болу жолын түсіндіретін идеялық модель қалыптастырады. Шежіренің тарихи дәстүр ретіндегі ең басты артықшылығы тарихи таным мәселесін тарихи тұлға категориясынан байланыстырып, адамның өзінен бастап қарастыруында. Дала мәдениетінің аясында қалыптасқан тарихты баяндаудың мұндай негізі тарих зерттеу принципіне айналғанын байқаймыз.

Тарих ғылымы тарихты жасаушы басты субъект – тарихи тұлға, адам және адамның индивидуалдық жеке қасиеттері мәселесіне ден қоймаса, онда тарихтың мазмұны да эмпирикалық деңгейдегі әртүрлі қоғамдық құбылыстарды сырттай сипаттаумен ғана шектеліп қалады. Шежірелер төңірегіндегі көптеген тарихи тұлғалардың биографиясы бірігіп, олардың өмір тәжірибесіне ортақ білім мирасын орын алғанда жағдайда интерсубъективті седиментация үрдіс көрініс табылады. Интерсубъективті седиментация үрдісі – әлеуметтік мәндегі терең құбылыс болып табылады. Көбінесе

ол белгілер жүйесін құрап, қайтсе де бір ұрпақтан келесі ұрпаққа берілуі керек.

Қазақ шежірелеріндегі әскери, соғыс және саяси қарым-қатынастар тарихын суреттейтін тақырыптар қазақ-өзбек, қазақ-ноғай, қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз, қазақ-орыс қатынастары туралы деректер; хан мен рулар арасындағы қарым-қатынас деректерден құралады. Шежірелердегі деректердің сондай жиынтық мағыналарын әртүрлі тақырыптарға бөлуге болады: шежірелік деректердегі тарихи-географиялық кеңістік туралы мағлұматтар, жол қатынастары туралы деректер, қазақ хандары туралы шежірелердің деректері және бергі дәуір тарихи оқиғалары. Шежірелердегі жоңғар шапқыншылығы мен қазақ жерін жоңғарлардан азат еткеннен кейінгі қазақ руларының қайта орналасуы туралы деректер де баршылық.

XVIII ғасырдың ауызша тарихи дәстүрінің репертуарында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күрес тарихы ерекше суреттеледі. Абылай заманындағы жаугершілік туралы әңгімелер: «Ақтабан шұбырынды»; «Бұланты шайқасы»; «Қалмақ қырылған»; «Шүршіт қырылған»; «Қырғыз қырылған»; «Талқан соғысы»; Абылай хан заманындағы батырлар; Ботақан әңгімесі: «Абылай аспас Сарыбел», «Ақтау бекінісін алу соғысы» және т.б.

Шежірелердегі қазақтың дәстүрлі қоғамы туралы деректерінде көшпелі тұрмыс пен шаруашылығы жайын баяндайды. Шежіре деректеріндегі XVIII – XIX ғғ. қазақ рулары туралы және олардың орналасуы, сондай-ақ этностық ұйымдасу мен руаралық қатынастар да біршама жеке зерттеулерге лайық мәселелер. Шежіренің тарихи-хронологиялық мазмұны да жеке бір мәселе. Қазақ халқы батырларды ерекше қастерлеп, батырлар мен батырлыққа байланысты көптеген қария сөздер сақталған. Шежірелік деректерде батырлардың қолбасшылық қабілеттері жан-жақты баяндалады.

М.Ж. Көпейұлы жазбаларындағы XVIII ғасырды баяндайтын Сарыарқа тарихының оқиғалары Абылай заманына байланысты көптеген тарихи аңыз-әңгімелерді қамтып жатқан үлкен бір тарихи дәуір. Осы кездегі қазақ батырларының данқты ерліктерін сипаттаумен қатар, көптеген ежелгі жыр-аңыздарда кездесетін мұндағы этнографиялық фактілерде өзінше құнды. Осы Абылай заманындағы тарихи әңгімелердің бір тобы батырлардың әскери соғыс өнері мен әскери тәртіпті сипаттайды. Соның бірі Абылай ханның өзінің іс-әрекеттері арқылы, оның қол астындағы батырларының ерлік пен өрлік, намысқойлық қасиеттерін сынауы, түн ортасында, ақ түйе сойып, абызды алдыртып батырдың көрген

түсін дұрыс жорытқызуы, бір зираттың көрдің ішіне өзінің сарбазын жасырып батырдың ержүректілігін сынауы т.т. Даңқты батырлардың ішінде Олжабай батыр, Жасыбай батыр, Малайсары батыр, Жазы батыр, Бөгенбай батыр туралы деректер әсіресе толық.

Қазақ шежірелеріндегі бұл кезеңге байланысты мәліметтер негізінен қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары желісімен қатысты айтылады. Тарихи дәуірді уақыт тұрғысынан реттеуге орай қалыптасқан шежірелік дәстүрде осы екі ғасыр аты көп аталатын тарихи тұлғалармен байланыстырылады.

Бұл тарихи дәуір шежірелік дәстүрде қазақ хандарымен қатар атақты Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Қожаберген, Үмбетей, Бұқар сияқты өз дәуірінің тарихи шындығын жырға салған жыраулар болғаны белгілі. Жыр дәстүрінің өзі атқарған қызметі жағасынан шежірелік дәстүр жатқызғанымыз өте дұрыс. Шежірелік жады мен дәстүрлі тарихи сана осы маңызды әлеуметтік-мәдени қызметті атқарған жырау мен жыршы арқылы іске асқан.

Мысалы, Бұқар жырау халықты жаудан сақтаған батырларды былай дәріптейді ғой:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Абылайдың қасында
Бастарын бай тігісіп,
Сондай ауыр жорықта.
Қанды жаумен соғыста
Бірге болған батырлар
Мыналар еді егесіп:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Беті қайтпас арыстар
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жәпек батыр қасында,
Бақ-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсыққожа, Мамыт бар.
Қасқараудан Молдабай,

Қатарда жақсы қалдырмай,
Есенқұл (Айнақұл) батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.
Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып,
Қасым ханның шешесі
Хан Абылай алған-ды.
Жабы деген қалмаққа
Тырнағын қатты батырды.
Бұзылып қалмақ кеткен соң,
Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды.
Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді.
Бөліске олжа түссін деп,
Хан Абылай бұйырды.

Батыр дегеніміз кім? Батыр – ол айбатты қаһарман, жігерлі, асқан рухты жан жаужүрек ер, Батыр дегеніміз орасан зор күш-қайраттың иесі әрі айбынды ерен жауынгер. Батырлық қасиет ел камын ойлау, жер мен елді жаудан қорғау үшін жанын қиюға әзірліктен туады. Батырлар жауын жеңу үшін түрлі әскери амал-айланы қолдана алатын болған. Батыр қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік рөл атқарған халық өкілі. Батырлар басқыншылық заманда жаугершілік, ел қорғау қызметін жүзеге асырса, бейбіт мезгілде рубасылық қызмет атқарып, елдің әлеуметтік-саяси өміріне белсенді араласқан. Билермен, ақсақалдармен бірлесе ел мүддесі үшін ханға қызмет жасаған. Ел ішіндегі шаруалармен қатар, еларалық қатынастарды дамытуға үлес қосқан. Хан сайлауда, басқа да жиындарда батырлардың қатысуы міндетті болған, олардың даусы маңызды саналған. Елшілік, жаугершілік делегациялардың құрамында атақты батырлар болған. Әсіресе XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт-азаттық күресте батырлардың маңызы өте жағары болды. Атап айтсақ Шұбыртпалы Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Уақ Баян, Бәсентиін Малайсары, Қаракерей Қабанбай, Балтакерей Тұрсынбай, Он сан Орта жүзге ұран болған сүйіндік ер Олжабай, Ағынтай, Қарасай, Наурызбай және, т.б. батырлардың жасаған ерліктері халықтың есінде сақталды. Қазақ халқының

тағдыр-талайында батырлықтың үзілмеген тұтас тарихы бар. Батырлықты жырлау қазақ ауыз әдебиетінде жақсы дамыған. «Қырымның қырық батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» және, т. б. жыр-дастандар соның дәлелі. XVIII ғ. жоңғарларға қарсы соғысқан батырлар жөнінде ең алғашқы болып Ш. Уәлиханов жазған. Өскелең ұрпақты батырлыққа баулуды мақсат тұтатын қазақ халқының: «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Батыл болсаң, батыр боласың», «Қылышты қорқақты сойылды батыр соғады», «Қару емес, қару ұстаған күшті», «Батыр – елдің сәулеті, балқұрақ – көлдің сәулеті», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды», «Батырға оқ дарымайды, батылға жау жоламайды», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады», «Жолбарыстың артында тері, батырдың артында елі қалады», «Баталы батыр арымас», «Елің үшін отқа түс – күймейсің» және, т. б. мың сан мақал-мәтелдері бар.

XVIII ғасырда қазақ даласында орын алған негізгі тарихи оқиға қазақ-жоңғар арасындағы соғыстарға байланысты болғаны белгілі. Сарыарқа өңірінде XVIII ғасырда орын алған негізгі тарихи оқиғалардың желісі төмендегідей сипатта айтылады: «тарих ақтарғандар 1643 жылдың шамасында қалмақ дәуірлеп көтерілді деседі, 1723 жылы Қалдан Шерін Ташкентті билеп, тағын Ташкентке орнатқан деседі. Бұл қалмақ дәуірі көтерілген кезде Ұлы жүз Қоқан жаққа, Кіші жүз Қиуаға қарап кетті деседі». Қазақ халқының ерлігі көптеген тарихи, батырлық жыр-дастандардың тақырыбына айналғаны да белгілі.

Қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен қоса жүздеген жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысын жазуда оқушылардың қалың көпшілігіне арналған еңбектерде 1729-1730 жылдардағы Аңырақай шайқасына дейінгі кезеңде 1711, 1718, 1723–1727 жылдардағы қазақтардың жоңғарлармен соғысын жазғанда қазақтардың елін, жерін қорғауын, ерен ерліктерін төмендетуге тырысушылықтың бар екенін байқаймыз. Тіпті қазақтардың жеңісін бұрмалап, қазақтар халық ретінде жоқ болып құрып кетер еді деп жазғандар да болған. Қазақ хандығы жойылды, қазақтар түгел босқын болды деп көрсетуге ыңғай білдіретін пиғылдар да болды. Мысалы, М. Тевкелев өзінің Ресейге жазған бір хабарламасында: «Қазақ елі Ресей империясының қарамағына алынғанша ит қуған қояндай кең далада безіп жүрген, ешқашан тыныштық көрмеген еді. Қашып, босып жүріп, малынан да, кейде тіпті қатын-баласынан да айырылып, өз бастарын сақтау

үшін бас паналайтын жаққа кетті. Жоңғар қалмақтары шапқанда былай қашты, башқұрттар шапқанда кері қашты. Ал, Еділ бойындағы қалмақтар мен Жайық бойындағы орыс, Сібірдегі орыс-қазақтар бас салғанда, барар жер, басар тау таппай қалды» депті.

М. Тевкелевтен кейінгі де орыс тарихшылары қазақ-жоңғар соғысын жазғанда «қазақтардың мемлекеті жоқ болып кетті, қазақтар елін, жерін қорғаған халық емес», «Ресей империясының қарамағына алынғанша ит қуған қояндай кең далада безіп жүрген» деп, аңдарға теңеуден бастайды. «Ресей қарамағына өз еркімен кірді» деген сияқты «сұлу» астарлы мәймөңке сөзбен үстірт өтіп, орыс халқының оларға аса өнегелі болып, «өмірге үйреткендігі», «адам еткендігі» дәріптелген.

Алпауыт империяның қазақ халқына емес, оның кең байтақ жеріне, қалай көзі қызарып, қызыққаны, сол үшін көшпелі және жартылай жабайы жоңғар жұртының қолтығына су бүркіп, қазақ даласына қалай айдап сала бергені айтыла бермейді. Әсіресе өзіне дейінгі алпауыт мемлекеттердің өзгелерді отарлау саясатын зерттеп, солардың ең күйтұрқы тәсілдерін меңгерген патшалы Ресей билігі қазақ даласын екі жақ бүйірден қыспақтатып, ұзақ жылдар бойы үздіксіз шапқыншылыққа ұшыратып, оның жұртын қансыратып барып, әбден титықтатқан соң ғана бас салып, болымсыз шығынмен билеп алу саясатын ұстанды. Бұл басқаны, оның ішінде қазақ еліндей үлкен елді ұлан-ғайыр даланы басып алудың ең ұтымды түрі еді.

Осыған орай бір айта кететін мәселе, қазақтардың «ит қуған киіктей немесе қояндай қашқаны» туралы сөз жоқ. Архив құжаттарымен қоса, қазақтардың 1723 ж. өз жерін ерлікпен қорғағаны туралы орыс авторларының, соның ішінде Ф. Щербина еңбектерінде келтірілген тарихи очерктерде қазақтардың өз жері мен елін ерлікпен қорғағаны айтылады. Осы туралы қазақтың тарихшысы М.Ж. Көпейұлы те: «Біздің қазақ бұл Сарыарқаға ие болғаны [Қайтадан ие болғаны деу керек – М.А.] Абылай хан заманынан аз-ақ ілгері. Бұл қазақ (өлдебір) иесіз жатқан жерге текке келіп ие бола қалған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жаумен жағаласқанда оққа ұшып, өліп, сөйтіп алынған жер еді

Ф.А. Щербина: "Шідерті өзенінің жоғарғы жағында, уездің оңтүстік-батыс бұрышындағы «Шүршіт қырған» қыраты мен

уездің оңтүстік-шығысындағы «Қалмақ қырылған» тауы – қазақтар мен қалмақтар арасындағы Павлодар уезінің жерінде болған сондай қырғындардан қалған мәңгілік ескерткіш», – дейді. Ф.А. Щербина, қазақ батыры, қамал бұзғыш Олжабайдың ерекше бір қасиеті жайында мынандай дерек келтіреді: «Олжабайдың тастан қашалған бейнесі ретінде сақталған сол соғыстың ескерткіштері қазіргі уақытқа дейін бар. Қазақтардың айтуынша, оның жеңіске жеткен жеріне ескерткіш қоятын әдеті болған». Олжабай батырдың қалдырған ескерткіштерін қазіргі Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстарынан да кездестіреміз. Қазақтардың өз жерін, туған елін ерлікпен қорғағаны туралы Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген тарихи еңбектерде де айтылады.

Қазақ халқының жоңғар хандығы жойылғаннан кейін өз ата жұртына қайта келіп орныққаны туралы мәліметтер XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына жататын ауызша аңыздарда, шежірелерде айтылатын болған. Ақбеттау және Далба ұлысының тұрғындары – Сүйіндік рулары – Ташкент маңында өмір сүріп сонда қайтыс болған Айдаболдың 7 ұлынан тарайды. Айдаболдың кіші ұлының немересі Абылай ханға қызмет қылған Олжабай батыр 1730 жылдары шамасында Баянауыл тауларына келіп қайта орнықты.

Олжабай батыр бастаған ұландар қазақ жерін өзіне бауыр басып қалған қалмаққа кезігіп, бірнеше жыл созылған соғыстан кейін жау оңтүстікке ығыстырылды. Ата-бабадан асыл мирас болған киелі жер босатылды. Сол уақыттағы қазақтың қалмақпен салған шайқастары туралы ақындар талай жырланған.

1729 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында қазақ-жоңғар соғысының аса ірі шайқасында қазақ жасағы қалмақтарға екінші рет күйрете соққы берді. Бұл жер кейіннен тарихта «Аңырақай шайқасы» деген атпен белгілі болады. Қазақ жасақтарының қимылын үйлестіру жүгі Әбілқайыр ханға түсті. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндігін көрсетті. Мұнда Жолбарыс хан, шапырашты Наурызбай батыр, ошақты Саурық батыр Ұлы жүз қазағының жасағын, қанжығалы қарт Бөгенбай, малғозы Олжабай батыр, шақшақ Жәнібек батыр, қаракерей Қабанбай батыр, бәсентіін Малайсары батыр Орта жүз жасақтарын, тама Есет батыр, шекті Тайлақ батыр, Кіші жүз жасақтарын басқарып, қолбасшылық, соғыс өнерлерін көрсеткен. Шайқаста қазақ батырлар жекпе-жек ұранын тастап, жеке соғыс салған. Көптеген атақты батырлар соғыста қаза тапты. Соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай

жөнкіле қашты. Аңырақай шайқасындағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті.

Бұл уақытта Әбілмәмбет хан, Қаздауысты Қазыбек би, елдің көмекей әулиесі Бұқар жырау, еліне қалқан болатын Нияз, Бөгенбай, Жалаңтөс батырларымен танымал болған заман. Әбілмәмбет ханмен және Абылай сұлтанмен қатар Орта жүзге билігін жүргізді. Бұл уақытта осы өңірдің тарихында аты әйгілі тұлғалар көп болды. Сайдалы Нияз батыр, малғозы Олжабай батыр, бәсентіін Малайсары батырлар да бар.

«Ақтабан шұбырынды» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды. Қалмақтардың қуылуын түгелімен ержүрек Олжабай батыр мен оның даңқты ханы Абылайға қатысты. Шідерті өзенінің жоғарғы ағысындағы Шүршітқырған тауы және Қалмақ қырған тауы қазақтың қалмақпен жүргізген соғыс ескерткіші болып қалды. Шүршіт деп қазақтар әдетте қытайлықтарды атайды, бірақ кейде бұл атау қалмақтарға да қолданылатын болған.

Бұл жерлер қалмақтардың соққы тапқан жері. Оларды Қара дөңнен асырып қуғаннан кейін Олжабайдың ұрпақтары Баянауыл және Далба таулары сияқты ең шұрайлы жерлерді мекен етті. Ал Олжабай батырдың өзі Баян тауларында Жасыбай көлінде қоныстады. Олжабаймен ұрпақтары мен бірге бұл арада құлболды, қаржас ұрпақтары қыстады.

Абылай бастаған қазақ жасағы шегіне отырып, тиімді соғыс тәсілімен титықтатып барып, шешуші соққы бергенге ұқсайды. Қытай әскеріне осы жолғы қантөгіс Шүршіт қырылған атанып жүрген жерде жасалғанға ұқсайды. Ал бұл соғыста үлкен қолбасшылық жасаған Олжабай батыр болғаны тарихи дастандардан, қазақ шежірелерінен анық белгілі.

Олай болса қытай әскербасылары куәландырып отырғанындай, оларға шүршіт қырылғанда берілген шешуші соққы Баянаула шатқалдарының үстінде шегініп отырып дайындалған. Сол замандағы кескілескен ұрыстың қаһарманы Малайсары батырдың қонысы қазіргі Ақшимаң елді мекеніндегі Қарашеңгел жазығы. 1756-57 жылдардағы Қытайдың шабуылшы әскерімен болған ұрыстың қолбасшылығы Олжабай батырға жүктеліп, Мәшһүр Жүсіп айтқандай, сол жеңістен соң, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай атануы орынды. Бұл кезде Бөгенбай қартайған, ал Олжабайдың 46-47-дегі қамал бұзар кемелді жасы болатын. Қалдан Сереннің қос қызын ағалы-інілі болып екеуі алған.

Олжабай Толыбайұлы (1709-1783) – есімі әйгілі, айтулы батыр. «Қызылтаудың бауырында «қалмақ қырған» деген жер бар. Жасыбай оққа ұшқан жолы Ер Олжабай бас болып аттанып қалмақты сол жерде қойдай қамап, қазақтың қалмақты ақырғы қырған жерің осы болған соң, «қалмақ қырылған» атанған. Сонан соң қайтып Сарыарқаны қалмақ көре алған жоқ. Баянаула тауын ерлікпен алған Жасыбай мен Олжабай батырлар еді. Жасыбай өліп, Олжабай қалған. Олжабай батыр Жасыбай тауының асуында Жалаңтөс деген баласын қыстатып, Олжабайдың өзі асуда төрт қыс қыстаған.

Ереймен тауында «Олжабай қаласы» деген жер сол Олжабай батырдың дүниеден өткен жері. «Мың сөзден бір сөз, ата-бабасының қаны, қойдың қанындай алып берген жерінен үрім-бұтағы, балалары көзінің жасын төге-төге, қаңғып кете берді де, бет ауызы түксиген, басы қуықтай бүрсиген, к...і ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт иесіз жатқан жерді иелені берді» дейді Мәшһүр Жүсіп.

«Олжабай батыр» деген мақалада Ә. Марғұлан: «Қазақ елі аш-жалаңаш босып кетеді. Ақтабан шұбырындыда Кіші жүз Жайық бойына, ал Орта жүз алдымен Самарқанд, Бұқара төңірегіне барып тыныштық таппай, одан ауып Ырғыз, Торғай бойына тоқтайды» – дейді. Кейін арғын балалары жауды жеңіп, ата қоныс, бабабалардың ескі жұрты – Қу-Қазылық, Кен Қазылық, Баянаула, Ереймен, Қарқаралы, Көкшетауға оралып келеді.

Қолбасшы, ел ағасы ер Олжабай,
Жер-жерден қол жияды ер Бөгенбай.
Қарқабат, Қарауыл мен Найман, Керей,
Келеді Қыпшақтан ол ер Қошқарбай.

Ақылды батыр кісі Сары Баян,
Бәсентиін Малайсары ол данышпан.
Шақшақұлы атақты ер Жәнібек,
Қаракесек қадірлі би ол Қазыбек.
Мейрамға ұран болған ер Олжабай.

Аралап ер Олжабай бәрін көрді,
Тауына Баянтаудың тағы келді.
Бетегеден ат жүрмес сондай шүйгін,
Бұл жерді талай жерден тәуір көрді.

Қыстауы болды сонда Баян тауы,
Қалмақ боп тұр қазақтың сонда жауы.
Жаз жайлауы Ерейменнің сырт жағында,
Құланөтпес, Қушоқы деген тауы.

Абылай көшіп, Қорықтың Ащысуына орда тікті,
Алуға Сарыарқаны болды үмітті.
Олжабай қалмақтардың туын жықты
Баянның арасында бір асу бар.

Олжабай батырдың тарихына ерекше көңіл бөлген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ғалымның XIX ғасырда жазған қолжазбасы «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген әңгімесі Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. Кеңес дәуірінде Олжекенді еске түсіріп екі дастан бірнеше зерттеулер шықты. «Ер Олжабай» атты үлкен дастаны тарихи тұрғыда келістіріп жазған Сұлтанмахмұттың інісі Шаймардан Торайғыров, екіншісін жазған Төлепберген Тоғайұлы (Олжабай жыры). Бұлардың екеуін де Қазақ Ғылым академиясының кітапханасынан табуға болады.

Орта жүз рулары, соның ішінде бес Мейрам балалары бұрын қыста Қаратау, Сырдария бойын қыстап, жазда Арқаны жайлайды екен. Кейін қалмақтар көз аларта берген соң Толыбай – Олжабай бастаған Айдабол тұқымы Арқаның таулы, орман–тоғайлы, өзен-көлді жерлеріне үй салып, қора соғып, қысы-жазы қыстау-жайлаудан алыстап кетпейтін болған. «Олжабай қалмақтарды ығыстырып, олардан босаған жерлерді Айдаболдың жеті ұлынан тараған ұрпақтарына бөліп берді. Өзі Малкозы тұқымымен әуелі Ақкелін, Семізбұғы, Қарағайлы бұлақ (Ақшоқы), Шалқар, Аққұдық, Арқалық, Қызылағаш, Қурайлы бойын жайлайды.

Кейін қытайлардан қауіп туғанда ол өзінің қыстауын Баянаулаға ауыстырып, Жасыбай көлінің жағасына қоныстанды. Содан былай ескі қыстауы, негізінен, күзеу болып қалады да, тек кейбір жылдары ғана Ақкелін тауын қыстайтын болады». Осы аталған жер-суларға қазақ руларының бұл тұңғыш келуі емес, «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі жаудың қол астынан соғысып босатып, қайта оралауы. Өйткені Сарыарқа аталатын қазақ даласы қазақ халқының неше кетіп, неше келген жері, қанымен суарып, сүйегімен өңделген ежелгі атамекені.

Олжабай батыр туралы белгілі де белгісіз тарихи деректер аса мол. Олардың біршамасы жазба, ал біршамасы аузыша күйінде сақталған деректер болып табылады. Қазақ тарихшысы М.Ж. Көпейұлының еңбектерінде қалмақ басып алған қазақ жерінің басқыншылықтан соғыс арқылы босату жайы туралы көп жазылған. Ол: «Баянаула тауын ерлікпен алған Жасыбай мен Олжабай еді. Дүние деген шіркін көшпелі екені осы екен. Қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған кейінгі үрім-бұтағына олжа қылған батыр, енді ақырында

мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауында «Олжабай қаласы» деген қала сол Олжабайдың өлген жері, мың сөзден бір сөз, ата-бабасының қаны, қойдың қанындай ағып берген жерінен үрім-бұтағы, балалары көзінің жасын төкті, руға кете бер дейді де бет аузы түксиген, басы қуықтай бүрсиген, көті ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт иесіз жатқан жерді иеленіп алды».

Демек тарихи деректе келтірілген бұл үзіндіден ой түйіндейтініміз сол, қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан босатып алу оңайға түспеген. Олжабай, Бөгенбай, Жазы, Малайсары сияқты қазақ батырларының ерлікпен соғысқа түсіп, жауға тойтарыс беріп, соққыға жығып, жеңіске жеткені халық арасында осы уақытқа шейін жыр-аңыз болып айтылады. Қазақ батырларының ерлік тарихы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, үлкен тәлім.

Олжабай батырдың туған жері Тәуке ханның тұсындағы Түркістан қаласы, әкесі Тәуке ханға қызмет істеген көп билердің бірі, тарихта Толыбай деген атпен белгілі болған. Шешесі – ұлы жүз Төле бидің туысы, Қаратай батырдың қызы Есенбике. Одан 1709 жылы Олжабай батыр туып, Сарыарқаны Абылаймен бірге басқарып отырғанда 1783 жылы Ереймен тауында қайтыс болады. «Олжабай батырдың тарихқа белгілі бола бастаған кезі «Ақтабан шұбырынды, алқақол сұлама» тұсы.

Жеті жыл ұдайы жұт болып, ел аштықтан қырыла бастайды, осы кезде құба-қалмақ қазақ еліне шабуыл жасап, 1721 жылы, әкесі Толыбай Түркістан үшін болған шайқаста қалмақтың қолынан қаза табады. Жетім қалған он үш жасар Олжабай Түркістанда тұра алмай, жоңғарға бағынып отырған нағашысы Қаратайдың үйінде өседі.

Он алты жасқа толысымен Олжабай батыр жоңғарға тістене қарайды. «Жоқ, мен оларға бағынып отыра алмаймын, мен тау қыраны Олжабаймын» деп, өзіне ат қояды. Ел шаруасы тәуір бола бастаған соң, қару-жарак соқтырып, үш жүздің сарбаздарын жинай бастайды. Атақты ерлер Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, дулат Өтеген батыр, Малайсары, Жанатай, Жасыбай, көкжал Барақ, билер, Төле би, Қазыбек би, Бұқар жырауларға қосылып, қол жинап, Түркістанды басып отырған жоңғарларды шабады.

Дұшпандарын Сыр бойындағы қалалардан қуып шығып, Жоңғар тауынан асырады. Олжабай батыр жеңілген Ғалдан Сереннің екі сұлу қызын – Лагба мен Лабаны алып, көп сый-сияпатпен елін қайтады. Лабаны өзі алып, Лагбаны Бөгенбайға тартады. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында өксіген ел жаңадан ес жинап бір, тыныс

алады, Алыптың ерлік істерін халық ерекше бағалап, Олжабайға арнап ұлы той жасайды. Оған Абылай, Әбілмәмбет төрелер, Қазыбек би, Бұқар жырау қатысады.

«Ақтабан-шұбырынды» кезінде Әбілхайыр, Сәмеке хан, Әбілмәмбет үшеуі елді биікке көтеріп, қалмақты Сыр бойынан, Жетісудан қуып шыққанына сонша разы болады. Олжабай батырға «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ береді. Той үстінде Иассауи мазарында көп заман сақтаулы тұрған алтын балдақ, бүкір қылышты Әбілмәмбет Олжабайға әкеп сыйға тартады. Бұл бүкір қылыш әуелде Әмір Темір көрегендікі болыпты, оны мешітке сыйға тартқан екен, содан Олжабай батырға мұра болады.

Олжабай батырдың құба қалмақты екінші рет шапқаны Баянауладан 50-60 шықырым қашықтықта орналасқан, бүгінгі «Қалмақ қырылған» тауы деп аталатын жерде болған оқиға. Ғалдан Серен Абылайды қолға түсіру мақсатында он мың әскер шығарады. Амалдарын асырып қаламақ жағы 1741 жылы Абылайды тұтқындап, қалмақтар өз әскерін Ертіс жағынан шығарып, Сарыарқаны тегісімен басып алуды көздейді. Ең алдымен Қарқаралы, Баянаула даласын алуға бет бұрды. Бұл мақсаттарға кедергі еткен Олжабай батырдың осы кездегі ерлік істері еді. Олжабай батырдың қасында қыпшақ Жазы батыр, апасынан туған жиені Жасыбай батыр бірге болған.

1757 жылы Олжабай батыр оларды алдап бір жерге жатқызып, астыртын үш жүздің атақты ерлерін жинап, қырғын соғыс ашуға кіріседі. «Он сан» қол жинайды. «Әмірсананың ізіне түсіп көрейік» – деп, қытай әскерін қырға шақырады. Қазір «Шүршіт қырған» деп аталатын Шідерті өзенінің аңғарында қытай әскерін қоршап, соғыс ашады, оларды тегісімен жусатып қырады.

Олжабай қытайдың ауыр әскерін қиратып, елге аман-есен келгенде үш жүздің баласы қосылып ол кісіге арнап үлкен той жасайды. «Шүршіт қырған» қазір Қарағанды облысы, Осақаровка ауданының күншығыс бетіне тұр. Сол арада халық жиналып, «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген ат беріпті. Олжабай батырдың ерекше ардақталуы әсіресе қытайға қарсы Талқы қамалындағы соғысқа да байланысты.

Қолбасшы, ел ағасы ер Олжабай,
Жер-жерден қол жияды ер Бөгенбай.
Қарқабат, Қарауыл мен Найман, Керей,
Келеді қыпшақтан ол ер Қошқарбай.
Ақылды, батыр кісі Сары, Баян,
Бәсентіін Малайсары ол данышпан,

Шақшақ ұлы атақты ер Жәнібек,
Қаракесек Қадырлы би ол Қазыбек.
Арғынға жаңа шыққан би Едіге,
Мейрамға ұран болған ер Олжабай – делінеді жырда.

Тағы бір шумағында:

Қол алдында келеді ер Олжабай,
Есітіп қарсы жүрді хан Абылай,
Тайкөкке мініп алып, бата бер деп,
Сұрайды Абылайдан ер Олжабай.
Күн жарқырап шықан соң еркін, барып.
Тұра шапты қақпасын «Олжабайлап»
Бес күн болды бұзғалы Олжабайдың,
Талқы асуын мықты оба, Темір қақпа.

Барлық соғыстарда Олжабай батыр әскерге дем беріп, биік тас үстінде ту ұстап тұратын болған. Олжабай соғыс майданында ту көтеріп, әскерге айбат беруші. Сонымен қатар, ел арасындағы билік, шаруашылық, ел басқару ісіне қатынасқан. Бір күні Олжабайға Әбілмәмбет ханнан шапқыншы келіп, қалмақтың Сарым батыр бастаған қалың қолы Ертіс бойындағы бәсентиін мен найман ауылдарын шауып, малдарын талап жатыр деп хабарлайды. Олжабай батыр дереу аттанады, жолда соғысып жатқан бәсентиін Сырымбет батырға жолығады. Жау шетіне жетісімен ақ екі жүздей кісіні бастап соғысқа кіреді, бірақ бірінші күні сәтсіздікке ұшырап, бірсыпыра жауынгер сарбазынан айырылады. Келесі күні айналып, қалмақтардың сыртынан шығып, қамсыз отырған дұшпанды тас-талқан қылады, қонтайшының бас батыры Сарымды байлап алады. Қолбасынан айырылған қалмақ қонтайшысы тағы да бітім сұрайды, достығын ұсынады. Олжабай ұсынысты қабыл алып, Сарымды босатады. Кейін Қалдан Сереннің шақыртуымен қырық жолдасымен барып бітім жасасып қайтады.

Абылай шайқаста қолға түседі. Олжабай батыр қаһарланып қалмақ қонтайшасының ордасына шабуыл жасайды. Орданың бас батыры Шарышты байлап алады. Майданға Қалдан Сереннің өзі шығады. Олжабай қонтайшының қолынан мылтығын атып түсіреді. Ерлігі мен мергендігіне тәнті болған Қалдан Серен Олжабай батырға алтын жабдығымен арғымақ ат мінгізеді, Абылайды тұтқыннан босатады.

Ойлап ем қақпа бұзған қандай қазақ,
Сындырып мылтығымды салдың азап.
Қан төгіскен қырғынды тоқтатайық,
Арамызда татулық жүрсін ұзақ,

– деп, Қалдан хан бітім сұрайды және бұдан былай бір-біріне тиіспеуге «ақ мылтықтың аузын жалап» ант беріседі. Осы бітімнен кейін Олжабайдың абырой-атағы бұрынғыдан да асып, атақ-данқы «он сан Орта жүзге ұран болады». Олжабай жалпақ жауырынды, орта бойлы, басы шүйделі, қалқан құлақты, қалың қабақты, айбарлы батыр бейнесінде сипатталады, мінезі кішіпейіл және сабырлы болған дейді. Жасы он төртке жеткен шақта-ақ жұрт оған үлкен үмітпен қараған. Олжабайдың батыр тұлғасы сондай – ол ат үстіне мінгенде ең мықты деген аттың өзі теңселіп кетеді, ат үстінен еңкейгенде, қолы жерге жетеді екен.

Олжабай батыр туралы әдебиет өте бай. Орыс тілінде ол туралы қазақ аңызын бірінші рет жариялаған ғалым Ә. Марғұлан. Баянауылдағы Қалмақ қырған тауын зерттеп жүріп Олжабай кезінде қазақпен қалмақтардың қырғын соғыс ашқан хикаясын жазып алады. Баянауыл жерін аралап жүріп көптеген тарихи әңгімелерді жазып алғандардың бірі Г.Н. Потанин болды.

Олжабай батыр туралы жырларды жазып алған Орталық Қазақстанды зерттеуші, Петербургтің профессор Ф.А. Дербин болған. Олжабай батырға арнап ақындар көптеген поэмалар шығарды. Ең ғажайып әдемі жырды ол кісі дүние салған соң бірінші рет жырлаған орманшы руынан шыққан атақты Сақау ақын. Ол да Бұхар жыраудың дәстүрінде болған ойшыл ақын. Оның «Ер Олжабай» деген кітабы Қазақ Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр. Олжекенді екінші рет жырлаған баянауылдық Көтеш ақын, әр уақыт Шоң бидің қасында болған жыршы. Омбыда керей Тұрлыбек Көшентегі үйінде болғанда «еліңнің тарихта болған жақсы адамдарын жырлай берші» дегенде, Олжабай батырдың ерлігін көркем тілмен суреттеген.

Олжабай батырдың тарихына ерекше көңіл бөлген М.Ж. Көпейұлы. Ғалымның XIX ғасырда жазған қолжазбасы «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген әңгімесі Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. Кеңес дәуірінде Олжекенді еске түсіріп екі дастан бірнеше зерттеулер шықты.

Малайсары батыр туралы шежіреденің бір үзінді: Тұтқында жүрген Абылай хан жүріп-жүріп келіп отырар мезгілде Малайсары батыр шекпенін жерге төсеп, астына жайып қойған, Абылай хан соның үстіне отырады екен. Ежен хан: “мұнысы несі, қазақ, ұнамайтын істі істейсің дереу” дегенде, Малайсары батыр айтыпты: «Абылай – ханымыз, сұңқарымыз, тұғырымыз. Сұңқар тұғырына қонбай, жат жерге отырмайды» депті.

Жәңке Шобалайұлы. Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ерсімбек, Мәмек. Ерсімбек өспеген. Шобалайдан Жәңке батыр, Өміртай. Мұнын ұрпағын Қожаберген деседі. Жәңке батыр 104 жасқа жетіп дүние салған, 14 ұлға ата болған. Балаларының бәрі де өсіп-өнген. Абылай хан заманында болған билердің қақ маңдайы болған. Жалай мен Жәңке батыр да үш табылды дейтұғын Жәңке батыр осы. Жәңке батырдан кейін Жанақ би болған. Өз тұсында Жанақ деп ешкім атын атай алмайды екен, «Жәке, Жәке» деседі екен. Бұл кісі «аттым» десе, мал да, жан да мұрттай ұшады екен. Қаһарлы Жанақ, доғал оқ Жанақ атаныпты. Өзі біреуге ренжісе: – Әй, жаным, ақшолаққа оқ салдырайын демесең, тыныш жүр, – дейді екен. Тоқсан бес жасында, ел жайлауға кешіп бара жатқанда Сілетінің бойында дүниеден өтіп, Сарытөбе деген жерге қойылыпты. Жәңке батырдың қалмақ қатынынан Татан, Шөкей, Құлмырза, Тікей, Қабыл бес ағайынды. Бұлардың ұрпағын күні бүгінге дейін бес қара дейді. Үшінші қатынынан Босмойын, Биікбас, төртінші қатынынан Алдияр, Байбарақ, Қожам, Сейт. Осы он төрт ұлды би баласы дейді. Күліктің көбі осылар болады (Мәшһүр Жүсіп)

Шотана батыр. Шотана батыр Бес Мейрамның «Абылай аспас Сарыбел» оқиғасында ханға барып, аман-есен қайтып, Бекболат пен Едігенің алдына келіп, «не дедің?» – дегенде, айтқаны: «Бекболат пен Едіге жіберді. Мейрам болып атқа мінді. Үш мың кісі боп келді. Бұрынғы әулие еткен ата-бабамыз, «дүние бұзылса Бұқарға сияды, Бұқар бұзылса дүниеге сыймайды» деген екен. Бұқарға сыймай жалаңаяқ, жалаң бұт келген сарт Сарыарқаға сыймайын деп жүр ме?! Ботақанның құнын берсін. Жанайды байлаудан босатсын. Мың кісінің жолына жетім бастатқан тоғыздан берсін. Мың кісінің жолына түйе бастатқан тоғыздан берсін. Мың кісінің жолына мың ат, мың шапан берсін. Айыпты хан боламын десе, тұрысатын жерін, ұрысатын ерін айтсын. Айыпсыз хан боламын десе, хандығы жарай ма, қарашы деген олақ емес пе? Олақтың ойнағанына шыдай алмай құлаған жар неге пана болмақшы, дедім», – дегенде Бекболат сүйсінгеннен, «айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан айналайын» – депті. “Не дейді” – дегенде, «ертен Жолдыөзектің бойына келсін. Екеуміз екі жағына түсейік дейді», – депті. Сонда Олжабай батыр: «Мені бар деп сұрады ма?» – депті. «Сұрады, бар дедім», – дегенде: «Енді ол сарт бізбен қарсыласып жауласуға жарамайды. Алтын қақпалы қорғанды бұзатұғын жолда, сырым Малайсары да бар еді, шанышқылы Бердіқожа да бар еді, таракты Байғозы батыр да бар еді. Қақпасын қалайы мен қорғасынға

мысты араластырып құйған екен. Сонда мен туымды Абылайға «мә» деп бере салып, қақпаны шапқылағанымда, қылышым саз балшық, жаңа илеген қамырға кіргендей кірген. Абылайдың түріне қарасам, қалшылдап, дірілдеп тұр екен, “мына қаруын жауласып кетіп өзіме жұмсаса, мынау жан шыдатпайды екен-ау” деп үрейі ұшып кеткендігі сондай, бізбен қарсыласатын онда әруақ жоқ», – депті.

Ертеңінде Жолдыөзектің ар жағынан Абылай қолы келді. Атығай-қарауыл, өзінің төлеңгітінен басқа бөтен дым жан жоқ. Бер жағынан Бекболат, Едіге үш мың кісімен келіп еді. Самсаған сары қолдан бөлініп екі кісі келе жатыр. Ар жағынан біреуі Абылай, біреуі балта керей Тұрсынбай батыр келеді. Сонан соң, бұл жақтан Бекболат пен Едіге атқа мініп алдынан шықты. Сонда Құлықенің Бекшесі, оғын құралайдың көзінен тигізетұғын мерген екен, мылтығының сирағын құрып, «бұл сартты бірақ жоқ қылып тастайын» деп, Абылайды нысанаға байлап тұра қалды дейді. пілтесін тұтатуға келтірмей Жәңке батыр баласы Жанақ жүгіріп келіп Бекше мергеннің қолынан мылтығын жұлып алды. Абылай не қылып, не қойғанның бәрін көріп тұр. Ол жақтан екі кісі – бірі хан бірі батыр. Бұл жатқан екі кісі – қаракесек сүйіндіктің екі биі төртеуінің бас қосқан жеріне көлденеңнен Қөтеш ақын барып, оларды сөйлетпей өлеңді гулетіп қоя беріпті:

Абылай Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің!
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ ордаңның қол келтірдің!
Абылай күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң!
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң!

Сонан соң кінәласқан да жоқ, айтысқан да жоқ, хан қарашымен жарасып, бұл барғандардың не көңілдегісін қылып, сөйтіп қайтарған екен. Сонда Абылай: «Мылтық құрған кім еді?» – деп сұрапты. «Бекше мерге еді», – дегенде, «талай жорықта бір торсықтан малта жесіп жүрген жолдас еді. Кісіні кісі жоқ жерде-ақ өлімге қия береді екен-ау», – депті. «Оның мылтығының аузын қырсық бассын» деп, мылтығының аузына бір түйе байлады, – дейді. «Жүгіріп келіп ұстай алған кім?» – дейді. «Жәңке батыр баласы Жанақ еді», – дейді. «Тегін кісі Жәңке батыр бола ма?! Құдай құйып қойғандай жаратқан шын би ғой. Баласын арашашы болсын деп қосқан ғой. Ас берілгенде Жәңке батырдың босағасына түйе бастатқан тоғыз

байлансын және қаралы үйге шаншылған найзаны жылын бергенде Жанақ сындырсын бір ат, шапан Жанақтың өз жолы болсын!» – депті. (Мәшһүр Жүсіп)

Қызылтауда Шотана тасы деген тас бар. Шотана батырдың үйі сол тастың түбінде отырғанда, түнде ұры корадан екі өгізін ұрлап кетіпті. Алакеуімнен түрегеліп, өгізді ұры алып кеткенін біліп, Шотана батыр тастың басына шығып: «тастап кет менің өгізімді! Атым Шотана, жердің тесігіне тығылсаң да қоймаймын!» – деп айғай салыпты. Ұрылар біршама ұзап Түндік өзенінен асып барады екен, «артымыздан қуғыншы келіп қалған екен ғой» – деп, өгізді тастап қашқан екен.

Жазы батыр – қыпшақтан шыққан Абылайдың атақты батырларының бірі. Ол туралы дерек ауызекі тарихи дәстүрде заманында мол болғанымен, қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз. Мағзұм Ахметұлы арабша жазылған шежіре дәптерінде: «Қыпшақ Жазы батыр мен Бәсентіні Малайсары батыр Абылайдың соғысында садақ атып, жақ тартып, батырлық көрсетіп жаннан кешіп жүрген. Абылайда бұл екеуінен күшті, асқан батырлары болмаған. Жазы мен Малайсары келе жатқанда жаудың беті қайтып, үріккен қойдай болыпты. Қазақ жасағы қалмақпен соғысқанда қалмақты қойдай қырып, қалмақтың қызы менен қатынын жетім қылатын батырлары Жазы менен Малайсары екен. Жазы батыр жақ тартқанда, оның оғы нендей тас темірден өте шығады екен. Бір күні Абылай батырларының күшін сынау үшін жеті балтаны қатар қойып, осыдан атындар дегенде, сонда Абылайдың басқа батырларының оғы бір-екі-ақ балтадан өте шығыпты. Абылай Жазының күшін сынау үшін, ішіне шеге мен жүн араластырып тігіп, қына артқан жеті түйені қатар қойып, сонан жақ тартқанда Жазының оғы онан да өте шыққан. Жазының хас жасөспірім кезінде қалмақтың ханы Сыбанның Шарш деген батыры болған. Шарш өз заманында аса мықты болған жауып тұрған оқты тындамайтын жүректі екен. Шарш зордың зоры екен. Басқа әскерден келе жатқанда иығы мен мойны бір кез алып тұрады екен. Оны келе жатқанда анадайын белгілі екен. Қайраты, күші мол жоңғар болса керек. Шарш (Чаршы) келе жатқанда қазақтар үрке қашатын болған. Шаршқа қазақтан жекпе-жекке келетін батыр болмаған. Қазақтың қолын қиратып, қайратын сөндіріп, қанын судай шашып тұрған мезгілде, қазақтан Жазы, Малайсары батырлар шыққан. Жазы он тоғыз жасында ат үстінде батырлық қылған. Бір соғыста қалмақтың Шаршы батырына қарсы қазақтан Жазы батыр шығады. Бұрыннан «менің

бетіме кім шығады» деп, биманас ағып жүрген Шарш «мен, мен» деген тәубәсіз біреу екен, бір салып жығамын» деп ойлап, найзасын бір салып өте береді. Жазы аттан жығылмай сау қала берді. Кезек Жазыға келді. Шарш Жазының аман қалғанына «нағып қалды» дегенде, бетін бұрып алып «сен қай баласын, менің ұрғанымашыдап қалған» деді. «Менің кім екенім не керек, мен бала екенімді қаруласқанда айтарсың, менің атым Жазы, арманда қалмай естіп кет» деп, қос қолдап тұрып көк желкеден бір салып өткенде Шаршы аттан өкіре құлады. Шарштың аты ойнап шыға берді. Қалмақтар оны көріп көбі жан-жаққа быт-шыт болып қашты. Қазақ батырлары қашқан қалмақты соңынан қуып, қойдай қырып, шауып, шаншып, қиратып, қанша аттын саймандарын олжа қылып, үлкен қарық болды. Абылайдың сол жолы үлкен жолы болып, мерекеге батып, қуанып қайтқан соң, алды болды. Екінші бір соғысында қазақ әскері тағы жеңіп, Абылайдың қолдары олжа алған соң, соғыстың ақырына қарамай, кейін елге қайтып кетіпті.

Ежен күнде тұтқындардың жанына барып тұрады екен. Бір келіп күні Ежен «әу Абылайдың батырлары, қалмақ Шарш батырды қайсың өлтірдің?» – деп сұрады. Еш қайсысы жауап бермегенде Жазы батыр: «Шарш, Шарш жұлып алғандайсың, Шарш батырынды салып, омақата құлатып, мойнын үзіп, жанын дозаққа жіберуші мен!» – деп, ұшып тұра келді. Ежен Жазының батырлығына сүйсініп мойнын иіп, басын бұлғап «мон-мон» депті. Қалмақтың «мон-мон» дегені қалмақ тілінше «жөн-жөн» дегені екен. Жазы батыр Сілеті бойында, Бестөбе маңында болған сұрапыл соғыс кезінде зеңбірек оғынан мерт болған.

Сәмен батыр ертегісі. Сәмен Шағанайұлы Ботбайдың Шағай деген руынан шыққан Абылайдың замандасы. Қалмақтар қазақты шауып кеткенде, Сәмен жылқы бағып жүреді екен. Абылай елге қол жинап, ұрыс салуға аттанайық деп хабар береді. Елде ер кіндікті қалмай, барлығы барады. Сәмен екі қарақызыл дөненнің түнде тілін буып жібереді екен. Елмен бірге қалмаққа барады. Қалмақтар ... қамалды жеті тұстан қабат шөггеріп тастаған екен. Сәмен Абылайға «қалмақтың қамалы екен, оны бұзайын» деп тілек сұрайды...

Мырзағұл Анайұлы – батыр. «Арғы атасы сұралса, ізгі өткен Мырзағұл, Анайды, Қаржастың қасқа-жайсаңы Анайдан өрбіп тарайды» деген Мәшһүр Жүсіп шежіресінде. Анайдан 5 бала – Нияз, Мырзағұл, Құл, Құдайкүл және Жәдігер туған. Шорман әулетінің атасы Мырзағұл болса, Сәтбай әулетінің атасы Жәдігер болып келеді. Мырзағұл батырдан Шорман би, одан Шоканның анасы

Зейнеп, Мұса мырза Шорманов. Мырзағұл батыр бір шайқаста жау қолына түсіп, оның артынан кенже, 14 жасар інісі Жәдігер іздеп барса керек. Баланың ержүректілігіне риза болған қалмақтар ағасын босатып, жас Жәдігерге қыздарын қосып берген екен. Мырзағұл батырдың денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленген.

Аралбай Әлібекұлы (1685-1778) – жоңғарлармен соғыста қол бастаған батыр, он бір-он екінші атаға жеткен бүгінгі ұрпағы ру аты Аралбай батыр есімімен аталады, есімі ел аузында қалған белгілі батыр Алтай руынан тарайды. Аралбай, қарпық Барғана батыр, тарақты Наймантай батырмен үзеңгілес дос болған. Қанжығалы Бөгенбай батырдың Айбике (кейін мінезіне орай Кежек атанған) деген қарындасын алып, Өмір деген бір ұл туған. Аралбайдың бәйбішесі Айса Ұлы жүз Сиқым-Жаныс Төле биге аталас адамның қызы екен. Бұдан туған Құттыбай, Жоламан, Тоты балалары бір рулы ел Сырт Аралбай атанады, Аралбайдың үшінші әйелі Тансұлу Танақызы, одан Байтоқа, Сеңкібай, Бәйтелі, Жабағы, Жабық туған. Бұлардың әрқайсысы рулы ел, бір-бірімен қыз алысуға жеткен. Аралбай батыр Түркістанда жерленген.

Шерубай Биболдыұлы (1693-1812) батыр. Орта жүз жеріне қалмақтардың шабуылы кезінде (1721-1730) Тоқбура Қарекеулы жасы алпысқа келіп қалса да ел жиып, жауға қарсы ту көтерген. Шерубай оның қолбасшы батыры болған. Хас батырлығы, өлшеусіз ерлігі туралы ел аузында әңгіме көп. Қарағанды облысының Шет және Бұқар жырау ауданының жері арқылы ағатын Шерубай-Нұра өзені батырдың атымен аталған.

Құлық Жалаңтөс (1696-1771 жж. ш.ж.) – жоңғар-қалмақ соғысында қаһармандық көрсеткен, ерлігі аңызға айналған батыр. Ел қорғау науқаны, аласапыранға ерте араласқан Жалаңтөс батыр қазақтың жаугершілік тарихында жиі айтылып аты танылған Жидебай батыр, Сеңкібай батыр, Қасабай батыр, Есей батыр, Жарылғап батыр, Байзақ батыр, Мұратай батыр, Аю батырлардың қатарлы болған. 1711-12, 1714, 1718, 1723-25 жылдардағы жоңғар шапқыншылығында халық басына түскен төзгісіз ауыртпалық, алапат қырғын әкелген. Зерттеуші Ж. Қашқынов, М. Баймұқанов, және т.б. Жалаңтөс батыр Түркістанды азат етуде Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, әлтеке Жидебай батыр, табын Бөгенбай батыр, тарақты Байғозы батыр, малғозы Олжабай батыр, Жасыбай батырлармен бірге тізе қосып шайқасқаны туралы шежіре хаттаған. Бұланты шайқасында Жалаңтөс батыр

жас сарбаз шоғырын топтастырып, ерекше ерлік көрсеткен. Сол шайқасқа Жидебай батыр, Қасабай батыр, Байзақ батыр, түйте Жарылғап батыр, керей Есей батыр, қожағұл Торак батырлар да қатысады.

Жалаңтөстің батырлық әрекеті нағашысы қанжығалы Бөгенбай батырдың тәрбиесі. Жастайынан атақты батырдың қасына ерген Жалаңтөс, бірге жүріп соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген. Қаз дауысты Қазыбек би қалмақ ханынан құн даулай барған сапарында Жалаңтөсті ақылшы әрі айбар есебінде қоса ерте барады.

Жалаңтөс батыр бастаған шайқас – Сарыарқаның құтты өңірі Қарағанды маңында, Нұра мен Соқыр арасында орын алған. Бұл кезде Жалаңтөстің ерлік дабысы кең тараған екен. Соғыста жау жеңіліс табады. Жалаңтөстің қасында біраз батырлар аянбай кескілескен, жан алысып, жан беріскен. Қанды арпалыс кезінде батырдың көзіне жебе қадалғанда да айқас тоқтамаған. Бір көзінен айырылған Жалаңтөс айбары туралы дабырайта айтылып, оны әйгілі ету үшін, батыр есімін ел Соқыр батыр лақабына айналдырған. Сондықтан, жау садағы тиіп азат етілген жердің өзен суы Соқыр деп айтылады.

Арқада Жәмші өзені суы кермек,
Күресі жер ананың нәрін бермек.
Мекені Жалаңтөстің осы маңда,
Қорғаған жаудан елін найза сермеп.

Құлықтың бір баласы Жалаңтөсі,
Тарихта жаудың жолын талай кесті.
Тараған үш әйелден балалары,
Бойында Сарыарқаның өніп-өсті.

Қазақта арқа деген бар ғой кезең,
Маңында Қарағанды Соқыр өзен.
Жалаңтөс, Соқыр батыр бір-ақ адам,
Табасын сол маңайдан іздесең, – дейді.

Жалаңтөс батырдың намысты ту етіп ұстаған ерлігі, елдікті сақтаудағы өрнекті тағылымы мен өсиеті батырға арналған дастан, өлең-жырларда насихатталды. Жалаңтөс батыр ел ішінде билік айтуымен де танылған тұстары кездеседі.

Жасаған жалғыз тілегім-
Еліме берік бірлік бер.
Еріме ерік тірлік бер.
Жеріме биік шынар бер.
Ұлыма адал сынар бер

Қызыма көрік, ақыл бер,
Жан қиысар жақын бер.
Ерімнің басын еңкейтпе.
Алла ажалын ерте етпе.
Тұлпарына қанат бер!
Бес қару жарақ бер!
Сұр жебе бұзбас сауыт бер.
Қалғытпайтын қауып бер.
Байтағым үшін жан пида.
Қиынға салсаң салып көр, – деген.

Қазақ халқы «Артымызды сүйек айырсын» деген серт болады, ажырамас туыстыққа ұлассын деген жақсы тілек-үміттен туған ұлттық қасиет. Жалаңтөс батыр тектілікті тұрақтандырып, тұқым тазалығын сақтап қалу үшін керей Құс Жәнібек батырға бір қызын ұзатады. Батырдың балуандығы баласы Алтай мен Рүстемге дарыпты. Шөбересі Ахмет те жауырыны жерге тимеген балуан атанған. Сөз ұстау қасиеті кейін ұрпағы ақын Жабасқа қоныпты. 1996 жылы 16 шілде күні Шатырша тауы сыртында (Ақтоғай), батыр жерленген төбе басына мазар тұрғызылып, аруақ құрметіне ас берілді.

Баймырза (1700-1770 жж. ш.) – қаракесек руынан шыққан батыр. Шын аты – Кенжебай. Мол дәулет біткен аса ауқатты, атымтай-жомарт адам болғандықтан, Баймырза атанған деседі. Қара қылды қақ жарған әділ шешен, жоңғар-қалмақ шапқыншылығы тұсында ерлік көрсеткен батыр. Жаз жайлауы – шұрайлы Баймырза сайы, Шоқай, Нұра өзендерінің бойында болған. Елді мекен, ауыл, осы кісі есімімен аталған.

Нияз батыр. Сайдалы Барқы Нияз батырдың ата-тегіне келсек, қазақ шежіресі бойынша ол Арғын Алтайдан тарайды. Сайдалы руы Сүгірәлі және Арыстан деп екіге жіктеледі. Арыстаннан Мамадайыр, Мамашық, Тоғызак, Барқы өрбиді. Нияз батыр қазақ жерінің тарихын алғашқылардың бірі болып хатқа түсірген П.И. Рычковқа көптеген мәліметтер берген адам. Қазақ хандарының шежіресін Әбілмәмбетке дейін таратып берген де, қазақ руларының ара-қатынасын айтып түсіндірген де, оңтүстіктегі қазақ қалаларының жағдайы туралы әңгімелеп берген де Нияз батыр. Бұл мәліметтер кейіннен П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегіне арқау болды. Орта жүз ішінде Нияз батырдың беделі өте жоғары болған. Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: 1758 жылы Нияз батырдың билігінде арғын ұлысының

алтай атасынан 3000 отбасы, абақ-керей ұлысының 500 отбасы болғаны жазылған. Басқа рубасылардың қарамағында шаңырақтардың саны анағұрлым аз. Аталған жылы арғын ұлысының қанжығалы атасының – 2000 шаңырағы Бөгембай батырдың қоластында, Тарақты руының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың қарауында, Қазыбек би қаракесектің 2000 шаңырағын, Барақ батырда көкжарлы найманның 1000 отбасылары ғана болған. Нияз батыр қыс айларын Түркістанда өткізгенімен, жаз жайлауға Ақтау, Ортау, Қызылтауға, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойына, Қорғалжын көліне, Қарқаралыға, Қазылыққа көшіп келіп, қоныстап жүрген. Жоғарыда аталған Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: «Биыл (яғни, 1758 ж.) алтай арғындарының Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған» - деп жазған. Жоңғармен соғыста елдің басын біріктіруге Нияз батыр зор күш жұмсады.

Байсейіт батыр. Шағайдың Есімбет деген руынан Тойлыбек батыр, одан Байсейіт батыр шыққан... ол орысқа бағынбай, Баранов дегеннің мың әскерін қырып, оққа ұшып өлген. Жамбылдың айтуынша Байсейіт 1850 жылы 37 жасында өлген. Байсейіт өлген соң орыс үш жылдан соң қала салған.

Қорыта айтқанда, қазақ шежірелердегі жоңғар басқыншылығы туралы тарихи деректер мол. Шежірелік деректердің бір қабаты көшпелілер тарихының әскери, соғыс тарихында ерекше аты аталатын тарихи тұлғалар туралы әңгімелерді дәстүрдің өзіне лайық қалыптасқан баяндау стиліне орай қалыптасқанын аңғарамыз. Халықтың санасында жалғасын тапқан шежірелік деректердің міндетті мәдени-әлеуметтік қызмет атқарғаны анық. Бірақ ол мақсатты түбегейлі орындау мақсатында шежірелік деректердің баяндалуында әртүрлі нұсқадағы ауызекі мұралар да, тысқы тарихнамалық дәстүр төңірегінде қалыптасып, сырттан енген тарихи дерек (парсы, араб және т.б.) үлгілері қатар болғанын аңғардық.

ОН САН ОРТА ЖҮЗГЕ ҰРАН БОЛҒАН ЕР ОЛЖАБАЙ

Қ. АЛЛАБЕРГЕН

т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

Жаяу Мұса өзінің «Ер Олжабай» деген дастанында батырдың жауға қарсы көрсеткен ерлігін:

Қол алдында келеді Ер Олжабай
Естіп қарсы жүрді хан Абылай
Тайкөкке мініп алып, бата бер деп
Сұрайды Абылайдан Ер Олжабай
Күн жарқырап шыққан соң еркін, барып
Тұра шапты қақпасын «Олжабайлап»
Бес күн болды бұзғалы Олжабайдың
Талқы асуын мықты оба, Темір қақпа,-

деп жырлаған. Тек осы арада, жалпы Олжабай батыр туралы зерттеулер мен әдебиеттердің баршылығын айта кеткеніміз жөн. Олар И.Я. Коншин мен Г.Н. Потаниннің, Ф.А. Дербин мен Әлкей Марғұланның еңбектері. Сондай-ақ Сақау ақын, Көтеш ақын, Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп, Шаймерден Торайғыров, Төлепберген Тоғайұлы жыр, дастан, әңгіме жазып Олжабай батырдың өшпес ерлігінің мәңгілік ұмытылмастай қып сомдап кеткен.

Қазақ жеріне бір ғасырдан астан жиі-жиі шабуыл жасап, тыныштығын кетіріп, тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқақол сұлама» деген атпен қалған сұрапыл соғыс иелері жоңғар мемлекеті 1635 жылы құрылғаны белгілі. Қолтықтарына су бүркіп басқыншылық соғысқа айдап салған Ресей мен Қытай империялары солар арқылы Қазақстанның кең байтақ өлкесін жаулап алмаққы дәмеленді. Алайда тарихтан мәлім болғандай Абылай хан бастаған қазақтың бір туар батыр тұлғалары Отанын қызғыштай қорғап, кір жуып, кіндік кескен жерлерін басқалараға таптатып қоюға жол бермеді. Олар үш жүздің басын қосып, өздерінен әлдеқайда көп әрі жақсы қаруланған ата жауларына қарсы аттанады. Солардың алдыңғы қатарында Сүйіндіктің Айдаболының Малқозысынан тараған Олжабай батыр да болатын.

Сонымен Олжабай батыр кім еді? Ол қазақ батырларының арасынан қандай орын алады деген сұраққа келсек, онда Олжабай Толыбайұлы 1709 жылы қазақтың киелі жері қасиетті Түркістан

қаласында туған. Әкесі Толыбай батыр әрі би болған. Тәуке ханның сенімді серіктерінің бірі саналған. 1791 жылы Түркістан үшін болған соғыста қалмақтардың қолынан қаза тапқан. Шешесі Есенбике болса ұлы жүз Қаратай батырдың қызы екен. Әкесі қайтыс болған соң Олжабай осы нағашысының қолында тәрбиеленіп, өседі. Кей деректерде, Мәшһүр Жүсіптің «Сүйіндік Олжабай батыр» ертегісінде Олжабайды найман Қаракерей Қабанбайдың жиені деп, оның нағашысынан Тайбурыл мен ақ сауытты киіп қайтқаның әңгімелейді.

Олжабайдың батыр ретіндегі атағы «Ақтабан шұбырынды, алқақол сұлама» кезінде шығады. Ол былай болған деседі. Жоңғар-қалмақтар кезінде қазақ жерінің оңтүстігі мен орталығынан қуылғанымен, солтүстігі мен шығысында қалың болады. Сондықтан Абылай хан қазақтың атақты батырлары Баян, Балтакерей Тұрсынбай, Малайсары, Көкжал Барақтарды бастап Қалдан Серенге қарсы жаугерлікке аттанды. Араларында ол кезде ешкімге белгісіз, әлгі аты шықпаған Олжабай да болады. Абылайдың қалың қолы «кезелуші», «тосқауылшы» және «салықшы» деп аталған үш топқа бөлініп, жау қамалына шабуыл жасайды. Бірақ Малайсары бастаған бірінші топ та, Абылай хан бастаған екінші топ та қанша шабуылдардағанымен қалмақтың қамалын бұза алмайды. Тек, Олжабай бастаған үшінші топ қана жеңіске жетеді. Жаудың оғы тиген Малайсары батыр осы шайқаста қаза болады. Дәл осы тұста әбілмәмбет ханнан шапқыншы келіп қалмақтың Сарым батыры Ертіс бойындағы бөсентіндер мен наймандарды жаулап жатқанын хабарлайды. Олжабай кері қайтып Сарым батырды тізе бүктіреді. Қалдан Серенмен бітім жасайды. Алайда Абылай хан оны қайтадан қалмақтарды шабуға көндіреді. Бірақ осы ұрыста Абылай хан қолға түседі. Оған қаһарланған Олжабай барып қалмақтардың қолбасшысы Шарыш батырды байлап алады. Оған қарсы жекпе-жекке Қалдан-Сереннің өзі шығады. Олжабай болса мергендігінің арқасында өзіне кезелген қалмақ ханының мылтығын садақпен атып түсіреді. Қазақ батырының ерлігіне разы болған қонтайшы Олжабай батырдың ерлігіне риза болып, астына ат мінгізіп қана қоймай Абылай ханды да тұтқыннан босатып, одан:

Ойлап ем қақпа бұзған қандай қазақ,
Сындырып мылтығымды салдың азап.
Қан төгіс пен қырғынды тоқтатайық,
Арамызда татулық жүрсін ұзақ,

– деп бітім де сұрайды.

Бұл 1741 жылғы оқиға болатын. Қалмақ қонтайшысы Қалдан-Сереннің он мың қол жинап, Абылай ханды қолға түсіріп,

Сарыарқаны жаулап алмақ болған жоспарын осылайша Олжабай батыр жүзеге асыртпай тастайды. Осы ұрыста оның қасында қыпшақ Жазы батыр және өзінің жиені бәсентин Жасыбай батыр болған деседі. Жаугершіліктен олжалы оралған Олжабай батыр Қалден-Сереннің Логба, Лаба деген қыздарын олжаға алып, өзі Лабаға үйленіп, Логбани Бөгенбай батырға тарту етіп, той жасайды. Тойға Абылай хан, Әбілмәмбет төре, Қазыбек би, Бұхар жырау қатысады. Ал Әбілқайыр, Сәмеке хан, Әбілмәмбет үшеуі осы жолғы оған «Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ береді.

Осындай атаққа ие болмай тұрып-ақ Олжабай батыр, Абылай хан, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Өтеген батыр, Малайсары, Жасыбай, Көкжал Барак, Төле би, Қазыбек би, Бұхар жыраулармен бірге Түркістанды жоңғарлардан босатуға қатысып, үлкен ерлік көрсеткен болатын. Олжабайдың қалмаққа екінші қайтара шапқан кезі «Қалмақ қырған» оқиғасымен тығыз байланысты. Ол Мәшһүр Жүсіптің «Олжабай мен Жасыбай» тарихи дастанында егжей-тегжейлі қамтылған. Жасыбай батырдың қалмақ мергенінің оғынан қапыда өлгенін естіген Олжабай, Баян тауын мекендеген бар қалмақты иіріп әкеп, Баянауылдың күншығысында 60 шақырым жердегі «Серектас» деген жерге қамап, кәрі-жасына, бала-шағасына қарамай бірін қалдырмай қырып жіберген. Содан ол жер күні бүгінге дейін «Қалмаққырған» деп аталады.

Олжабайдың тағы да бір ерлік көрсетіп, енді халықтың екінші қайтара «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» атағын беру оқиғасы «Шүршіт қырғанға» байланысты. Тарихта жазылғандай Қытай империясы 1757 жылы қалмақтарды қырып, күншығыс Түркістанды өздеріне қаратады. Олардан бес сауғалаған қалмақ қонтайшысы Әмірсана жиендері Абылай хан мен Олжабай батырдың қолтығына тығылады. Ал қытайлар болса қазақтың ханы мен батырына Әмірсананы ұстап қолдарына беруді талап етеді. Бірақ бұл жолы да Олжабай батыр көзсіз ерлік көрсетіп, қытай әскерін қырға алдап шығарып, Шідерті өзенінің аңғарында көздерін жойып жібереді. Бұрын Баянауыл жеріне қараған «Шүршіт қырған» қазір Қарағанды облысының Осокаровка ауданының аумағында.

Олжабай батыр туралы тағы бір әңгіме оның Қазыбек бидің баласы Бекболатпен бірігіп Абылай ханның «кісі өлтіру» заңына қарсы шығуы. Бұл оқиға туралы атақты Көтеш ақынның:

Абылай, Ботқанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ, неге өлтірдің
Хан басың қарашыңмен даулы болып,

Үстіне ақ орданың қол келтірдің.
Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң.
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,

Болады ертең жесір қатын-балаң, – деген өлең жолдары да бар. Осы жолы Абылай хан ойланбай істеген ісіне қатты өкініп, олармен мәмілеге келген екен. Оны Төлеген қожа:

Кешегі өтіп кеткен хан Абылай,
Соғыпты құбыладай ескен желдей.
Сонау бір сары белден аспадым деп,
Кетіпті арман қылып біздің елді-ей, – деп жырлапты.

Олжабай батыр Абылай хан өлген соң өзінің туған жері Түркістанға барып тұрмақшы болады. Содан 1783 жылы көшіп бара жатып Ермен (Ереймен) тауының сыртында ауырып қайтыс болады. Ол дұшпанының басынғанына қатал, бас игеніне кешірімді болған. Сондықтан болар ешқашан жауын өлтіріп, жараламапты. Тек сауытынан, киімінен түйреп түсіре беріпті. Сондай-ақ қас жаулары Сәру, Сарым батырларды да байлап алып, соңынан босатып жіберген Қалден-Серен бітім сұрағанда оғанда келіскен. Олжабай батырдың мұндай қасиеттерін оның Омбыда ауырып жатқанда еліне, жеріне, халқына жолдаған мына сөздерінен анық байқауға болады.

Ол бірінші сәлем сөзінде негізінен өзі шыққан жүз, рудың яғни, Орта жүз:аға ел Арғынның жалғыз ұлы Мейрам сопыдан тараған бес туғанын сағынғандығын айтып: «Қуандық пен Сүйіндік, Қаракесек, Бегендік пен Шегендік, салмағыңа тең келетін қазақ жоқ, туысыңды, тұрысыңды сағындым, соған сәлем айта бар!» дейді.

Екіншіден, Сары жетім, Шақшақ, Шұбырпалы Ағыбай, үш жүзді билеп өткен Абылай сияқты ер асылын, жер асылын сағынғандығын айтып:

Арғын, Найман туысқан,
Мөңгілікке бел байласып тұрысқан.
Жұртқа дастан атың шыққан
Қайран ерлер, қызығыңды сағындым
Соған сәлем айта бар!

– деп көңілдегісін білдіреді.

Үшіншіден, қырғыз бен қалмақты Сарыарқадан кетіріп, қазақ елін орнатқан үзенгілес, қарулас достары: Қазыбек, Жәнібек, Баян батыр, Қошқарбай, Бөгенбай, Қабанбай, Ұса серек, Әз Жәнібектерді, сонымен қатар, «Сарыарқаның тауы мен тасын, аққан суыңағашын, көлін сағынғандығын» айтып, сәлем жолдайды.

Төртіншіден, өзінің шығу тегін айта келіп, халық арасынан шыққан батыр екендігін мына сөздермен: «Арыстан боп айға шап!»-дедің шаппадым ба?Бүркіт болып,таудан түлкі қақ!» - дедің қақпадым ба? Қаршыға болып, көлден үйрек іл!» дедің ілмедім бе? Шортан болып,су су түбінен балық сүзі! - дедің сүзбедім бе? Жеті басты жалмауыз болып, елдегі жақсы атты мін! - дедің мінбедім бе? Сайрандап дүниенің төрт бұрышын кез! – дедің кезбедім бе?» - деп дәлелдейді.

Олжабай батыр да кезінде Абылай ханның сенімді серігі, қол бастар батырларының бірі бола жүріп, қазақ халқының басын біріктіруге, қазақ жерін қалмақ,жоңғар сияқты сыртқы жаулардан азат етуге ерекше үлес қосқан нар тұлғалардың бірі. Ол туралы зерттеулер, ол туралы шындықтар, ол туралы көше аттары мен еңселі ескерткіштер болшақтың ісі, жас ұрпақтың үлесінде деп білеміз.

ӘОЖ 94(574)

МӘШҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ «ОЛЖАБАЙ» БАТЫР БЕЙНЕСІ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*...Бұл байтақты шарлаған,
Толы бидің баласы –
Ер Олжабай жас екен ...
Сақау ақын*

Мәшүр-Жүсіп: Олжабайдың әкесі Толы би – Айдаболдың немересі. Үргеніш, Қоңырат еліндегі нағашысына кеткенде, бәйбішесі Айбике босанып, күйеуі жоқта туған соң: «Бұл олжа бала» – деп атын Олжабай қойған екен. Қап түбінде болат қылыш жатпайды, Олжа бала жас күнінде талпынып, алмастың асылындай болып өскен. Хан-сұлтандардың балаларын біріне-бірін сендей соғатын болған. Аста-тойда елдің, жігіттердің алдын бермей, елдің ері атана бастайды. Олжабай он төрт жасқа толғанда әкесі –Толы би нағашысы Қаракерей Қабанбай батырға жіберіп, бәсіресіне Наркызыл аттың енесінен туған Тайбурылды қалауға сұратады. Олжабай өзінің Тайкөгіне мініп, қолына сарқамысты садағын алып жолға шығады.

Олжабай нағашысының елін іздеп, талай күн жүріп, күндердің күнінде елсіз қалың орманға кіріп, күн қара, жаңбыр жауып, кеш түсіп, түн болады. Шаршаған соң бір ағаштың түбіне келіп түседі де, атын тұсап, шалқасынан түсіп жатады. Әлден уақытта аты оскырып, басын көтеріп қарасы, анадайдан бір-екі от көз жылтырап жақындаған болады. Олжабай малдасын құрып, қамшысын бүктеп, бір қолына сары ала қамшысы, садағын ұстап күтіп отыра береді. Сөйтсе, әлгі көрінген от көз дегені орман ішінде жүрген қабылан екен. Қабылан Олжабайдың қарсы алдына келіп, бүгесінен түсіп, көзін айырмай, тап бермей жатады. Олжабай да тырп етпей көзіне көзін қадап отыра береді. Екеуі сол көз қарқаннан күн шығып, сәске болғанша қарасады. Біраздан кейін қабылан орынан тұрып, артына бір қарап жөніне кетеді.

Олжабай нағашы жұртынан тартуға Тайбурыл мен ақ сауытты киіп қайтады. Қаракерей Қабанбай қартайған шағы екен. Олжабайды маңдайынан үш рет иіскеп, бейіл салған екен [М-Ж, 8 том. –Б. 170-173].

«Олжабай батыр» (екінші нұсқа). Он жеті жастағы Олжабай әкесінің жалғыз құла шұнақ биесін ұры алып кетіп, қайтсем де табам деп үйден аттанған екен. Биені алған да бір дүлей батыр екен, бірақ, Олжабайдың қаһарынан қорқып, қайтарып беріпті. Жолда шаршап, аты мен биесін отқа қойып, өзі шалқасынан түсіп ұйқыға кетіпті. Шырт ұйқыда жатқанда жүрегі суылдап, құлағы шуылдап, өңе бойы дуылдаған соң басын көтеріп қараса, білектей сары жылан біресе қойнына кіріп, біресе мойнына оралып үстінде емін еркін сайран салып жүргенін көріп аузын аңқитып ашып, басын қыршып алайын деп жатса, жылан еппен сырғып жерге түсіп кетіпті. Сөйтсе, жылан бақ-талайы екен. Олжабайды дию, перілер алып кетеміз деп он бес жыл аңдығанда, осы – бақ-талайы күзетіп жүріпті. –Ешкімнің аруағын керек қылма, өз атыңды атап: «Олжабайлап» жауға шаба бер! – деп батасын берген екен.

Олжабайдың немересі – Арыстанбай жігіт күнінде бір барымтаға бара жатып, елсізде бес жау кісі жолығыпты. Сонда бұлар да «Олжабайлап», мына бесеуі де «Олжабайлап» шауып, ертеңінен кешке дейін соғысып бірін-бірін алалмаған. Содан, тыныс алып, малта жесіп, жөн сұрасыпты.

Арыстанбай:

– Біз «Олжабайласақ» сол батыр Олжабайдың немересімін. Ал, сендер неге «Олжабайладың» – деген екен.

Сонда олар айтыпты:

– Батыр Олжабай жорыққа бара жатып, біздің елге кез болып, бір үйге қонып жатса, бала көтермей зарыққан әйел түнде қойынына кіріпті:

– «Мергеннен-сыралғы, батырдан-сауға» – деген, батыр бір атым оғын аямас, атың шыққан ер едің, аруағыңнан дәмөтіп келдім, – депті.

Сонда, Олжабай батыр:

– Атым Олжабай болып, ат арқасына мінгелі арам етекке етегімді ашып көргенім жоқ еді. «Болатымды боққа сармаспын!» – деген антым бар еді. Менде бар болса, сен бір ұл табасың, атын «Олжабай» қой! – деп, кіндігінен жүндігіне шейін қолымен бір сипапты да, жүре біріпті.

Әлгі бесөудің бірі сол әйелден туған бала екен, атын ырымдап «Олжабай» қойған екен. Ер жетіп, ат жалын тартып: мен де «Олжабайдың» немересімін деп, бәйгеге ат қосса да, елге жау шапса да «Олжабайлап», ұрандатып аруақ шақырып шабады екен [М-Ж. 9 том. –Б. 114-118].

«Малайсары және Олжабай». Абылай хан Уақ: Сары-Баянсыз, Балтакерей-Тұрсынбайсыз, Шанышқылы: Бердіқожа, көкжал Барак, Сырым –Малайсарысыз жорыққа аттанбайды екен. Бұрынғы хандар зор соғысқа барғанда қосынды үш бөлек қылады екен. Бір бөлегін: «Кезуілші» – деп, оқшау бөлек жасақтың алдында жүреді екен (былайша барлаушы іспетті –А.Қ.). Бір бөлегін: «Тосқауылшы» – деп, ханды ортасына алып, орта буында жүреді екен. Бір бөлегін: «Салықшы» – деп, запас баққан аттарымен кейін арттарына тастайды екен. Олжабай бұрын есепке кіріп, қатарға қосылмаған күні болса керек. Әйтеуір сол жорықта бар, бірақ «салықшылардың» ішінде екен. Олжабай атын жайып, көйлек-дамбалын шешіп, қанен-қаперсіз қарап отырса, бір шолақ атты, көк шекпенді біреу- екі етегі жалп-жалп етіп, далақтап, екі көзі алақтап, атын басқа-көзге төпелеп, Олжабайдың қасынан өте беріпті.

Олжабай:

– Немене, немене? болды, асығыс-үсігіс қайда барасың – деп сұрапты.

Әлгі шауып бара жатқан жігіт сәл кідіріп:

– Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай алтын қақпаны дал-дал қылып бұзып, жұртқа олжа үлестіріп жатқанда, олжадан құр қалайын ба? – деп шаба жөнеліпті.

Олжабай батыр отыра алмай, ұшып тұра келіп:

– Уау, мына қалмақтың дал-дал болуы, мына қақпаның бұзылуы менің қолымнан болмақ екен-ау! – деп, тұра киініп аттанып: – Олжабай! Олжабай! – деп, шауып, жолында тұрған Абылайдың ала туын жұлып ала жөнеліп, қорғанға қорғаламастан қасқиып жетіп барғанда, бір қалмақ туды көздеп атқанда, оқ қолына тиіп оны тікенең құрлы көрмей, ала туды Абылайдың өзіне бере салып, аттан түсе қалып, дарбазаны шапқылағанда, қалайы-қорғасын құйып жасаған дарбаза саз балшықтай иленіп, қамалып жүрген қазақ көп олжаға қарқ болыпты.

– Олжабай, Олжабай! – деп, тұсынан шауып өте бергенде, оқ тиіп жараланып жатқан Малайсары белін оратып тандырып: – Мына жауды Олжабай мұқатып алып, абырой аруақ Олжабайда қалатұғын болды. Мен құр қалам ба?! – деп, атқа үш мініп, үш түскен екен.

Осы уақиғаны Шүршіттің патшасы естіп: – Сол қақпаны бұзған батырды маған жіберсін, көрейін – деп қолқа салыпты. Олжабайдың қолына тиген құлжаның қос басындай оқтың үңірейген орынын көріп, мына қолына оқ тиігенде қақпаны қалай бұзып жүрсін – деп қайран қалыпты. Олжабайдың оқтың тигенін де, оның не қылып, не қойып жүргенін де білген жоқпын деген жауабына риза болған Шүршіт патшасы Олжабайға көптеген сый-саяпат беріп, құшақтасып дос болып, бұрынғы Олжабай емес, басқа бөлек Олжабай болып қайтқан екен. Малайсары батырдың сол сапарда демі таусылып, сүйегін елге алып келіп қойыпты [М-Ж. 9 том. –Б. 124-127].

«Олжабай және Жасыбай». Бәсентиін төрт-бес үйі бізге маза бермейді деп көшпекші болады. Олжабай батыр: – Сендерге қолымды былғамаймын, қылышымды қандамаймын! Күні ертең тағалы торы тай қалдырмай, түп көтере жылқыларыңды тиіп аламын деп күш көрсетіп кетіп қалыпты. Бәсентиін руынан «Таз» аталатын ұрпағынан Жасыбай батыр, өзі құралайды көзіне тигізетін мерген, жаурыншы екен: – Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қалмақтан босатып алған жер еді. Мен Олжабаймен айтысып, ақылға келмей бігіспеймін деген екен. Содан, Баянауыл тауының ортасында бір көл бар. Сол көлдің күн шығысында бір тасты «Ту тіккен» екен. «Олжабай мен Жасыбайдың» айтысамыз деп ту көтерген жері деседі. Екеуі сырттай естулері болмаса бұрын бірін-көрмеген. Бірін-бірі көріскен соң, «ішпей мас, жемей тоқ» болып, өзді-өзімен тойысып, «ұрысамыз, төбелесеміз!» – дегенді қойысып, қоян-қолтық алысып, құшақтасып дос болыпты. Елсіз қалды, иесіз қалды деп қалмақтар келеді деп, Шойынкөлді басып өтетұғын жолдың асуына

Жасыбай жатады да, «Торайғыр көлі» – деген көлді басып өтетұғын жолдың асуына Олжабай жатады. Ол заманда қалмақ қосыны тау-тауға бекініп, тауға паналап жүретұғын болған. Жасыбай жаурын жағып қараса, Қалмақтар Қызылтауға үйіліп, төгіліп түсіп жатады. Қарауыл қарайтын тасқа шықса, қалмақтың да қаруылшысы тасқа шығып қарап отыр екен. Жасыбай үйіне келіп жаурын жағып қараса, қалмақ қаруылшысының сөзі түсіпті. Қалмақ қарауылшысы: – кісі болса тағы отырады, құс болса отыра бермес ұшып кетпей ме? – деген екен. Сөйтіп, қалмақ жасағы аттың ерін теріс қаратып, қасын артына қаратып ерттегіпті. Жасыбай жаурын жағып қараса, жау кері қайтып бара жатқанның көріп, қаңаң-қаперсіз жата беріпті. Қалмақтар түн бойы жүріп, отыз мерген жез айыл мылтығын қатар ұстап тұра қалыпты. Жасыбай ойында дәнеме жоқ, қаңаң-қаперсіз қарауыл тасына шыға бергенде, дәл өңіршектен көздеп атыпты. Інісі айқайлап «Олжабайлапты» оны Олжабай батыр естіп, қалмақтарды бір жиып қамап қырып салыпты. Сол жер: «Қалмақ қырған» тасы аталыпты. Қалмақтардың тамақ ішіуге алып келген ыдыстары тау болып үйіліп-төгіліп көл басында қалғандықтан «Шойынкөл» деп халық атап кетіпті. Жасыбайдың өзін асудың үстіне жұрт жүретұғын жолдың үстіне қойғандықтан: «Жасыбай асуы» деп аталады. Мәшһүр-Жүсіп: «Жасыбайдың дене топырақ моласы өткен-кеткеннің атының аяғының астында жиырма жетпеген күнімізде асудан бірге асқан сыйсыба (сисебе) құлақ шалдар: «Міне-Жасыбайдың моласы!» – деп, көрсетіп еді. Өзге жоғалса да, мола жоғала ма? Жаздыгүні жер қарада жүрген жандар көреді. Қазақ-әулие: бір ауыз сөзі босқа далаға кетпейді: «Жаурыншыны жау алады, //Есепшіні жүт алады!» Жасыбайдың өліміне себеп болған – өзінің жаурынына сенгендігі – деп жазады [М-Ж. 9 том. – Б.127-130].

«Олжабайдың елге сәлемі, басқа да сөздері». Олжабай Омбыда аурып жатқанда, бір-екі жігіт үйір болып жүреді екен. Бір күні келіп, көңіл сұрап:

–Аға, біз сіздің елге қызмет арқылы баратын болдық, айтатын сәлеміңіз болса, ауырмамаймыз, айта барамыз, – депті.

Сонда:

–Менің жазып беретін халім жоқ. Мен айтайын, өздерің жазып ал, депті.

Сондағы айтқаны мынау төмендегі:

–Орта жүз: Арғын аға ел еді. Арғынменен қай қазақтың баласы тең еді?!

Мейрам сопы бір анадан жалғыз ұл еді. Мейрамның бес баласын сағындым, соған сәлем айта бар!

Қуандық пен Сүйіндік, Қаракесек, Бегендік пен Шегендік, салмағың тең келетін қазақ жоқ, туысыңды, тұрысыңды сағындым, соған сәлем айта бар!

Арғын, Найман туысқын,

Мәңілікке бел байласып тұрысқан,

Жұртқа дастан атың шыққан,

Қайран ерлер, қызығыңды сағындым! Соған сәлем айта бар!
Сары жетім, Шақшақ момын ел-ді, Шұбырпалы-Ағыбай,-о да Арғынның ұлы еді. Ер асылың, жер асылың сағындым, соған сәлем айта бар!

Үш жүзді билеп өтті Абылай,

Ел бағына туып өскен ерлер қандай?!

Қазыбек, Жәнібек, Бөгенбай, Баян батыр, Қошқарбай, Қабанбайым, Ұса серек. Ноғайлыда- Әз Жәнібек,- Тараншыда бас қосқаның сағындым. Соған сәлем айта бар! Қырғыз беген қалмақты Сарыарқадан кетіріп, қазақ елін орнатқан қайран ерлер, қызығыңды сағындым, соған сәлем айта бар! Сарыарқаның тауы мен тасың, аққан суың, ағашың, көлің сағындым, соған сәлем айта бар! Ұрығымды сұрасаң, Қанжығалы; затымды сұрасаң, Бөгенбай. Бөгенбайдан Қошқар туған екен. Қошқардан туған қозы едім. Қозыдан сәлем айта бар! – депті.

* * *

Екінші сөзі, сол Омбыда ауырып жатқанда айтқаны:

–«Адам баласы- Алланың добы» – деген анық қой, //Басқа біткен бақ-дәулет жанып тұрған бір жарық қой!//Бастан кетсе, ол шіркін жарықтың өшетіні анық қой!//Артынан тұғырынан түссе, о да шын мүсәпір көріп (ғарыб) қой!//Осы жүрген адамдар суда жүрген балық қой, //Балықты судан шығарсаң, өкпесін соғып жататыны анық қой.// Табиғатта бір Алладан басқаның өзгеруі анық қой!»

Олжабайдың үшінші сөзі, өзінің істеген істерін айтқаны. Жүректің нәпсіге айтқаны дейді:

–«Арыслан (арыстан) болып айға шап!» – дедің, шаппадым ба?// «Бүркіт болып, таудан түлкі қақ!» – дедің, қақпадым ба ?!// «Қаршыға болып, көлден үйрек іл! – дедің, ілмедім бе? // «Шортан болып, су түбінен балық сүз!» – дедің, сүзбедім бе?! // «Жеті басты жалмауыз болып, елдегі жақсы атты мін!» – дедің, мінбедім бе?! //«Сайрандап дүниенің төрт бұрышын кез!» – дедің, кезбедім бе?!

Олжабайдың төртінші сөзі, осы Олжабаймен бірге жай, мал біткен адамдардың да қашып жүргендеріне айтыпты:

Мен елімнен кеткенім жоқ ұрлықпен,
Не болмаса кісі өлтірген сұмдықпен.
Әлемге бірдей Әмір-ді,
Науқанды тарттық біз көппен.
Жанымда жүр жалпыып (жалығып),
Б...ққа алғысыз мал біткен.
Маған үлкен ұят қой:
Мен қалып елді, бұл кеткен.

Атаңа сенің рақмет,

Осылармен бірге мені жөтелткен! [М-Ж. 9 том. –Б. 131-133].

«...Шідерті деген өзеннің басынан қыдырсаң, аяғына шейін Олжабай ұрпағы болады. Денесін Әзіретке апарамыз!» – деп, денесін күрт-ірімшік жаятұған сөредей сөре жасап, сөрелеп қойыпты. Ақырында Әзіретке апара алмай, Көкшетау маңайында өздерінің жайлап жүретұғын жайлауларына қойыпты. Өлген жері- «Олжабай сөресі» атанған. Ол жер осы күнде «Олжабай қаласы» атанды. Көмілген жері «Олжабай тамы» атанып, «Майлықара- Майданнан салт атпен тас тасып, тастан жасаған тамы бар. Олжабай батыр өзі өлерінде айтқан екен:

–Менің үрім-бұтағымның жау десе, көтені лүпілдейді; дау десе, көмейі бүлкілдейді! – деп.

Естіген сөзімнен сөз қалмасын: «Естіген құлақтың жазығы жоқ!» – демеді ме?!» [М-Ж.9 том. –Б.131].

1 Секция. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің мәселелері

1 Секция. Вопросы теории и практики изучения национально-освободительного движения казахского народа

УДК 94(574)

АБЫЛАЙ ХАН - ОРГАНИЗАТОР ВСЕНАРОДНОЙ БОРЬБЫ ПРОТИВ ИНОЗЕМНЫХ ЗАХВАТЧИКОВ

М.Ж. АБДЫКАРИМОВА

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В Казахстане становление государственной независимости вынесло на повестку дня многие актуальные вопросы истории казахского народа: формирование его этнической территории, этапов становления и возрождения государственности казахов на своей исконной земле. В этих условиях на новый уровень поднялось историческое самосознание народа, повысилась общественная потребность в переосмыслении и правдивом освещении истории Отечества, свершений героев борьбы за его независимость.

Однако, состояние исторической науки Казахстана к моменту обретения им независимости не удовлетворяло этим высоким требованиям. Кризис исторического мышления, поразивший все постсоветское пространство, особенно жестоко обошелся с нашим обществом. Дело в том, что советская историческая наука унаследовала многие стереотипы официальной российской историографии. А в самодержавной России имперская идеология движения на Восток исходила из типичного европоцентристского представления о Центральной Азии, как родине диких кочевников.

В свете унаследованной европоцентристской концепции в советской историографии пройденный евразийскими кочевниками многовековой путь продолжал интерпретироваться как некая примитивная предыстория. А известный принцип так называемого классового подхода привел к отрицанию роли личности, обезличиванию истории.

Между тем еще в XIX в. видный русский философ С.Н. Трубецкой высказывался в том смысле, что все совершается в истории «личностью и через личность: только в ней воплощается идея». Следовательно, история -не просто борьба классов и

смена формаций, это еще и арена, где разворачивались действия людей, исторических личностей. Вопрос, видимо, только в том, какое воздействие на общественные процессы оказала та или иная личность. В этой связи нелишне напомнить высказывание Г.В. Гегеля о том, что «исторические люди. являются великими людьми именно потому, что они хотели и осуществили великое, и притом не воображаемое и мнимое, а справедливое и необходимое». К числу таких исторических личностей относится Абылай-хан.

Настоящее имя хана Абылая (1711-1781) - Абилмансур (как указано в одном архивном документе, «магометанское имя Абыль-Мансур»). Он сын Коркем Уали-султана, внук Абылай хана Канышера («қанішер» в переводе с казахского — «кровопийца»), прозванного так за неодолимую храбрость и ярость в бою с врагами, потомок хана Барака в 9-м поколении. Предки хана Абылая происходят от знаменитого основателя Казахской орды Аз-Жанибека, который, в свою очередь, является потомком Джучи-хана, старшего сына Чингисхана.

Отец Абилмансура погиб в бою от рук врагов во время нашествия правителя Джунгарии Цэван Рабдана. Испытавший много горестей и трудностей будущий хан с 12-летнего возраста вырос в простой среде, что и помогло ему впоследствии стать поистине всенародным лидером. Предки хана Абылая происходят от знаменитого основателя Казахской орды Аз-Жанибека. Отец Абилмансура погиб в бою от рук врагов во время нашествия правителя Джунгарии Цэван Рабдана.

С юношеских лет будущий хан проявляет свои лучшие качества воина, защитника Отечества. Хан Абылай - целая эпоха в истории Казахстана. Одной из первых крупных побед, принесших ему всеобщую известность, была битва казахских воинов под командованием Абулмамбета против джунгар. В этом бою никому не известный двадцатилетний Абилмансур в единоборстве убивает Шарыша, непобедимого ранее вражеского багадура.

В конце 20-30-х гг. Абилмансур принимает участие в боях с захватчиками вначале в качестве рядового воина, затем быстро выдвигается и становится одним из наиболее влиятельных батыров. Он принимает имя Абылая, своего деда, знаменитого казахского султана, прославившегося в поединках. С конца 30-х годов XVIII века ключевой фигурой в политической жизни страны стал Абылай хан, решавший судьбоносные проблемы войны и мира. Абылай всю энергию направлял на укрепление верховной власти

и вывод Казахского ханства из затянувшегося политического кризиса. Консолидации казахских родов вокруг Абылая во многом способствовали его активные и целеустремленные действия против Джунгарии, укреплявшиеся дружественные связи с Российской империей. Джунгары, заключив в 1739 г. мир с Цинской империей бросили все свои силы на запад и в 1741 г. начали новый последний поход на казахов. В конце февраля 1741 г. 30-тысячная армия джунгар вновь вторглась в Казахстан и дошла до Тобола и Ишима. Военные действия продолжались до лета 1741 г. В ходе этих сражений с джунгарами султан Абылай, командуя разведывательным отрядом из двухсот воинов, ворвался прямо в расположение основных сил неприятеля. Окруженные со всех сторон многотысячной армией ойратов, казахи были захвачены в плен. Летом 1741 г. в ставке хана Среднего жуза происходил совет. Решался вопрос: продолжать войну или начать мирные переговоры с джунгарами. Большинство высказалось за мир. В Джунгарию было отправлено казахское посольство, которое вело переговоры об условиях перемирия и освобождения пленных, в первую очередь, Абылая. Переговоры завершились успешно. Абылай был освобожден.

Российская администрация довольно равнодушно наблюдала за событиями в казахской степи, и только, когда появилась непосредственная угроза русским владениям, привела в боевую готовность войска Оренбургской линии и потребовала от джунгар ухода своих отрядов. Все это заставило хана Среднего жуза Абыламанбета заявить русским послам о бесполезности российского подданства: «Галдан-Церен (джунгарский хунтайши) отдает в прежнее владение город Туркестан с тридцатью двумя городами и ежели ему сына своего не послать, то оной зюнгорец будет губить, а Россия-де в то число не пособит».

Заключение мира с Джунгарским государством способствовало не только освобождению султана Абылая из плена. Будущий правитель получает бесценное время, чтобы подготовить народ к новым сражениям с сильным врагом.

Заслуги Абылая хана в объединении всех трех жузов Казахского ханства во имя защиты от внешних врагов трудно переоценить. Так, когда его за заслуги на ратном поприще избрали султаном Среднего жуза, а Абулмамбет передал ему функции сардара (главнокомандующего, полководца), все победы в войнах после 1730 года были «абылаевскими». Но он не стремился отобрать власть у слабого, но законного хана.

Однако, после того как в 1739 году Абулмамбет добровольно сложил с себя полномочия хана, сами казахи на берегу озера Жасыбай подняли Абылая на белой кошме и провозгласили ханом. При этом Абылай постоянно отказывался от предложений царского правительства назначить его ханом Среднего жуза, чтобы не зависеть от России. А империя не желала провозглашать его верховным ханом казахской земли. Но хотела заставить его служить себе в качестве хана только Среднего жуза, чтобы он не был полновластным правителем Степи.

И только в 1771 году, когда умер бывший хан Казахского ханства Абулмамбет, Абылай официально заявил о своих претензиях на ханский престол.

В том же 1771 году китайский император утвердил Абылая ханом Среднего жуза, после чего он уже не нуждался в признании Россией его легитимности. Представители всех родов и сословий трех казахских жузов, кыргызов и сырдарьинских городов, собравшись в древней казахской столице Туркестан, избрали его ханом всей Казахии.

Причем, они не стали предлагать трон сыновьям Абулмамбета, хотя формально у тех было больше прав на престол по праву наследования, но не было таких заслуг перед народом, какие были у Абылая.

Во время правления Абылай-хана, впервые за долгое время между казахами и калмыками было достигнуто соглашение о мире. Абылай-хан провел знаменитую политику «между львом и драконом». Абылай обязался, что Казахское ханство не будет поддерживать оставшихся в живых джунгарских князей в борьбе против Китая и признает Джунгарию частью китайской империи при условии гарантии Китаем неприкосновенности границ Казахстана.

Заключая договоры, эти сильные государства непосредственно считались с силой и мощью казахского хана. Великий стратег ясно представлял хитрую политику русских и китайских правителей, которые ждали гибели казахского ханства в войне с джунгарами. Поэтому после девятилетнего мира с Галдан-Цереном, он ждал новых войн. Вероятность начала войны ускорила из-за междоусобных распрей внутри Джунгарского государства.

После смерти Галдан-Церена в Джунгарии началась ожесточенная борьба за трон между его наследниками. Казахские султаны охотно приняли участие в междоусобицах джунгарских правителей, так как это давало им возможность активно вмешиваясь во внутренние

дела Джунгарии, успешно бороться за возвращение захваченных врагами южных и юго-восточных районов Казахстана. Такова была политика мудрого хана Абылая. А до того, используя междоусобную войну в Джунгарии, поддерживая военной силой то хунтайши Лама Джорджи, то Даваца, он способствовал ослаблению врага и сумел добиться значительных территориальных уступок от джунгар.

В 1752 г. правитель Джунгарии Лама-Доржы начинает войну против Абылая. Абылай достойно отбивает нападение. После очередного нападения хан поступает, как мудрый тактик. Он отправляет калмыцкого претендента на трон вместе со своими лучшими пятистами воинами в орду Лама-Доржы. Не ожидавший войск противника, Лама-Доржы попал в плен и был казнен. Это произошло 12 января 1753 г.

Одной из стратегических задач Абылай-хана было достижение превосходства над джунгарами и удержание их под влиянием казахов, как бы в противовес Китаю и России. С этой целью в 1753–1754 гг. батыры Абылай-хана Богенбай, Жанатай, Кабанбай, Керей, Жанибек и др. регулярно нападали на калмыцкие улусы. Весной 1755 г. победоносные походы сарбазов продолжаются. В результате в истории двухсотлетней войны между ойратами и казахами народ под предводительством хана Абылая добился полной победы.

Такова была политическая обстановка в 18-м столетии, и только такая сильная личность, как Абылай-хан, была способна удержаться на гребне бурных волн «ужасного века».

Таким образом с именем Абылая связана – и идея общенационального единства, и государственной независимости, и территориальной целостности Казахстана. Именно в борьбе за осуществление этой идеи раскрылись разносторонние природные дарования Абылая: государственный ум, личная отвага, талант полководца и политического деятеля, качества искусного дипломата. Только благодаря этим незаурядным своим способностям Абылай – безвестный пастух, по прозвищу Сабалах, возвысился до значения хана, пользовался поддержкой широких слоев общества и выдающихся деятелей своей эпохи. Как пел знаменитый казахский сказитель Бухар-жырау об Абылае: «В двадцать лет взвился ты храбрым соколом, высоко и гордо поднялась твоя звезда, Удача, успех сопутствовали твоим деяниям. В 25 лет птица счастья села тебе на голову, посадив тебя на трон».

Хан Абылай настолько знаковая фигура казахской истории, что каждое новое поколение историков будет обращаться к его личности,

вновь и вновь искать и находить ответы на выдвигаемые жизнью новые вызовы времени.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Назарбаев Н. В потоке истории. Алматы, 1999. С.284.
- 2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Изд.2. Алматы, 1996. С. 312.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.4. Алма-Ата, 1985. С.116.
- 4 Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. Алма-Ата, 1988. С.138.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.4. С.116.

ӘОЖ 94(574)

ЕР ОЛЖАБАЙ – АЛАШТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Ә.Е. ӘБІЛҚЫШ

студент, Павлодар медициналық колледжі, Павлодар қ.

*Олжабай батыр – Алаштың алдаспаны
Қақпақтай жсаурынды, орта бойлы,
Шүйделі, қайқы құлақ, қара қасы,
Сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып туган мәртебесі
Он төртке жасы келді сол уақытта ...*

(Орманыш Сақау ақын «Ер Олжабай» жсыры)

Қазақтың азаттығы жолында басын бәйгеге тігіп, ел тарихына елеулі із қалдырған, жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақтың атақты батырларының бірі – Олжабай Толыбайұлы. Олжабай батыр 1709 жылы Түркістанда туып, 1783 жылы Ереймен тауының сыртындағы Сілеті өзенінің бойында дүниеден өткен. Мәшһүр-Жүсіп шежіресінде батырдың ата-тегі былай таратылады: Сүйіндік - Суғыншы - Айдабол - Малғозы – Толыбай - Олжабай. Олжабайдың арғы атасы Айдабол он үш жасында би болған. Әкесі Толыбай атақты «Ақтабан шұбырындыда» 1723 жылы Түркістан қаласын қорғау ұрыстарында қаза тапқан. Осы кезде он үшке жаңа толған Олжабай нағашысы Қаратай батырдың қолына барып, сонда тәрбиеленеді. Халық аузында Олжабай туралы өте көп айтылады,

өлең жыр, дастандар да баршылық. Онда Олжабайдың батырлығы, тапқырлығы, мергендігі ерен сүйіспеншілікпен сөз болады. Олжабай батырдың есімі он сан орта жүзге ұран болған. Халық жырларында: «Олжабайлап» жауға шапқанның жеңбейтіні болмаған. Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары секілді батырлармен бірге тізе қоса отырып, ата жауға қарсы талай жорыққа қатысқан. Ол, әсіресе, 1741 жылы Баянауыл маңында (Қалмаққырған) жоңғар әскерлерімен болған ұрыста ерлікпен шайқасты. 1758 жылы Маньчжур-Қытай әскерінен ығысып, Абылай ордасын паналаған жоңғар тағының мұрагері Амурсананы қуып келген қолды, Талқы қамалына (қазіргі Талдықорған облысында) бекінген жауды талқандауға қатысты. Түркістанды азат еткені үшін Әбілмәмбет хан оған алтын балдақ, қайқы қылыш сыйға тартқан екен. Бұл бұйымдар кезінде Омбы мұражайына тапсырылған. Сыр бойы мен Жетісу жерін сыртқы жаудан азат етуде көрсеткен ерліктері үшін ел аузында Ер Олжабай атанды. Ол Абылай ханның елшісі ретінде бірнеше рет Ресейге барған. 1762 жылы Батыс Сібірдің орманды даласын қыстауды, Құлынды даласында мал төлдетуді сұрап, Екатерина II-ге хат жазған. Ерейменде Олжабай батыр асуы, Олжабай батыр сөресі деген жерлер бар. Ресейден қоныс аударған шаруалардың Благодатное село (қазіргі Қарағанды облысында) жергілікті халық аузында Олжабай батыр ауылы аталып кеткен. Олжабай батырдың ерлігін Жаяу Мұса, Көтеш, Сақау ақындар жырлаған.

Оның ерлігінің ерекше көрінетін жері Баянауылдағы қалмақтармен болған шайқасы. Осында Олжабай жиені Жасыбаймен бірге қалмақтардың жолын тосып жатады. Жасыбай жасағымен Шойынкөлге өтетін асудың аузында, Олжабай Торайғыр көліне өтетін асудың аузында жатып, жау қолын күтеді. Бұлардың жол тосып жатқанын қалмақтар да біліп, қапысын тауып, Жасыбай қолына тосынан келіп тиіседі. Жасыбай осы шайқаста қаза табады. Жау келгенінен хабарланған Олжабай көмекке ұмтылады. Ол жауды қоршап алып, таудың бір қуысына тығып қойып қойдай қырады. Сонда Олжабайдың сұсын көрген жолдасы Баймұрат батыр: «Енді сен дем ал, мұнда саған қарсы келер ешкім қалған жоқ. Қалған-күтқаны болса, маған сауға бермейсің бе» деп, атының сулығынан ұстағанда, Олжабай: «Жасыбайдың бір бармағының да құны толған жоқ қой» деген екен күрсініп. Кейін халық қапыда кеткен есіл ердің құрметіне Жасыбайдың жау күткен асуын «Жасыбай асуы», Шойынкөлді «Жасыбай көлі» атап кетіпті. Ол жерлер бүгін де солай аталады.

Ерлерді ұмытса да ел сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел жел ұмытпас,
Ел үшін жанын қиып, жауды қуған,
Ерлерді ұмытса да ел бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтып,
Ерлерді ұмытса да ел жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі,
Ерлерді ұмытпаса ел де ұмытпас,

- деп Алты Алаштың әйгілі ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» жырында осылайша жырлаған екен. Иә, қазақ халқы жаудың тепкісіне түсіп, ұлын – құл, қызын – күн етуге ұмтылған жоңғар-қалмақ шапқыншылығынан ауыр жапа шекті. Бұл – халқымыздың тарихында өшпестей болып жазылып қалған тарихи жылдарға айналды. Міне, сонда елімізді, атамекен жерімізді қас дұшпаннан қорғап, бастарын бәйгеге тіккен Олжабай сынды батыр бабалардың ерлігі мен өрлігі тек түгінгі күннің ғана емес, алдағы уақыттың ұрпақтарына да жету керек. Өйткені, мұндай өнегелі іс жас ұрпақты намысты болуға баулып, отансүйгіштікке үйретеді.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін атамекенімізді сыртқы жаудан қорғап қалған батыр бабаларымыз жайлы көп айтылмады, жазылмады. Бірақ, бүгінгі егемендікке қол жеткен уақытта есімдері халық жадынан өше жаздаған қазақ батырларының ерлікке толы істері қайта жаңғыруда. Көптеген жерлерде қазақ батырларының мерейтойлары аталып өтіп, күмбездер тұрғызылып, ас берілуде, ескерткіштер орнатылуда. Қазақстанда «Олжабай асуы», «Олжабай сөресі», «Шүршітқырған» деген батырдың есімімен байланысты жерлер бар. Олжабай батыр жауын жеңген жерлерде өзінің бейнесін тасқа қашатқызып қоятын әдеті болған екен. Бұл «болашақтағы ұрпақтарым мені ұмытпаса екен» деген тілегінен туындаған ісі болса керек.

1907 ж. Қазаннан басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында Мәшһүр-Жүсіп қалмақтармен соғысып жүріп қазақ батырлары азат еткен Сарыарқа даласын патшалы Ресейдің шежуніктеріне сүйенген орыс шаруаларының тартып алып жатқанын ашық сынады, өз сөзінің дәлелі ретінде Баянауылды қалмақтардан азат қылған Олжабайдың есімі Ерейментаудағы мұжықтардың поселкесіне қойылғанын жазған екен. «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, жаннан кешіп, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында қалмақпен

жаудай алысып, жаттай салысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып, өлгені өліп, қалғаны қалып, сөйтіп алған жері еді... Дүние деген шіркін көшпелі дегені осы екен; қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған, кейінгі үрімі-бұтағына олжа салған батыр ең, ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауындағы Олжабай қаласы атанған қала сол Олжабайдың өлген жері”.

Міне, «Он сан Орта жүзге ұран болған» Олжабай батырдың өмірін, ерлігін зерттеп, кейінгі ұрпаққа паш ету – бүгінгі уақыттың талабы. Біз жаудан елді, жерді қорғаған Олжабай сынды бабаларды ұмытпауымыз керек. Олардың ерлігі – баршаға өнеге!

УДК 94 (574)

ИСТОРИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ПРОТЕСТА КАЗАХСКОГО НАРОДА: ФОРМЫ И ТРАНСФОРМАЦИИ

А.Д. АЗЕРБАЕВ

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Мировой общественный прогресс основывался как на развитии производительных сил, так и на эволюции духовной составляющей человечества. На сегодня представляется бессмысленным спор о первичности духовной или же материальной основы в становлении цивилизации, поскольку и то, и другое находятся в диалектическом единстве. Глубоко не вдаваясь в социально-философский контекст вариаций понятия «цивилизация», выделим общемировую человеческую цивилизацию, которая в свою очередь состоит из ряда цивилизаций, специфичных, своеобразных по происхождению и развитию, но в то же время равноценных в историческом, культурном и чисто этическом аспекте.

Период Новой истории ознаменован проникновением западной цивилизации в восточную, европейской культуры в азиатскую. Изначально мелкие «диффузии» переросли к концу XIX века в экономическое слияние, характеризовавшееся как доминирование первых над вторыми. Отдельной дискуссией выделим контакты земледельческой цивилизации и кочевой. Как нами ранее отмечено, все цивилизации равноценны. Однако понятие прогресса и его критерии подразумевают стадийное, линейное понимание

исторического процесса. При таком раскладе выходит, что все европейское являлось передовым.

Долгое время господствовал тезис о том, что Восток просто «спал», когда на другой половине материка развивалась промышленность, свершались революции, наступала эпоха Просвещения и т.д. Здесь следует согласиться, что Европа ушла далеко вперед, и что было бы полезным и исторически значимым воспринять все то, новое, позитивное, чего достигли европейцы. Иное дело, каким образом воспримут эти социально-культурные новшества другие народы, и как они приспособят новое к собственно традиционному укладу жизнедеятельности. Более того, история знает антигуманный прецедент истребления коренных жителей Северной Америки как пример категорического неприятия представителями Европы чуждой им культуры.

Поэтому имели место социальные протесты. Протесты, направленные против социального, этнического неравенства перерастали в крайнюю форму в национально-освободительные восстания.

Колонизация Казахстана и контакты казахского населения со славянским можно рассматривать как соприкосновение кочевой культуры и земледельческой. Безусловен факт того, что к рубежу XIX – XX вв. казахскому этносу был необходим переход к новой цивилизации. Военная колонизация Казахстана, проводившаяся с первой половины XVIII века, сменилась казачьей колонизацией края. Тем самым были сужены орбиты кочевания казахов, построен ряд военных крепостей, ликвидирован институт ханской власти. На что следовали национально-освободительные восстания, носящие антиколониальный и антифеодальный направленности. Это участие казахов в Крестьянской войне под предводительством Емельяна Пугачева, восстания под руководством Сырыма Датова, Саржана Касымова, Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова, Кенесары Касымова и другие менее крупные восстания. Восстания проявляли протест против колониационного продвижения. Руководители восстаний, будучи патриотами, выражали интересы народа. Под их знаменами собирались шаруа, терпевшие все лишения колонизации. Но, как нам известно, все эти восстания заканчивались поражениями. Народному ополчению было совсем не под силу воевать с казаками и пехотой, снабженными российским огнестрельным оружием. Царизм после подавления восстания извлекал некоторые уроки, делая изредка небольшие послабления и уступки. В исходе каждого восстания больше всего страдали народные массы. Каратели

нещадно поступали с восставшими аулами, либо с лояльными к восставшим. Также повстанцы грабили аулы, принявшие сторону царской администрации. В результате восстания 1916 года также жестоко пострадало казахское население.

Во второй половине XIX века, когда царизм приступил к проведению крестьянской колонизации и духовной экспансии, и время батыров ушло в прошлое, социальный протест казахского народа и антирусские настроения прозвучали в произведениях поэтов «Зар-заман» («Эпоха скорби»). Поэты Шортанбай, Дулат, Мурат с горечью описывая общественную ситуацию эпохи, тяжелое положение народа, подводили итог поражения казахов перед царизмом [1, с. 50]. Само появление подобного литературного направления говорит о том, что народ негодовал относительно его положения, стихи и песни несли скрытый призыв к борьбе за равноправие.

Открытие русско-казахских школ, попытки христианизации казахов, контроль медресе и мектебов, ограниченное издание литературы на казахском языке вызвали соответствующую реакцию. Казахское население выражало недовольство, духовную экспансию царизма критиковали лидеры национальной интеллигенции [2]. В ответ последовали усиление позиций мулл, где-то получали развитие идеи пантюркизма. В подобной ситуации искали новые пути развития образования на родном языке, коим стала система образования, разработанная И. Гаспринским. В Казахстане наиболее активно проповедовал данную систему образования Мухаммед-Салим Кашимов [1, с. 194].

Однако победить царскую Россию к началу XX века было невозможно. Закрыться от всего русского было просто нереальным. Кроме того, российское влияние имело ряд положительных черт. Это восприняли видные деятели и просветители Абай Кунанбаев, Шокан Уалиханов, Ибрай Алтынсарин. Они осознавали тот факт, что бороться с царизмом путем восстаний бесполезно. Призывая народ к русскому образованию, но при этом сохраняя родной язык, просветители стремились, чтобы после освоения передовой культуры, которую несли русские демократы, казахский народ вел борьбу за социальное равенство, руководствуясь идеями гражданственности.

Как писал Великий Абай в двадцать пятом слове назиданий: «Русская наука и культура – ключ к осмыслению мира, и, приобретя его, можно бы намного облегчить жизнь нашего народа. Но сегодня получается так, что казахи, обучившие своих детей по-русски,

норовят поживиться при помощи их знаний за счет своих же соплеменников. Нельзя поступать таким низменным способом. Надо употребить их знания для того, чтобы познать разные и в то же время честные способы добывания средств к жизни, и сделать это достоянием как можно большего числа людей; направить их усилия на защиту аулов от произвола русских, коль скоро нет у них справедливых для всех законов, бороться за равноправное положение всего народа среди других народов мира» [3, с. 50].

Труды просветителей не прошли бесследно. В начале XX века на исторической арене появляются личности, называемые казахской интеллигенцией, лидеры партии Алаш. Именно они, посредством европейских социальных ценностей, отстаивали права народа на страницах печати, составлением петиций, на заседаниях Государственной думы Российской империи, что знаменовало цивилизованную форму протеста нового социума.

ЛИТЕРАТУРА

1 Асанова С.А. Духовная культура казахского народа на рубеже веков (обзор религиозной и художественной литературы) // Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. – Алматы, 1993. – С. 125-137.

2 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX – начало XX веков). – Алматы, 2005. – 277 с.

3 Абай. Слова назидания. – Алматы: «Өнер», 2006.- 136 с

ӘОЖ 94(574)

БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ

А.М. АКШАНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Қ.Қ. БАТТАЛОВ

т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Батыр», «бахадүр» немесе «багадур» термині ерте орта ғасырлардан бастап Еуразияның барлық көшпелі халықтарында

кездескен еді. Сол замандарда батыр термині өзімен белгілі бір әлеуметтік топты қарастырмай, адамның соның ішінде әсіресе ер азаматтың өжеттілік, ержүректік т.б мінездерінің қосындысынан құралған бейнесін қарастырды. Көшпелі халықтарда олардың маңызы ерекше болған еді. Батырлар сонымен қатар башқұрт, алтайлықтарда, қырғыз және монғолдарда көптен кездесті, алайда соған қарамастан қазақтарда батырлар институты айқын басқа әлеуметтік топтарға қарағанда ерекше орын алды. Қазақтар классикалық көшпенді халық болған еді, орналасуы жағынан Еуропа мен Азияны байланыстырушы транзиттік мемлекет рөлінде болды. Қазақ хандығы арқылы батыс пен шығыс арасында миграциялық байланыстар қткен еді, осы және т.б себептерге байланысты әлемнің барлық төрт жағынан туындаған қауіп қатерге байланысты, қазақ халқы азаматтарының бойында батырлық мінез бен шеберліктің бар болуы қажет болды. Батырлардың қазақ эпостарның басты кейіпкерлеріне айналуы да жайдан жай болған жоқ.

Бір қызығы «батыр» термині тек түркі халықтарында ғана емес сонымен қатар славян халықтарының сойлеу диалектісіне де көптеп енді. Ол XIV ғасырда болған жайт. Осылайша шығыс славяндарда орыс, украин және беларус халықтарында «храбр» термині көп таралған еді. Ол өжет ержүрек сарбаз мағынасында қолданды. Алайда он тқртінші ғасырға қарай аталмыш термин батыр, бахадур мен багадур терминдарымен алмастырылды.

Қазақ хандығында батырлық Жоңғар хандығымен болған жаугершілік соғыстарында кен таралғанымен, Жоңғар шапқыншылығына дейінгі заманда да үлкен орын алған. Жоңғар мемлекетімен болған соғыс Қазақ хандығының тек тәуелсіздігіне ғана емес, сонымен қатар ұлт болып сақталуына үлкен нұсқан келтірді. Осыған байланысты екі ел арасында болған соғыстар нәтижесінде батырлық рөлінің үлкеюін Шоқан Уәлиханов «Батырлық заман» деп те атаған.

Шынымен жоғарлармен болған көп жылғы соғыстарның нәтижесінде, бүкіл Қазақ хандығының әскерінің мобилизациясын талап етті, әскер басында тұрған қолбасшы батырлар да бірінші орынға шықты. Барлық үш жүзден батырлық негізгі кәсіп пен мамандыққа айнала бастады. Олардың қатарына тек жеке батырлар ғана емес, сонымен қатар жеке батырлар мен батыр қолбасшылардан құралған әлеуметтік тап құрыла бастады [1].

Соғыстың мәні соғыс болғандығымен ол тек өзінің жерін қорғауымен ғана сипатталмай, жат жерлерді өзіне қаратумен

де байланысты. Осыған байланысты қазаұтар арасында «Атын болмаса қалмақтан ла, «әйелін болмаса да қалмақтан ал» деген мақал қалыптасты. Батырлар әскери қимылдар мен жаулаушылық соғыстарға қатыса отырып, өздерін дәстүрлі қазақ қоғамының басқа тап өкілдеріне қарағанда еркін және өзгеше бос сезінетн.

Батырлар институты мәселесін арнайы ұстаным ретінде зерттеуге бірнеше негіз бар. Біріншіден, батырлар институты тарихи ұзақ уақытты қамтиды. Екіншіден, батырлар қоғамда саяси, әлеуметтік, экономикалық рөл атқарды. Үшіншіден, батырлар қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен сақталуына қызмет етті.

Қазақ батырларының шығу тегі мен қоғамдағы орнын зерттеген тарихшы Е.Бекмаханов батыр сөзінің шығу төркіні татардың «багадур», «бакхатур» сөздерінен деп есептейді [2, 62 б.].

Батырлар институты өзінің дамуында өзгерістерге ұшырап отырды. Ерте орта ғасырлардағы, орта және кейінгі орта ғасырлардағы эволюциялық дамуды анық байқауға болады. Ерте орта ғасырларда көбінесе ертегі мен жырлардағы аңыздық батырлар бейнесін көрсек, кейінгі орта ғасырларда, жаңа заманда нақты тарихи тұлғаларға, тарихи істерге куә боламыз. Елдің саяси құрылымын, ел азаттығын сақтап қалу мүддесі батырларды бір мақсатқа жұмылдырды.

Батыр терминінің ерте ортағасырлардан келе жатырғандығын М.П. Вяткин көне гемандықтардағы дружиналардың пайда болуымен салыстырса. И. Ерофеева батырлардың XVIII ғасырда рулық басшылықтың беделді тобын құрап, батырлар институтының әлеуметтік категория ретінде пайда болуын әскери-феодалдық биліктің қалыптасуымен байланыстырады және «батыр» атауының түп-төркіні көне түркі-моңғол дәуірінде жатқанын атап өтеді [3, 33 б.].

Батырлықты тек жеке адамның қасиеті деп қарастырмай қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына ықпал еткен саяси-әлеуметтік үрдіс деп қарастыруымыз қажет. Кеңестік заманның идеологиясына сай батырлар институтын қазақ қоғамындағы алауыздықты тудырушы еш пайдасы жоқ, тек қана өз пайдасы үшін өзгенің мал-мүлкін талан-таражға салушылар деп баға беру де орын алды. Осыған орай К.Есмағамбетов: «Отандық тарих ғылымында қазақ батырларының елі мен жері үшін қан майданда жаулармен шайқасқан жанкешті күресін, оның халық тағдырындағы орнын көрсетуге әлі күнге дейін толық мән берілмей келеді. Бұл, ең алдымен, кеңес заманында батырларды «үстем тап өкілдеріне жатқызған» кеңестік идеология мен тарихнаманың салқыны болса, екіншіден, өзіміздің ұлттық идеологияны қалыптастырудағы

салдыр-салақтығымыздың, «жайбасарлығымыздың» салдары екені анық», – деп жазады [4, 65-66 бб.].

Қазақтардың дәстүрлі қоғамындағы батырлар институтының көне түркі заманында қалыптасқандығы туралы ойымызды Білге, Күлтегін, Тонькөктің өз заманындағы қызметтерімен нақтылауға болады. Мысалы, Білге – мемлекет басшысы, қолбасшы, Күлтегін – батыр, Тонькөк - әрі батыр, әрі шешен, әрі данагөй. Бұлар қазақ хандары, билері, батырларының бойынан табылған қасиет. Х. Әбжанов: «өз әскерін ұстай алмаған ел басқаның әскерін асырайды екен. Бұл қағидаларды байырғы түркі қоғамы қапысыз ұққан. Өйткені байырғы түркі мемлекетінің дүниеге келуі, территориялық тұрғыдан ұлғаюы, табғаштармен күресте жеңіске жетуі, алыс-жақын көршілеріне өзін мойындатуы – бәрі, қарулы күштер арқасында жеңіспен аяқталған қақтығыстар, соғыстар нәтижесінде жүзеге асқан еді. Байырғы түркілер адамзат өркениетіне аз олжа салған жоқ. Солардың ішінде бір де болса бірегейі - әскери тактика, стратегия және соғыс өнері жайлы қалдырған мұрасы», - деп түйіндейді [5, 117 б.].

Замана ағымына сай батырлар институты даму сатысынан өтіп отырды. Ол көне түркілік көшпелі қоғамдағы жауынгерлер тобы, яғни мемлекеттің саяси құрылымындағы әскерилік жүйе, көшпелілердің күнделікті өмірінде жаугершіліктің үлкен рөл атқаруына орай әрбір ер-азамат-жауынгер тізбегімен сипаттауға сай келді. XIII-XV ғасырларда мемлекеттік шекараны жаңа жерлерді жаулап алу арқылы кеңейту, империялар құру дәуірінде Шыңғыс хан, Әмір Темір сияқты билеушілердің тұсында соғыс өнерінің шеберлері, жекелеген батырлардың ерліктерін көреміз. Осы кезде түркілік дәуірде қолданыста болған «эр» атауының орнына «бахадур» термині жиі айтыла бастайды.

Қазақ халқының тарихындағы үздіксіз әскери қақтығыстар мен соғыстардың жиі болған қазақ хандығы дәуірі, әсіресе оның ыдырау кезеңінде батырлар институтының нағыз гүлдену дәуірі болды. Батыр және бахадүр терминдеріне қатысты бахадүр негізінен ақсүйектерден, ел билеуші хандардың батырлық қасиеттеріне сай «бахадүр» деген атақ алып, ал қарапайым қазақ руларынан шыққандар «батыр» деген атаққа ие болды деген тұжырым жасауға болады. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, ханнан да, қарадан да жаужүрек батырлар шығып отырған. Бірақ бәрі бірдей «бахадүр» атала берген жоқ. Енді осы мәселеге талдау жасап қарағанда, батырлығымен әйгілі болған хандардың саяси титулдарымен қатар бахадүр деген де атақтары болғандығы анықталады. Атап айтқанда,

тарихта батырлықтарымен Тәуке, Абылай, Әбілқайыр хандардың мысалының өзінен бәрінің де есімдері және лауазымдарымен қатар бахадүр атағы кездесетін заңдылықты байқаймыз. Кіші жүздің ханы Әбілқайыр мөрінде «Мұхаммед Қазы бахадүр Әбілқайыр хан Қажысұлтанұлы» деген жазулар бар. Қазақ билеушілері Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Қайып хан, Нұралы хан, Қаратай сұлтан сияқты тұлғалардың ресми хат алмасуларда, мөрлерінде өздері жайындағы толық мағлұмат қатарында батыр (бахадүр) титулын бірге көрсетеді. И. Ерофеева XVII ғ. соңы – XVIII ғ. ортасында «бахадүр» титулы қазақтардың шыңғыс тұқымдарына ірі әскери жеңістері үшін берілді, ол көшпелі қазақ қоғамының барлық топтарында беделді маңызға ие, сондықтан әрбір жаңа сайланған хан мен сұлтан өзінің мөрінде негізгі титулымен қатар міндетті түрде жаздырып отырды», - деп есептейді

С.Е. Толыбеков қазақ хандары мен сұлтандары, ру басыларының көпшілігі батырлар болды, сондықтан олар қарапайым халықты қанаушылар еді деп тұжырымдаса [6, 218-219 бб.], М.П. Вяткин «батыр» деген термин әлеуметтік-таптық мазмұны жоқ атау ретіндегі ұғым береді», - деп санаса Н.Абдоллаев пен Е.Сағыбалды батырлардың әлеуметтік сипатына қатысты «Егер, бір ұлыс елді билеген рубасы-батыр бір жағынан экономикалық мүмкіншілігі мол болса онда көшпелі қоғамдағы билеуші хан мен сұлтандардан да ықпалды болды. Мәселен, орыс бодандығын қабылдаған Әбілқайыр ханды өлтірмекші болған ру басы билерді тоқтатқан Бөкенбай батыр мен Есет батырдың беделін атап өткен жөн», - деп жазады [6, 12-13 бб.].

«Қарасүйектер» категориясының маңызды тобының бірі батырлар XVIII және XIX ғасырларда тарихи қалыптасқан жағдайларға байланысты ел тарихында аса маңызды рөл атқарды. Батырлар институтының қалыптасуына қазақ қоғамының көшпелілік жағдайы, сыртқы жаулардан қорғанудың көкейкестілігі әсер етті, дәстүрлі қоғамдағы ерекше тұлғалар - батырлар институтын қалыптастырды. Сондықтан батырлар институтының басты қызметі - елді, мемлекетті, жер мен суды сыртқы жаулардан қорғау. Осыған орай қазақ халқының тарихындағы жаугершіліктің, сыртқы жаулардың шабуылдары күшейген кезеңдерде батырлардың да қоғамдағы орны арта түседі.

Е. Бекмахановтың пікірінше, батырлар институты әскери-феодалдық рубасылары ретінде қалыптасса, Н. Аполлова «XVII-XVIII ғасырларда батырлар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан күшейеді» Т. Шойынбаев «батырлар, мырзалар, тархандар,

ақсақалдар мен билер жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекеттік аппараттың өкілдері болды», - деп атап өтеді [7, 31 б.].

Қазақ батырлар институтының гүлдену кезеңіндегі батырларды олардың қоғамдық ықпалының артуына байланысты үш топқа бөлуге болады: біріншісі, қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі ел азаттығын сақтап қалу жолындағы азаттық күресінің батырлары, екіншісі, Қазақстанның мемлекеттік тұтастығына қауіп төндірген Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы азаттық күресін жүргізген батырлар, үшіншісі, Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті бастаған батырлар.

Батырлар институтының қалыптасу кезеңі тарихи даму үдерісіндегі бір-бірінен өзара айырмашылықтары бар кезеңдерді айқындайды.

Батырлар институтының қазақ даласында қалыптасуы ерте орта ғасырларда басталып даму жолынан өтті. Сондықтан зерттеу қорытындысы құрылымның әр кезеңіндегі даму үрдісі Бөкенбай батыр мен оның әулетінің тарихымен байланыста қарастырылды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының күрделі әлеуметтік құрылым ретіндегі басты белгілері қалыптасты. Оларды алдымен батырлар институтының кезеңдері, батырлардың әлеуметтік табиғаты және батырлардың қоғамда атқарған қызметі деп бөліп зерттеу тиімдірек болып табылады. Осы бөлініс негізінде қарасақ: біріншіден, батырлар ерте орта ғасырларда, Түрік қағандықтары тұсында қалыптасты; екіншіден, ол он сегізінші ғасыр мен он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында гүлдену кезін басынан кешірді; үшіншіден, ресейлік отарлық әкімшіліктің ықпалымен батырлар институтының жойылуына арналған шаралар жүзеге асырылды. Патша үкіметі «батырлыққа жол бермеу саясатын» ашық ұстанды. Қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесін жасау кезінде Хандар кеңесінің ережесі үшін дайындалған құжаттарда «батырлардың пайда болмауы» жайында нұсқау берілген [8, 166-167 бб.]. Батырлар институтын күштеп жоюға жасалған іс-шараларға халық ұлт азаттығы үшін күрескен батырлардың өмірі мен қызметіне арнаған жырларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы жауап берді.

Ұлттық тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні

бар тарихи оқиғаларға араласқан, немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар – халық батырлары атанған. Ұлттың тұлғалары атанған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр ұлдары мен қыздарын мол жаратқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://www.baiterek.kz/>
- 2 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке». – Т.3. 1999. – 400 б.
- 3 Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с.
- 4 Есмағамбетов К.Л. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз. //Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журналы. 2007. №4, 65-66 бб.
- 5 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. – Алматы: - 2004, - 344.
- 6 Абдоллаев Н., Сатыбалды Е. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты: әлеуметтік сипаты мен қоғамдық қызметіндегі ерекшелік (XVII-XVIIIғғ.). // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. –Алматы. – 2008. – №4. 12-13 бб.
- 7 Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. - Алма-Ата, 1982. – 279 с.
- 8 Есмағамбетов К.Л. Азат рухтың күрескері. –Алматы: «Өркениет», 2003. – 176 б.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚТЫҢ ЕРЛІК ҒАСЫРЫ: ТҰЛҒАЛАР МЕН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Ж.О. АРТЫҚБАЕВ

т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

XVIII ғасыр тарихы қазақ жадында ерекше орын алады. Бұған бірнеше себептер болуы мүмкін. Біріншіден, эпикалық жырлар мен аңыздарға енген XVIII тарихи оқиғалары мен тұлғалары әлі жадыда берік, себебі олар тым бертіңгі заманда пайда болған. Екіншіден, XVIII ғасырдың көптеген сюжеттері аңыз болып қалыптасып үлгерді,

ал тарихи қайраткерлер фольклорлық образға еңсе, олардың істері, шешімдері мен үлгі сөздері ауызша дәстүрде канон есебінде бекітілді. Үшіншіден, бұл кезеңде, бұл ең бастысы, этнос өзінің өміршеңдік қасиетін молынан көрсетіп қатерлі дағдарыстан аман-есен өтті.

Әз Тәуке хан қайтыс боғаннан кейін Қазақ хандығында дезинтеграция процесі басталғаны белгілі. Бір орталыққа бағынған орталық билікті ұстап тұра алмаған Қайып ханның өлімінен кейін (1718 жыл) жағдай ушығып билік үшін Әбілқайыр мен Сәмеке сұлтандар арасында күрес басталды. Қайыптан кейін елдің кейбір көсемдерінің Әз Тәуке баласы Болатты қоймақ болған ниеті және орталық билік жүйесін қайта келтіру күресі тиянақсыз болды. Жоғарғы билік үшін күреске төрелердің кіші әулеттерінің өкілдері араласты.

Әбілқайыр ханның арғы бабасы -Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Кіші Жәнібек, одан Өсек, одан Бөлекей-Қоян, одан Айшуақ, одан Ырыс, одан Қажы, одан Әбілқайыр. Әбілқайырдың әкесі Қажы сұлтан Түркістан аймағында қызмет атқарған көп сұлтанның бірі болғаны белгілі. Әз Тәуке заманында көп жылдар елшілік қызмет атқарған Құлтабай аталық ұлы Тайқоңырдың 1715 жылғы Ресейдің Уфадағы өкілетті адамдарына берген мәліметі бойынша «Тәуке өлген соң билік Датқы сұлтанның баласы Қайыпқа көшті». Елші «Әбілқайыр батыр Қайып ханның қол астында қызмет істейді, әскерінің саны 20 мың адам» дейді. (6, с.146) XVIII ғасыр басындағы құжаттарда Әбілқайыр Қайып ханның жақын ізбасары ретінде көрінеді. Ресей құжаттарына қарағанда Әбілқайырға бағынышты қазақ ауылдары осы кезеңде Ырғыз өзенінің жағасында тұрған.

1724 жылы Әбілқайыр хан өзінің ұлысын сонынан ертіп Жайық өзеніне жылжыды. Бұл жолы қазақтың шабуылына өткен жылғы одақастары Доржы Назаров ұлыстары ұшарады. Доржы тайшы амал жоқтықтан орыстан Саратов жаққа қарай көшуге рұқсат сұрады: «казакские хана Абул-хаир и Самеке намерены наконец улус Доржи Назарова разорить и потом начать наступление на джунгарского хунтайджи, который их с прежнего кочевья войною сбил /и/ кочевать по своей воле» (8, с. 233). Қалмақтың көбісі Жайықтың оң жағына көшіп, шығыс жағындағы көршісіне қауіптен қарайтын болды. 1724-ші жылдың ортасына қарай қазақ қолы Жайықтың бергі жағындағы қалмақ ұлыстарының бәрін шауып-шаншып өзеннен әрі асырып жіберді, енді оларға Жайықтың шығыс бетін көру жоқ. Астрахан губернаторы А.П. Вольнский қалмақтың қашқанына ыза болып: «Калмыки, конечно, могут пропасть, ежели так сильно оные касики

на них идут, понеже они так перед казаками робки, например, где оных сот 5 или 6, а калмыки пятью или шестью тысячами не могут противу их устоять, понеже же казаки имеют больше пищалей, нежели луков» дейді.

Бұл жерде Әбілқайыр бастаған қазақ жасақтары енді орыс-казактармен қақтығыстарға түсті, соның бірі Жайық қаласы аталатын (Яицкий городок) бекініс. Бұл оқиға туралы Ресей деректерінің өзі тамаша баяндайды: «В прошедшем 1724 году подбегали под наш Казачий Яицкий городок неприятельские люди кайсаки тысячным числом, и мы войском Яицким погнали за оными неприятельскими людьми, выбрав из старшин походного атамана Логинова и при нем 700 человек, и как догнали оных неприятельских людей при урочище Утве реке и догнав состоялся с оным неприятелем бой и бились с ним два дня и ночь, и волею Божею и нашим несчастьем наших казаков 72 человека побито, а других много число ранено и в полон побрано». Сонымен Жайық өзенінің маңына көп қазақпен Әбілқайыр ханның келгені жалпы Еділ аумағындағы жағдайды маңызды өзгертті. Осы оқиғадан бірталай заман өткенде Кіші жүздің әйгілі қолбасшыларының бірі Тілеуберген би «Қазіргі жайлауымызда бұрын ноғайлар жайлайтын, олар біздің бабаларымыз болатын, тек олардың ауызбірлігі болмаған соң қырылып, жайлаулары бос қалды. Сол кезде біз Түркістанның жанында көшіп – қонушы едік, ол жерден марқұм Әбілқайыр бастап біз осында көшіп келдік»- деп Кіші жүздің солтүстік бөлігін Жайық бойына Әбілқайыр ханның бастап келгенін нақтылайды.(1, с.51,5)

1729-1730 жылдарғы «Аңырақай шайқасы» орталық биліктің біржолата ыдырағанын көрсетеді. М.Тынышбаев жазбалары қазақтың ауызша дәстүрі мен топонимиясына сүйеніп бұл жағдайды былай баяндайды: «Жоғарыда байқағанымыз, Аңырақай тауларына дейінгі аралықта «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» секілді жер атаулары қатар кездесіп отырады, яғни, бұл жерлер Ұлы жүздің (Болат) және Кіші жүздің (Әбілқайыр) хандарының тұрақтары. Жобамен, осы кезден бастап үш жүздің ханы ретінде (шартты түрде болса да) Әбілмәмбеттің аты аталады. Дегенмен, Ресеймен болған барлық дипломатиялық қатынастарда Әбілқайыр өзін үш жүздің ханы деп тануына дәмеленгенін байқаймыз. Осы жағдайлар және басқа да байыптаулардан мынадай ой келеді; Аңырақай шайқасындағы жеңістен соң Болат хан өмірден озды, ал оның орнына төрелердің бірі хан сайлануы тиісті еді. Үміткерлер саны 3 адам еді, бірінші – бүкіл қазақ әскерлерінің

қолбасшысы және тамаша жеңістерімен көзге түскен, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, ол бірақ ол қазақтың кіші руларын басқарды және оның аталарынан ешқашан үш жүзге Үлкен хан сайланған емес; екінші – түркі –моңғол халықтарының дәстүрі бойынша, мұрагер болып жас Әбілмәмбет сайлануы тиіс деп есептеген, үшінші Болат ханның інісі Шахмұхамед (Сәмеке). Болат ханнан кейінгі үш жүздің ханы ретінде осы Әбілмәмбеттің есімі аталды. Дегенмен, ел басылардың ұйғарымымен Әбілмәмбет көпшілік дауысқа ие болды. Атаққұмар қарт Әбілқайырға бұл жағдай ауыр тиді, мұндай шешіммен Әбілмәмбеттің туған ағайы Сәмеке де келісе алмады; ұрыс даласынан кеткен Әбілқайырдың соңын ала, өзін қолдаушыларымен Сәмеке де ұрыс даласынан кетті». (9, с. 197)

Осы қарама-қайшылық, билік үшін күрес ақыры бодандыққа алып келді. Кіші жүздің келте ханының Ресей патшасы атына жазылған алғашқы хаты «Біз Әбілқайыр хан қол астындағы көп санды Орта жүз бен Кіші жүздің қазақ халқымен барлығымыз сізге бас иеміз, қара халықпен бірге сіздің қамқорлығыңызды қалаймыз және сіздің көмегіңізді күтеміз, сіздің қоластыңыздағы Орал тауының ар жағындағы башқұрт халқымен тату тұруға мүдделіміз» дегені Кіші жүздің солтүстік аймақтарын мекендеген Жетіру қауымдары башқұрт және Еділ қалмақтары тарапынан қарсылыққа ұшырап отырғанын көрсетеді. (1, с. 35) Егер біз Ресей мен Кіші жүздің солтүстік аймақтарына иелік еткен Әбілқайыр саясатының астарын қарасақ ең алдымен жерге қазақ тайпаларының мұқтаждығын және шаруашылық мүддесін байқаймыз. Қалмақ шабуылдары кезінде Сыр өңіріндегі қалалық аймақтан ажырап қалған қазақ қауымдарына өз малын сатып, керек жарағын алатын нарық көздері керек болғаны сөзсіз.

Әбілқайыр ханның орыс басшыларына өтіну себебін М. Тынышбаев Әбілқайыр хан Ресеймен қарым - қатынасында оны үш жүздің ханы деп тануды қалаған деп түсіндіреді.

Бір қызығы Әбілқайыр өзінің орысқа жазған хаттарында үш жүзге хан болу ниетін анық көрсете қоймайды. Бұл мәселе орыс құжаттарында да анық аңғарылады: «К тому же и сам Абулхайр-хан, как забродчив и высокомерен ни был, но сего титула, что он главный хан, никогда не употреблял, а подписывался токмо «багадур», тот есть богатырь или храбрый Абулхайр-хан. Он же весьма уклонялся и всячески интриговал, чтобы ему с Амулмаммет-ханом Средней орды вместе для свидания не приехать, ведая что оной Абулмаммет первенства и места б ему не уступил, ибо Средней орды владельцы

пред Абулхайровой фамилией почитают себя старее и природнее...». Кейін келе Ресейдің ықпалы күшейе түсті, оның белгісі бекініс желілері мен қамалдар, әскери бекеттер мен жазалау шаралары, ел басыларының балаларынан аманат алу, Ертіс пен Жайықтың оң жағасына қазақты көшірмей шаруашылығын тұралату. Өмірінің аяғында Әбілқайыр хан екі оттың арасында қалды: «Ешкіммен араласпай, ақылдаспай, өзімді жоғары мәртебелі патшайымның бодандығына бердім, ол кісінің рақымымен өзімнің жауларымнан кек алғым келді» деп жазады ол соңғы хаттарының бірінде орыс әкімшілігіне (1, с. 337). Оның үміттері мен есебі ақталған жоқ, себебі Ресей даланың ханының айтқанын орындамады. Әрине осыны білген кезде Әбілқайыр ханнан оның қарамағындағылар теріс бұрылды, олардың ойынша, қазақтардың бастарына түскен қайғы - қасіреттің барлығы орыс саясатының тұрақсыздығынан, хан билігінің осалдығынан, орыс өкіметінің кіріскенінен пайда болған.

Мәшһүр Жүсіп «Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Орта жүз ханы Сәмеке екеуі өзді -өзі жау болып, қазақтың берекесін қашырып, ақырында Әбілқайыр қазаққа құны-пұлы болмай бара жатқанын сезіп, орысқа бағынып, жан сақтауды ойлап, орысқа қарап бағынған» дейді (3, 8 т, 161 б.). Әбілқайыр мен Сәмеке арасында тақ тартысы болды деп есептейміз. Бұл әңгімені М. Тынышбаев та растайды, бірақ тарихшының баяндауы бойынша екіге жарылу Аңырақай соғысынан кейін болған оқиға.

Енді Батыр сұлтанның елшіге не деп жауап бергеніне келейік: «Әбілқайыр хан айтты: бұл істе (бодандық туралы-Ж.А.) оның сенетіні - Жетіру старшындары –Бабай батыр, Айт батыр және Құдайназар мырза, ал Сәмеке хан, Қайып ханның баласы Батыр сұлтан және басқа бектер мен батырлар бодандық мәселесі туралы біле бермейді.

Дегенмен, бір Аллаға сыйына отырып, ұлы мәртебелі патша ағзамның рақымымен бүкіл қырғыз –қайсақ патша ағзамның жарлығына бас июі керек.

Қайып ханның ұлы Батыр сұлтан өзінің батырларымен және қол астындағы адамдарымен осында келгенде ғана оларға ұлы мәртебелі патша ағзамның жарлығын жария етеміз. Ханның сөзі осы болады.

Олар келіп жеткенде, Махмет мырза (Тевкелев – Ж.А.) Батыр сұлтанға және оның адамдарына ұлы мәртебелі патша ағзамның жарлығын оқыды. Олар келіспеді және бұл іс жайында Сәмеке ханның хабардар емес екенін айтты. Мәмет мырза Батыр сұлтанға айтты, «не убоюсь я вас сюда приехал, токмо опасен я от е. и. в. и

вы о пребывании в подданстве е. и. в. рассуждение свое возимелите. А ежели вы о сем рассуждения своего не приложите, о том я е.и.в. доносить буду». Батыр сұлтан және оның адамдары Сәмеке ханның рұқсатынсыз бодандыққа келісе алмаймыз деді. Осылайша бәрі тарап кетті. Өз үйлерінде олар үш ай бойы тұрды» (1, с. 92).

Батыр сұлтан мен Тевкелевтің арасындағы әңгіме нені көрсетеді?

Біріншіден, Кіші жүздің Батыр-сұлтан бастаған негізгі құрамы Сәмеке ханды үлкен хан санайтынын және сыртқы саясат мәселесінде оның айтқанынан шықпайтынын аңғаруға болады. Екіншіден, Әбілқайыр ханның бодандық мәселесін ешкіммен келіспей өз бетімен көтергенін, осы арқылы елдің наразылығын туғызғанын байқаймыз. Үшіншіден, қазақ тарапынан болған қарсылықты тоқтатуға елшінің өзі араласып Ресей империясының беделі мен қаһарын, өзінің мәмлегерлік өнерін салғанын білеміз.

Қазақ шежіресінің бір нұсқасында «Тәуке ханнан Болат хан, мұнан Әбу Әл Мұхаммед хан. Түркістанды билеген осы кісі. Мұның алдында Сәмеке хан болды: «Әбілмәмбет-Сәмеке» атанды» дейді (3, 8 т, 162 б.). 1733 жылы Сәмеке Жайық башқұрттарына қарсы жорықты басқарды және жараланды. Осы оқиғадан кейін үлкен тақ үшін күреске Әбілмәмбет араласты. Әбілмәмбет Өз Тәуке ханның Болат деген ұлынан туады. Шежіре деректеріне қарағанда Әбілмәмбеттің қақ-соқ мінезі жоқ, жүріп-тұрғаны да, сөйлегені де биязы жан екен. Осыған байланысты бір мәселені ашып айтпасақ болмайды. Қазақ мемлекеттік-саяси құрылымында айрықша орыны бар «аталық» институты хандық билікпен бірге ел жадынан ерте өшті. XIX ғасырдың басында-ақ аталық деген сөздің мән-мағынасы қазақ үшін түсініксіз дүниеге айналды, сол себепті ауызша шығармаларда да, жазба шежіреде де түсінбеушілік кездесе бастайды. Егер біз XVII-XVIII ғасырлардың деректерін қолға алсақ сол дәуірдің тарихын тіпті басқаша елестеткен болар едік. Салқам Жәңгір тұсында хан сарайында қызмет атқарған Арыстан аталық Өз Тәукені тәрбиеледі, Арыстан аталықтың ұлы Барқы аталық Өз Тәукеден туған Болат, Сәмеке сияқты хандардың тәрбиешісі болды, Барқының ұлы Нияз аталық Әбілмәмбеттің тұсында бүкіл Сыр өңіріне билігі жүріп тұрды. Нияз аталықтың 1740 жылы Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтанмен бірге Орынборда генерал-лейтенант В.Урусовпен кездескені белгілі. Деректерде «Потом пошли в кибитку и идучи вступил с генерал-лейтенантом в речь киргиз-кайсацкой Средней Орды знатнейший старшина Нияз-батыр, о котором известно, что он во время Шемяки-хана в Туркестане великую силу

имел, а по смерти его Туркестаном управлял и Абулмамет-хана на ханстве утвердил. Оной Нияз-батыр присмотрен по азиатскому обыкновению весьма неглупым человеком и примечено, что он пред всеми старшинами большого преимущества требовал» делінеді. XVII ғасырда елшілік қызметтерге Арыстан аталық ұлы Тантай батыр жүрді. Аталықтардың тағы бір әулетінен Құлтабай аталық, оның ұлы атақты елші Тайқоңыр шықты. Санай берсек толып жатқан тарихи тұлғалар осы аталық әулеттерімен байланысты. Әбілмәмбеттің хан сайлануы 1739 жылы өткізілді. Қазақтың ауызша дәстүрін Қытай және Ресей жазбаларымен салыстыра отырып, 1739-1769 жылдар аралығында отыз жыл бойы қазақтың үлкен тағында Әбілмәмбет хан отырды деп есептейміз.

Енді Абылай ханның шыққан тегіне келсек Шәкәрім жүйелеген қазақ шежіресінің деректері бойынша «Жоғарыда айтылған, Салқам Жәңгірдің бір баласы-Уәлібақы хандыққа өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барды деп едік, Оның баласы Абылай деген бек мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң «Қанішер Абылай» атанды. Оның баласы Көркем Уәлі, оның баласы Әбілмансұр, біздің хан Абылай дегеніміз-осы Әбілмансұр еді» (4,63 б).

Біздің қолымыздағы деректер Қанішер Абылайдың әуелде Жолбарыс Абылай атымен белгілі болғандығын және «Қанішер» атануы 1718 жылғы қазақтың ішкі дағдарысы мен Қайып ханның өліміне байланысты екенін айғақтайды. Қазақ саяси өмірінде өз ханын өлтіру өте сирек болатын оқиға. Сол себепті Қанішер Абылайға Сырдақ сұлтаннан тарайтын төрелер де, Салқам Жәңгірдің өзге тұқымы да т.б. наразы болады. Қазақ ортасында бұдан әрі қалу қауіпті болғандықтан Қанішер Абылай өзінің жанындағы төлеңгіттерімен, от басын алып Үргенішке Хиуа хандығына қарай кетеді.

Қанішер Абылайдың ұлы Көркем Уәлі Үргеніште ішкі бір жанжалдың кезінде өлтіріледі. Жалғыз қалған Әбілмансұрды осы әулетке ертеден қызмет жасайтын Ораз аталық жасырын түрде Түркістанға алып-қашып келеді. Аталық тек қана биік лауазым, мемлекет қызметкері ғана емес, ол ханзадалардың тәрбиешісі, қорғаушысы екенін осы Ораз аталықтың қимыл қайратынан-ақ ұғуға болады.

М.Ж. Көпейұлының айтуынша «Абылай он екі жасар бала күнінде, қасында Ораз аталық деген сарт екеуі Түркістан шаһарына келіп, Әбілмәмбет патшаға қызмет қылды. Ол жерде орнығып тұра

алмай, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүрді». Абылай ханға кеңесшісі болған Бұхар жыраудың толғаулары да осы оқиғаны растайды:

Әй, Абылай, сен он бір жасында,
Әншейін- ақ ұл едің
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Жылқысын баққан күл едің
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.

XVIII ғасырдың атақты жырауы Үмбетей Бөгенбайдың өлімін Абылайға естіруге арналған толғауында:

Жас күнінде, Абылай
Үргеніштен мында кеп,
Сарыарқаны жерім деп,
Қалың қазақ елім деп
Келмеп пе едің жаяулап,-деп оқиғаны дәлелдей түседі.

Осы баяндалған оқиғалардың қисыны Абылайдың Қазақ ордасына «Ақтабан шұбырынды» сияқты ауыр кезеңде келгенін және алғашқы уақытта жасырын «Сабалақ» атанғанын көрсетеді. Қазақтың «қанға қан» аталатын дәстүрі бойынша жас төре Қайып әулетінен қауыптенуі де мүмкін, екінші жағынан Түркістан маңында қалмақ үстемдігі күшейіп тұрғанда өзінің шыққан тегін жария қылмағаны да түсінікті. Абылайдың шыққан тегін Төле би, Бөгенбай батыр, Бұқар жырау сияқты ұлы тұлғалар ғана білген және оны тәрбиелуге ат салысқан деп есептейміз.

Абылай жиырма жасына дейін бұхара ортасында мүлдем белгісіз болғанға ұқсайды. Сол дәуірдің атақты жырауы Үмбетей Абылай өзін жиырма жасында танытты дейді:

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда
Алғашқы бақты тапқанда,
Шырыштың басын қаққанда,
Қанжығаға бас байлап,
Жау қашты деп айқайлап,
Абылайлап шапқанда...

Осы мәліметтер Бұқар жыраудың мына сөздерінде айқындалады:

Сен жиырма жасқа жеткен соң
Алтын тұғыр үстінде,
Ақсұңқардай түледің

Қыдыр келді басыңа
Бақ үйіне түнедің.

Ендеше біз Абылайдың елге танылған уақыты 1733 жылғы Жоңғар ордасына бағытталған жорық деп есептейміз. Сібір шекара командирі И.Бухгольц 1734 жылы жоғарыға тапсырған баяндамаларында «...казачья орда прошлого году нападением своим на контайшины улусы учинили немалую обиду» деп жазады. (8, кн. 1, с. 292). Егер тарихтан хабары бар адам болса ол 1730-1740 жылдар қалмақ-қытай арасындағы XVIII ғасырдағы үшінші соғыстың болғанын біледі. Бұл бірде басылып, бірде ушығып кететін шайқастардың кезінде қазақтар да батыстан қалмақтарды тықсыра бастаған. 1731 жылы Шақшақ Жәнібек бастаған 6 мыңдық қазақ әскері дербеттерді шауып, қалмақтың қарауыл әскері Қамар Дабан, Қалмақ Толағай тауларына дейін шегінді, 1732 жылы орыс елшісі П. Угримов қазақ жеріне аттанған «қалмақ жасағының түгел сонда қалғанын» баяндайды. Осыдан қорытынды жасасақ Бөгенбай жасақтарының 1733 жылы ойрат жеріне ішкернелей өнуі және Қалдан Сереннің өз ұлыстарына батыл тиісуі заңды.

Ескерте кететін мәселе Саққұлақ шежіресіне сүйенсек осыдан кейін бір жыл өткен соң жас сұлтан Сабынды көл жағасында «Абылайдың көк жартасы» аталатын жерде Орта жүзге 1734 жылы ұлыс сұлтаны сайланды. Абылайға ұлыс есебінде берілген Көкшетау маңындағы атығай-қарауыл, керей-уақ, қанжығалы рулары. 1740 жылы В.Урусовтың сұрағына Абылай осы үш елді атаса керек: «салтан объявил, назвав три имеющиеся у него рода, ис которых-де в первом семей с шесть тысяч, во втором-з десять тысяч, а третьем-с четьре тысячи». Қазақ ауызша дәстүрінде «Сұрасан Абылайдың тұрған жерін, Хан болды 48 жыл Көкшетауда» делінетіні осыдан. Егер 1733 жылдан бастап санасаңыз 1781 жылға дейінгі кезең. Бұл есеп Абылай хан 1713 жылы туды деген жорамалды бекіте түседі. Абылайдың баласы Уәли әкесі өлгеннен кейін өзінің Ресей патшасына жазған хаттарында «Әкем Абылай Ресеймен 50 жыл, ал Қытаймен 25 жыл достық қарым-қатынасты ұстады» деп осы есепке сүйеніп айтады. (2, с. 103)

Қазақтың ауызша дәстүрінде «Ақтабан шұбырынды» жылдарынан кейін жаңа ғана басы қосылып, Абыз-Шомақ дейтін атақты байлар 90 байтал сойып, халықтың той жасайтын жері нұсқалған. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжабай Нұралыұлы «Сабалақ» атты ұзақ өлеңінде:

Баянаула Сабынды көл басында,
Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып.
Мың жеті жүз отыз төртінші жылында еді,
Үш жүздің басын қосқан жиын еді, – дейді.

Қазақ жеке ұлысы бар сұлтандарды «хан»деп дәріптей береді, кейде «кіші хан» немесе «келте хан» деп те атайды. Абылайдың «кіші хан» деңгейінен өтіп «үлкен хан» тағына отырған уақыты 1771 жыл. Осы жылы Әзіреті Сұлтанға қазақтың үш жүзінің ең таңдаулы азаматтары, Түркістан-Тәшкент өңірінің отырықшы сарт –құрама қауымдарының өкілдері Абылайды ақ кигіз салып көтеріп қазақтың үлкен хандары отыратын алтын таққа отырғызды.

Екінші бір мәселе Абылай сұлтанның 1741 жылы қалмақ қолына тұтқынға түскені. Қазақ шежіресінде бұл оқиға бүге-шігесіне дейін баяндалған. Қалдан Серен осы жылы қазақ даласына Септен, Сары Мәнжі батырлар және өзінің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған үш жасақ жібереді. Септен Ертістен, Сары Мәнжі Жетісудан, Лама Доржы Балқаштың солтүстігімен аттанады. Қазақтың «Сүзекінің қолы» деп атайтыны осы, «сүзекі» балық аулайтын құрал (орыстар «брედень» дейді). Қалдан Серен үш жасаққа қосымша Жалбы батырды жібереді, ол Абылайды Ұлытауда ұстады.

Тарихнамада Абылайдың тұтқыннан босауы И.Неплюевтің көмегінің арқасында деген пікір бар. Абылайды тұтқыннан босатуға Ресейдің орталық үкіметі емес, Орынбор араласады. И.Неплюев капитан К.Миллер деген қазақ тілін жақсы білетін офицерді Қалдан Серенге елшілікке аттандырады, оның жанына Шақшақ Жәнібек батыр өзінің інісі Байқұлақ батырды жолбасшы қылып қосады. К.Миллерді Қалдан Серен қабылдамай, ол Жетісуда шекарада тұрған Сары Мәнжімен ғана сөйлеседі. Байқұлақты қалмақтар неге орыстарды алып келдің деп К.Миллердің көзінше азаптап өлтіреді. Біздің тарихнамада Иван Неплюевтің қазақ жеріндегі отарлау саясатына қосқан үлесі, оның Орынбор мен Омбыдан әскер төгіп қазақты бағындыру жоспары, Барақты айдап салып Әбілқайырды өлтіртуі т.б. істері арнайы зерттелген жоқ.

Абылайды босатуға, біздің қолымыздағы деректер бойынша, тікелей ат салысқан, елшілікке барған адамдардың ішінде біріншіден Әбілмәмбет хан мен Нияз аталықты атау керек. 1742 жылы Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді Нияз алып барып Қалдан Серенге ақ үйлі аманатқа тапсырды. Екіншіден 1743 жылы тоқсан жақсыны бастап барған Қаз дауысты Қазыбекті атау керек. Оның «Сен қалмақ та, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз. Берсен жөндеп бітімді айт, Бермесен

дірілдемей жөнінді айт, Не тұрысатын жерінді айт» деген сөздері осы елшіліктің кезінде айтылған. Үшінші адам –Малайсары батыр (1708-1754 жж.). Қалдан Серен оған тархандық атақты 1743 жылы берді.

Қазақ шежіресінде сақталған деректер Қалдан Сереннің Абылаймен тіл табысқанын, екеуінің де терең ойлы көсем екенін, екеуі де өз елдерін осы қысталаң заманнан қалай аман алып шығамын деп қабырғасы қайысқан азамат екенін дәлелдейді. Осы түсіністіктің нәтижесінде екі елдің арасында одақтастық, достық туралы келісім жасалды. Енді келіп осы хабар жеткенде орыстың қалай қыпылықтағаны мұрағат құжаттарынан сезіледі. Соның ішінде Қалдан Сереннің кезеттен 1745 жылы қайтыс болғанын да әлі зерттеу керек.

Абылай хан 1750 жылдары Жоңғария құлағаннан кейін қазақ меншігіне қалмақ қолында болған Тарбағатай, Алтай, Жетісуды қайтаруды мойнына алған қаһарман саясаткер. Бұл күрес барысында қазақ жасақтары ілгерілей жылжыған Қытай әскерлерімен тынымсыз шайқастарға түсті. Тек қана 1756 жылы екі бағытта батысқа қарай жылжыған шүршіттермен Шаған обадан бастап Нұра өзеніне дейін он бір шайқас болған, ақыры басқыншылар Шідерті бойында (Шүршітқырған) қанды қырғын тапты.

Егер Абылай ханның 1771 жылдың көктемінде Еділ бойынан, Ресей текпісінен Жоңғарияға қарай көшкен қалмақ көшін неге шаппады деген мәселеге келсек, әңгіме басқаша. Қазақ бұз оқиғаны «Шанды жорық» деп атайды, бұл жорық қазақ-қалмақ соғысының ақыры деп есептеуге болады. Бұл кезеңде Жоңғария жер бетінен жойылған, мемлекет есебінде өмір сүруден қалған. 1771 жылы Еділ бойының қашқан қалмақтар қазақ жері арқылы ескі қоныстарына аттанады, барлығы отың мың шаңырақ шамасы. Қаңтар айында ауыр сапарға шыққан елдің көпшілігі жолда қазақ жасақтарымен соғыстардан, аштықтан, аурудан қырылды, біразы қазақ қолына түсті, аз ғана бөлігі Қытай шекарасына ілікті. Еділ қалмағының ауа көшуі қазақ арасында үлкен дүрбелең туғызды, ол қазақтың ауызша дәстүрінде жан-жақты баяндалған.

Бұл жерде қазақтың «қашқан жауға-қатын ер» және, екіншіден қазақтың «елге ел қосылса-құт» деген сөздерін еске алу керек. Мәселе қашқан елді қырып жіберуде емес, оны ішіне сіңіріп, қаранды көбейтіп, жан-жағыннан қыспаққа алған империяларға қарсы тұруда. Орталық Азияның ең күшті билеушісіне арналған Абылай үшін бұл мәселе өте өзекті болды деп есептейміз.

Қазақ шежіресінің тамаша үлгісін жасаған Құрбанғали Халид Абылайдың туы туралы «Абылайдың өзге туысы Ауладан

Сұлтанбек, одан Қанқожа, одан Арынғазы туып Семейде аға сұлтан, соңынан кеңесші болды... Абылай көк ту көтеріп шыққанда Сұлтанбек пен Жолбарыс әулеті бұған қосылып, бәрі көк тулы болады. Кейбірде тудың түсін дұрыс айтпай, ұқсасты жасыл десе осы көк туды айтады.» (5,172 б.)

Ресейдің архив құжаттары Абылай ханның 1781 жылдың ақпанында 68 жасында (на шесдесят девятом году) қайтыс болғанын куәлендіреді. Бұл дата қазақ ауызша тарихының деректерімен де толық сәйкес. М.Ж.Көпейұлы жазбасына жүгінесек: «Сонан соң Абылай сол Арыстың бойындағы бір қорғанға түсіп, алпыс сегіз жасында, жұма күні дүниеден қайтып, сол жер осы күнде «Хан қорғаны» атаныпты. Сүйегін теңге салып, Түркістан шаһарындағы Хазірет сұлтан Алғарфин Әулиенің күмбезіне алып келіп қойыпты»(3, 9 т, 82-83 бб.) Ендеше Абылай ханның туған жылы 1713 деген жорамал дұрыс деп есептеуге болады.

Абылаймен бірге қазақтың ерлік дәуірі тарих қойнауына енді. Абылайға дейінгі, және одан кейінгі хандардың бірде-бірі дәл Абылай сияқты қазақтың ауызша дәстүрінен мол орын алған жоқ. Шоқан бір жазбаларында Абылай заманын «век рыцарства» атағаны белгілі, бұл расында да жаугештілікке толы заман болды. Абылайдың ұлылығы оның өз маңына, мемлекет шаруасына қазақтың ең кеменгер азаматтарды жарата білгенінде. Дала демократиясына негіздеген қазақ қоғамында және осынау жаугершілік заманда ел басқару оңай болмайтын, ол Еуразия көшпелілерінің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ел басқару тетіктерін түгел пайдаланды. Көреген саясаткер және айлалы мәмлегер Абылай хан өз жақтастарының да, жауларының да жазбаларында өзі туралы тамаша естеліктер қалдырды. Қазақтың ауызша дәстүрінде осы ерлік ғасырының бейнесін ел жадында қалдыруға XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қазақ шежірешілері мен жыраулары ерекше үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1961.
- 2 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. Алма-Ата, 1964.
3. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-13 томдар. Павлодар, 2001-2008
- 4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. Астана: Фолиант, 2008. Факсимиле, аударма, түсініктемелер мен көрсеткіштерді жазған Ж.О.Артықбаев.

5 Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Алматы, 1992.

6 Материалы по истории Башкирской АССР. Ч. 1. Башкирские восстания в XVII-XVIII вв. М-Л., 1936.

7 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960

8 Международные отношения в Центральной Азии XVI-XVII вв.: Документы и материалы. Кн. 1-2. М., 1989.

9 Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы, 1993.

УДК 94(574)

БОРЬБА ЗА ВОСТОЧНЫЕ РЕГИОНЫ СТРАНЫ И ПЕРВЫЙ ПОДВИГ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В КАЗАХСКИХ ИСТОРИЧЕСКИХ СКАЗАНИЯХ

Ж.О. АРТЫКБАЕВ

д.и.н., профессор, ЕНУ имени Гумилева, г. Астана

В начале 50-х годов XVIII века приближение конца государства дурбен-ойратов вызывало глубокие переживания во всех слоях населения. Но остановить процесс сохранив хоть какую то видимость государства было уже невозможно. Как обветшавшая ткань государственность рвалась в клочья. В этой ситуации Аблай султан и его окружение приняло решение о возвращении тех территории, которые были историческими кочевьями казахских племен. Алтай и Тарбагатай, Семиречье и Восточный Туркестан – всю эту территорию когда то занимали Тюркские каганаты. На этой территории создавали свои государства уйсыны, керей и найманы. С Алтайских гор начинается государственная история аргынов, связанные как политическими, так и этническими традициями с гуннами. «Кто пожалеет врага, тот останется раненым» гласит казахская пословица. Так приблизительно думали казахские предводители во главе с Аблай султаном.

Известно, что в зиму 1753-1754 годов Аблай отправил гонцов во все края казахской земли требуя подготовки к новому масштабному походу в Джунгарию. В начале апреля в горах Ереймена Аблай султан встретился с батырами, руководителями отрядов, провел осмотр войск и остался доволен. Большинство известных батыров трех казахских жузов были представлены в этом сборе. Говорят

султан сразу заметил отсутствие Малайсары батыра. На то были свои причины. В устной традиции казахского народа так объясняется причина отсутствия Малайсары на этом сборе: «В те времена(заманында) Малайсары вошел в число лучших батыров. Не зря с тех времен сохранился стих:

Конь на котором сидел Абылай – Айгайсары,

Когда идет битва всем тесно на майдане.

Тысячи калмаков окружили Абылая,

Развернув знамя, скачи на помощь Малайсары

Во времена своего правления великий, удачливый, святочитимый хан Аблай не выступал в поход без батыров Сары-Баяна из рода Уак, Балтакерея Турсынбая, Шанышкылы Бердикожа, Кокжарлы Барака, Сырыма Малайсары.

Рассказывают, что: однажды Малайсары попал в плен к каракалмакскому хану Катсыбан хунтайши. Калмыцкий правитель привел в дом пленного как почтенного гостя. ”У нас не будет покоя и мира, если мы не помиримся с ним!” – подумал он. А вслух сказал:

- Мы с уважением проводим тебя в путь. Ты отдашь нам своего первенца Тлеугабыла в качестве аманата. Мы побратаемся с тобой и поклянемся в этом на белом ружье. Пусть данное нами обещание будет надежным!»

Батыр был в смятении. Как прекрасный дипломат он многие годы посвятил налаживанию мирного сосуществования казахов и калмыков, служил как говорят казахи в качестве «ара агайын» т.е. был посредником. Когда то при его содействии был освобожден из джунгарского плена сам Аблай султан. Малайсары тогда из рук Галдан Цэрэна получил звание тархана, что позволяло ему свободно ездить на территории ойратских племен. В начале кризиса Джунгарии он всячески стремился поддержать Лама Доржы и призывал Аблая выдать бунтарей -Даваци и Амурсану, но сейчас уже стоит на повестке дня вопрос о самом существовании калмыцкого государства. Вот это и стало причиной задержки Малайсары на Ерейменское совещание.

Аблай и Богенбай посоветавшись решили разделить войско на две колонны. Одну из них возглавит Богенбай батыр и они должны пройти межгорными долинами Тарбагатай и Алтай. Конечная ее задача войти на территорию Джунгарии от Зайсанского озера, перевалить через Тарбагатай и попасть на озеро Алаколь. Вторую колонну возглавит сам Аблай султан. Ее задача пройти по южному берегу озера Балхаш и выйти на ставку калмыцких правителей в

районе реки Иле. Обе колонны планировали встретиться в долине реки Каратал и тогда огромная территория которая до сих пор была занята калмыками достанется казахам.

Китайская сторона также торопилась с разработкой различных планов подчинения Джунгарии. В июне 1754 года в этой связи как генеральный план действия был подготовлен Указ императора Цяньлуна:

Приказ генерал-губернатору Юн Чэну спланировать и подготовить наступление войск Западного направления для уничтожения (Джунгарского ханства).

Императорский указ сановникам Цзюньцзичу гласит: Юн Чан в докладе сообщил, что послы джунгарских варваров достигли Цювань и ныне готовы вступить в пределы расположения наших караулов. По сообщению послов вышепомянутых варваров, до того как отправиться в путь, они направили торговых старшин, которые в 6-м месяце придут к нам. Ранее племени джунгарских варваров было позволено посылать подношения и вести торговлю. За это отвечал Галдан-Цэрен. Ему наследовали Цэван-Доржи Намжил и Лама Доржи. Являясь потомками Галдан Цэрена, они оставались верны такому порядку. Когда же власть захватил Дабачи, эти права перешли к его слугам.

Ныне он отправил к нам посольство с подношениями и теперь, когда наша династия находится в расцвете, а «тело» государства развивается не по дням, а по часам, не следует встречать их как раньше, принаравливаясь к обстоятельствам и проявляя слабость и податливость по отношению к чужеземным варварам.

По своей природе джунгарские варвары злобны и коварны. И эти их качества трудно изменить. В будущем они непременно затеют ссору и вовлекут нас в раздоры. Поэтому мы вынуждены в первую очередь принять меры предосторожности. К тому же в их племени уже много лет происходят усобицы, да и с казахами у них сложности, все это способствует разброду в сердцах их людей. Если упустить такой прекрасный случай и ничего не замыслить, то через несколько лет их положение упрочится. У них появятся ростки той мудрости, которая была у них раньше, они начнут быстро укреплять свою оборону и их усилия в этом направлении возрастут в несколько раз по сравнению с сегодняшним днем. К тому же их родоначальники Цэрен и Цэрен-Убаши со своими подданными в количестве десяти тысяч с лишним человек покорились нам с искренними намерениями. И это тоже является тем способом, при помощи которого можно было бы спокойно решить дело.

Мои императорские намерения не могут быть поколеблены. В будущем году я намерен, следуя по двум направлениям, достичь Или (река Или-Ж.А.) и разместить армии в кочевьях Цэрена. Это раздробит их силы. Дело, которое не могли решить в течении нескольких десятилетий, я всесторонне рассмотрел и продумал. Всем войскам предписывается быть наготове в следующем году, позаботиться о продовольствии, лошадях и верблюдах, все продумать и рассчитать. С западного направления необходимо перебросить 20 тысяч солдат, из Внутренних земель в Ганьчжоу и Лян 8 тысяч войск Зеленого знамени и 20 тысяч в Синин, Лян Чжуан, Сиань, Гуйхуачэн, Тумотэ, Чахар вплоть до земель вновь покорившихся элютов (ойратов - Ж.А.). Ежели вести дело таким образом, то такой перегруппировки войск будет достаточно. Предписываю Юн Чану все тщательно обдумать, обсудить и как можно быстрее доложить, направив послание с нарочным.

В это время казахское ополчение во главе с Аблай султаном уже достигли реки Тундык, что в Центральном Казахстане. Здесь отправив основную колонну на восток по заранее начертанному плану, султан решил завернуть в аулы подчиненные Малайсары батыру. Аблай не мог оставить без внимания именитого батыра известного всему «шестисановому союзу Алаш», к тому же и в этом походе тархан мог бы пригодиться:

«Малайсары находился у себя дома, когда к нему приехал направлявшийся в поход на калмаков Аблай хан с войском, с развернутыми знаменами:

- Что сидишь! Залезай на коня! – сказал он.

Малайсары ответил:

- Я никуда не пойду! Я не буду враждовать с калмаками! Мы поклялись друг другу на белом ружье (ақ мылтықтың аузын жалап). Я не могу нарушить данное обещание!

- Что тебе до клятвы, данной калмакам?! Пошли, без тебя нельзя!- сказал Абылай, заставив пойти Малайсары против калмаков. Калмаки же, в свою очередь, услышав об этом за день раньше, ждали нападения и приготовились к обороне, спрятавшись в каменной крепости.

Тогда Аблай хан послал четырех батыров:

- Обойдите крепость со всех сторон и найдите места, которые можно будет сломать и войти в крепость!

Тогда Сары-Баян из рода Уак взобравшись высоко, внимательно взгляделись поверх крепости, пытаясь найти путь как войти внутрь,

когда вдруг в лицевую часть шлема попала пуля и шлем вовнутрь согнулся. Увидев это, калмакские мергены подумали, что батыр убит, взобрались на верх крепости. Увидив их батыры начали уходить, мергены вслед им пустили град пуль.

Тогда Абылай хан сказал:

– Вот и пришла кровавая очередь Малайсары. Боже, храни его!

Но не успел он это сказать, как пуля попала в Малайсары, пробив кольчугу. Калмак этот стрелял три раза, так и ни в кого из батыров не попал, все были без единой царапины, как заколдованные. А все пули попали в Малайсары.

Батыры обрадовались тому, что вернулись живыми и здоровыми. И тут Абылай хан сказал:

– Плохи дела у Малайсары, и конь его идет не так как надо!

Пули попали в позвоночник Малайсары.

Воины подняв его, уложили. Абылай хан сказал:

– Давайте ему любую пищу, которую приготовите! Только не давайте вяленого мяса! Пока у него кишки в порядке. Если дадите вяленого мяса, то кишки его разойдутся! Потом он уже не жилец.

Повар(бақыршы) ухаживал за Малайсары, находясь всегда рядом с ним, в то время как другие выступили в штурм на крепость».

Письменные источники говорят что война на территории Семиречья была кровавой и тяжелой, с большими потерями. Говорят «если змею отрезать на три части, но даже при этом у нее больше сил чем у ящерицы». В Семиречьи стоял десятитысячный корпус верных Даваца калмыцких шериков (войнов). Здесь же находились удобные для оборонительных воин военные крепости и ламаистские монастыри. На одном из этапов движения казахских войск передовые отряды (ертаул) возглавляемые братьями Сары и Баян, а также Малайсары, на берегу реки Каратал, у Алтын Емельского хребта попали в калмыцкую засаду. Произошло кровавое побоище о котором пишет в своих показаниях калмык Лаузан Санжипов: «в апреле месяце 1754 –года казахское войско, численность которого составляла 1700 человек, неожиданно появилось в районе реки Каратал. И в то же время нашего войска в собраний было тысяч до десяти и между тем было сражение и с их стороны казахов многое число и в полон брано..., а казахского войска убежало пять сот, а протчие все побиты»

В Алтын Емельском сражении погибли несколько известных среди казахов батыров-полководцев во главе с Малайсары тарханом. Известный своей храбростью Утеген батыр, прославившийся тем,

что в свои семнадцать лет низверг знамя калмыков Жайнак батыр и другие погибли на этой войне. В их честь и память тогда же отроги гор Алтын Емел получили новые названия. Память о батырах в этих местах живет до сих и свято чтится местным населением. Основное войско казахов тогда располагалось недалеко от перевала Аркарлы, на отрогах длинного горного хребта подступающего к Алтын Емелу. В этом месте умер и был похоронен получивший смертельные раны в Алтын Емельском сражении Малайсары тархан.

Из глубин Великой степи каждый день прибывала подмога и сарбазы заступали на место погибших. Войнственный дух казахов возгорался с небывалой силой, и как пожар в ночной степи в ветренную погоду шел вперед. Похоронив батыров основное войско выстроилось в боевой порядок между хребтами Аркарлы и Желдыкара. Ставка находившаяся между Алтын Емел и Тулкулы, и многие годы считавшаяся политическим центром Джунгарии, приняла на себя основной удар казахов. Говорят, что именно на этом сражении молодой Олжабай батыр успешно заменил Малайсары тархана:

«Раньше когда, выступали в крупный поход, войско делилось на три составные части. Одна часть: назывались «Дозорные(кезуілші)» шли отдельно впереди. Другая часть называлась «Засада(тосқауыл)», в центре которой находился хан. Третья часть называлась «Хозяйственная (Салықшы)», те, которые охраняли лошадей. В этом походе Олжабай еще не вошел в число батыров, и находился в среде так называемых «салықшы», и пас лошадей. Таких тоже было много.

Он пустил свою лошадь пастись но не успел Олжабай раздеться, чтобы немного отдохнуть, как вдруг прямо на него выскочил всадник на сине-пегой лошади. Попы его синего шекпена развевались в разные стороны, озираясь по сторонам он скакал на полной скорости. Выйдя из безлюдной степи он бил почем ни попадя свою лошадь и проходил мимо. Олжабай окликнул его:

- Что случилось. Куда ты так торопишься?

Тогда тот ответил:

- Ставший ураном для десяти санов Среднего жуза Олжабай разрушил золотые ворота крепости и раздает добычу. Разве я могу остаться в стороне, когда делится добыча между народом?- сказав эти слова, поскакал.

Олжабай батыр не смог усидеть на месте и сразу вскочив, воскликнул:

- Уау, видно эта крепость должна быть разрушена мною, - с этими словами он вскочил на лошадь и с кличем:

- Олжабай! Олжабай!, по дороге вырвав из рук знаменосца пестрое знамя Аблай хана, поскакал в сторону калмыцкой крепости. Когда он подскочил к крепости, один из калмыцких мергенов попал ему пулей в руку, в которой Олжабай держал знамя. Но, несмотря на это, что пуля, что заноза, он подскочил к воротам крепости. Затем вернув знамя Аблаю, освободил руки и начал рубить ворота, а ворота сделанные из олова-свинца от его ударов стала податливой как глина. А за ним, воодушевленные его примером, ворвались и остальные казахи, захватили хорошую добычу и было полно радости.

Когда Олжабай с боевым кличем промчался в сторону врага, раненный Малайсары, который до этого не мог и пошевелиться, вскочил со словами:

- Олжабай на этот разгромит врага, видно дух (войны) и поддержка аруахов отныне будет на стороне Олжабая. Разве я останусь в стороне?! – сказал Малайсары и трижды попытался сесть на своего коня. ... Сохранилось (в памяти народа) одно слово Малайсары. Это было, когда калмаки заперлись в крепости, а казахи были снаружи. Батыр лежал раненный. Мясо свежезарезанного ягненка было желанной пищей для батыров. Тогда раненный Малайсары позвал своего повара:

- Я отрублю тебе голову, если кусок мяса не попадет мне в рот! Где мешок с продуктами? Принеси его! Если на дне этого мешка я не найду мяса, я тогда пропаду!

Когда ему принесли мешок, то он увидел там казы. Нарезав середину казы, Малайсары съел его.

После боя когда Аблай хан зашел к батыру, он увидел что то не то и воскликнул:

- Все испортили! Давали вяленого мяса?

- Только середину казы!-ответили ему.

- Енді болмады,-сказал хан, жизнь его единственно держалась на том, что кишка была цела, он уже больше не оправится!

На что Малайсары батыр сказал:

- Я думал, куда же мог запропасться ангел смерти Азраил, таким людям как я они видимо бояться в открытую подходить, и скрываются. Так моя смерть пряталась на дне вещевого мешка».

Войско возглавляемое Богенбай батыром боевым маршем прошел путь от Сарыарки до озера Зайсана. По дороге кроме отдельных небольших групп калмыков они врагов не встретили. На озере Зайсан произошло присоединение к основному составу ополчения племени найман во главе с Кабанбай батыром. Внушительное по

численности и грозное по именам своих прославленных батыров войско направилось к южным берегам озера Зайсан, где с давних времен существовали небольшие городища вокруг которых сконцентрировались калмыки. Зайсан- одно из крупных озер расположенных между горными системами Алтай и Тарбагатай. Озеро образовалось из за разлива реки Иртыш в горных низинах. Иртыш входит в это озеро с востока и выходит с северо-западной стороны. Одним словом вся эта местность напоминает огромную котловину. Со всех сторон она окружена большими каменными горами. Одна из них Манырак -представляющая горный хребет между Тарбагатаем и Сауыр-Сайканскими высотами. Казахи большой хребет этой высоты называют Кой Манырак, а малый Козы Манырак. Серьезное сопротивление со стороны калмыков Богенбай встретил только между этими двумя Маныраками.

После Маныракской битвы разгромив по дороге разрозненные группы калмыков войско под руководством Богенбая перешло через перевал Акшаулы. Это был выдающийся переход воспетый впоследствии казахскими жырау. Преодолев трехтысячи метровую высоту горного прохода к началу лета северная колонна казахских отрядов приблизилась к озеру Алаколь. В дальнейшем это войско разгромив главные калмыцкие укрепления в местностях Уржар, Катынсу, Шаган по северному склону Джунгарского Алатау спустилось к прекрасному оазису Капал-Арасан, где и произошло долгожданная встреча с передовыми отрядами южной колонны во главе с Аблай султаном. Это было действительно знаковое событие для казахов потерявших опыт ведения крупных военных операций со времен «Актабан шубырынды». Джунгария столь многие годы внушавшая страх для казахов был обоидена с двух флангов и эта огромная благодатная земля стала частью территории Казахского ханства. Казахские войны совершили не только великий подвиг, но и преодолели достойно огромные трудности, а батыры набирались опыта руководства войсками. Имена Аблая и Богенбая и других героев этих события стали ураном в устах молодых войн, их авторитет вознесся до небес. Находившиеся среди войск поэты –жырау эти победы выбрали в качестве тем своих прекрасных рапсодий:

Бухар:

Через Тарбагатай перевалил,
Разбивал камни, заложил дорогу,
Войско наше расположил и шатры разбил
На озере Борлы.

Калмыков громил шумливых,
От высоты Акшаулы.
Освободив земли их
Предоставил стойбище для найманов.

Умбетей:

С криком «Калакай» галдевшие,
С ураном «Галдама» шумевшие,
Калмыков ты изгнал, Богенбай.
Ты как орда большого кочевья,
Отправляющегося в сторону Кыбла.
Железом бил, стрелы пустил,
Как свинец ты Богенбай.
Ты как детеныш пестрого бугу-марала,
Что обитает в горах.
На холмах среди равнин
Ты без промаху брал лисиц
Как коготь большого беркута,
Ты хватка и сила, Богенбай!
Баянаула, Кызыл тау,
Абралы, Шынгыстау,
Козыманырак, Койманырак
Среди них много калмак,
Калмыков изгнал, заставил откочевать,
Через Кара Ертыс они ушли,
За Алтайские горы перевалили.
На Акшаулы разбил шатер,
Собрал тяжелое войско,
Устроил разгром калмыкам
Кабанбай и Богенбай.
Аргынам и найманам
Обиталища оставил
Поразительный ты наш сокол, Боке!

Казахско-калмыцкое противостояние продлившееся несколько веков завершилось в 1754 году сражениями близ Капал-Арасан. За сражениями последовали мирные переговоры. В результате переговоров в том же году на устье реки Аягоз в местности Лайсу казахские ханы и султаны, батыры и бии, а также другие предводители встретились с калмыцкими ноянами и зайсанами. В честь клятвенного договора в качестве жертвенных животных были зарезаны синий с белой лысиной жеребец и черный с белой

лысиной баран. Обмакнув пальцы в кровь жертвенных животных руководители обоих народов произнесли слова мира. После чего Лайсу стал называться Мамыр су. Мамыр –означает благодать, радость, хорошее расположение духа. Обе стороны были готовы наладить мирные отношения, забыть давнюю вражду.

После соглашения на Мамыр су северо-восточные казахи понемногу начали осваивать побережья Зайсана, отроги Тарбагатай, с южной стороны отдельные группы казахского населения стали заселять плодородные долины Семиречье, берега реки Каратал и Иле. Однако этот мирный период был обречен. Амурсана проигнорировал Мамыр су и предпочел договориться с китайцами. Уже в августе 1754 года в районе Кульджи маньчжуры сосредоточили огромное войско, готовое ринуться на уничтожение калмыков. Император услышав о том, что Амурсана перешел границу и просит помощи очень обрадовался. В тот момент когда после многих лет вражды и взаимостреления казахи и калмыки нашли общий язык, подписали мирный договор, под флагами Амурсаны несметное количество китайцев под руководством маньчжурских генералов вторглось на территорию Джунгарии.

Китай первым делом объявил незаконным правление Даваца и под предлогом его преследования начал избиение мирного населения. Наспех собранные отряды калмыков не смогли противостоять китайцам. Поддерживая последних джунгарских правителей казахи навлекли на себя гнев китайского императора. Вслед за Амурсана казахскую границу перешли и маньчжурские войска. Отказ от выдачи Амурсаны привело к широкомасштабной казахско-китайской войне. Из письма императора: «Ты, Абылай, проявил уважение к небесной династии, присылал своих послов справиться о нашем здоровье, Однако поскольку они (послы) были задержаны бандитом (Амурсаной), то не были представлены ко двору.

Нет (у тебя) никакого резона размещать разбойника. Если оставишь его у себя, то это принесет вред, а не пользу твоему владению. Твое владение граничит с Джунгарией. Вы можете хорошенько взвесить пользу и вред. Все говорит о том, что вы должны исполнить мой приказ немедленно захватить и передать (Амурсану), и тогда вечно будете испытывать мою милость».

В мае 1756 года вышел указ Китайского императора о вторжении на казахские земли. Вся группировка войск сосредоточенные на западной границе под руководством Юй Бао как лавина наступала на просторы казахской земли. Так казахи увидели то что предрекали их

провидцы «кара кытай келды». Китайский дракон уже высунул голову из Джунгарских ворот и с жадностью смотрел на Великую степь.

В выше приведенной легенде есть несколько интересных фрагментов, например: «Эта весть дошла и до императора шуршитов:

- Пусть пришлют ко мне батыра, который разрушил ворота крепости! Я хочу взглянуть на него!

Когда Олжабай пришел к императору, то тот увидел, что рука Олжабай прострелена и зияет дырка на месте попадания пули.:

– Если пуля пробил твою руку, то как тебе удалось силой разбить ворота?! – спросил император.

— Разве я чувствовал боль от пули, чтобы переживать за руки?!

Тогда император шуршитов вручил батыру желтый пестрый флаг, доспехи, шлем, шит, и боевого коня закрытого панцирем(сауытты ат). Обнялись, став друзьями, Олжабай вернулся домой уже другим Олжабаем». Эти фрагменты свидетельствуют об участии Олжабай батыра как в военных действиях против китайской экспансии, так и в переговорных процессах.

ЛИТЕРАТУРА

1 Артыкбаев Ж.О. Казахское шежире: источник и концепция истории Великой степи. Астана,2012.

2 Көпейұлы М.-Ж. Шығармалары. 9 том. Павлодар,2006

3 Международные отношения в Центральной Азии XVI-XVII вв.: Документы и материалы. Кн. 1-2. М., 1989.

4 Цинская империя и казахские ханства. Вт. пол. XVIII – пер. треть XIX вв. Ч. 1-2. Алма-Ата, 1989.

ӘОЖ 94(574)

ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРЫНЫ

Қ.Қ. БАТТАЛОВ

т.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XVIII-ші ғасырдағы қазақ тарихы ел тағдыры үшін шешуші сәттерге толы, қайғылы да қасіретті кезең. Бұл қазақтың өз мемлекеттігі мен тәуелсіздігі үшін күресте жанталасқа түсіп, «найзаның ұшына, білектің күшіне» жүгінген қиын-қыстаулы тарих

беттері. Тәуке өлімінен соң ішкі саяси бытыраңқылық пен алауыздық қазақ халқының басына төнген сыртқы қауіппен қосталды. Қазақ қоғамының өз ішінде дағдарысты құбылыстар етек алды: көшпелі ұжымдар арасында ынтымақ болмады, алауыздық етек алып, рулық тартыс, билік үшін ішкі саяси күрес күшейді. Ал бұл жағдайды көршілер дереу пайдаланды. Жан-жақтан: солтүстік пен батыстан – Ресей мемлекетінің, оның қоластындағы башқұрт, қалмақтардың, казактардың, шығыстан – жоңғарлардың, оңтүстіктен – Орта Азия хандықтарының саяси қысым жасауы айқын аңғарылды. Қазақ халқы үшін ең басты қауіп – Жоңғар хандығы тарапынан төнді. Қалыптасқан саяси жағдай мен ішкі алауыздық қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған – Ақтабан-шұбырынды қасіретіне әкелді. Заманның сипатын ашатын халық мұңының жолдарын келтіретін болсақ:

Бақ дегенім сорға айналды,

тақ дегенім көрге айналды,

көкірегіме шер байланды, толайым

Жер дегенім кебелек пе,

ел дегенім ебелек пе,

ер дегенім көбелек пе, ағайын

Атамекен - алып тозақ,

мойыныңды қамыт қажап,

мойыдың-ау, ғарып қазақ, аһ ұрып.

Найзағайлы намыс қайда,

қайта бізбен табыспай ма,

ата жаумен алыспай ма, ақырып – деген өлең жолдары

заманның бүкіл келбетін, халықтың мұң-сырын ашады.

Дәл осы тарихи кезеңде қазақ халқына құрып кету қаупі төнді. Ел басына ауыр күн туды. Бейбіт халық егілді. Жазықсыз жандардың қаны төгілді. Қазақ халқы бірліктің қажеттілігін түсінді. Сол кездің өзінде халқының болашағы үшін бүкіл күш-жігерін салатын суырыла сөйлейтін шешендер, топты бастар көсемдер, ту ұстайтын батырлар, елді ерлікке шақыратын жыршылардың қоғамдық маңызы артты. Әсіресе, елдің әскери күшін жасақтаушы, әскери шараларға басшылық құратын батырлардың маңызы өсті. «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы» - деп, тегін айтпаған халқымыз.

Қазақтың жоңғарларға қарсы Отан соғысы тарихында елеулі із қалдырған тұлғаларымыздың бірі - Олжабай Толыбайұлы (1709-1783). Батыр туралы сақталынған деректер әр алуан: Жер аттары (Олжабай асуы, “Олжабай сөресі”, “Шүршітқырған”), ресми архив құжаттары,

ғалымдар жазбалары (Н.Я. Коншин, Ф.А. Щербина), мұражайлық экспонаттар (Омбы музейінде сақталулы Жаяу Мұса тапсырған Олжабайдың қылышы, белдігі, дулығасы, шарайнасы), зерттеушілердің еңбектері (Ә.Х. Марғұлан, Б. Адамбаев, М. Хақанов), қолжазба күйінде жеткен халық ауыз әдебиеті нұсқалары бар [1, 13 б.].

Халқымыздың тәуелсіздігін нығайтуда Олжабай батырдың үлесі мол болды. Осыған қатысты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы болып табылатын ғұлама ғалым, зиялы қауым өкілі, ұлт перзенті, Баянауыл елінің тумасы, академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқының тарихында XVIII ғасыр ерлік оқиғаларға толы естен кетпес дәуір болды. Халық жадында «Ақтабан шұбырынды» атанған сол бір қиын уақытта халық арасынан даңққа бөленген атақты адамдар аз шыққан жоқ. Сондай адамдардың бірі – «Ақтабан шұбырынды» дәуірінің ержүрек батыры атақты Олжабай. Ол – жоңғар-қытай боғдыхандарына қарсы тұрған азаттық күресінің дарынды, табанды басшыларының бірі», - деп жазған болатын [2, 7 б.].

Халық ауыз әдебиетінде Олжабай батырдың жеке келбеті де сипатталады. Келесі өлең жолдары арқылы қазақтың батырының образы көзге елестей болады. Онда Олжабай батыр:

«қақпақтай жаурынды,
орта бойлы шүйделі,
қайқы құлақ, қара қасы,
сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы» деп сипатталады.

Атақты бабамыз Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мәліметтеріне назар аударарлықтай бірқатар мәліметтер баршылық. Онда Олжабай батыр – «Қалмаққырған», «Талқы», «Шүршітқырған» шайқастарына қатысқаны жайлы сөз болады. Өзінің жеке дара әскери қабілеттерінің арқасында Олжабай батыр осы шайқастарда ерлік көрсетіп, жоңғарлардың әскерлерін талқандауда шешуші рөлге иеленеді.

Орманшыдан шыққан Сақау ақынның «Ер Олжабай» жыр жолдарында Олжабай батырдың есімі әкесінің қырғыздар ұрлаған тұлпарын қайтарғанда бүкіл елге белгілі болды. Бұл жерде Олжабай батырдың бойына біткен ержүректігі оның қырғыздарға қарсы жалғыз жорыққа шыққандығынан көрініс тауып, бүкіл қазақты тәмсандырады.

Олжабай батырдың даңқы 1739-1741 жылдардың аралығында шарықтау шегіне жетті. 1739-1740 жылдардың қысында 30000 қолды басқарған Септен мен Сары Манжа Сырдың бойынан және Ертістің бойынан шабуылдап, Орта жүз жеріне басып кіреді.

Ұрыс қимылдары 1741 ж. күзгі бітіміне дейін жалғасады. Дәл осы жорықтардың нәтижесінде жоңғарлардың қолына Абылай сұлтан тұтқынға түскен болатын.

В. Моисеевтың зерттеулерінің орыс деректеріне жүгінсек, 1741 жылдың қазақтан солтүстіктен төнген қауіптің бетін қайтарып, жоңғарларға мықты соққы береді. Қазақ жасақтарының қатарында көзге түсіп, ерлік көрсеткен Олжабай батыр халықтың дастан-жырлары бойынша Галдан-Шеренді жеңген батыр деп сипатталады [3, 121 б.].

Халықтың есінде, Баянауыл өлкесінің қазақтары арасында бұл тарихи құбылыстар «Қармақ қырған» атауымен белгілі. Бұл туралы мәліметтерді М.Ж. Көпейұлының жинаған деректерінен аламыз. Жоңғардың қалың қолы Баянауылға төніп келгенде, осы жерде қазақ жасақтарын үйлестірген Олжабай мен Жасыбай болатын. Баянауылды жаудан қорғамақ болып, екі батыр екі асу бойын күзетуге уағдаласады. Қалмақтар Қызылтаудан асу бойына дейінгі жерді түн ішінде жүріп өтіп, жауырыншылығына сенген Жасыбай батырды қапылыста атып өлтіреді. Мұны естіген Олжабай әскерімен жетіп, Шойынды көлінің басында қалмақтарды талқандайды. Қызытаудың бауырында Олжабай қалмақты қойдай қамап қырған жері “қалмаққырған” атанып кеткен. Зерделей қарасақ, Олжабай Баянауылға Бәсәнтиін малы үшін емес, қазақ жерін қалмақтан қорғау үшін келген. Жасыбаймен бірлесіп күзетіскен уақыттыңда Баянауылдың иесіз, елсіз жатуы 1739-1741 жылдары қазақ-қалмақ қақтығыстарынан туындаса керек. Шайқас барысына көз салсақ, алғашқы шабуылды Жасыбайдың шағын жасағы тежегейі, кейін негізгі күштің қалмақ әскерін қоршауға түсіріп, жеңгені байқалады [1, 14 б.].

Осылайша, халық арасында аты аңызға айналған Олжабай батыр бүкіл қазаққа тайсалмас ерлік символына айналды. Ел шашылып, жоңғар қолынан қашып бас сауғалаған кезде, бүкіл қазақтың көшбасшысы Абылай сұлтан жоңғар қолына түсіп, қазақ саяси-әскери басшылығынан айрылған кезеңде Олжабай батырлық қасиеттеріне ие болып, жоңғарлармен күресте табандылығын көрсете білді.

Ерлігі тасыған Олжабай өзінің әскери қабілеттерін Талқы шайқасында да көрсете білді. Талқы бекінісін басып алуда ерлікке басып, жеңіске үлкен үлес қосқан Олжабай батырдың рухшыл тұлғасын байқауға болады. Бұл жақсы бекінген Талқы қамалын Абылай әскерлері ала алмай жатқанда, қатардағы салықшы болып жүрген Олжабай “Олжабайлап” шауып, жасақты бастап, қолының қос басынан оқ тисе де, туын түсірместен қорған қақпасына жетіп,

қалайы, мыс, қорғасыннан құйып жасалған дарбазасын қылышымен қос қолдап шапқылап турап тастайды. қалың қол қорған ішіне өтіп, олжаға кенеліп, Олжабай батырдың есімі «Он сан Орта жүзге» ұран болады. Бұл мәліметтерден оның рухының биіктігін, қолға алған елінің туы үшін жан азабына шыдап, әскери көшбасшылық қасиеттерін анық байқатып, халқының болашағы үшін құрбан болуға дайын еді.

Абылай ханның ақ туын қолға алып, өзге батырлармен қанаттасып, жоңғарға қарсы соғыста көрсеткен оның ерлігі мен ерен батырлығы халықты сүйсіндірді. Ханның қасынан табылып, ақыл-парасатымен оған бағыт-бағдар беріп отыратын ұлы жырау Бұқар да Олжабай батырға үміт артып, ерлігін былайша көрсеткені бар:

«Қанды жорық, Олжабай,
Болат тіреу ордам-ай,
Қолды бастап тез аттан,
Ту көтеріп, үш жақтан.
Ер кіндігін шабақ та,
Нөсерді төгіп садақтан.
Болат қару тарланым,
Арыстандай арланым,
Сен тіріде құламас,
Сары ала туы орданың»

Олжабайдың ерлігінің, жау алдында қайыспайтындығының тағы бір дәлелі – оның «Шүршітқырған» шайқасында қытай әскерлерін тағы да ойсыртада жеңуі. Бұл құбылыс 1756-1757 жылдары орын алған Баянауылдың батыс жағындағы Абылай мен Әмірсананы жазалауға басып кірген қытай әскерлерімен болған шайқас еді. Тарихтың бұл беттерінен Олжабай батырдың айлакерлігі мен дипломатиялық қабілеттерін де анық аңғаруға болады. Шүршіт әскерінің сеніміне кіріп, орналастырып, тез арада үлкен қол жинап, жеңген екен. Осы уақиғалардан Олжабайдың бойына біткен қасиеттер қатарында тек жаугершілік, қан майдандағы ерлік қана емес, әскери айлакерлік пен шебер дипломатияға икемдігі болғанын анық байқауға болады. Оның дәлелі Олжабай батырдың белсенді түрде Ресеймен келіссөздерге атсалысып, тіпті Абылайды жоңғар тұтқынынан құтқаруда да өз үлесін қосады. Батыр бірнеше рет Орынборға келіссөздерді жүргізуге үшін де жіберілген еді. Бұл қазақ халқының батырға деген ерекше сенімінің нышаны.

Бүгінгі жас буынды тәрбиелеу ісі – мемлекеттің өміршеңдігі деңгейінде тұрған күрделі мәселе. Бабамыздың «Болашағынды

ойласаң, бесігінді түзе» деген нақыл сөзіне сүйенсек, терең жаһандану үдерісінің әсерімен өзінің ұлттық санасынан, тілі мен ділінен айрылғалы тұрған қазақ жастарының санасына Олжабай сынды дара тұлғаларымыздың үлгісін сіндіріп, оның қасиеттерін кең насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Бұл елдігіміздің, болашағымыздың, қазақ ұлттық санасын сақтау қажеттілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Халқының батыр ұлдары: Кереку-Баян өңірінің батырлары бойынша мақалалар мен материалдар жинағы / құраст. Ә.Қ. Елемесов. – Павлодар : Кереку, 2008. – 182 б.

2 Хақанов М. Абылайдың ақ туын Олжабай батыр ұстаған / М. Хақанов // Егемен Қазақстан. - 2009. - 20 қазан. - Б.7.

3 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). Алма-Ата: Гылым, 1991 – 238с.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ тарихы // <http://ikitap.kz/books/MawhurTarih2/files/assets/basic-html/page99.html>

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ (XVIII Ғ.)

М.Қ. ДАУЫТБЕКОВА

т.ғ.к., аға оқытушы,

С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Алматы қ.

Батырлар қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымында әлеуметтік институт ретінде ерекше орынға ие. Кеңестік тарихнамада батырлардың билеушілер тобына жатқызылуы, біз қарастырып отырған кезеңде қазақ қоғамындағы әскери-потестарлық құрылым рөлінің үлкейгенін анықталды, сондай-ақ мұндай билік пен беделге батырлар да ие болды (әскери конфронтация дәуіріндегі басшылар – авт.).

Жерді пайдалану, көші-қон мәселелері, тайпалар арасындағы қайшылықтар қоғамның әртүрлі топтары арасындағы қатынастарды реттеу, көрші мемлекеттермен және халықтар арасындағы қатынастар қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси мекемелердің өмір сүру деңгейін анықтады. Оған әлеуметтік институттардың түрлі қоғамдық қызметтерді (әлеуметтік, сот, әскери-саяси, т.б.) жүзеге

асыруы тән болды. Қоғамдық қатынастардағы әрбір тип жеке-жеке болды, соның нәтижесінде оның құрылымы да өзгерістерге ұшырады. Қазақ қоғамының негізгі әлеуметтік-саяси мекемелеріне екі тип жатты: қоғамдық қатынастардағы экономикалық емес қатынастарды реттеп отыратын әлеуметтік құрылымдар және әскери-саяси қызметтерді, жерді пайдалану жүйесін реттейтін, көші-қон жолдарын анықтайтын қызметтер. Іс жүзінде бұл хандардың, сұлтандардың, тайпа басшылары-старшындардың көшу жүйесін реттеуімен сипатталды. Ассоциацияның басқа бір маңызды қызметі экономикалық спекторға жатпайтын өзінің қатынастарын реттеу болып табылды, әсіресе бақылау, кінәлілерді анықтау, тайпалар мен басқа халықтар арасындағы қайшылықтарды шешу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, барымта және т.б.

Жаз мезгілі және басқа да жыл мезгілдері кезіндегі түрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін құрылымдық ұйымдар болды, оның қызметіне көшпелілер және басқа да тайпалар арасындағы әскери-саяси қатынастарды реттеу жатты. Орын алған ішкі және сыртқы экономиканы жүзеге асыру мүмкін болғандықтан, олардың барлығы да бір қолдан (хан, сұлтан немесе батыр) шешілді, ал бейбітшілік кезінде олар бөлініп кетті.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі батырлардың саяси-әлеуметтік күш ретінде ерекшеленуіне қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуынан келіп туындайтын саяси жүйесіндегі ерекшеліктері әсер еткені анық. Қазақ хандығының саяси құрылымының өзегі рулар арасындағы қарым-қатынастардан бастау алатындығын атап көрсеттік. Оның басты себебі мемлекет тұрғындарының, яғни халықтың ру жүйесі шеңберіне енуі. Қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірді генеологиялық тұрғыдан реттеу жалпы көшпелілер қоғамына өте ерте кезден тән құбылыс.

Рулардың белгілі бір тәртіпке негізделген өзара қарым-қатынасы потестарлы билікті туғызады. Қазақ қоғамындағы биліктің саяси және потестарлы жүйелерінің қатар өмір сүруі XVIII ғасырдағы қазақ қоғамына тән болған саяси құрылымындағы батырлардың әлеуметтік-саяси институт ретіндегі орнын айқындап берген басты фактор болғанын көреміз.

П. Рычков «сол ордалардағы үкіметті негізінен демократиялық деп атауға лайық дей келе, - себебі әр ру өз ішінде кәрісі мен байы болса соны құрметтейді. Бірақ, халықты басқаруға жеткілікті билікті билер түгілі, ел басылары да меңгермеген. Тек қана олжа іздеп жорыққа шыққанда, не жауларынан қорғанарда өз хандары

мен билеріне тізгін береді, солардың бұйрығы бойынша жиналып іс атқарады» [1, 72 б.], – деген тұжырымға келген. П. Паллас та әр рудың немесе аймақтың өз басшысы бар дей келе, оған сол рудан тарайтын аталардың бәрі өз еркімен қызмет істейіндігін атап көрсетеді [2, 578 б.]. И. Гюрги мұндай саяси жүйеде билікке ие әлеуметтік топтардың ішінде би орны сұлтанның төмен, қожалардан жоғары екендігіне назар аудара отырып, «оның себебі билерге батырлар бағынышты, аймақ басшылары, ең танымал белгілі және бай қазақтардан сайланады. Оның өзінде де әркім өз бас пайдасын көздеп бағынады. Егер елге ұнамаса аймақ басшыларының сөзі де жерде қалады», - деп жазады [3, 124 б.]. Осы арада зерттеушінің саяси билікке ие әлеуметтік топтардың ішінде билерге батырлардың бағынышты болуы алғашқыларының билігінің жоғары болуының көрінісі болғандығы туралы пікірін толығырақ талдай кету қажет. Себебі, біз қарастырып отырған кезеңде батырлардың саяси жүйедегі орны билерден төмен болмағанын көреміз. Себебі бұдан бұрын да айтып өткеніміздей қазақ қоғамындағы би, батыр, жырау немесе тағы да басқа қызметтерінің ара-жігінің кейде қабысып жатуында. Басқаша айтсақ, бұл кезеңдегі қазақ қоғамындағы батырлардың институтциялануы олардың тек қана жеке батыр ретінде ғана емес, би, шешен, жырау, ұлыс, ру билеушісі ретіндегі қызметтерді бір қолға жинақтауынан келіп туындағанын көреміз.

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамымен танысқан адамдар аймақтарды сұлтандар, ұлыстарды қазақтардың билері басқарады, ұсақ рулар мен оның тармақтарын қара сүйектерден шыққан өз аталастары билейді деген пікірді білдіреді [4, 186 б.]. Дегенмен, бұл тұжырымдар қазақ қоғамының саяси жүйесіндегі билердің немесе батырлардың билігінің шексіздігін білдірмейді. Олар белгілі- бір аймақ, ұлыс немесе ру-тайпа басшысы ретінде қанша беделді болғанымен олардың билігін әрқашан хан бекітуі керек. Осы кезеңдердегі орыс деректерінде ұлысты билейтін ел басшыларын сол елдің игі жақсылары таңдап сайлайды, тіпті аймақ елді бастайтын билерді де жақсылардың жиыны бекітеді. Дегенмен олардың беделі тек хан мойындағанда, қолдағанда ғана үстем болмақ деген сарындағы пікірлерді көптеп кездестіруге болады. Бірақ осы орайда хан билігінің де беделі оны атақты батырлар мен билердің қолдауына да тікелей қатысты екендігін көреміз.

Мәселен, ірі мемлекет қайраткері Абылайдың күші мен беделі арғындардың (Орта жүздегі ірі тайпа) мықтылығын көрсетті. Сондай-ақ шекті және төртқараның беделін арттырған Қайып хан,

наймандарды Барақ хан, қыпшақтарды Кенесары Қасымұлы, және т.б. Әскери-саяси ұйымның құрамына орта есеппен 10 мың адам кірді, тек Кенесары Қасымұлының қозғалысы кезінде олардың саны шамамен 20-25 мың адамды құрады. Көрші мемлекеттерден қауіп төнген жағдайларда ер адамдардың саны айтарлықтай өсті. Олардың рөлі қазақтардың отырықшы көрші мемлекеттермен (Ресей, Қытай, Орта Азиялық хандықтар) жер қатынастарын реттеген кезде күшейді. Көшпелілер мен отырықшы шаруалардың әлемінде әскери-саяси орталықтардың, әсіресе Түркістандағы қазақ хандарының резиденциясының құрылуы жайдан-жай емес еді. Көшпелі шаруашылық жүйесін реттеумен қоғамдық дәрежедегі әлеуметтік институттар айналысты. Әлеуметтік-саяси басқарудағы әртүрлі салалардың арасындағы алшақтық бүкіл қазақ қоғамын орталықтандыруға және оның мемлекеттік құрылымының тұрақсыздығына әкелді.

Н.Рычков билік түрлері туралы айта келіп «ешқандай қазақ, тіпті ел басы, хандарының өзі қалауымен ең ауыр қылмыс жасаған қылмыскерді жазалай алмайды. Әркімнің беделі мен абыройы руына байланысты, қажет болған жағдайда әркім де әділ заңды іздемей өз руының күшін қорғанысқа пайдалана алады. Қазақтарды бір іске бастау үшін ең алдымен ру басы көсемдердің қолдауына ие болу керек, тіпті ханның билігінің де олармен салыстырғанда салмағы жоқ» [5, 23-24 бб.], - деп жазады.

Хан-сұлтандардың билігі ру көсемдеріне тікелей бағынышты болғанын пайымдай отырып, халық тарапынан билер мен батырларға деген көзқарастың да қатал екендігін байқаймыз. Ру басшылары халық келісімін алмай өз беттерімен қоғамдық шаруаларды шеше алмайды. Орынбор шекара басқармасының құжаттарында «аты аталған билер, хан балалары, басқа сұлтандар ел талабына сай қызмет істесе халыққа жағымды, сыйлы, ал керісінше жасаса, ешкім олармен санаспайды, тілін алмайды» [6, 120 б.] деген мәліметтер анық келтірілген. Ал, И. Георги «бүкіл аймақ басшыларының қолдауымен жасалған келісімдерді де халық өзіне жағымды болса ғана іске асырады» [7, 124 б.], – деп нақтылай түседі

Батырлардың ықпалы тек жеке басының қасиетіне ғана байланысты емес, руының күшіне, ал ру күші оның санына байланысты болды. Руластардың көп болуы, ол рудың жауынгерлік қабілетін күшейтеді. Л.Гавердовский «кедей қазақтар өз отбасымен бірге атақты бір билердің қарамағындағы ауылдарға кіреді, өз бас амандығы үшін қамқоршысының айтқанымен жүреді, кейде

қысымына да шыдайды. Ал тізесі тие берсе қарсы рулардың біріне қосылып кетіп бұрынғы қамқоршысының малын барымталап айдап алады», – деп жазады [8, 143 б.]. Ал Орынбор губернаторы Волконский «күшті ру басылар немесе жай қарапайым елдің ортасынан шыққан жігіттер және басқалары өздерінің соңына ерген қазақтармен бірге ұрлық жасап, ел тонайды, билерге, сұлтандарға, тіпті ханның өзіне бағынбақ түгілі, оларға қауіп төндіріп, қолда барын тартып алады» деген пікір айтады [9, 135 б.].

Халық атынан сөйлеу құқығы бар билер мен батырлардың салмағының жоғары болғанын орыс деректері растай түседі. Мәселен, 1785 ж. Кіші жүз ру көсемдері Екатерина II патшайымға «Кіші жүздің би, батыр, мырзалары сізден өте өтініп сұраймыз. Әбілқайыр балаларын түгел қызметтен босатып, артықшылықтарынан аластасаңыз. Олар біздің қара халықты жамандап, ызаландырып, көпшілігін ренжітті, олардың азғын сөзіне сенбеніз» деген хат жолдайды [10, 65 б.]. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, Сырым батыр бастаған бұл топтың ауызбіршілігінен сескенген патша үкіметі бұл талаптарды орындауға мәжбүр болады.

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымының ерекшеліктері туралы айта келе, И. Георги «соңғы кезде қара сүйектен шыққандар күшейді. Олар өздеріне би, батыр деген лауазымдарды алып, сұлтан тұқымдарымен туысып, көптеген ауылдарға басшылық жасай бастады» [11, 135 б.], – деп жазады. Өз кезегінде зерттеуші Ж.Артықбаев орыс деректеріндегі қазақ халқының әлеуметтік тұрғыдан үлкен екі топқа бөлінетіндігі туралы мәліметтер анық болғанымен, сәл үстірттеу, - дей келе, қара сүйектен шыққан би, батырлардың күшті болуы көшпелілікпен, оның рулық құрылымымен тығыз байланысты, ол тек XVIII ғасырда шыққан нәрсе емес. Олар ру жетекшілері есебінде өте беделді, бұл қатынас әлеуметтік құрылымның туыстық негізге сүйенуімен қабат пайда болған. Қараша халықтың өзін-өзі басқару жүйесі саяси тұрғыдан алғанда біртұтас күшті мемлекеттің қалыптасуына елүлі кедергі, хан билігіне қарама-қарсы саяси күш, – деп тұжырымдайды [12, 263-264 бб.].

Көріп отырғанымыздай қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымындағы батырлардың орны мен рөлінің өсуіне бірнеше жағдай әсер еткен. XVIII ғасырдағы қалыптасқан жағдай саяси билік институттарын өте қиын жағдайға қойды. Дәстүрлі көшпелі қоғамға тән, көшпелілер қоғамындағы қалыпты мемлекеттік тәртіптің қайнар көзі жаугершілік тұрмыспен тікелей байланысты болғанын да пайымдауға болады.

XVIII ғасырдағы деректер қазақтарды өр мінезді, жауынгер халық ретінде суреттейді. Орыс зерттеушілері «ерте уақытта қазақтар ең жауынгер ел саналған. Қазір жоңғарлар жойылғаннан кейін бұлардан көп және күштісі жоқ. Олар ешқашан ешкімге де алым-салық төлеп көрмеген», - деп атап көрсетеді [13, 577 б.].

Дегенмен аталған кезеңдегі саяси-потестарлық билік дәстүрлері дәстүрлі қазақ қоғамының өзіндік ерекшелігі ретінде айқындалады. Көшпелілер қоғамында потестарлы аталатын билер мен батырлардың, ақсақалдардың қолындағы билік саяси құрылымның негізі болған.

Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың орны заңдық тұрғыдан реттеліп, айқындалып отырған. Мәселен, қазақ хандығының іргесін қалаушы хандардың бірі Қасым хан /1511-1523/ саяси жағдайға және халық бұқарасы мен билер тобының тілегіне негізделіп, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртіптеріне мәнді өзгерістер енгізіп, дамытып, билер кеңесінде ақылдаса отырып, «жарғы» заңын жасады. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен заңдар жинағының үшінші ережесі Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат). «Жеті жарғы» заңдар жинағының бесінші бунағы да ел бірлігін сақтау, отанын қорғау, сыртқы жауларға тойтарыс беру, жасақ құру, сардар сайлау, сауын айту тәрізді жаугершілік кезеңдегі мемлекеттік ірі оқиғалар жүйесін қамтыған. Бұл жинақтағы әскери жазаның бір түрі «қара мылтық алу» екен. Бұл жаза бойынша әскери қылмыскердің қаруын жою шарасы өткізілген. Бұл өте ауыр саналып, өлім жазасымен тең дәрежеде қабылданған [14, 244 б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың сұлтандар тобымен қатар жоғары мәртебелі топ болып қалыптасып, қазақ жұртын «батырлар еліне» айналдыруына ел тарихының рулық, тайпалық жүйеден тұратын құрылымы тікелей ықпал етті. Себебі, қазақ жауға қарсы ұйымдасып, ұйысқанда ең алдымен сол рулардың рубасы немесе батырлары, билері арқылы топтасып, аттандап жауға аттанатындығы тарихи шындық. Міне, осы кезеңде өздерінің руларының атын шығарып, өзінің тайпасының белгісі таңбаланған туын биік ұстап шыққан батырлардың тұлғасы асқақтай түсті. Қазақтың жауға шапқан батырларына руларын бірге қосып «Қанжығалы Бөгенбай», «Шақшақ Жәнібек», «Қаракерей Қабанбай», «Шапырашты Наурызбай» деп ұрандауының астарында үлкен мағына бар. Бұл жерде «әне, анау Қаракерей батыры», «міне мынау Қаракесек батыры» деген анықтама бар. Әрине, бұдан кейін өзге тайпалардан шыққан батырлардың да намыс отын жани

түсіп, өз руларының атын шығарып, жауды түйреу үшін құлшына суырылып шығып, атой салатыны сөзсіз.

Қазақ әскерінің жоғарғы бас қолбасшысы болып табылатын хан әскери қимылдардың басты ұйымдастырушысы, жетекшісі және үйлестірушісі міндетін орындады. Соғыс кезіндегі әскери-ұйымдастырушылық тетігі ханның ержүректілік, қолбасшылық дарындылығы, беделі сынды қасиеттеріне тікелей байланысты еді. Олардың билігі мен беделінің артуы мен төмендеуі қазақ қоғамындағы жоғарғы әлеуметтік топтарға да тікелей байланысты болды. Сондықтан қазақ хандары да өз есімдерімен қатар «баһадүр», «батыр» атағын иеленген.

Ал, хандықтың бас әскербасын хан өзі тағайындаған. Оған ұйымдастыру қабілеті бар, қол бастай алатын, шабуыл мен қорғану ісіне шебер, әрі ұрыстарда батылдық көрсеткен, жекпе-жектерде жеңіске жеткен адам болуы керек. Осындай батырды ғана әскербасы етіп қойған.

Негізінен таптық ұстанымға негізделген кеңестік зерттеушілердің еңбектерінде қазақ қоғамындағы батырлардың мұндай айрықша рөлі мен орны дұрыс түсіндірілмеді. Мәселен, М. Вяткиннің өзі батыр терминін әлеуметтік-таптық мәні жоқ ұғым ретінде қарастыра отырып, әсіресе XVIII ғасырда ерекше рөлге ие болған батырлардың қоғамдық сипатын (общественная природа) анықтаудың қиындығын алға тартады. Мұндай «қиындықты» қоғамдық қатынастарды тек таптық тұрғыдан түсіндіретін әдістемені (методологияны) басшылыққа алған кеңестік зерттеушінің бастан өткеруі танданарлық жайт емес. Себебі, қазақ қоғамындағы батырлар өздерінің таптық сипаты жағынан үстем тап немесе қаналушы және езілген тап арасынан да шыққан тұлғалар болғандығын ұмытпауымыз керек.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу барысында батырлардың үстем тапқа жатқызылуы тарихи кезеңдегі әскери-басқару құрылымының үлкен рөл атқаруымен, демек, әскери қарсыласу дәуірінде батырлар – көсемдер ие болатын зор билік ықпалымен анықталды. Сонымен, жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Батырлардың қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымында ерекше орынға ие болуына жалпы көшпелі қоғамның, соның ішінде ру-тайпалық құрылымы мен саяси-потестарлы ұйымдасуының ерекшелігі тікелей ықпал жасады. Батырлар институтының тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән әлеуметтік институтқа айналуының негізгі заңдылығын жалпы қазақ қоғамының қалыптасуының өзіндік

ерекшеліктерімен байланысты болды. Қазақ қоғамы дамуының мәселелері жалпы көшпелі халықтардың қоғамдық құрылымы мен мемлекеттілігі мәселелерімен тікелей байланысты. Дәстүрлі қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымының ерекшелігі- оның Қазақ хандығы пайда болғанға дейінгі қазақ жерінде болған ежелгі мемлекеттік құрылымдар мен хандық бірлестіктердің саяси, әлеуметтік және әскери өміріндегі, дәстүрлі шаруашылық пен болмыстағы дамуымен тығыз байланысты. Бір-бірімен тығыз байланысты бұл факторлардың маңызды да шешуші рөліне ерекше назар аударған жағдайда ғана батырлар институтының қалыптасу жолдары мен негізгі атқарған қызметтерінің ерекшеліктерін түсіне аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург: Типо-литография Ив. Ефимского-Мировицкого, 1896. – 95 с.
- 2 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. – СПб.: При Императ. Акад. наук, 1773. – Т.І. – 472 с.
- 3 Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов.– СПб., 1799. – Ч. 2. – 135 с.
- 4 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник. V в. н.э., - XVIII в. н.э.). – М.- Алматы, 1935. – Ч.1. – 300 с.
- 5 Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург: Типо-литография Ив. Ефимского-Мировицкого, 1896. – 95 с.
- 6 Материалы по истории Казахской ССР.-Т.IV. (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – 543 с.
- 7 Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов.– СПб., 1799. – Ч. 2. – 135 с.
- 8 Вяткин М.П. Батыр Сырым. – М.- Л.: Изд-во АН СССР, 1947. – 390 с.
- 9 Материалы по истории Казахской ССР.-Т.IV. (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – 543 с.
- 10 Материалы по истории Казахской ССР. - Т.IV. (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940.540 – 543 с.
- 11 Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов.– СПб., 1799. – Ч. 2. – 135 с.
- 12 Артықбаев Ж. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы: тарих ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1997. – 501 б.
- 13 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.

14 Еламанов Қ. Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымы және билер қызметі // Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. – 10 томдық / Бас ред.: С.З. Зиманов. – Алматы, 2004. – Т. 2. – 240-249 бб.

ӘОЖ 94 (574)

XV-XVII ҒҒ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖОҢҒАР ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Ф. ЖҰМАҒҰЛ

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А.А. КАСКАБАСОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

К.К. СЫЗДЫКОВ

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтардың жоңғар басқыншылығына қарсы үш жүз жыл бойы күрескені, екі елдің арасындағы соғыс, оның зардаптары, қазақ батырларының қаһармандық ерлігі, хандардың ел мен жерді қорғаудағы, жауды жеңудегі көрегендік қайраткерлігі ел тарихында сақталған.

XVI ғасырдың аяғында қазақтардың жоңғарлармен қарым – қатынасы пайда бола бастады. Олардың арасындағы табиғи шекаралардың болмауы, жайылым жерлерге йе болуға итермелеген жағдайлар, екі елдің арасындағы соқтығысулар мен соғыстарға себеп болды.

Жоңғарлар мен қазақтардың әскери қарым – қатынас, қақтығыстарын суреттеуге көшпес бұрын «жоңғар атау сөзінің мағынасын аша кеткен жөн деп есептеймін. Жоңғар – ұлт емес. Бұл атау «сол жақ», «сол қанат» деген түсініктен шыққан. Бір деректерге қарағанда Шыңжаң, Шығыс Түркістан аумағын, Тянь – Шань тауларын дәлірек айтқанда Хан тәңірі ұлы шыңының өзі екі бөлікке бөледі. Егер адам Хан – Тәңірінің ұшар биігіне көтерілсе, оның сол қолы жағында «Солтүстік ойпат» - Жоңғар, оң қолы жағында «Оңтүстік ойпат» - Қашғар кесіліп жатады. «Ғар» деген сөз түркі тілінде ойпат, үңгір, шұңқыр дегенді білдіреді. Кейбір мәліметтер бойынша, Шыңғыс хан армиясы «сол қанатынын» «жоңғар» деген атауы болған. Бұл кезеңде Жоңғарияны түркілік және моңғолдық төркіні бар ойраттар

жайлады. Ол шорас, хошауыт, торғауыт, дүрбіт, тайпаларының әрқилы атаулары. Бұларды да жоңғарлар деп атаған. Сөйтіп, «жоңғар» термині, қалмақтар, ойраттар, элюоттер – сайып келгенде «сол жақтың», «сол канаттың» адамдары [2, 896]. Олар XIV ғ. II-ші жартысында моңғолдар ханы билігінің астынан шығып, өз жетекшілері – тайшылардың қол астына қараған, «Ойрат одағын» құрып, ыдыраған тайпаларды біріктірген. Жоңғарлар өз дәуірінде Ұлы Қытай қабырғасы мен Тибет, екінші жағы – Моңғолия мен Жоңғар ойпаты аралығындағы аймаққа билік жүргізген. Олар ғасыр бойына Қытай империясымен Қазақ даласы арасындағы жұмсартқыш рөлін атқарып, Қытайлардың шығыстан мезгіл – мезгіл тықсыруларын тежеп отырған .

XV ғ Қытай саясатшылары Жоңғар мемлекетінің ішіндегі алауыздықтарды пайдаланып, оларға қарсы жорыққа шығады. Жаугершілік зардабынан Жоңғарлардың бір бөлігі қалады да, қалғандары елді тастап кетуге мәжбүр болады. Отандарын тастап шыққан жоңғарлардың бір бөлігі Қазақстан аймағында Самара далалырында, Қалмакияда тұрақтанып қалады. Қазіргі Қалмакияда сол Жоңғарлардың ұрпақтары тұрып жатыр. Жоңғар тілі қазақ тілімен тамырлас болғандықтан, біздің жерге орныққандары қазақтарға сіңісіп кетті. Қытайдың Іле автономиялық облысында ойрат – жоңғарлардың 4 автономиялық мекендері бар [2, 90 б].

Қазақ хандығы құрылған уақытпен бір мезгілде түркі тектес батыс моңғол халықтарының тобы, будда дінін ұстанатын қалмақтардың арғы аталырынан тұратын Жоңғар (Ойрат) мемлекеті бой көтерді. Бұл тұста халықаралық жағдай былай болатын. Батыста – I Петрдің қазақ жерлерін өзіне қосуды мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерген Ресей империясы. Қытай империясы тарапынан да басқыншылық қаупі аз төнген жоқ. Осындай жағдайды пайдаланған және дүрдараз көршілірдің түртпектеуімен жоңғар – қалмақ 150 жыл бойына, 1599-1750 ж.ж. аралығында қазақ жерін ұдайы жортуылдар жасап тұрды. Батыс моңғол тайпалары бірігіп үлкен қуатты қаруға айналған. Олар көршілес мемлекеттерге ұдайы жаулаушылық әрекеттерін жасаған, әсіресе Моғолстанға.

XV ғасырдың I - ші жартысында қалмақтардың Тоған ханның жігерлі ұлы Эссен тайшы басқарды. Ол барлық ұрпақтарын және ойрат тайпаларынан бір одақ құрып, сонымен қатар өз билігін Шығыс Моңғолияға да таратқан. Дегенмен, Эссен Тайшының өлімімен қалмақтардың саяси билігі уақытша босарып қалды.

Тек XVII ғ ортасында ойрат халқының арасында жігерлі және мықты билеушілер пайда болды. Солардың бірі Қара –Құла

ханы. Ол ортаңғы және жоғарғы Ертіс ағысында мекендеген ойрат феодалдарын бір бумаға жинады, қазақтарға қарсы ойрат бірлестігін құрып, ол халықты мемлекеттік деңгеге көтерді. Оның бастауымен әдебиетте «Жоңғар» атауы кездесе бастады. 1634 жылы Қара-Құла қайтыс болып, оны орнына баласын Батыр Қонтайшы болып, 1635 жылы Жоңғар Хандығы құрылады. Шынын айтқанда, ойрат бірлестігінің құрылуы, моңғол тайпаларының бірігуі Қазақ хандығы үшін қолайсыз болды. Қалмақтардың экспансиясы баяу жүрді.

Кейбір жағдайдағы соққысулар, қысқа мерзімді келісімдер, кейде қалмақтардың Қазақ хандары мен сұлтандарының қол астындағы жайыттар да болған.

Егер Қалмақтың негізгі көштері Ертіс өзені мен Зайсан көлінде болағанын ескерсе, онда Ойраттың бір бөлігі қазақ сұлтандарының қол астында болуы бұл хатты растайды. Қалмақтың алдыңғы ұлыстары XVII ғасырдың басында батысқа қарай жылжуы барысында Хорезмге шабуыл жасауға мүмкіншілігі туды. 1603-1604 жылдардың қысында, Әбілғазының айтуынша, қалмақтар Хорезмге бірінші шабуыл жасады. Хорезм билеушісі Араб хан қалмақтың артын қуып, оларға тұтқынға түскен адамдарын қайтарды. 1604 жылғы орыс архив деректері бойынша « все калмацкие тайши и улусные люди пошли во свати с казацкой ордой». Қалмақтарға қосылған қалған моңғол тайпалары қуатты әскерді құрды [1, 1456].

Дегенмен олар қазақ пен ноғай халықтарынан қатты тойтарыс алды. Бұл жағдайда қалмақтар солтүстікке жылжып, орыс мемлекетіне арқа сүйеді. Орыс мемлекетімен қарым – қатынасы жоңғарлардың қазақтарымен соққысуға қолын босатты. Қазақтардың ішкі талас – тартысы жоңғарлар үшін ыңғайлы болды. Олар қазақ хандығының саяси ықпалына әсер етті. Бірақ қазақтардың жағдайы ауыр болса да, жоңғар мемлекетіне қарсы Жетісу бойында көптеген көтерілістер болды.

Сол кезеңде қазақ хандығымен екі хан қатар билеген болатын (Есім және Тұрсын). Атап айтқанда, Тұрсын мен Есім ханнан, тек қана Есім хан жоңғарлармен үздіксіз күрескен болатын. Бұл жағдай екі фактымен көрсетіледі: Біріншіден, Есім ханның Түркістан мен Жетісуды өз қарамағында ұстап, моғолдар мен қалмақтардың көршілерімен жақсы қарым – қатынаста болуы; Екіншіден, Тұрсын ханның өз бойын бұл жайыттардан алыс ұстауы. Сонымен қатар қалмақтардың Тұрсын ханды қорқынынан байланысты

Жоңғарлардың қазақтар мен ноғайларды өздерінің қас жауы деп санағанша, оларды Қытай мен Моғол хандықтары қыспақтай берді.

Бұл қиыншылықтан шығу үшін жоңғарлар 1620 жылы Есім ханға бейбітшілік келісім жасасуға өз елшілігін жібереді. Бірақ Есім хан кей қалмақ тайпаларының қазақ жайылымына шабуыл жасағаны үшін, келіссөз барысында елшілерді өлтіріп, қазақ әскерімен қалмақтардың кей тайпаларын қырғынға ұшыратты. Қалмақтарға әсіресе XVII ғасырдың 20 жылдары өте қиынға соқты. Олар бірнеше майданда соғысты. Осы жылдары Бұхар ханы Имамкули өзінің көпестерінің тоналғаны жайлы Жаңғар қонтайшысын ескертті. Бірақ бұнымен бітпей, Бұхар ханы жоңғарларға қарсы әскерін аттандырды. Бірнеше майданда соғыса отырып, кейбір кішігірім соққыларда қазақ адамдарын тұтқынға алып, оларды Түмендегі отырған қалмақ тұтқындарымен айырбастаған. Кейін елшілер 1624 жылы Тұрсын мен Есім ханның атынан Жоңғар қонтайшысына бейбітшілік туралы келісін әкелді. Ноғай деректемелері бойынша қалмақ пен қазақ арасында достық орнап, қалмақ пен бұхар халық арасында бейбітшілігі жоқ жайлы деректемелер кездеседі. Бірақ бұл бейбітшілік ұзаққа созылмады. 1627 жылы Есім ханның бастауымен қазақтар қалмақтарға жарыққа шықты. Ойрат тайшылары жеңіліс тауып, 1628 жылы қалмақтардың бір бөлігі қазақ жерінен алыстады. Сол аралықта жоңғар тарихында маңызды оқиғалар болып жатты. 1627 – 1628 жылдары бұрынғы ойрат бірлестігі құлады; ал хошауыттар мен торғауыттар ойрат қоғамынан мүлдем бөліп кеттіп, Солтүстік Қазақстан арқылы Волганың төменгі ағысына көшіп, онда Қалмақ хандығын құрды. Ал қалған тайпалар бірге жиналып 1635 жылы Ертіс өзені бойында Жоңғар хандығын құрған [1, 130 б].

Сол жылдары Қазақ даласын басқарған Есім ханның ұлы – Жәңгір хан болатын. Оның тұсында Батыр қонтайшы басқарып отырған жоңғар-ойраттардың күшеюі байқалды. Олар Қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасап тұрды. Жәңгір ханның билік еткен жылдары жоңғар феодалдарының қазақ жерін жаулап алуға жасаған үздіксіз жорықтар кезеңіне сай келеді. Кейбір мәліметтерге сәйкес, Жәңгір ханның ордасы Түркістанға таяу маңда орналасыпты. Жәңгір хан Бұхар хандығымен одақтастық келісімге келіп, жоңғар басқыншыларына қарсы күрес жүргізді. Сонымен бірге, ол қырғыздармен де осындай қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Мұның бәрі жоңғар шабуылынан қорғану мақсатынан туып еді. Дәл осы кезеңде қазақ хандығы мен ойрат жоңғарлары арасындағы қарулы қақтығыстар жиілей түсті. Екі жақтың басшылары көшіп-қонуға жайлы жерлер және Сырдария өзені бойындағы сауда орталықтары үшін күрес жүргізді. Сол кезеңдегі тарихи мәліметтер бойынша, Жәңгір хан тұсында қазақтар мен ойрат

жоңғарлары арасында үш ірі шайқас болған: 1635 жылы, 1643-1644 жылдары, 1652 жылы [1, 131 б].

1635 <http://kk.wikipedia.org/wiki/1635> жылғы шайқаста қазақ әскерлеріне Батыр қонтайшы бастаған жер қайысқан қалың қол қарсы тұрды. Бұл ұрыстың нақты нәтижелері жөнінде мәліметтер жоқ, бірақ шайқас кезінде Жәңгір ханның тұтқынға түсіп, біраз уақыттан соң қашып құтылғаны туралы деректер кездеседі. Сол кезден бастап Жәңгір хан жоңғарларға үнемі шабуыл жасап тұрады. Екінші ірі шайқас 1643 жылы қыста Батыр қонтайшының қазақ жеріне шабуыл жасауынан басталады. Жоңғарлар Жетісу өңірінің үлкен бөлігін жаулап алып, он мыңға жуық адамды тұтқынға түсіреді. Жәңгір ханға көмекке 20 мың сарбазымен Самарқан билеушісі Жалаңтөс Баһадүр келеді. Жалаңтөс Баһадүр қолының көмегі арқасында Жәңгір хан бұл шайқаста жеңіске жетеді. Батыр қонтайшы шегінуге мәжбүр болады. Жеңіліске ұшыраған жоңғарлар бұл ұрыста он мыңға жуық адамынан айырылады. Сақталып қалған тарихи мәліметтер бойынша, бұл шайқаста Жәңгір хан зор қолбасшылық дарын мен әскери шеберлік таныта білген. Жәңгір хан жоңғарларға қарсы күресте моғолдар жағынан көмек алу үшін біраз әрекет етті. Олармен тату көршілік қарым-қатынас орнату үшін екі рет елші жіберді. Бұл дипломатиялық тапсырма Жәңгір ханның ұлдары Тәуке мен Апақ сұлтандарға жүктелді. 1643-1644 жылдардағы шайқаста толық жеңілмеген жоңғарлар болашақта болатын соғысқа мұқият дайындала бастады. Жоңғар қонтайшысы 1643-1644 жылдардағы жеңілістен кейін бытыраған иеліктерін біріктіріп, Сібірдегі орыс қалаларынан қару-жарақтар және оқ-дәрілер сатып алады. 1652 жылы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы үшінші ірі шайқаста қазақ әскерлері жеңіліске ұшырап, Жәңгір хан қаза табады [1, 131б].

Қалмақтармен жер үшін күрес Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан (1680—1715/1718 жылдары) тұсында да жалғасады. Тәукенің билігі қалмақ қонтайшылары Қалдан Бошқоты (1676—1697 жылдары) мен Себан – Рабданның (1697—1727 жылдары) билігіне тұстас келді. Бұл — қазақ-қалмақ қатынасының аса ширыққан кезі болатын. Қалдан ханның әскері 1681 және 1683 жылдары Сайрамға дейін жетеді. Жетісу өңірі біраз уақытқа қалмақтардың қолына өтеді. 1710 және 1711 жылдары қалмақтар қазақ жеріне жаңа шабуылға көшті. Оған жоңғарлардың Қытаймен арадағы қатынасының шиеленісіп кетуі себепші болған еді [1, 136 б].

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бас кезі жоңғар қалмақтарынан төнген қауіпке қарамастан, Қазақ мемлекеттігінің

нығая түсуімен сипатталады. Ел арасында қалыптасқан пікір мұндай жағымды өзгерістерді Тәуке ханның есімімен байланыстырады. Тәуке өзінің қайраткерлік қабілеті арқасында ел ішіндегі алауыздыққа жол бермей, татулық орнатты, орталық хандық биліктің рөлін күшейтті, соның нәтижесінде, елдің әл-ауқаты, байлығы артты. Сондықтан да халық ханды өз-Тәуке атап, ал оның билік құрған кезеңін *қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* деп бағалады. Жоңғар хандығымен күрес жүргізе отырып, Тәуке хан Бұхармен жақсы қатынаста болуға тырысты. Ол қазақ хандарының дәстүрлі Мәуереннахрдағы ықпалы үшін күрес бағытынан қайтқан жоқ, өмірінің соңына қарай Ташкентті өзіне қаратты. Ресейдің Батыс Сібірге біржола орнығуы, Ертіс бойына орыс бекіністерінің орныға бастауы, сөйтіп, бұл қуатты мемлекеттің батыс пен солтүстік-шығыста қазақ елінің тікелей көршісіне айналуы, әрине, Тәуке ханды да ойға салғаны анық. Жоңғардан төнген қауіп жағдайында оның 1717 жылы орыс үкіметіне елші аттандырып, әскери көмек сұрауы — соның айғағы. [1, 137 б].

Тарихи деректердің дәлелдеуінше, қазақтар мен қалмақтар ежелден бір-бірінен қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы болған халық. Оған қазақтың бірқатар хандары мен сұлтандарының асыл аналарының, қазақ батырларының көбісінің аяулы жары қалмақ, жоңғар хонтайшыларының қыздары болғаны нақты айғақ. Жаугершілік заманда жеңген жақтың олжасында ару қыздар да болған. Ол қалыптасқан дәстүр бойынша, хан, сұлтан, батырларға сыйға тартылған. Қыпшақ Тілеулі батырдың бәйбішесі – Қарқара ойрат хонтайшасының, екінші әйелі Нәнжіл – жоңғар хонтайшасының, үшінші әйелі – ұйғыр байының қызы. Кейбір шежірелерде оның тоғызыншы әйелінің де қалмақ қызы екендігі баяндалады. Шақшақ Жәнібек тарханның да үшінші әйелі – қалмақ ханының қызы екендігі туралы дерек бар. Жәнібек тархан жоңғарларға қарсы жорықтардың бірінде қалмақтың Көкі, Бәкі есімді екі аруын олжалап, апалы-сіңілілі бұл қыздарды ағалары Тінібек пен Тұрлығұлға сыйға тартады. Жалпы, Жәнібек батырдың әкесі Қошқар батырдың анасы Қатағанның ханының қызы – Қарашаш, нәсілі - қалмақ. Оны Шақшақ батыр ұлы Көшейге алып берген. Жәнібектің үшінші әйелі қалмақ қызынан туған балалары – Ақпанбет, Тоқпанбет, Деріпсалы [2, 73б].

Қазақтар қалмақ, жоңғар қыздарын олжалап алып қана үйленбей, хонтайшылар мен хандар екі ел арасында бейбіт тірлік орнату, бітімге келу үшін де қыз беріп, қыз алысқан. Оған нақты деректерді алға тартсақ, Әбілқайыр хан 1748 жыл шамасында өзінің кенже қызын

жоңғар ханы Лама Доржиге қалыңдыққа бермекші болады. Ресейдің патша өкіметі бұл некеден қатты қорқады. Сол жылы Әбілқайыр хан мен қызы кенеттен қайтыс болып, бұл неке одағы жүзеге аспай қалған екен. Осы орайда Мұхамеджан Тынышбайұлы мынандай бір әңгімені жазып кетіпті. Біз енді соған назар аударсақ: «Қазақ аңыз бойынша, Жәңгір ханның қаһарынан қаймыққан қалмақтар сүйек жаңғыртып, туыс болмақ ниетпен оған хонтайшының қызын береді, Тәуке содан туады. Қазақ ұғымы бойынша, Тәукенің хандық құрған кезі қазақтардың ең бақытты заманы деп есептелінеді. Бұл кезеңде қазақ әскері аса қуатты күшке айналды, күллі хандықта бейбіт өмір, тыныштық орнайды. Нағашы жұрты – қалмақтарға қарсы Тәуке атасы мен әкесінің саясатын ұстанады, яғни оқтын-оқтын түре шауып, оларды қазақ байтағына қия бастырмайды. Хонтайшы батырдың немересі Цеван Рабдан Қытай императорына: «Қазақтармен соғыспасқа амалым қалмады, себебі бірде тұтқынға түскен ұлын еліне қайтарғанымда оның қасындағы 500 қалмақтың басын алды, енді бірде ол қалыңдығымның нөкерлерін де өлтіріп тастады», -деп шағымданады» [3, 91 б].

Бар түркі даласына мәлім Қыпшақ Түгел батырдың бір әйелі де қалмақ қызы болыпты. Одан Таймас әулие өмірге келген. Ол анамыздың есімі – Қаракөз. Оған байланысты тарихи, аңыз әңгімелер 1998 жылы жарық көрген «Түгел батыр» деген кітапта жазулы түр.

Профессор Төреғали Қаратаевтың 2000 жылғы 2 наурызда «Ана тілі» газетінде жарияланған «Аңызға айналған аналар» атты мақаласында жоңғар нояны Әмірсананың әйелі Абылай ханның қызы екендігі айтылады [4, 6 б].

Ноянның шешесі Еділ қалмақтарының ханы Аюкенің қызы. Әмірсана жоңғар ханы болған, Қытай билеушілері оны өлтірмек болғанда Абылай ханды келіп паналаған. Осы Әмірсананың өмірге келуі жөнінде Бексұлтан Нұржекеұлының «Қазыбек бек және қазақ тарихы» деген зерттеуінде былай деп жазылыпты: «Қалмақ елінің жер бетінен кетуіне себепкер болған Әмірсананың тегі туралы да Қазыбек бек қызықты дәйек айтады [6, 58 б]. Матай би 1088 жылы Тұрпан маңайын қыстап қалады. Қалмақ ханына қалыңдық өкетіп бара жатқан қол сол қыста адасып, Матай ауылына тап болады. Қалыңдық Жән сол араны қыстап шығады да, Матайдың кенже ұлы Төлекейден жүкті болып, содан Әмірсана туады.

Жоңғарлар мен қазақтар ұдайы жауығып, ылғи шайқасып өткен деген пікір де – қате түсінік. Рас, олардың арасында әлсін

- әлсін саяси, экономикалық аймақтық тұрғыдағы келіспеушілік болып тұрған. Әскери әрекеттер көбінесе көрші империялардың саясатынан туындаған. Бұл тұрғыда Қытай мен Ресейдің қазақтар мен жоңғарлар арасындағы қарама – қайшылықтарды тереңдете түсу мақсатымен екі елді кезек көтермелеп отырғандықтарын айтсақ та жеткілікті. Қазақтар мен жоңғарлардың ылғи қырғи – қабақ емес, бейбітшіл, кей шамада ағайыншылық қарым – қатынастары турасында мәліметтер куәлік ете алады. Соның бірі хан Тәуекел Ресейге жолдаған хатында: « Мен қазақтар мен қалмақтардың патшасымын» деп жазған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қозыбаев М.К. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге деңізі). Бес томдық. 3- том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 768 бет
- 2 Едилханова С. А. Казахо – джунгарские взаимоотношения в ХУІІ-ХУІІІ веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 162 с.
- 3 Тынышпаев М.Т. «Ақтабан шұбырынды»
- 4 Т Қаратаев Аңызға айналған аналар // Ана тілі.– 2000. - 2 наурыз
- 5 Ш. Құдайбердіұлы Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.– Алматы: Қазақстан, 1991
- 6 Б. Нұржекеұлы Қазыбек бек және қазақ тарихы. Кітапта: «Қазақ тарихынан». А., 1997, 427- 455 беттер.

ӘОЖ 94(574)

ОЛЖАБАЙ ТОЛЫБАЙҰЛЫ (1709-1783)

Е.Қ. ЖҮСІПОВ

доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Белгілі бір істеген іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, тұжырымдаған ой-пікірі арқылы қатардағы қоғам мүшелері арасынан ерекшеленіп, ел тарихынан орын алған жеке адам - тұлға. Отан тарихының жалпы даму барысына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар қазақ қауымының саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани өмірінде хан, сұлтан, би, батыр, рубасы т.с.с. ретінде танылған еді.

Ел тарихында елеулі із қалдырған тұлғаларымыздың бірі - Олжабай Толыбайұлы (1709-1783). Батыр туралы сақталынған

деректер әр алуан: Жер аттары (Олжабай асуы, «Олжабай сөресі», «Шүршітқырған...»), ресми архив құжаттары, ғалымдар жазбалары (Н.Я. Коншин, Ф.А. Щербина), мұражайлық экспонаттар (Омбы музейінде сақталулы Жаяу Мұса тапсырған Олжабайдың қылышы, белдігі, дулығасы, шарайнасы), зерттеушілердің еңбектері (Ә.Х. Марғұлан, Б. Адамбаев, М. Хақанов), қолжазба күйінде жеткен халық ауыз әдебиеті нұсқалары. Щербина Ф.А. мәліметі бойынша, Олжабайдың жеңісінің айғағы ретінде шайқас болған жерде өз бейнесін тастан қашатқызып, ескерткіш қоятын әдеті болған /1/.

Әйткенмен, қаһарман хақында нақтылы деректер жұтан тартады. Олжабай батыр ұрпақтарының мәлімдеуіне қарағанда, О. Толыбайұлының естелік «Қара кітабы», Қалдан Сереннің қаһарманға сыйға тартқан 3 жарлығы (150 x 30 см.), жай тасы, сары ала туы (150 x 60 см.) - Әлкей Марғұланның шешесі Нұриламамен бірге жерленіп кеткен /2/.

Патшалы Ресей тұсында қазақ елін, жерін зерттеген орыс ғалымдары Олжабай сынды тарихи тұлғаларды жеке алып қарастыруға мүдделі болмаған, тек жер атауына «Жасыбай асуы» т.т.) байланысты тарихи аңыз-әңгімелерді жинастырумен шектелген. С.И. Гуляев А.С. Поповтан естіген соғысы хикаясын алғаш рет баспа бетінде жариялайды /3/. Ал Н.Я. Коншин бұл аңыз мағлұматын ғана келтіріп қана қоймай, Олжабайдың батырлық тұрпаты туралы халық арасында сақталынған сипаттама дерегін де қоса береді /4/. Ф.А. Щербина өз еңбегінде мекен қылған жайлау, қыстау орындары туралы құнды мәлімет қалдырған /5/.

Мәшһүр-Жүсіп О. Толыбайұлы тарихына ерекше көңіл бөліп, қаһарман өміріне қатысты аңыз-әңгіме, жыр нұсқаларын қағазға түсіріп, жинастырып отырған. Әлеуметтік жағдайына, қылған қоғамдық-саяси қызметіне қарай жіктемей әрқайсысын жеке адам - тұлға ретінде зерделеуге ұмтылу барысында Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қаһарман тұлғаларымыздың шежірелік ата-тегі, өмір сүрген уақыты (туған, қайтыс болған жылдары), мекендеген жерлері, әкімшілік-сот жүйесіндегі орны (би, заңгер, хан, сұлтан, рубасы), әлеуметтік жағдайы (бай, орташа аумақты, кедей), қоғамның ішкі, сыртқы өміріндегі ролі (елші, мәмлелгер), белгілі бір тарихи оқиғаларға (шайқасқа, бітімге) араласуы т.т. туралы мол деректерді тарихи зерттеулермен, құжаттармен өзара байланыста қарастырдық. Жанұялық архивтегі Әлкей Марғұлан жазбасында: «Сүйіндік Олжабай батыр» ертегісін Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы», - деген мәлімет бар /6/.

Бұған сүйеніп Олжабай туралы деректерді жинастыру ақынның 7 жасар бала кезінен басталғанын танымыз.

1907 ж. Қазаннан басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында Мәшһүр-Жүсіп қалмақтармен соғысып жүріп қазақ батырлары азат еткен Сарыарқа даласын патшалы Ресейдің шеңуіктеріне сүйенген орыс шаруаларының тартып алып жатқанын ашық сынады, өз сөзінің дәлелі ретінде Баянауылды қалмақтардан азат қылған Олжабайдың есімі Ерейментаудағы мұжықтардың поселкесіне қойылғанын жазады: «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, жаннан кешіп, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгейбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында қалмақпен жаудай алысып, жаттай салысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып, өлгені өліп, қалғаны қалып, сөйтіп алған жері еді... Бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып тиген еді. Біреу біреуге: «Соңымнан қалмастай атаңның құны бар ма еді», - дейді ғой. Сондай атамның құны болғаны үшін, жер-судан айырылып, қаңғып қоныссыз жүргеніме ішім күйіп, өлсем ойымнан кетер емес.. Дүние деген шіркін көшпелі дегені осы екен; қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған, кейінгі үрімі-бұтағына олжа салған батыр ең, ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауындағы Олжабай қаласы атанған қала-сол Олжабайдың өлген жері» /7/. Өз зерттеулерінде аңыз, шежіре деректерімен шектелуге мәжбүр болған Мәшһүр Жүсіп шайқас барысында Жасыбай мен Олжабай батырлардың тұрақ қылған мекен атауларын ғана көрсетіп кеткен.

Тарихшы М. Тынышпаев 1925 ж. басылған кітабындағы шежіре кестесінде қаһарманның 1750-1758 жылдары екі ірі шайқаста қалмақтарды қырғынға ұшыратқаны туралы мәлімет келтіреді /8/. Батырдың ұрпағы, академик Әлкей Марғұлан Кенестік дәуірде О. Толыбайұлы бабасы туралы зерттеу мақалаларын баспа бетінде жариялайды /9/. Олжабайға арналған тарихи жырларды зерттеген әдебиетші ғалым Б. Адамбаев өз тұжырымдауларында Ә. Марғұлан пікірлеріне сүйенеді /10/.

Жаяу Мұса дәптеріндегі дерекке сүйенген Ә. Марғұлан тұжырымдауы бойынша, Олжабай 1709 ж. Түркістанда туып, 1783 ж. Ереймен тауының сыртындағы жазық пен Сілеті өзенінің басында дүниеден өткен /11/.

Қаһарманның тарихта бірнеше есімі болған: Жаяу Мұса жазбасындағы /12/ бала кезіндегі аты - «Алажағы» («Алажақы»);

халқының қойған есімі - «Олжабай» /13/; ту ұстаушы батыр болғандықтан, жасақ арасында таралған лақап аты «Ала ту» /14/; жаудың атқан оғы тимейтіндігінен Абылай ханның берген есімі - «Қу жарғақ». Олжабай батырдың көшіп-қонған жерлері туралы мәліметтер жер-су аттарында, Ф.А. Щербина жазбасында, аңыз-әңгімелерде шоғырланған. Балалық шағын Түркістан, Ташкент қалаларында өткізген Олжабай Ақтабан шұбырынды жылдары басталғанда 12 жасында үйсіндегі нағашысы Қаратай батырдың үйіне барып, сонда ер жетеді. Ал, Орта жүз қазақтары 1723-1725 ж. Бұхара жұртында, шығыс Бұхарадағы Жиделі (тау) -Байсын (қала) жерлерін мекендейді /15/. Ф.А. Щербина дерегінде: «Олжабай қалмақтарды ығыстырып, олардан босаған жерлерді Айдаболдың жеті ұлынан тараған ұрпақтарына бөліп берді. Өзі Малқозы тұқымымен әуелі Ақкелін, Семізбұғы, Қарағайлы бұлақ (Ақшоқы), Шалқар, Аққұдық, Арқалық, Қызылағаш, Қурайлы бойын алды. Кейін қытайлардан қауіп туғанда, ол өзінің қыстауын Баянауылға ауыстырып, Жасыбай көлінің жағасынға қоныстанады... Содан былай ескі қыстауы, негізінде, күзеу болып қалады да, тек кейбір жылдары ғана Ақкелін тауын қыстайтын болады» /16/.

Олжабайдың Баянауылды мекен қылғанын жер-су аттары да айғақтайды: асуы, «Жасыбай көлі», «Шойынды көл», «Қарақуық», «Ескі жұрт» т.с.с. Өмірінің соңында Ереймен тауында ауырып, көз жұмады. Өзіреті күмбезге апарамыз деп сөрелеп қойған жері - «Олжабай сөресі», «Олжабай қаласы» - атанып қалады. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында Олжабай денесінің Көкшетаудағы бір жайлауға жерленгені, ол жердің «Олжабай тамы» аталғаны жайлы мағлұматтар келтіріледі. Сондай-ақ Олжабай батырдың ұрпағы Шідерті бойында мекен қылып жатқандығы сөз болады /17/. Ә.Х. Марғұлан мақаласында ел басқарушы болыстардың ХІХ ғ. соңында Олжабай ұрпағының Жасыбай көлі жағасында қоныстанғанын көпсініп, оларды Шідертіге көшірткенін жазады /18/. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында батырдың ата-тегі, дүниеге келуі, ерлік істері, жеке басының ерекшелігі-найзагерлігі, ұрпақтары, көшіп-қонған жерлері туралы баяндаулары да Олжабайтануға толықтыру енгізе түседі.

Қазақ халқының қаһармандары” жинағында /19/ берілген шежіреде Олжабайдың арғы ата-тегі былай таратылады: Сүйіндік-Суғыншы-Мамық (Шуманак) - Құлболды Айдабол - Малғозы - Толыбай - Олжабай. Ал Мәшһүр-Жүсіп шежіресінде сәл өзгешелік бар: Сүйіндік - Суғыншы - Айдабол - Малғозы - Толыбай Олжабай /20/.

Шідерті бойындағы батырдың ұрпағы туралы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында көрсетілген шежірелік деректердің өзі батырдың қалмақ, қарақалпақ елдеріне қарсы жорықтарға қатысқанын аңдатады /21/. Батырдың кескін-келбеті туралы суреттеулерді Орманшы Сақау ақынның «Ер Олжабай» жыр жолдарынан ғана кездестіреміз:

Какпақтай жаурынды, орта бойлы,
Шүйделі, қайқы құлақ, қара қасы,
Сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып туған мәртебесі
Он төртке жасы келді сол уақытта ... /22/.

Н.Я. Коншин сипаттауы бойынша: «Олжабайдың батырлығы сондай - ол ат, үстіне мінгенде ең мықты деген аттардың өзі теңселіп кетеді екен және ат үстінен еңкейгенде қолдары жерге жеткен» /23/.

Тарихи зерттеулерге сүйеніп, М.Ж. Көпейұлы жазбаларында Олжабай батырдың 3 үлкен шайқаста («Қақмаққырған», «Шүршітқырған», «Талқы» соғысы) жеңімпаз атанғанын білеміз.

1739-1740 ж. қысында 30000 қолды басқарған Септен мен Сары Манжа оңтүстік (Сырдариядан) және солтүстік (Ертістен) бағыттардан шабуылдап, Орта жүз жеріне басып кіреді. Ұрыс қимылдары 1741 ж. күзгі бітіміне дейін жалғасады /24/. В. Моисеев зерттеуінде 1741 ж. қыс айларында қазақ жасақтарының Септен ұлысын талқандағаны, Орта жүзге жасалған жоңғар шапқыншылығының солтүстік бағыттағы (Кычик Чюганов көрсетуі бойынша жоңғар майдан шебінің оң қанатынан) шабуылын тойтарған шаиқастарда Олжабай батырдың атағы шыққаны берілген /25/.

Ә.Х. Марғұлан зерттеуінде де бұл оқиғаға көңіл бөлінген. 1741 ж. Орта жүзге басып кірген жоңғар әскерінің бір тобымен Баянауылда болған ұрыста Олжабайдың қарулы серігі, әрі жиен туысы (Жасыбай - Олжабайдың апайысынан туған жиені) Жасыбай батыр оққа ұшады. Бұған кектенген Олжабайдың әскерімен қоршап алып қалмақты қырған жері “Қалмаққырған” атанады /26/.

М.Ж. Көпейұлы жинап қалдырған аңыз мәліметтері «Қалмаққырған» соғысы тарихын толықтыра түседі, Н.Я. Коншин, Ф.А. Щербина жазбаларындағы жер атауларын айқындайды. Мұнда Баянауылды жаудан қорғамақ болып, екі батыр екі асу бойын күзетуге уағдаласады. Қалмақтар Қызылтаудан асу бойына дейінгі жерді түн ішінде жүріп етіп, жауырыншылығына сенген Жасыбай батырды қапылыста атып өлтіреді. Мұны естіген Олжабай әскерімен жетіп, Шойынды көлінің басында қалмақтарды талқандайды /27/. Қызылтаудың бауырында (Қызылтау - Баянауыл тауының оңтүстік

шығысындағы 35 км. қашық жердегі аласа тау- Е.Қ.) Олжабай қалмақты қойдай қамап қырған жері “қалмаққырған” атанып кеткен /28/. Зерделей қарасақ, Олжабай Баянауылға Бәсентіін малы үшін емес, қазақ жерін қалмақтан қорғау үшін келген. Жасыбаймен бірлесіп күзетіскен уақыттыңда Баянауылдың иесіз, елсіз жатуы 1739-1741 ж. қазақ-қалмақ қақтығыстарынан туындаса керек. Шайқас барысына көз салсақ, алғашқы шабуылды Жасыбайдың шағын жасағы тежегейі, кейін негізгі күштің қалмақ әскерін қоршауға түсіріп, жеңгені байқалады.

Кейбір зерттеулерде бұл шайқас 1752 ж. Әмірсананы іздеген Лама Доржының 20000 ойраттарымен болған делінеді /29/. М. Тынышбаев шежіресінде де «Қалмаққырған» ұрысы XVIII ғ. 50-жылдары болған деп қарастырылады /30/. Бірақ бұл пікір тарихи шындыққа сай келе қоймайды. Жоңғарлар шабуылдайтын Баянауыл жерінде Абылайдың 1752 ж. қазанында әскер жинастыруы қолайсыздық тудырар еді. Басымдық қазақ жағында болғанымен, 20000 ойрат жасағы 1752 ж. қысында Лама Доржы өлтіріліп, жаңа қонтажы Давацидің әскерді қайтару туралы жарлығынан кейін ғана ұрыс қимылдарын тоқтатады /31/.

1739-1742 ж. қалыптасқан саяси жағдай талабы бойынша, жоңғар ықпалын шектеу және Абылайды тұтқыннан босаттыру шараларын дипломатиялық тәсіл арқылы жүзеге асыру мақсатында Олжабай батыр Толыбайұлы 1742 ж. Әбілхайыр бастаған қазақ билеушілерінің бірі есебінде Арғын тайпасы атынан Ресей мемлекетіне қарауға ант береді /32/. Елші ретінде Олжабайдың 1749, 1761 ж. 2 рет Орынбор қаласына жіберілуі де оның қазақ билеушілері, үшін сенімді адам болғанын, әрі Ресей мен Жоңғар хандығы үшін елеулі тарихи тұлғаға айналғанын аңғартады /33/.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қолжазбасында Олжабайдың соғысында ерлік көрсеткені баяндалады. Бірақ бұл мәселеде ресми Қытай мәліметтері (қолбасшы Хадаха деректері) мен қазақ арасындағы аңыз, жыр мағлұматтары, жер атаулары арасында шайқастың қалай аяқталғаны турасында кереғарлық бар.

М.Ж.Көпейұлы аңызына сүйенген О.Х. Марғұлан зерттеуінде ескіше Баянауыл, жаңаша Қарағанды облысы, Молодежный ауданына қарасты «Шүршітқырған» жерінде Олжабай батыр Әмірсананы іздеп келген бір топ қытай әскерін алдап бір жерге жатқызып, тез арада он сан қол жинап, соғыс ашып, қытай әскерін тегісімен қырады /34/. Ал, қытай қолбасшысы Хадаха баяндауында:

“Баян тауының батыс жағында, Бэйцзы Дарчжаның айтуынша, оның алдында мыңнан астам қазақ қолы пайда болыпты. Бізден алты жүз адам қорықпай шабуылға шықты, жауды талқан қылды. Жүз адамды өлтірдік, көлік пен аттарын тартып алдық. Бес адамды тұтқынға алып, азаптадық. Бәрінің айтуынша, біздің кездескеніміз Абылайдың қолы екен”, - дейді /35/.

Біздіңше, жазба мәліметтердің қандай жағдайда қағазға түсірілгенін ескере отырып, 1756 ж. Олжабайдың жасағы Қытай армиясынан бөлініп шыққан бір топ шүршіт әскерін “шүршітқырған” жерінде қоршап алып талқандағанын тарихи шындық деп қабылдаймыз.

Олжабайдың батырлығын танықан тағы бір ұрысы - Талқы соғысы. Мәшһүр-Жүсіп жазбасындағы қақпасы қалайы, мыс, қорғасын араластыра құйып жасалған “қалмақтың ежелден алынбаған қорғаны” басқа деректерге әртүрлі аталынады: “Темір қақпа” (Жаяу Мұса жырында /36/); «Талқын, Талқы, Талқы» (Шоқан еңбегінде /37/); «Талқы - Құлжа» (О.Нұралыұлы дастанында /38/).

Талқы шайқасын көзбе-көз көрген француз суретшісінің суреттеуіне (Мәскеудің тарих музейінде фотокошірмесі сақтаулы) сүйенген Ә.Х. Марғұлан тұжырымдауы бойынша, Олжабай Толыбайұлы 1757 ж. Жоңғар тауындағы Талқы қамалында қытайлармен болған соғыста ерлік көрсетеді /39/. Ал, ғалымдар: Р.Б. Сүлейменов, Б.А. Моисеев «Из истории Казахстана XVIII века» зерттеуінде қазақ-қытай соғыстары көбінесе 1756 ж. (жаз, күз айлары) ғана болып, 1756- 1757 ж. қыс айлары өзара дайындықта өтіп, 1757 ж. жазында Қазақстан жеріне қайта кірген Қытай әскерімен Абылайдың тез арада бітімге келгенін мәлімдейді /40/.

Шоқан өз еңбегінде Абылайдың үшке бөлінген әскерінің бір тобын бастаған Жантай жасағымен Талқы асуын бұзып өткені, жоңғар ұлыстарын шапқаны, көп олжамен оралғаны туралы аңыз-өңгіме дерегін келтіреді /41/. Бұған сүйеніп, Олжабай батыр XVIII ғ. 50-жылдарында Талқы асуы бойында қалмақтармен де, қытайлармен де бірнеше рет соғысқан деген түйін жасаймыз. Талқы бекінісінің құрылысы туралы мағлұматтар О. Нұралыұлы дастанында /42/ берілген. Асудың ортасында темір қақпалы ұзын қабырға (қорған) салынған. Сонда бекіністе топталған дұшпан мергендерінің оқ боратуларынан атты әскері дарбазаға жақындай алмай, тауға жаяу шыққан сарбаздары қамалдың екі жағында бекінген жау жасақтарын ығыстыра алмай, қазақ қолы «талқыға түскен тері» кейпін киген. Сол себепті бұл ұрыс та «Талқы соғысы, қақпа» шайқасы деп айтылып кеткен.

Мәшһүр -Жүсіп жинастырған аңыз - өңгімеде Абылайдың Талқы ұрысында қолданған соғысу тәсілі, хан қосынындағы әскери құрамалардың қызметі, жас сарбаздарды батырлыққа баулу дәстүрі хақында мәлімет келтіріледі.

Аңызда Абылай хан әскерін 3 топқа бөледі. Қалмақ қамалын барлауға шыққан кезеуілші топқа бекіністегі мергендер оқ атып, Малайсары батыр белінен жараланып, батырлар шегініп кетеді. Ханның өзі ортаншы топ — тосқауылшыларды бастап шабуыл жасаса да, қорғанды бірнеше күн ала алмай жатады. Сол кезде қатардағы салықшы болып жүрген Олжабай «Олжабайлап» шауып, жасақты бастап, қолының қос басынан оқ тисе де, туын түсірместен қорған қақпасына жетіп, қалайы, мыс, қорғасыннан құйып жасалған дарбазасын қылышымен қос қолдап шапқылап турап тастайды. қалың қол қорған ішіне өтіп, олжаға кеңеліп, Олжабай батырдың есімі «Он сан Орта жүзге» ұран болады /43/.

Жоңғарлармен, қытайлармен болған шайқастарда ерлік көрсеткен қаһарман бейбіт өмір уақытында өз руының шаруашылығының қамын ойлаған азамат ретінде танылады. Бұған Олжабайдың Едіге бимен бірлесіп, 1761 ж. Екатеринаға жазған өтініш хаты дәлел болады /44/.

XVIII ғғ. қазақтардың сана-сезімінде жалпы ұлттық сезіммен қатар рулық сана да болғанын аңғарамыз. Мысалы, Жаңабатыр бидің жоғалған бес көк ала бас атанын іздеуді қолқа қылып сұрап алған Олжабай Қаракесек Қарсынкернейден жылқы барымталайды. Қарсынкерней жағы Қуандық, Сүйіндіктен мал алысып, ел арасы ушығып кетеді. Сонында бас қосып, бітім жасасып, Едіге би кесімімен Жарылғап Жаңабатырға айыбын төлейді /45/.

Батырлар қоғамның ішкі өміріне де белсене қатысқан. Мәселен, «Абылай аспас сары бел» оқиғасында Ботахан құнын жоқтаған Олжабай, Алтай Жиенәлі, Қозған Биікше мерген ханға қарсы шықса, Балта керей Тұрсынбай батыр Абылайды жақтайды, келіссөзге бірге еріп келеді. Ақыр соңында екі жақты да келістіру бағыын ұстанған үшінші топ өкілдерінің: Жәңке, Жанақтардың көздеген мақсаты орындалып, Абылай хан Арғын руы адамдарымен өзара бітімге келеді /46/ Ал бұл оқиғаның 1779 ж. болғанын қытай құжаттары көрсетеді.

Зерттеуде қамтылған Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларының ғылыми таным арнасына жан-жақты тартылуы Отандық тарих ғылымы дамуына өз үлесін қосады деп санаймыз. М.Ж. Көпеев мұрасын игеру тарихта болған тұлғаларымызды жан-жақты тануымызға өз үлесін қосады деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская области, Павлодарский уезд. - Воронеж: 1901. — Т.4, -С.120- 121. ; Адамбаев Б. Олжабай батыр. // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1979.- 312 б. /119/.

2 Хақанов М. Олжабай батыр. // Орталық Қазақстан. 1993. – 27—шілде. - Б.3. ; Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. // Жұлдыз. – 1984. -№2. - Б.174.

3 Гуляев С.И. О древностях, открываемых в киргизской степи. // Вестник ИРГО. 1883, Ч.8. Микрофильм. - С.3-4.

4 Коншин Н.Я. Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г., вып. У. —Семипалатинск, 1901. 183 с. /36/.

5 Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская области, Павлодарский уезд. - Воронеж: 1901. – Т.4. - С.120- 121.

6 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2-топтама, 33 тізім.- Б.1.; Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі: ф.ғ.к...авторефераты. - Астана, 1998. - Б.16.

7 Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі / Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1994. №4. - Б.113,114, 121.

8 Тынышпаев М. Великие бедствия. - Алма-Ата: Жалын, 1992. - 152 с. /96-97/.

9 Марғұлан Ә.Х. Еңбекпен өткен өмірім. /1 Жұлдыз. - 1986.- №1. -Б.174-181. ; Соныкі. Олжабай батыр. /Жұлдыз. - 1984. -№2. - Б.170-175.

10 Адамбаев Б.Олжабай батыр. /1 Қазақ тарихи жырларының мәселелері.- Б. 139-150.

11 Сонда. Б.141. ; Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. /1 Жұлдыз. - 1984. - №2. - Б.170.

12 ҚҚҒС. - Алматы: Ғылым, 1881. - Т.3. - Б.140.

13 ҚСЭ. - Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1974. - Т.4. - Б.167.

14 ҚСЭ. - Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1974. - Т.8. - Б.446.

15 Тынышпаев М. История казахского народа. - С. 165,192.

16 Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская области, Павлодарский уезд. - Воронеж: 1901. Т.4. - С.120-121 ; Адамбаев Б.Олжабай батыр. // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Б. 140-141.

17 Көпеев М.Ж. Олжабай батыр. /1 Егеменді Қазақстан, - 1992. –25 шілде. - Б.5.

18 Марғұлан Ә.Х. Еңбекпен өткен өмірім. /1 Жұлдыз. – 1986. -№1. -Б.174.

19 Қазақ халының қаһармандары. .№1-жинақ./Кұрастырған Ж.Тілеке.-Б.54.

20 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С.Дәуітов. –Алматы: Жалын, 1993. - Б.8,14,16,18,21,66.

21 Абылай хан. / Кұрастырған С.Дәуітов. Алматы: Жазушы, 1993. - Т.1. - Б.342. ; Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр.// Жұлдыз. - 1984. - М2. - Б.173.

22 Хақанов М. Олжабай батыр. /1 Орталық Қазақстан. – 1993. -27—шілде. - Б.3.

23 Коншин Н.Я. Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г., вып. V. —Семипалатинск, 1901. - С.36.

24 Сүлейменов Р.Б., Мойсеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. - С.33-36.

25 Мойсеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). - С.120-121.

26 Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. //Жұлдыз. - 1984. - К2. - Б.171.

27 Абылай хан. / Кұрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Жазушы, 1993. - Т.1. - Б.338-341.

28 Көпеев М.Ж. Тандамалы. / Кұрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Ғылым, 1990. - Т.1. - Б.258.

29 Қазақ халының қаһармандары. -Б.60-62.

30 Тынышпаев М. Великие бедствия. - Алма-Ата: Жалын, 1992. - 152 с. /96-97/.

31 Сүлейменов Р.Б., Мойсеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. - С.47-49.

32 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов). - С.220.

33 Там же. С.489,490,625,626.

34 Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. // Жұлдыз. - 1984. - №2. – Б.171.

35 Цинская империя и казахские ханства : вторая половина ХУІІІ — первая треть ХІХ в. 1 часть. / Сост. Ш.Хафизова, В.А.Мойсеев. - Алма-Ата: Наука, 1989. - 220 с. /110/.

36 ҚҚҒС. - Алматы: Ғылым, 1981. - Т.3. - Б.141.

37 Уәлиханов Ш.Ш. Тандамалы. - Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1984. - Т.1. - Б.216,384.

38 Тарихи жырлар. / Құрастырған А. Сейдімбеков, Б. Әзібаева. - Алматы: Білім, 1995. - Т.1. - 288 б. /137. 138/.

39 Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. // Жұлдыз. - 1984. №2. - Б.171. ; Соныкі. Еңбекпен өткен өмірім. // Жұлдыз. - 1986. - №1 -Б.169.

40 Сүлейменов Р.Б., Мойсеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. - С.58-63.

41 Уәлиханов Ш.Ш. Тандамалы.-Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1984. - Т.1. - Б.216.

42 Тарихи жырлар. / Құрастырған А. Сейдімбеков, Б. Әзібаева. - Алматы: Білім, 1995. - Т.1. - Б.137-138.

43 Абылай хан. / Құрастырған С.Дәуітов - Алматы: Жазушы, 1993. - Т.1. - Б.336-338.

44 Марғұлан О.Х. Олжабай батыр. // Жұлдыз, 1984. - №2. - Б.172.

45 Көпеев М.Ж. Тандамалы. / Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. - Т.2. - Б.71-72.

46 Соныкі. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С. Дәуітов. - Алматы: Жалын, 1993. - Б.65-70.

ӘОЖ 94(574)

ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК (М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Е.Қ. ЖҮСІПОВ

доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ елі тарихында жан-жақты қырымен танылған тарихи тұлға – Жәнібек Қошқарұлы. Батыр, қолбасшы, рубасы (старшын), би, шешен, қоғам қайраткері, тархан, елші, мәмлелер Шақшақ Жәнібек туралы мәліметтерді қолжазба қорынан /1/, Ресейлік архив құжаттарынан /2/ кездестіреміз. Қаһарман өмірі Ш.Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаев, Р.Б. Сүлейменов, В.А. Мойсеев, А.И. Левшин зерттеулерінде сөз болады. Жәнібек хақында арнайы зерттеу еңбектері де бар. «Абылай хан» жинағына кірген Мәшһүр Жүсіп аңызы да /3/ батыртануда өз үлесін қосатын бір дерек көзі болып табылады. Сондай-ақ М.Ж. Көпейұлының әлі баспа бетінде жарияланбай жүрген архив материалдары да /4/ арнайы салыстырып

қарастыруды міндеттейді. Өйткені Мәшһүр қолжазбасы шежіре нұсқаларымен ғана шектелмей ара-тұра әзірше ешбір зерттеулерде кездестірілмеген тарихи фактіні де ұсынады: «...1750-де Абылай хан мен өр Жәнібек орыспен сауда араластыру үшін Тройскіден базар аштырған» /5/.

1907 ж. Қазаннан басылып шыққан “Сарыарқаның кімдікі екендігі” кітабында М.Ж. Көпеев қазақ зиялыларының арасынан алғаш рет Шақшақұлы Жәнібек ... т.б. батырлардың қалмақтардан азат еткен қазақ жерін патшалы Ресейдің басып алып отарлап жатқанын ашық сынады /6/.

Қаһарманның өмір сүрген жылдарын нақтылы көрсете алмаймыз. Энциклопедиядан оның 1751 ж. қайтыс болғаны туралы ғана мәлімет берілген /7/. Мәшһүр Жүсіп те ақпарат тапшылығынан батырдың қай жылы туып, қай жылы өлгенін көрсете алмаған, тек қазақ арасындағы Жәнібектерді сипаттауда оның жоңғар қоңтайшысы Қалдан Шерінмен замандас болғанын ғана атап өтеді: “Және бір сөз бар көп ортасына салатұғын. Біз бұрыннан естуші едік; «Үш Жәнібек болған, - деп, - бірі - өз Жәнібек, бірі - өр Жәнібек, бірі - қыз Жәнібек». Өз Жәнібек - Жиренше шешеннің заманындағы хан. «Жаны биік ноғайлының ханы болған. Жайық бойында ордасы болған. Мұның хан күнінде қазақ та бұған қараған», - деседі.

Өр Жәнібек - Шақшақ немересі. Жәнібек қалмақ ханы Қалдан Шерінмен замандас болған.

Қыз Жәнібек Керейден шыққан. Өзін өмірінде жан ашуландыра алмаған. Орысқа бағынбаған бодамсыз Керейді бастап аударған бетінде жолшыбай жолаушылықта қаза тапқан. Бұл үшеуінен басқа басқа Жәнібек атты қазақтан көп шықты...» /8/.

Осы орайда, С. Шүкірұлының болжамы /9/ назар аудартады. 1710 ж. жоңғарларға қарсы кең көлемді шабуылға Жәнібектің 17 жасында араласқаны хақында ел аузындағы аңыздарда жиі айтылуына қарағанда ол 1693 ж. туған. 1752 ж. жазға салым қазіргі Торғай облысы, Жанкелдин ауданындағы Тосын құмында дүниеден өтіп, сүйегі Түркістандағы Яссауи кесенесіне жерленді.

Академик М.Қ. Қозыбаев еңбегінде /10/ Жәнібектің көшіп-қонған жерлері хақында мәлімет берілген: «Аңырақайдан кейін... Жәнібек - қыста Сыр, Торғай, жазда Ор, Елек, Орынбор... жайлайды».

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен «Қазақ халқының қаһармандары» жинағы шежірелеріндегі өзгешелік салыстыра зерттеуді міндеттейді:

1. Арғын – Тәнбісопы - Елемес - Үсембай - Ермен - Шағыр - Аманжол - Шақшақ – Көшей - Қошқар – Жәнібек. («Қазақ халқының қаһармандары»). /11/.

2. Аманжол – Көшей - Шақшақ - Қошқар – Жәнібек. (Мәшһүр нұсқасы /12/).

Ата-тегін таратуда шежіре үлгілері Жәнібектің әкесі Қошқар деп мәлімдейді, бірақ халық жадында ол «Шақшақұлы Жәнібек» атанып кеткен /13/.

М.Ж. Көпейұлының шежіре сөздерінің бір құндылығы - бір мезгілде өмір сүрген бірнеше Жәнібектердің жіктелініп көрсетілуі. Шақшақ Жәнібектің қара қалмақтың сырттан батырын жеңген аңыз оқиғасын баяндауының соңында Мәшһүр жазбасы керей Жәнібекке тоқтала өтеді: «... Керейден бір Жәнібек деген батыр шығыпты. Шақшақ Жәнібектің жиені екен деп естіген едім. Бұл қыз Жәнібек атаныпты» /14/.

Енді бір нұсқада: «Шақшақ ұғлы Қошқар. Қошқар ұғлы Жәнібек батыр. Қара балуан Жәнібек басқа, батыр Жәнібек басқа. Екеуі де тоқал арғыннан шығып, бірінен-бірі дөкей болған ерлер. Батыр Жәнібектен Дәуітбай. Дәуітбайдан Мосы батыр», - деген дерек жазылған /15/.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің хандар шежіресінің бір үлгісінде /16/ Жәнібектің шешесі «Қатаған қырғыны» оқиғасы кезінде Қошқарға берілген Тұрсын ханның қос қызының бірі деп берілген. Алайда уақыт алшақтығы (1628-1695) Тұрсын ханның қызын батырдың әжесі ретінде ғана пайымдауымызға жол береді.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық және демократиялық көзқарастары орыстың қоғамдық ой-пікірімен педагогикалық ғылымының алдыңғы қатарлы өкілдерінің – Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Ушинскийдің тағы басқалардың әсерімен қалыптасты. Баспасөзді халық ағартудың, қоғамдық ой-пікірді дамытудың аса маңызды құралы деп таныды ол. Қазақша газет, журнал болмағандықтан Ы. Алтынсарин халыққа жалпы білім тарататын, өнер үйрететін кітап шығаруды талап етті. «Молдалардың оқытып жүрген араб, парсы, татар кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрін адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек» деп жазды ол. Осындай мақсатты көздеген Алтынсарин 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы « және «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» деген екі кітабын орыс әрпімен қазақша бастырып шығарды. Алтынсариннің «қазақ хрестоматиясы» әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әртүрлі білім беретін энциклопедиясының рөлін атқарды.

Алтынсарин 1862 жылғы бір хатында «Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық. Бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуды болып отыр»[4,7-б], – деп жазды. Газеттерде жарияланған мақаларында Ы.Алтынсарин қазақ елі отырықшы болуға әлі әзір емес, сондықтан бұл халықтың көшпелі салтын бірден жойып жіберуге болмайды. Ондай шара қолданудан бұрын әуелі сол халықтың өнері мен салтын білген жөн деп қазақтарды зорлап отырықшылыққа айналдыруға қарсы болды.

Абай өзінің туындыларында оқу-ағарту, философия, педагогика, әдебиет пен өнер, мораль жөнінде және қоғам өмірінің өзекті мәселелері жөнінде сөз қозғады. Абай қазақ еліне капиталистік элементтердің енуін, осыған байланысты бұған дейінгі тәртіп пен идеялогия шайқала бастағанын өз көзімен көрді. Алдыңғы қатарлы орыс публицистикасы мен журналистикасынан үлгі ала отырып Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнабаев еңбекші бұқараны қанаушыларға, феодалдық патриархалдық салт-сананың қалдықтарына, кертартпа ағымға қарсы күресті.

Қазақ ағартушылары өз ұлтының жазба әдебиетімен әдеби тілінің, қоғамдық және ғылыми ой-пікірінің негізін салумен бірге қазақтың бұқарашыл публицистикасы мен баспасөзінің негізін салды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Атамұра, 2008.
- 2 Қазақ газеті. Құрастырушылар: Субханбердина.Ү., Дәуітов С., Сақов. Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- 3 Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). - Алматы: Қазақ университеті, 2000.
- 4 Алтынсарин Ы. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Рауан, 2008.

ӘОЖ 94(574)

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ТАРИХЫНАН

Б.Т. АХМУЛЬДИНОВ

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А.А. ҚАСҚАБАСОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғ. басында қалыптасып келген интелегенция шоғыры өз халқының болашағын ойлап, тағдырын шешуге кірісті. Жан-жақты парасаттылықты, білімдарлықты, саяси күрес тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білген қазақ зиялылары, бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің басшылары сияқты зеңбірекке қарсы қылыш, найза алып жүгірмей, туған халқының көзін ашып, рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиында болса ең сенімді жолын саналықпен таңдап алды. Ал халықтың көзін ашатын, рухын оятатын басты құрал болып, ел арасында ресми де кең тарай алатын, ұлттық-идеяны насихаттайтын газет-журнал ұйымдастыру еді. XX ғ. басында Қазақстанда «Серке», «Қазақстан», «Ешім даласы», «Айқап» сынды газет-журналдары шығып тұрды. Солардың бірі биыл жүз жылдық мерей тойы тойланып отырған «Қазақ» газеті еді.

«Қазақ» газетінің осыған дейінгі зерттелуі жайына тоқталсақ, оны шартты түрде 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезеңі газет шығып тұрған уақыттан Голощекиннің Қазақстанға келгенге дейінгі аралықты (1913-1925) қамтиды. Осы уақытта жарық көрген еңбектер негізінен газеттің атқарған қызметін шынайы бағалап, оны оқырманға таныстыру, жан-жақты насихаттау мазмұндас болып келеді. Оған А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың жарық көрген мақалалары мен кейіннен баспа бетін көрген естеліктерін және сонымен қатар С. Асфендияровтың, М. Әуезовтің, Т. Рысқұловтың осы басылымға берген бағалары мен ой-пікірлерін жатқызуға болады.

Екінші кезеңі кешегі кеңестік әкімшілік-әміршілдік жүйе тұсында жарық көрген зерттеу еңбектер құрайды. Бұл кезде «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес науқаны өрт болып, жалын құшып тұрғандықтан, тарихи шындық қаз-қалпында баяндалмай, бұрмаланып көрініс табады. «Қазақ» газетін кеңес өкіметіне жау қылып көрсетіп, оны сынап-мінеуді мақсат

тұтқан мақалалар 1925 жылы жарық көре бастаған. Осы жылдың 5 мамырында Орынборда шығатын «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақстанда қандай газеттер болды?» деген мақала жариялайды. Оның авторы белгілі жазушы Сәбит Мұқанов осы мақалада «Қазақ», «Сарыарқа», «Жасамаат», «Бірлік туы» секілді бейресми ұлттық басылымдарға алғаш рет қысқаша анықтама беріп, «олардың барлығы 25 октябрь төңкерісінен кейін кенеске қарсы газеттер» ретінде жабылғандығы хабардар етілді. Арада дәл бір жыл өткеннен кейін аталмыш газетте Ә. Байділдәулының «баспасөз күніне» деген мақаласы жарық көрген. Мақала мақсаты заман талабына үн қату. Сондықтан оның сарынынан Қазақ төңкерісіне дейін қазақ баспасөзі қалыптасып болмаған, оның дамуына тек кеңес дәуірінде ғана айқара жол ашылды деген жалаң партиялық ұрда-жық ұранның салқын лебі есіп тұр. Екінші кезеңдегі зерттеулердің баршасы біржақты бағытында болыпты жоғарыдағы айыптауларды, амал жоқ, қайталай отырып, «қазақтың» артық тұстарын айтып қалуды мақсат тұтқан қаламгерлерде жоқ емес. Бұл қатарда Б. Кенжебаев, Х. Бекхожин сынды ғалым зерттеушілердің есімдерін атауға болады. Сонымен бірге көрнекті қалам қайраткері С. Мұқановтың 1932 жылы жарық көрген «XX ғ. қазақ әдебиеті» деген кітабында да таптық идеология талаптарына сай, саяси айыптау тұрғысында жазылғанына қарамастан, қазақ баспасөз тарихына қатысты кейініректе жарық көрген еңбектерге енгізілмей қалған бірқатар соны деректер мен ой пікірлерді кездестіруге болады.

Үшінші кезеңі еліміз егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігіміздің тұғыры нығайып жатқан бүгінгідей, қазақтың өз қолы өз аузына жеткен уақытта туған туындылардан тұрады. Содан бергі уақытта «Қазақ» газеті туралы біраз зерттеу еңбектер дүниеге келіп үлгеріпті. Атап айтқанда Ү. Суханбердинаның, М. Қойгельдиевтің, Ө. Әбдімановтың, Ж. Нұсқабайұлы мен Қ. Аллабергеннің және сонымен бірге газет туралы азды-көпті мәлімет беретін Ғ.Ахмедов пен К. Нұрпейсовтің оқырман көз қуанышына айналған Алаш қозғалысы мен баспасөзіне арналған кітаптарды жоғары бағалануға лайық. «Қазақ» газеті туралы соңғы кездері республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында да аз айтылып, кем жазылып жүрген жоқ. Атап айтқанда М. Әнесұлының, Ө. Әбдімановтың, Р. Әлмұқановтың, М. Бекбосыновтың, А. Бенигсеннің, С. Дәуітұлының, америкалық ғалым, түрік қызы Б. Дениздің, М. Жармұхамедовтің, А. Мектеп пен Қ. Әбіштің, Г. Мыржақыпқызының, Б. Момынованың, А. Самурзин мен М. Қойгельдиевтің және Ф. Оразаевтың т.б. республикалық газет журнал

беттерінде жарық көрген естелік-зерттеулері, мақалалары осы тақырып турасында сөз қозғайды, өзіндік пікірлерін білдіреді [3, 245-249 б.].

Қазақ газеті 1913 жылдың 12 ақпанынан бастап Орынбор қаласында аптасына бір рет шыға бастаған. Қазақ газетінің редакторы Орынборда айдауда жүрген кезінде сол кезге қарай ағартушылық қозғалыстың танымал көшбасшысы болған, аса көрнекті ақын,көсемсөзші,түркі тілінің маманы, М. Дулатовтың анықтауынша «Қазақ әдеби тілінің мектебін жасаушы», бірақ ең алдымен ой-өрісі аса кең және ұлт дамуының жолдарын көребілген жалынды қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы болды [2, 706 б.].

1914 жылы 19 мамырда Баспасөз істері жөнінде бас басқарманың кеңсесі М. Дулатовқа «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы міндетін атқаруға рұқсат етті. XX ғ. басындағы демократияшыл қазақ зиялыларының бүкіл азаттық қозғалысы сияқты, бұл газеттің де жетекші бағытын белгілеуде қазақ халқының бостандығы жолындағы аса көрнекті күрескер, саясатшы, экон омист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, статистик, социолог, көсемсөзші энциклопедиялық тұрғыда ғұлама Ә. Бөкейханов зор рөл атқарды. Бастырушысы «Азамат» серіктестігі болды. Құсайынов пен Кәрімов баспаханасында басылып отырды.

Газеттің шығуы, редакторы жайында Петербордағы орталық архивте сақталған Орынбор губернаторы Сухомлиннің 1913 жылғы 5 қаңтардағы жоғарғы баспасөз басқармасына берілген бұйрығында Торғай облысы Қызыл шеңгел болысы 8-ауылдың қазағы Мұстафа Ахметұлы Оразаевқа және Торғай уезі Түсіп болысы 5-ауылдың қазағы Ахмет Байтұрсынұловқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетінің төмендегі бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған:

- Үкіметтің бұйрық-жарлықтары;
- Мемлекеттік дума мен мемлекеттік кеңес жұмысы;
- Ішкі және сыртқы хабарлар;
- Қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы;
- Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері;
- Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы;
- Халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері;
- Тазалық, денсаулық және малдәрігерлік жайы;
- Фельетондар;
- Корреспонденциялар мен жеделхаттар;
- Жергілікті хроника;

- Суреттер;
- Почталар;
- Құлақтандырулар [1, 446 б.].

«Қазақ» газеті осы күәлік негізінде екі жылдай шығып тұрды. Газетті жаздырып алушылар мен оған ақшалай көмек көрсетушілердің қаржысына шығып тұрған газет, сол жылдардағы «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті сияқты, үнемі қаражат тапшылығын көрумен болды. Мұндай жағдай «Қазақ» газетінің шығарушыларын газетті қаржыландырудың басқа, уақыт талабына сай жаңа тиімді жолын іздестіруге итермеледі. «Қазақ» газетін үзбей шығарып тұру үшін қазақтың кесек сома шығарарлық байлары аз болғанымен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтарының аз еместігіне сенген А. Байтұрсынов пен М. Дулатов, 1913 жылдың соңына қарай «Азамат» серіктігін құрмақ болғандықтары туралы, «Қазақ» газетінің 42-санында «Алаш азаматтарына» деген мақалада жариялады. Ол туралы «Айқап» журналы: «Орынборда шығатын «Қазақ» газетасының бастырушысы Мұстафа Оразаев бастырушылықтан шығып, орнына «Азамат» есімді серіктік жасады. Бұл серіктік екінші декабрьде ашылды. Мұнан былай «қазақ» газетін сол «Азамат» серіктестігі бастырып тұрмақшы» – дейді [4, 185-186 б.].

1913 жылы ақпаннан-1918 жылғы қаңтарға дейінгі кезең ішінде 3000 дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді. Жекелеген нөмірлері 8000 данаға дейін жететін таралыммен шықты. Редакциялық алқа 1914 жылы жаңа -жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатының хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, басқада бірқатар қалалардағы, сондай-ақ Туркия мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрды деп хабарлайды [2, 705 б.].

Ғұмыры алты жылға созылған «Қазақ» газеті төңірегіне алдыңғы қатарлы оқыған зиялылар мен ұлтымыздың көзі ашық, жанашыр азаматтарын топтастыра отырып, халқымыздың алдында шешімін таппай тұрған түйінді-түйінді мәселелерді батыл көтере білді. Газетке А. Байтұрсынов пен М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхановтармен бірге М. Жұмабаев, Ж. Сейдалин, Ж. Досмұхамедов, Р. Мәрсеков, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, Ж. Жәнібеков, М. Шоқаев, Б. Серкебаев, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев және басқалары тұрақты авторлары болып, ұлттық сананың ояуына, демократиялық күштердің бірігуіне, ұлт-азаттық қозғалыстың жандануына жол салды.

Газетте XX ғ. басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелерін қарастырды .

Халық ағарту, кітап шығару мәселелеріне басымдық берді. XIX ғ. II жартысында ұлы ағартушылардың дәстүрлерінде тәрбиеленген қазақ демократияшыл зиялылары Шығыс пен Батыс ағартушыларының тәжірибиесін жинақтап, тұтас доктрина жасады.

«Қазақ» газетінің беттерінде аграрлық проблеманың Ә.Бөкейханов бастаған көрнекті білгірлері отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою арқылы қоңыс аудару қоры құрылуының шаруалардың жерсіз қалуы үрдісінің мәнін ашып көрсетті.

«Қазақ» газеті мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактика ұстанды. Газет көзі ашық халықтардың француз революциясы мен өзге де буржуазиялық революциялардың рухындағы теңдік жеке адамға ешкімнің тиіспеушілігі, дін ұстану еркіндігі жөніндегі мұраттарын ескерді. Дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстануы, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады.

Газет беттеріндегі жарияланымдардың едәуір бөлігі тіл мен әдебиет, этнография, мәдениет пен тәрбие, педагогика мәселелеріне, рыноктық жағдайларға бейімдей отырып, халық санасын жетілдіруге арналды.

«Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тыңымсыз соғылған қонырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мындаған зерделі жасты тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйытқы болған осы газет, үні болған да осы газет.

1917 жылы 21-28 шілдеде бірінші жалпы қазақ съезі өтіп «Алаш» партиясы өмірге келеді. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде Алаш партиясының бағдарлама жобасы мен съез материалдары жарияланған еді.

Газет Ә.Ермековтің «Жасасын Алаш, жасасын» деген мақаласын жариялады. Мұнда II бүкіл қазақ съезінің Алаш Орда автономиясын жариялау туралы шешімі, сондай-ақ жалпы қазақ-қырғыз съезінің шешімдері салтанатты түрде мәлімдеді [2, 710 б.].

Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды жария еткенімен, іс жүзінде мүлде басқа басшылыққа алған кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды. Алайда «Қазақ» газеті өзіне жүктелген міндетті орындап, мақсатына жетіп үлгерген еді. Оның тәуелсіз ел болуға шақырған үні ұрпақтан-ұрпаққа жаңғырып жететін үзілмейтін ұлы сарынға ұласқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А., 1998. – 560 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 3 том. – А.: «Атамұра», 2010. – 768 б.
- 3 Омашев И.О., Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 1-т.: Қазақ баспасөзі. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 352 б.
- 4 Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.

УДК 94(575)

УЛУС ДЖУЧИ – АК ОРДА

С.К. БАСТЕМИЕВ

к.ю.н., доцент, ПГУ имени С.Торайгыров, г. Павлодар

Е.С. КАЙЫРБЕК

студент, ПИМК, г. Павлодар

Так случилось, что история казахского народа и нашего государства неразрывно связана с историей чингизидов и Монголией. Поэтому, приступая к обсуждению нашей темы, мы все таки не сможем обойти вопрос о Чингисхане и о его потомках.

Как известно, при жизни Чингисхана, его государство было разделено им на четыре улуса, по числу его сыновей от старшей жены Борте. Старшему сыну Джучи достались, образно говоря, земли Восточной Дешт-и-Кыпчака. Кроме того, по завещанию Чингисхана, Джучи должен был завоевать земли Западной Дешт-и-Кыпчака, и идти дальше - куда дойдут копыта монгольского коня. Однако, из-за преждевременной кончины Джучи, поход возглавил его сын Батый, который с 1236 по 1242 гг. завоевал огромную территорию и тем самым существенно расширил улус Джучи.

Заметим, что улус Джучи охватывал все пространство Великой Степи, от Иртыша на востоке, до Дуная на западе, по югу граница улуса охватывала среднее течение Сырдарьи и Амударьи с Аральским морем, вместе с Хорезмом, Ургенчем и Мангыстау.

После возвращения с похода, Батый территорию делит на две части: на правую часть, охватывающую завоеванные им земли Западной Дешт-и-Кыпчак, с прилегающими к ней территориями. и левую часть, под названием Ак Орда - земли Восточной Дешт-и-Кыпчак, которую он отдает самому младшему сыну Джучи, своему брату Орда - Ежену. Об этом говорит известный историк XVII века Абулгази в своей работе, приводя слова Батыя сказанные Орда-Ежену: «В этом походе ты содействовал окончанию нашего дела, потому в удель (иль) тебе народ, состоящий из пятнадцати тысяч семейств, в том месте, где жил отец твой» [1. с. 71].

Что касается других детей Джучи, то Батый 11 братьям выделяет уделы в пределах своего улуса и улуса Орды. Кроме того, Батый между своим улусом и улусом Орда-Ежена выделяет Шайбану землю, которая называется Кок Ордой.

Таким образом, Орда-Ежен, являясь наследником отчего дома и обладая большими правами, чем другие дети (жолы улкен), командовал всеми войсками Ак Орды. Об этом, Рашид-ад-Дин пишет так: «Из войск Джучиевых одною половиною управлял он (Орда) - другую - Бату. Он (Орда) с войском и с четырьмя братьями: Удуром, Тукай-Тимуром, Шингкуром и Сингкумом составлял левое крыло армии, их до настоящего времени называют царевичами левого крыла. (Еще) тех братьев (его) урук их (братьев Орды) заодно с уруком Орды и юрт его (Орды), и тех братьев (его) войска их находятся на левом крыле...» [1. с. 73].

Как свидетельствует история, потомки Батыя в вопросе развития государства добиваются высоких достижений, в особенности во времена Узбек-хана (1312-1342 гг.) улус Джучи доходит до верхнего предела своего могущества.

После смерти Узбек - хана, трон достается его сыну Джанибеку, при нем происходит дворцовый переворот, и ханом становится его сын Бердибек, который убивает всех прямых потомков от Узбек - хана, при этом Бердибек не жалеет и грудных детей.

После Бердибека, правившего всего два года, начинается великая смута в стране. С одной стороны Мамай (зять Бердибека), имея силу и реальную власть, но не имея права на ханский трон (как когда то Ногай) стремится ставить ханом из числа отдаленных

и слабых потомков Батыея, и тем самым желая сам править улусом Джучи от их имени. Кстати, именно этот Мамай требовал, чтобы русские князья платили ему дань, на что последние отказались, и произошла Куликовская битва, где Мамай проиграл.

Примерно тогда, как пишет исследователь Сафаргалиев М.Г., потомок Тукай-Тимура, Токтамыш, при активной поддержке эмира Тимура несколько раз пытается захватить политическую власть в улусе Джучи у потомка Орда-Ежена - Урус-хана, а после его смерти - у его потомков. В конце концов, в очередной битве Темур - Мелик, сын Урус-хана, попадает в плен и казнен Токтамышем. Впоследствии Токтамыш наказывает Мамайя, поджигает Москву, словом, ему удается вокруг Сарая объединить все улусы. После этого Токтамыш проводит несколько битв с Тимуром и проигрывает ему, а Тимур разрушает многие города Джучиева улуса.

Кратко говоря, смута, начатая в Сарая при Бердибеке, в конечном счете, приведет не только к его распаду, но и разорению, а оставшиеся слабые потомки Батыея так и не смогут что либо создать даже на его обломках. Так, династия Батыея исчезает с исторической арены. А потомки Тукай-Тимура создадут Казанское ханство, потомки Шайбана - Сибирское.

Следует отметить, что потомки Орда-Ежена, во избежание развала страны, боролись за Батыев улус, но они не смогли закрепиться, так как их свергали или убивали.

В то же время, потомки Орда-Ежена, несмотря на все трудности и катаклизмы, о которых скажем ниже, сохраняют политическую власть в Ак Орде, вплоть до 40 гг. XIX века. Иначе говоря, династия Чингисхана по линии Джучи и Орда-Ежена составляет 650 лет.

Существует такое мнение, что Казахское ханство и, соответственно, казахский народ, как этнос, появились в середине XV века, с чем мы категорически не согласны.

На наш взгляд, появление Казахского ханства и казахского народа было связано с потерей независимости народа Ак Орды. Заметим, в улусе Джучи народ Ак Орды свою независимость терял дважды.

Первый раз, когда Токтамыш захватил власть, но после разгрома Токтамыша народ Ак Орды не признает власть Тимура и поддерживает Тимур-Кутулука, потомка Орда-Ежена, который и был объявлен ханом. После потери своей независимости народ Ак Орды вновь восстанавливает суверенитет и независимость.

Второй раз народ теряет свою независимость, когда Ак Орду захватывает Абулхайр, потомок Шайбана, и в 1430 году Абулхайр

был объявлен ханом, а его кочевников называют узбеками. Видимо, Абулхайр, взяв имя Узбек хан, надеялся восстановить Узбеково государство, хотя Узбек -хан был потомком Батыея, а Абулхайр - потомком Шайбана.

Вместе с тем, для народа всегда необходима стабильность, и он не собирается менять свою элиту. В результате, при власти Абулхайр - хана, народ Ак Орды начинает называть себя казаками. Так появляется народ узбек-казак. Затем оставшиеся в живых потомки Орда-Ежена по линии Урус хана - Керей и Джанибек - с небольшой группой казаков откочевывают в Моголистан и ведут борьбу за независимость Ак Орды от узбеков Абулхайра. В конце концов, устанавливают свою политическую власть в Ак Орде. Так появляется Казахское ханство, во главе с ханом Кереем (и Джанибеком). Заметим, в последующее время, то есть с 1470 года и до ликвидации ханской власти царским правительством в XIX веке, в Ак Орде одни потомки Орда-Ежена по линии Урус-хана сменяли других, но политическое господство уже не переходило к представителям другой ветви чингизидов.

Бытует и такое мнение, что Керей и Джанибек бежали от Абулхайра, и они скитались, поэтому их стали называть казаками. Нельзя соглашаться с подобным мнением.

Здесь главную роль играл народ Ак Орды, а не Керей и Джанибек, хотя и их роль была значимой. Например, французский народ, во главе с генералом де Голлем, создав на территории других государств движение Сопротивления, в конце концов, освободил Францию. Точно также, народ Ак Орды боролся за свою независимость во главе с Кереем и Джанибеком.

Теперь вопрос: почему узбекский союз распался, а союз казаков (казахов) укрепился?

Известно, что при распаде крупной империи на ее месте создается несколько самостоятельных государств, но создаются они на основе какой-то национальной идеи. К примеру, после распада СССР, все республики искали эту идею, а некоторые республики до сих пор не могут найти и находятся на грани распада. Так вот, считаем, что Абулхайр - хан не смог найти эту национальную идею. Давайте рассмотрим слово «узбек». Если Абулхайр - хан назвал свой союз именем хана Узбека, при котором улус Джучи достиг своего могущества, то он, по сути, призывал к восстановлению улуса Джучи, как, к примеру, некоторые политики призывают сегодня восстановить СССР. Если слово «узбек» имело смысл,

который мы знаем как «сам себе бек», то это также не могло стать фактором, объединяющим кочевников, так как от этого слова исходит замкнутость, ограниченность, оседлость, что не воспринимается и противоречит мироощущению кочевников. Для кочевника необходима широта, вселенский простор. А вот Жанибек и Керей нашли ту самую национальную идею: это «Алаш». Алаш – это призыв к свободной кочевой жизни, независимости, своим историческим корням и т.д. Это не могло не затронуть кочевников, этих потомков древних саков, и они стекались и сами добровольно входили в состав нового союза, название которого «казак». Поэтому казаки за короткое время стали серьезной силой и смогли удержать свое государство под названием Ак Орда.

Что же касается слова «казак», то мы поддерживаем мнение тех, кто считает, что слово «казак» от слова «сак». По китайской транскрипции сак звучит как «ха-сак», по русской транскрипции – «кай-сак», а по транскрипции коммунистов – «ка-зах».

Заметим, что в новый союз стекались потомки древних саков, имевшие единую кочевую культуру и язык. В этом новом союзе оказались все те племена, которые прибыли с территории Монголии, а именно: найманы, керейты (керей), конраты, меркиты и другие. Выходит, монголы не исчезли, а стали казаками. Полагаем, что понятие «казак (сак)» шире понятия «монгол». Монгол только часть «сака (казака)», и поэтому это слово у нас не употреблялось.

В современных условиях мы, казахи, обязаны говорить, что история улуса Джучи - это часть истории казахов. Все знают, что именно здесь, в Казахском ханстве точно так же, как и при Чингисхане, и при улусе Джучи, народ своих предводителей называл «ханами», точно так же, как и при Чингисхане, своих ханов в Казахском ханстве поднимал на белой кошме и, как при Чингисхане или улусе Джучи, здесь ханами могли стать только чингизиды. Кстати, церемония провозглашения хана с поднятием его на белой кошме - это обычай древних тюрков [2, с. 60].

Существует мнение о том, что Россия является наследницей Золотой Орды, с чем нельзя согласиться.

Во-первых, такое государство под названием «Золотая Орда» никогда не существовало. Это название появилось только в русских источниках XVI века, то есть после распада правой части улуса Джучи.

Во-вторых, распавшаяся правая часть улуса Джучи - это земли, завоеванные Батыем и изначально не входившие в улус Джучи.

В-третьих, оставленный в наследство Чингисханом своему старшему сыну Джучи улус - это земли Восточного Дешт-и-Кыпчака, то есть территория современного Казахстана. Поэтому наследником улуса Джучи - Ак Орды является Республика Казахстан, и даже резиденция Президента у нас называется Ак Орда.

И последнее. Период правления династии Чингисхана по линии старшего сына Джучи составляет около 300 лет, а с учетом истории Казахского ханства - более 650 лет. А Юанская династия чингизидов по линии Угедея и Тули - не более 140 лет.

Вместе с тем, говорят китайцы, в Пекине поставили памятник Чингисхану, а мы, казахи - потомки древних саков, до сих пор ведем дискуссии и споры между собой о Чингисхане и его «монголах» [3, с. 71].

Таким образом, заканчивая свои рассуждения, зададим резонный вопрос: когда же мы – казахи - начнем писать историю улуса Джучи? Когда поставим памятник Джучи, Батью и Орда - Ежену?

ЛИТЕРАТУРА

1 Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // Золотая Орда / Под ред. Е.М. Арын (главн. ред.) Ж.О. Артыкбаев (ответ ред.); Сост. Е.Б. Каснов - Павлодар, ТОО НПФ «ЭКО», 2007. - 248 с. (Серия: кочевники - основана в 2005 г.).

2 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - СПб.: СЗКЭО, Издательский Дом «Кристалл», 2003. - 576 с. (Серия «Вехи истории»).

3 Данияров К.К. О новой истории Казахстана. – Алматы, 2004. – 500 с.

УДК 94(574)

РОЛЬ СЕМЬИ КАПУСТИНЫХ В АКТИВИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ

А.Р. БЕЙСЕМБАЕВА

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

XIX век – это переломный период в жизни России, Казахстана. Особенно новыми, непривычными и резкими были изменения в Казахстане. Памятуя о появившихся сдвигах в экономике, социальной и политической структурах, отметим, что наиболее

перспективные перемены происходили в духовной жизни. Ведущую роль в названном процессе играла интеллигенция, также пережившая в изучаемом времени глубокие и разнообразные трансформации.

Экономические, политические обстоятельства определяли количество школ, их обеспеченность, положение учителей, характер их подготовки, направленность учебного процесса. В то же время, изменение общественной атмосферы, общественного сознания, меняли политическую ситуацию, а вместе с тем – политику в области культуры.

Культуру Северного Казахстана характеризует полиэтничность, многослойность, поликонфессиональность. В контактной зоне проблемы развития могут анализироваться только как диалог цивилизаций, попыткой в этом диалоге найти ответы на вызовы времени. Как ядро цивилизации выделяется менталитет этносов, находившихся в диффузивной зоне. И с этих позиций общественную жизнь, общественное развитие нельзя отделить от проблем собственно культуры. Для изучения духовной жизни Казахстана целесообразно обращение к тем периферийным районам, которые были контактной зоной разных цивилизаций. Очевидно, что на этих территориях происходили знакомство, взаимообмен, взаимообогащение форм общественного бытия, культурных ценностей.

Необходимость цивилизационного подхода проглядывает в реальной ситуации второй половины XIX века, когда широко развертывается просветительское движение, сочетавшее общественно - политический идеал и реализацию его в конкретных формах культуры, политической деятельности. Просветительское служение затронуло и науку, и образование, и печать, и все другие области духовного бытия.

В рассмотрении духовной жизни нельзя обойтись без понятия «культурный центр» (в сибирской регионолистике – «культурное гнездо»). Количество учреждений культуры, да и интеллигенции в XIX веке, было столь невелико, что говорить о культурных повсеместных процессах, развертывавшихся одновременно, видимо, в полной степени нельзя. Культурное влияние распространялось из немногочисленных центров на периферию. Такими центрами вне Казахстана являлись Казань, Оренбург, Уфа, Омск. В Казахстане – Уральск, Семипалатинск, Тургайская область, Баян – Аульский район и некоторые другие.

Предпосылкой появления просветительства было развитие системы образования в конце XVIII – начале XIX века, когда были созданы учебные заведения в провинции, и на востоке России. В

школы, училища Оренбурга, Омска стали принимать заметное количество детей казахской знати.

«Эпоха просветителей» наступила в 40-х - 60-х годах XIX века. Развитие новых капиталистических отношений, необходимость ликвидации крепостничества вызвало это движение, дало ему силу. В просветительское движение были втянуты широкие круги интеллигенции разных профессий. Просветители были носителями прогрессивной буржуазной идеологии. Это были «образованные представители либеральной и демократической буржуазии». Но это не была сама буржуазия. Это было не сословие, а среда. Основным отряд составляли разночинцы - выходцы из чиновничества, мещанства, купечества, крестьянства.

В процессе подготовки, проведения просветительских мероприятий происходило общение, сплочение организаторов и участников их. Возникают пока еще немногочисленные кружки, группы, своеобразные «гнезда» любителей старины. Кружки – «говорильни» превращались в действующие объединения. Общение в них вело к становлению своеобразной культурной традиции. Такими культурными гнездами стали кружки приближенных хана Жангира, султана Чингиса Валиханова, волостного правителя М. Чорманова. Знатоки казахских степей группируются в Омске вокруг Якова Семеновича Капустина. Примечательно, что прибывающие из центра крупные ученые считают необходимым встретиться с этими людьми и опереться на их поддержку и помощь. Крупный ученый, путешественник Семенов неоднократно бывал в Омске, Казахстане, где лично встречался с прогрессивно настроенной интеллигенцией. Обязательно навещал он во время приездов кружок Якова Семеновича Капустина в Омске, где оказал немалое влияние на приобщение к науке, общественной жизни пытливей молодежи, в том числе Ч. Валиханова, Г. Потанина, Ф. Усова и другие [1, с. 24].

Просветительская деятельность способствовала выяснению взглядов, формированию круга единомышленников, воспитанию самих разночинцев-демократов. Путь, который проходили подобные объединения можно проследить на примере семьи Капустиных в Омске [2, с. 49].

Дом Капустиных в Омске стал центром встреч передовой интеллигенции. В этом доме бывали лучшие представители административных органов Западной Сибири, офицерского корпуса, преподаватели. Его с благодарностью вспоминали Ч. Валиханов, Г. Потанин, Ф. Достоевский. Гостями Капустиных

были Н. Костылецкий, Ф. Усов, С. Дуров, П. Семенов Тянь-Шанский и многие другие [3, с.36].

Яков Семенович Капустин (1792-1859) с 1839 годов находился на службе в Омске, в 1850 годах занимал должность начальника отделения Главного управления Западной Сибири. Современники характеризуют его как редкого для Сибири честного служащего, стремившегося выполнять долг так, как этого требует рассудок и справедливость, а не веления начальства. Определенного мужества, чувства независимости требовало согласие на особую роль в городе своей семьи.

Возможность занимать независимую позицию Капустину давали его деловые качества. Имея только лишь домашнее образование, Яков Семенович вынужден был продвигаться по служебной лестнице с нижних ее ступеней. Он был подканцеляристом, коллежским регистратором. Уже в это время он отличается ответственным отношением к службе. Ревизия М.М. Сперанского, обнаружившего в Сибири вопиющий произвол, взяточничество, некомпетентность, привела к новому продвижению его по службе на основании личного распоряжения генерал-губернатора. В Омске он был уже статским советником, кавалером ряда орденов, отмечен пожалованным царем бриллиантовым перстнем [4, с. 74-75]. Увлекаясь с детства литературой и не утратив этого увлечения в зрелые годы, Яков Семенович обладал прогрессивными взглядами.

Эмоциональным центром дома была Екатерина Ивановна Капустина, урожденная Менделеева. Ее отзывчивость, сердобольность, стремление помочь человеку приводили в дом и сосланных петрашевцев С. Дурова, Ф. Достоевского, и кадета Ч. Валиханова, и начинающего крупнейшие исследования географа П.П. Семенова. Екатерина Ивановна заботилась и хлопотала о знакомых до конца своих дней, поддерживала с ними дружеские связи. Именно поэтому Ф. Достоевский охарактеризовал Капустиных как людей простых и отзывчивых. Эти и другие качества старших Капустиных были переданы и их многочисленным детям.

Старшая дочь Капустиных была замужем за Карлом Казимировичем Гутковским, начальником областного управления сибирскими «киргизами», преподававшим одновременно в кадетском корпусе основы артиллерии, фортификации и тактики. Семья Гутковских была своего рода филиалом семьи Капустиных. Карл Казимирович принимал в своем доме тех же лиц, что и Капустины. В доме его часто бывал Ч. Валиханов, которого

Гутковский поддерживал не только в кадетской жизни, но и в последующий период. Нарушая требования программы обучения, он давал Ч. Валиханову книги по военным дисциплинам, не предусмотренным для изучения «иногородцами». Гутковский принял активное участие в организации экспедиции Валиханова в Кашгар. Он первый поднял вопрос о публикации работ Чокана.

Представителем «новых людей» в семье был Семен Яковлевич Капустин, выпускник (1852 год) Казанского университета [5, с.353]. Фактором, оказавшим особое влияние на развитие С. Капустина, оказалось его сближение со студентами-сибиряками университета и духовной академии в рамках землячества. Именно к этому времени относится его знакомство с Н.Я. Аристовым, Д.Л. Кузнецовым, подтверждающееся документами. Сложно допустить, что существовавшие земляческие связи не распространялись на других сибиряков, учившихся в это время в академии. Мы имеем в виду, прежде всего, А.П. Щапова и М.В. Загоскина. Напомним, что Аристов написал наиболее полную биографию Щапова, не только был знаком с фактами биографии, жизни Щапова, но и был постоянным участником бесед у Афанасия Прокофьевича, как и Кузнецов.

Видимо, уже в 1850-е годы. Капустин в соответствии с тенденциями, проявившимися в передовой журналистике, обращает внимание на крестьянскую общину, в которой видит источник развития России. Работы на эту тему он помещает в Казани в «Юридическом сборнике», а затем в «Трудах вольного экономического общества» [4, с. 86]. Служба в Главном управлении Западной Сибири способствовала накоплению наблюдений о жизни крестьянства. Результатом явились работы «Очерки порядков поземельной общины в Тобольской губернии» и «Формы землевладения у русского народа в зависимости от природы, климата и этнографических особенностей», высоко оцененные общественностью.

12.05.1855 год С. Капустин пишет из Омска в Казань своему учителю Д.И. Майеру «Из числа более чем десяти человек - питомцев Казанского университета, служащих в одном Омске, ни один не помрачил еще чести университета каким-либо поступком, марающим человечество» [6, с. 188]. В этом же письме высказывается сожаление о недостатке в Омске «сильной и умелой деятельности, потребной молодому человеку», о не многочисленности способных и достойных людей и желательности привлечения их в Сибирь.

Письмо подтверждает в определенной степени сведения о том, что в интеллектуальном, общественном кружке в доме Капустиных собирались представители разных слоев Омского общества, в том числе и товарищи С. Капустина по службе. Оно позволяет предположить, что это были, прежде всего, выпускники Казанского университета. Возникает как бы «землячество наоборот» - объединяются не по месту рождения, а по месту духовного созревания, по общности пребывания и общения в учебном заведении. Такое явление довольно заметно в истории того времени и Громов, например, обратил внимание на взаимный интерес, склонность к взаимовыручке выпускников инженерной школы.

Жалобы на отсутствие сильной и умелой деятельности, разумеется, были вызваны сравнением с общественной жизнью в Казани, в Казанском университете, где в первой половине 1850-х годов, сосредоточились такие прогрессивные преподаватели как И. Бабст, Бултеров, Киттары, Д. Мейер, Н. Булич. Они были инициаторами таких общественно - значимых дел как популярные публичные лекции, исследование состояния крепостнической России, разработка проектов перехода России на новый путь развития, изложение оценок и проектов в печати.

Обращает на себя внимание и другое обстоятельство. Работа в Сибири содействовала обращению Капустина не только к общероссийским проблемам, но и региональным. В названных выше работах Семен Яковлевич констатирует бедственное положение сельского хозяйства, крестьян. Причиной этого он в легальном издании называет неразвитость, безграмотность крестьян. Вина за это лежит на интеллигенции, обязанность которой заняться насущными проблемами России. При этом нельзя руководствоваться только лишь образцами извне. Нужно изучать своеобразие «чисто русского дела» в зависимости от природы, этнографических особенностей. И в этом видны не только понимание Капустиным задач и смысла научной деятельности интеллигенции, но и отзвук идей Щапова.

Можно предполагать, что на рубеже 1850-1860-х годов Капустин устанавливает связи с формирующейся общероссийской организацией разночинцев-демократов «Земля и воля» [7, с. 434].

Как бы то ни было, Капустин, у которого бывали и сосланные студенты Казанского университета, и учащиеся кадетского корпуса, и учителя его, и молодые, только что закончившие учебные заведения, чиновники, оказал существенное влияние на

формирование интеллигенции Сибири, Казахстана. При этом дом его был не только культурным центром.

Брат Семена Яковлевича, Михаил (1847-1920), прожив детские годы в Омске, вместе с родителями уезжает в 1859 году, в Томск, где в 1870 году. Заканчивает гимназию. Таким образом, он становится соучеником Н.М. Ядринцева, И. Кушевского по гимназии, застал период горячих встреч гимназистов с Н. Щукиным, соучеником Н. Добролюбова. В этот период происходит перерождение гимназии: в ней появляется первый литературный кружок, развивается дальше литературная традиция, появляются новые учителя.

Подводя итоги, нужно, прежде всего, отметить, что XIX начало XX века явились переломной эпохой в развитии культуры, общественного движения в Казахстане. Это видно из следующего:

- уроженцам Северного Казахстана впервые стало доступно светское образование;
- в регионе была создана собственная система образования;
- была сформирована интеллигенция;
- появилась наука на уровне своего времени;
- зарождается профессиональная литература;
- появляется местная журналистика;
- в регионе распространяются отвечающие своему времени общественные идеи;
- было положено начало разработке своих оригинальных общественно-политических взглядов.

Просветители ставили задачу сформировать нового человека, отвечающего идеалам общества свободы, равенства и братства. Для просветительства характерны:

- отрицание, язвительная критика, борьба против старого мира;
- вера и надежда на разум человека и отсюда борьба против всего, что затрудняет его развитие, и наоборот – содействие развитию науки, «положительных» (а не схоластических);
- надежда на то, что возможно торжество разума во всех людях, вера в возможность перестройки общества на началах разума.

В литературе о развитии общественной жизни XIX века доминирующими понятиями являются «разночинцы», «демократы», «просветители». Это объясняется тем, что подавляющую часть века (с 1840-х вплоть до 1890-х годов) основными деятелями общественного движения являлись «новые люди», разночинцы, пришедшие на смену дворянам.

В регионе происходит диалог типов культур, диалог цивилизаций – зарождающейся индустриальной и аграрной, оседлой и номадической, земледельческой и скотоводческой. Основной культурный поток шел от первых: названные выше культурные сдвиги – явления индустриальной цивилизации. Но регион сохранил и передал прибывшим новым людям черты традиционной культуры: устойчивость верований, терпимость к новым людям с новым типом культуры, уважение своего достоинства. Расширился круг представлений этносов, пребывавших в регионе, носителей разных типов цивилизации. На основе диалога складывается новый тип отношений не конкурирующий, больше соседствующий и дополняющий.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Захаренко А.Л. Общественно – политические, культурные связи Северного Казахстана и Поволжья, Южного Урала, Западной Сибири XIX – начало XX в. – Павлодар, 2004. – 264 с.
- 2 Бердинских В.А.. Уездные историки. Русская провинциальная историография. – М.: Новое лит. обозрение, 2003. – 49 с.
- 3 Захаренко А.Л. Сибирские землячества и формирование разночинцев-просветителей Западной Сибири, Северного Казахстана в середине XIX в. – Павлодар, 2005. – 205 с.
- 4 Вайнерман В. Достоевский и Омск. – М.: Омск, 1991. – 74-75 с.
- 5 Преподаватели, учившиеся и служившие в императорском Казанском университете (1804– 1904 гг.). А.И. Михайловский. – Казань, 1904. – 396 с.
- 6 Вайнерман В.С. Омское окружение Достоевского. В кн.: Достоевский. Материалы и исследования. Т. 6. - Л., 1985. – 188 с.
- 7 Слепцова М. Штурманы грядущей бури. – Звенья. Сбор материалов и документов... – М.: Омск, 1933. – с. 434.

ӘОЖ 94 (574)

РУХЫМЫЗДЫ ОЯТҚАН СЕН, ЖЕЛТОҚСАН!

А.С. БУКАТАЕВА
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.А. КАСКАБАСОВА
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
К.К. СЫЗДЫКОВ
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Ұлттық мемлекетінің идеяларының қалыптасуы Желтоқсан Қозғалуынан басталады. Жастардың елдегі саяси ролі және елдің халық бостандығы егемендігінің жолындағы күресі және олардың ғылыми-саяси еңбектерінің маңызын зерттеудің өзектілігі зор.

Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары сапалық жаңа сипатқа көтерілу болып табылады. Республика халқы екі таңдаудың алдында тұрды: не Қазақстандағы «кіші Қазанды» қайталауды таңдау, не ұлттық өзін-өзі билеу құқығын таңдау керек болды, ол республикада басқарушыны сырттан әкелушілік институтын тоқтату талабынан көрініс тапты.

Алматыдағы оқиғалар ҚКП ОК-нің пленумында Д. Қонаевтың қызметінен алынуы және Сібірден келген партиялық функционер, «сыбайластыққа қарсы қатаң шараны қолдаушы» ретінде белгілі және осы стандарттарға сәйкес «реформатор» болып көрінген Г.В. Колбиннің сайлануы туралы ресми хабарлама берілген сәттен бастап қарқын алды [1, 90 б.].

Колбиннің кандидатурасы тағы бір маңызды сипаттама бойынша Горбачевтың таңдауына сай келді-оның ұлты орыс болатын». Дүрбелеңге толы үш күн бойына, 1986 жылдың 16 желтоқсанынан 18 желтоқсанына дейін болған.

Фактілер 1986 жылғы желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні болған желтоқсан оқиғасы көп ретте 1979 жылы маусымда Целиноградта болған оқиғаның дайындалу кезеңін еске салады. 17 желтоқсанда таң ата қала жастары өз бетінше, ал кей жерлерде ұйымдасқан түрде көшелерге шықты. Жастардың алғашқы топтары 17 желтоқсанда таңертеңгі сағат 7-ден 8-ге қарай Компартия ОК-нің алдындағы алаңға мөлшері 200-300 адам ОК пленумының шешіміне қарсы наразылық білдірген ұрандар ұстап жиналды. Жастардың талаптарында республиканың бірінші басшылығы

қызметіне Қолбиннің сайлауына наразылық білдірілді, Қонаевтың олардың алдына шығып, ашық түсінік беруін талап етті. 11 сағат 30 минутта алаң босады, жастар қала көшелеріне бет алды. Шеруге Ішкі істер министрлігі мен оның бөлімшелері құрамының жеке күштері ілесіп отырды [1, 91 б.].

Алаңды құрсауға алуға: ешкімді шығармауға және ешкімді кіргізбеуге бұйрық берілді. Толқудың қақ ортасына жақындаған демонстранттардың жаңа топтары қоршауды бұзды, қақтығыс туды. Жөнкілген қалың тобыр бір-бірін қысып-жаншып, кейбіреулер аяқ астында қалды. Демонстранттардың құқық қорғау органдарымен қақтығысы қиян-кескі арпалысқа ұласты [1, 92 б.].

Қазақ жастары 1986 жылдың желтоқсаны күндері ондаған жылдары бойы үстемдік құрып келген тоталитарлық режимге батыл қарсы тұрды, сөйтіп бұрынғы КСРО кеңістігінде ұлттық-демократиялық қозғалысты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Оқиға басқа халықтарға қарсы бағытталмағанын, бұл елдегі екі күштің: буыны қатпағанды демократия мен ол кезде қылышынан қан тамып тұрған әкімшіл - өміршіл жүйенің тұңғыш қақтығысуы болатын.

Желтоқсан басталуында Қ. Рысқұлбеков, Қ. Айтмұрзаев, Б. Иманғожаев, О. Сейтембеков, А. Қаметов, Е. Көбесбаев, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, С. Мұхамеджанова, И. Дәуренов және т.б. болды [1, 93 б.].

Қазақстан журналистер одағы сыйлығының иегері Ф. Игнатов былай дейді: «Желтоқсан оқиғаларының басы-қасында тікелей болған куәгер ретінде мен батыл жауапкершілікпен былай деп мәлімдей аламын: көтеріліс туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Демонстрацияға шыққан жастар Орталық Комитеттің алдындағы алаңға бейбіт шерумен келіп, жинала бастаған болатын. Орталық Комитеттің ғимаратын басып алу жөнінде олардың ешқандай ойы да, әрекеті де болған емес. Орталық телеграфты, банкті, вокзалдарды, басқа да маңызды атрибуттарды былай қойғанда, алаңның жанындағы телеорталық пен газет редакцияларына да ондай қауіп-қатер төнген жоқ. Басым көпшілігі жастар болып табылатын топ бір ғана сұраққа жауап беруді талап етті: Мәскеу одақтың шет аймақтардағы ұлт республикаларына өзінің билеп-төстеушілерін баса-көктеп жібере беруін қашан қояды?»

Бірақ, өздеріне деген сенімі зор мәскеулік шеңуніктер қызметінен Дінмұхамед Қонаевтың бұл мәселе жөнінде бір ауыз сөз айтуына да мүмкіндік бермеген еді.

Демонстранттар күшпен қуып таратылды. Одан соң осы оқиғаға қатысы бар адамдарды да, қатысы жоқ адамдарды да «әшкерелеу»

жөніндегі жаппай айыптау науқаны өріс алды. Республиканың бұрынғы басшылары атүсті өткізілген әділетсіз сот процестерінен кейін желтоқсанның қайғылы оқиғасына түпкілікті теріс баға берілуін жанталаса асығып күтумен болды. Олар барлық кінәні де, жауапкершілікті де қолдарына үкімет билігі жоқ адал азаматтардың иығына аудара салуға тырысып бақты. Жоғары Кеңес осы мәселе бойынша арнайы комиссия құрған кезде Желтоқсан оқиғаларына тек түпкілікті теріс баға берілуі тиіс екені жөнінде ғана сөз болған еді. Алайда, бұл оқиғаның ең соңғы түпкілікті әділ бағасына әрқашан әділ қазы-болашақ уақыт қана беретінін ол кезде ешкім де білген жоқ болатын. Алматыдағы музыка училищесінің студенті 16 жасар Ләззат Асанованың тағдыры осы уақытқа дейін жартылай белгісіз қалып келеді. Ол қыз сол бір қаралы күндерде күмәнді жағдайда қаза тапқан болатын [2, 88 б.].

Нақты деректерге жүгініп көрейік.

Желтоқсанның 17-18 күндері Ләззат республиканың сол кездегі астанасының Орталық Алаңындағы қайнаған қызу күрестің ортасында болған. Мұны өз көздерімен көрген куәлер көп. Олар Ләззатын демонстранттарға арнап: «Қазақтар! Кіріптарлық құлдықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін жөніп алған кезде ғана азат бола аламыз! – деп айтқан сөздерін растайды?» Оның бұл жалынды сөздерін алаңға шыққан өз пікірлестері ғана емес, сонымен қатар олардың арасында жасырын жүрген салпаңқұлақ жансыздар да естіген болатын. Демонстранттар күшпен қуып таратылған бойда, құжаттардан айқын болып отырғанындай, Ләззат Асанова тап осындай себеппен қамауға алынған. Оның қамауда өткізген бірнеше күн ішіндегі тағдырын иығына погон таққандар мен қарапайым киінген жансыздар ғана білген еді. Өрімдей жас қыздың мәйіті бір күні таңға жуық музыкалық училище жатақханасының ауласынан табылды. Оны бірінші болып «кездейсоқ» байқағандар тыным таппай, көше кезіп жүретін жансыздар болды. Бұл тіпті де тегін емес еді. Осы қаралы оқиға қарсаңындағы кеште де, түнде де Ләззатты жатақханада тұратындардың бірде - біреуі көрмеген. Өйткені, ол бұл түні жатақханада тіпті болмаған еді [2, 89 б.].

с Россией. А.И.Левшин сравнил Тауке-хана с Соломоном, Ликуртом Орд Казачьих. Созная грозную опасность со стороны калмаков, Таукель-хан в 1710 г. созвал в Каракумах курултай всей Казахской Орды. Главкомандующим всей Казахской армией был назначен простолудин – Богенбай-батыр. В военных сражениях с калмаками народное ополчение казахов в 1710-1713 годах одерживает победы, но в 1714 году потерпело крупное поражение. В 1715 г. умер престарелый Тауке-хан. На его место избирают уже пожилого Каип-хана (правнука Есим хана). В 1717 г. Каип-хан совместно с ханом Младшего жуза Абулхаиром выступили против калмаков. В результате 3-х дневной битвы на р. Аягуз потерпели полный разгром. В следующем году калмаки захватили весь юг страны. В конце 1718 г. Каип-хан умер. Правящая элита нации избирает на ханский трон Болатата - сына Тауке-хана, слабовольного и бездеятельного человека, с тем, чтобы в своих улусах самим управлять по своему усмотрению. Весной 1723 года сотысячная хорошо вооруженная армия калмаков вторглась в Казахскую Орду. Известный историк и писатель Мухтар Магауин так описывает последствия джунгарского нашествия: «Обессиливший от прежних войн, запуганный, не имевший достойного вождя, многострадальный народ не мог оказать существенного сопротивления ойратскому вторжению. Были физически истреблены почти все, кто мог носить оружие; беззащитный, беспомощный народ понес непоправимые потери, оставшиеся в живых побросали родные места и бежали, опасаясь, кто как мог - начался катастрофический период в истории казахского народа, получивший название «Актабан-шубырынды, алкаколь-сулама» - годы великого бедствия». По Шакариму в этот период казахский народ потерял две трети своей численности».

Абулхаир-хан (1710-1748) Младшего жуза. Провозглашен ханом Младшего и частью Среднего жуза на народном курултае в Каракумах в 1710 году. Он принадлежал к младшей ветви Жанибек-хана. Его прапрадед Батыр – хан управлял Малой казахской ордой в 1608-1617 гг. Выдвинулся он благодаря своим личным умениям, организаторским качествам. Сумел привлечь на свою сторону влиятельных народных батыров, как Есет (1667-1749), Богенбай (ум. в 1741), Жанибек (ум. в 1741). Именно он, Абулхаир-хан, единственный из Чингизидов Казахской Орды, организовал всенародное сопротивление, захватчикам-калмакам. И в 1725 году отбесвал у джунгар Туркестан и его окрестности.

В 1726 году в Ордабасы Абулхаир хан был избран главным предводителем народного ополчения. В течение последующих

3 лет (1727-1730) воинские соединения трёх жузов под верховным командованием Абулхаир-хана одержали наиболее крупные, в том числе две решающие (Буландинское и Аныракайские битвы) в многолетней войне с Джунгарией. Именно в данный судьбоносный период Абулхаир-хан приобрел среди казахов звание «старшего» или «главного хана».

В этот период (1729) умирает ничего незначущий Болат-хан. Казахская элита избирает новым ханом Абулмамбета, сына покойного Болатата. Абулхаир, оказавшись обойденным, почувствовал себя оскорбленным, уязвленным и, как человек с непомерным честолюбием, предпринял ответный шаг. Он отказался от поста главкомандующего в пользу нового хана и со своим ополчением вернулся в Младший жуз. Покинул фронт, кстати, и другой претендент, брат Болатата, султан Шахмухамбет Семекте.

Летом 1730 года Абулхаир-хан направил свое посольство в Уфу с предложением – вступить в Российское подданство. 10 октября 1731 года принял присягу на верность императорской короне. В 1748 году был убит султаном Бараком. Хан Абулхаир вошел в историю Казахстана не только как видный военный и политический деятель Степи, успешно разрешивший ряд актуальных проблем внутри и внешнеполитической действительности, но и как крупнейший политик-стратег, который обладал масштабным видением грядущей перспективы развития евразийского пространства.

Целая эпоха в истории Казахстана связана с Абылай-ханом (Абылмансур, 1711-1781 г.ж.) Был правнуком Салкам Жангир-хана. Его отец Уали-султан был убит калмыками при штурме Ташкента. Лишившись отца и матери, он несколько лет пас коней у бая. А с 15 лет принимает участие в сражении с калмыками. В 20 лет в поединке победил Чарыша – главного батыра Калмаков. Узнав о его высоком происхождении, казахи рода аргын, караул выбрали его своим султаном. В 1740 г. вместе с Абулмамбетом принял присягу России. В 1757 г. подписал мирный договор с Китаем. Лишь только в 1771 г., после смерти Абулмамбет-хана, Абылай-хан официально, в торжественной обстановке в Туркестане у мавзолея Хаджи Ахмед Яссави был поднят на белой кошме и объявлен ханом всей Казахской Орды. Абылай-султан принял на себя командование всеми военными силами, которыми располагал хан Абулмамбет. С именем Абылая связана идея общенационального единства, государственной независимости и территориальной целостности Казахстана. За осуществление этой идеи раскрылись природные дарования Абылая: государственный ум, личная

отвага, талант полководца и политического деятеля, качества искусного дипломата. Только благодаря этим незаурядным способностям Абылай – безвестный пастух, по прозвищу Сабалах, возвысился до значения хана, пользовался поддержкой широких слоев общества. Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в своей книге «В потоке истории» отметил, что стремление народа к единству нашло отражение в деятельности хана Абылая. «Подвиги Абылай хана – объединителя, пишет Н. Назарбаев, – который вместе с батырами творил чудеса героизма, стали одной из опор возрождения казахского духа в тот жестокий век».

Из многочисленных сыновей (30) Абылай-хана отметим тех, кто был управителем какой-либо территории Казахстана. Уали-хан (1782-1821) – старший сын Абылай-хана. В декабре 1781г. утвержден ханом Среднего жуза Китаем. В начале 1782 г. в Петропавловске официально присягнул на верность России. К концу жизни фактически лишился реальной власти. Следует отметить политически активную младшую жену Уали Айганым, широко образованную для своего времени женщину- казашку. Она знала русский и несколько восточных языков. Была в Петербурге, изумила и восхитила высшее общество, на нее обратил внимание император Александр I. Она была любимой бабушкой Чокана Валиханова. Адил-султан (умер в 1815 г.) – правил на юге Старшего жуза. Численность подвластного ему населения составляла примерно 10 тысяч семей. В 1814 г. признал патронат кокандского правления Омар-хана. (1809-1821). Сюк-султан – правитель северо-восточной части Жетысу. Его улус составлял около 55 тысяч человек. Касым-султан управлял в Центральном Казахстане. Тугум – султан был послом Абылай-хана в 1778 г. в Петербурге и был принят Екатериной II. Убайдулла-хан, сын Уали-хана, был провозглашен ханом после смерти своего отца в 1821 г. В 1824 г. после ликвидации ханской власти, был избран старшим султаном Кокчетавского округа, но в 1825 г. был сослан в Сибирь г. Березов. И лишь в 1840 г. благодаря ходатайству и требованию Кенесары-хана (его двоюродного брата), он был освобожден и вернулся на родину. Салтамамет - двоюродный брат Аблай-хана, имел 18-ть сыновей. Управлял кыпчаками Среднего Жуза, был высококвалифицированным консультантом при Андрееве по составлению родословных казахских ханов.

Кенесары-хан (1802-1847 г.ж.) Внук Абылай-хана считал себя продолжателем дела своего знаменитого деда. Он ставил перед собой главную цель - восстановление целостности Казахской Орды в прежнем ее величии. Руководитель национально-освободительной

борьбы против Российской экспансии. Осенью 1841 г. представители всех трех Казахских жузов подняли Кенесары на белой кошме, провозгласив своим ханом. Его обширная дипломатическая переписка с генерал-губернатором говорит о его широте взглядов, гибкой политике, о ярком борце за национальную независимость. Борьба за независимость казахского народа завершилась поражением казахов и превращением края в 60-х гг. XIX в. в российскую колонию. Ханская власть была ликвидирована. Но царские власти держали Некоторые представители чингизидов стали князьями, другие – дворянами. Известно четырнадцать княжеских титулов являются выходцами из сословия торе-Чингизидов в Российской истории.

В советское время некоторые потомки чингизидов были репрессированы, остальные тщательно скрывали свое происхождение, чтобы не подвергнуться гонениям. И только в современных условиях, когда появилась возможность открыть историческую правду, возобновились на новом уровне исследования, посвященные проблеме казахской государственности и роли чингизидов в этом процессе.

В процессе изучения национальной истории весьма важно не допустить двух крайностей. Первая связана с опасностью мифологизации собственной истории. Вторая крайность - недооценка или чрезмерно скептическое отношение к самим себе, то есть своеобразный комплекс исторической неполноценности. Большинство такого рода оценок являются искусственно вживленными в массовое сознание пропагандистской машиной тоталитарного режима. Хотя, этой машины уже нет, но до сих пор продолжают действовать стереотипы, глубоко насажденные ею в нашем сознании. Так, до сих пор в общественном сознании, в том числе у наших соотечественников и ближних соседей, сохраняется устойчивое представление о прошлом народов Центральной Азии как о некоем варварском и враждебном сообществе за пределами ойкумены с зачаточными навыками к восприятию глобализационных, цивилизационных процессов.

Обращение к национальной истории на строго научной основе, исключая вышеназванные крайности, на наш взгляд, должно обеспечить адекватное освоение современных вызовов времени и аргументационные основания для ориентиров будущего

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НУМИЗМАТИКА САЛАСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

А.А. МУРЗАБЕКОВА

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А.А. КАСКАБАСОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Біздің тарихымыз сан тұңғықтың қаймағы. Тарихымыз жеткіліксіз зерттелді деп айтуға келмес. Бізге дейін ата-бабалаымыз зерттеп, қазірде зерттелу үстінде және де болашақта зерттелетін ошағына айналмақ. Себебі атақты ғалымдарымыздың ашқан керемет жаңалықтарының арқасында әлі көптеген сұрақтар туа бермек. Тарихтың неше түрлі салалары барын біз білеміз. Бірақ біздің көкейімізді кескен нумизматика саласы болып табылады. Ол туралы тарихшылар, археологтар, жалпы ғалымдар өз үлестерін қосуда. Бардык құнды деректерін жинастыра келе ел **Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау қарсаңында өзіңіз жұмыс істейтін Мемлекеттік орталық мұражай «Қазақстан монеталарының шежіресі» көрмесін ұйымдастырған еді. Көрмеге көне заманғы құнды жәдігерлермен қоса, бүгінгі егемен еліміздің төл ақшасы да қойылды. Бұл туған жеріміздің кешегі тарихын бүгінгі күнмен байланыстыру ниетінен туындаған секілді.**

Кез келген ақшадан әрбір елдің өткенін, бүгінгісін және болашағының бейнесін, яғни тарихын көруге болады. Бүгінгі таңда ақша тарихын зерттейтін арнайы ғылым саласы бар. Ол - Нумизматика деп аталады. Онда тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын соғу тарихы кеңінен зерделенеді. Нумизматика ғылым ретінде XVIII ғасырдың ІІ жартысында пайда болды, оның негізін салушы – Вена нумизматигі И.Х. Эккель.

Нумизматика – ең әуелі тарих ғылымының бір саласы. Кез келген монетаны алып қарасаңыз, ондағы жазу-таңбалар өткен күннің елесі іспетті. Бір ғана тиыннан қаншама мәлімет аласыз. Сондай-ақ қазақ жерінде соғылған тиындардың Америкадан, Бейжіңнен не болмаса Мәскеуден табылып жатуы да көп нәрсені аңғартады. Мәселен, Қытайдан – қарахан тиындары, біздің жерімізден қытай тиындары табылады. Мұның өзі екі елдің арасында сауда-экономикалық

қарым-қатынастың өркендегенін, халықаралық валюта алмасу процесі жүргенін айғақтайды. Нумизматика археология ғылымымен де тікелей байланысты. Сенсеніз, біз қазір бұрынғы Алматының тиын соғылған тұсында тұрмыз. Сондықтан бүгінгі Алматының астындағы бұрынғы елді мекендердің мәдени қабатынан әлі талай-талай құнды жәдігер табылары анық. Мысалы еліміздің атақ-абыройы зор ең үлкен қаласы Алматының арғы тарихы қандай? Алматының 150 жылдығын атап өткен дұрыс па? Мәскеулік ғалым, Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институты жазба деректер бөлімінің бастығы В.Н. Настич осы мәселеге қатысты өз ойын білдіре, бағзы замандардан Алматы атанып келе жатқан ортағасырлық қаланың жеті ғасырдан арғы дерек мәліметін тауып отыр. Кейін келе Мәскеуге барып келген журнал қызметкері, ғалым А. Исин өз қолындағы жаңа мәліметтерді де қоса түседі. Сонымен қатар, нумизматика саласына мұражай қызметкерлері де көп көңіл беріп, зерттей түскен. Оның бірі **Нәпіл Базылхан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің Музейлік деректану және қолжазба орталығының жетекшісінің құнды мәліметтерінің бірі.**

Қазақстан монеталарының шежіресі сонау ежелгі көшпенділердің «тауарға – тауар» (мал, аң терісі, жібек, алтын, күміс, металл кесектері, асыл тастар ақша ретінде теңгерілді) саудасынан бастау алғаны мәлім. Көне түрік (VI-IX ғғ.), түргеш дәуірінде «жылқыға – жібек» саудасы қарқынды дамыды. Түрік қағандығы монеталар шығарып, ақша айналымында қолданылды. Түргеш теңгелері ірі территорияда айналымға түсті, олар көбіне Суяб, Таразда соғылып тұрды.

Тіпті жазба деректерде жоқ, ешкім білмейтін мағлұматты да титтей тиын айтып береді. Айталық, тарихта аты қалмаған билеушілердің бірі – Ташкенттегі Тұрсын ханды біз білмейтін едік. Оның есімі монетада кездеседі.

Ежелгі заманда өмір сүрген көне түріктердің шашы бұрымды келеді, сол бейнелері монетада соғылған. Ал енді дәл сол бейне Түркістаннан табылған тас мүсінде де кездеседі. Бағзы заманда түрік бабаларымыздың бұрым таққанын этнографиялық тұрғыдан дәлелдейтін бұл бір дерек болмақ. Еліміздің аумағында жолбарыс болғанын дәлелдейтін де монета бар. Өзіңізге белгілі, «Қазақстандағы соңғы жолбарысты 30-жылдары атып өлтірді» деген дерек бар. Сондықтан монеталардың көп мәліметті сығымдап беретін қасиеті ғажап. Ата-бабаларымыз алтын мен күмісті, мысты өңдеуді, мысты алтынмен және күміспен жалату технологиясын жақсы білген. Шақаға сурет салу, жеке қолтаңба соғудың өзі – бірін-

бірі қайталамайтын ғажайып өнер. Кейбір жазулар өте көркем. Соншама жіңішке, әсем жасалуы жағынан қазіргі теңгелермен тең түседі. Мәселен, түргеш теңгелерінің диаметрі қазіргі біздің 100 теңгелікпен бірдей. Ортасы тесік, ұстауға ыңғайлы етіп жасаған. Бұл енді Қытаймен сауда жасауға бейімдеп жасағаны ғой. Тек қана қытай елінде тесік тиындар қолданыста болған. [1, 77 б.]

Шығыс ираннан шыққан осы пысық халық бүкіл Жібек жолының бойымен сауда жасады. Түркі қағанына бағынышты Қазақстан аумағындағы қалалардың негізгі халқын құрады. Олар Қытайдан бастап Иранға дейінгі көптеген керуін сарайларды ұстады. Соғдылар алдымен ешқандай да өзгертпестен қытай монеталарын соқты. Қазір осыны қарақшылық көшірмелер деп айтуға болады. Ал одан кейін оларда соғды тіліндегі жазулар мен пышақ түріндегі бұқар белгісі пайда бола бастады. Қытай және соғды монеталарының көпшілігі Отырардың қалалық базарын қазу кезінде табылды. VII-VIII ғасырда, Еуропа қалаларында құлдырау басталған уақытта. Орта Сырдарияда керісінше қалалар және сауда гүлдеу бастады. Бұл қалалар өздерінің қола монеталарын соға бастады, ал үлгі ретінде соғды үлгілерін алды. Бірақ аймақтағы қытайда шығарылған ақша «жадыда» сақталып қалған жоқ, мұны монеталардағы шаршы тесіктер растайды.

Қалаларды түркілер биледі және олар өздерінің монеталарының бір жағына қаһарлы арыстанның бейнесін және басқа жағына өздерінің тамғасын салды. Осындай монеталар Отырар және сол сияқты Шаш (Ташкент) алқаптарына да және Жетісуға да тән болды [2, 77 б.].

Шаштың көне түркі монеталарын негізгі екі топқа бөлуге болады. Біріншісі түркілердің атақ-лауазымдары бейнеленбеген (иконографиялық көркемдеу ерекшеліктері бойынша бөлінген); екіншісі түркілердің атақ-лауазымдары бейнеленген, соғды жазумен берілген болып табылады.

Шынында, түркі мемлекеттері де өздерінің ақшасын тым ерте соға бастады. Және де бұл жерде артықшылық, сөз жоқ, түркеш қағанатында. Сол, арабтармен де, қытайлармен де тайсалмай соғысқан, түркілердің ішінде алғашқы болып исламды қабылдаған түркештерде. Сондай-ақ миссионер арқылы ерікті түрде, себебі біздің өлкемізде отпен және қылышпен жаңа дінді ендіруге арабтардың қолынан келмеді.

Түркеш хандары монетаның төрт түрін соқты. Бұл ақшалар Жетісудан Соғдыға (қазіргі Тәжікстан) дейінгі үлкен аумақта есеп айырысу үшін пайдаланылды. Монеталар қағанның ордасы орналасқан Суйяб және Тараз қалаларында шығарылды. Монетаның

бір жағында ханның тамғасы, ал екінші жағында «ұлы түркеш-қағанның деңгасы» және жазу бар [4, 50 б.].

Кенжахметұлы деректеріне сүйенсек түркі дәуіріндегі монеталар тек Қазақстан жерлерінде ғана табылмай, сонау Қытай территориясында кездеседі. Оның мақаласында Үрімшеден 100 шақырым жердегі Бейтин қалашығындағы будда ғибадатханасының тиындар коллекциясы жарияланған. Бір тиындағы түркілік руна жазуына ерекше ерекше көңіл бөлінеді. Сол жердегі табылған монеталар түркі тілінде сойлеген монихей қоғамымен құйылған. Оның мүшелері таластық руникалық жазуымен шұғылданған. Монета құюшы адам брахма жазуын білген, руникалық әріптерін жазған, осы білімдерінің арқасында брахма жазуында байланыстырып отырған. [3, 168 б.]

VIII ғасырдың екінші жартысының басында түргештер түркілердің басқа пайпасы қарлұқтарды бағындырды, тура олардың кезеңіне қазақ руларының көптеген генеалогиясы (шежіресі) дәл келеді. Дәл осы Қарлұқ қағанатында, мысалы, Ұлы жүздің бабасы атақты Бәйдібек ата өмір сүрді.

Қарлұқтар елдің бүкіл оңтүстігінде өзінің саяси үстемдігін орнатты, бірақ өз монеталарын соққан оқ, түркештердің монеталарын пайдалануды жалғастырды. Кешікпей оңтүстік көршілер, ислам дінін қабылдаған қарлұқтар Саманидтер және Тахиридтер «әлемдік ақшалар», сол уақыттағы – күміс дирхемдерді соға бастады. IX-XI ғасырларда дирхемдер басты айналыс құралы бола бастады. Бірақ оларды «қара дирхемдер» деп атады, себебі күміске мысты көп қоса бастады. Осындай монеталардың бет жағында билік белгілерімен және жазулармен бірге иленушінің бюсті, ал сырт жағында құрбандық отпен және күзетшімен бейнеленген [5, 18 б.].

Оңтүстік Қазақстанда XI ғасырда Қараханидтер билік орнатқаннан кейін аймақта гүлдену кезеңі басталды. Бұл ретте ақша алғашқы кезде ауысқан жоқ. Бірақ келесі жүз жылдықтың ортасына қарай қара дирхемдер жоғалып кетті. Сонымен қатар жаңа ұрпақ өздерінің қола және мыс монеталарын соға бастады. Тек осы қар дирхемдер ғана біздің өлкеміздегі монеталардың арысында ұзақ қолданылғандардың алдында болғанын әділдік үшін атап өту керек. Оларды 400 жылға жуық соғып, пайдаланды. Бүкіл осы жылдар бойы Барабтағы (Отырар округінің Фарабындағы), Испиджабтағы, Тараздағы монета сарайлары жұмыс істеді.

Қараханидтер мемлекетінде Еуропаның классикалық феодалдық мемлекеттеріне тән болған күрделі жүйе болды. Кейбір билеушілер басқаларына бағынды және өз ақшаларын соғу ұмтылыс

жасады. Ал бұл жалған монеталардың таралып кетуіне алып келді. Археологтарға жалған монеталардың тұтас қоймалары белгілі. Бұлар туралы олардың тиелері де білмеген шығар.

Қарахан дәуірінің монеталарын беткі жағын коп жағдайда артқы жағын санайды. Алдыңғы бетінде дінге байланысты сөздер қолданылады [7, 20 б.].

Қарахан әулетінің (X-XII ғғ.) мыс фельстері Орта Азия аумағында ақшаның кең қолданыста болғанын көрсетеді. Ол кезеңде қалаларда сауда-саттық күшейіп, жаңа қалалар арқылы маңызды сауда жолдары өтті. Бұл сауда бағыты Шу өзені, Іле Алатауы арқылы Талғарға жеткен. Бір тармағы Шелекті басып өтіп, Шығыс Түркістанға дейін, екіншісі Іле өзені мен Алакөлден өтіп, Моңғолияға, одан Қытайға жетті. Қарахан әулеті дәуірінің 2145 дана мыс монета көмбесі 1976 жылы Ақтөбе қалашығынан табылған еді. Алғашқы түрік дәуірінде түрік империясы Корей түбегінен Қара теңіз, Дунайға дейін созылып жатты ғой. Сондықтан негізінен батыс түріктер сауданың тасымал жолы – Жібек жолын бақылауға алып, сауданы қалыптастыру үшін соғды үлгісінде (ол кезде Қытайда да тиын болған) монета шығара бастаған. Яғу қағанның монетасы деген сияқты тиындар соғылған. Суретіне қарасаңыз, көне түрік дәуірінің адамдары екеніне дау жоқ. Батыс түрік қағандарының, түргештердің, жалпы билеуші әулеттің таңбалары көп кездеседі. Көне соғдыша «Тұң жабғы қағанның ақшасы» деп жазылған. Ол тиындардың көбі Шаштан, яғни Ташкент маңы оазисінен табылды. Ал 2010 жылы өз жерімізден табылған монетада жолбарыстың бейнесі бар. Айта кететін жайт, бұл жерде «түрік» деген атауды қазіргі осман түріктерімен шатастырмау керек. Совет идеологиясына сай өзгертілген «түркі» деген де – жасанды атау. Дұрысы – түрік.

Бастапқыда көшпелі тайпалар сауданы тауар алмасу арқылы жүргізген. Мемлекет орнаған соң, ол өзінің ішкі-сыртқы саудасында билікті, экономиканы, сауда-саттықты жөнге келтіру мақсатында осындай тиын, монеталар шығарып, мемлекеттік жүйені құрған.

Қарахан дәуірінде алғаш рет ислам діні қабылдана бастады. IX ғасырда пайда болған Қарахан әулеті Шыңғыс ханның дәуіріне дейін жалғасты. Жер аумағы оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Шығыс Түркістанды алып жатты. Қарахан дәуірінде мыс, күміс тиындар көп болған. Діні бір болғандықтан, араб елдерінің дәстүрін сақтаған. Бір ерекшелігі, ислам діні енгеннен кейін монеталарға кәлима жазыла бастайды.

Қарахан дәуіріне қатысты монеталарды бұрын-соңды ешкім көрмеген еді. Археолог Уахид Хамзаұлы Шәлекеновтің жетекші-

лігімен 1974-1976 жылдары Ақтөбе қалашығының орнында қазба жұмыстары жүргізілгені мәлім. 1976 жылы IX-XII ғасырлардағы қарахандықтар дәуірінің мыс монеталар көмбесі табылған. Қыш құмыра ішінен барлығы 2145 дана монета шықты. Араб графикалық мәтіндері сақталғаны – 812 дана. Бұл Оңтүстік Қазақстандағы Ақтөбе қалашығында тиын соғатын ірі орын болғанын көрсетеді. Осы нумизматикалық кешен алғаш рет жарияланды [6, 22 б.].

Соныменн міне көптеген деректер жинағы бойынша «Мәдени мұра» жобасы бойынша 64 мыңға жуық монета коллекциясы, 8-9 мыңдай шығыс монетасының ғылыми каталогын дайындап қойды. Жалпы, біздегі нумизматика ғылымын дамытатын мамандар жетіспейтінін мойындау керек. Кеңес кезінде көбі Ресейге кетіп қалды. Жалғыз ғана Райхан Зәкиқызы Бурнашева деген ғалым апайымыз бар.

Ал монеталарды бір жерге жинастыру жағына келсек, құнды дүниелерді өздерінде ұстап отырғандар баршылық. Әлбетте, олар бізге әкеліп, тегіннен-тегін өткізе салмайды. Археологиялық қазбалардан табылған дүниелер мемлекеттің меншігі болғанымен, ақшаға құныққандар оңайлықпен бере салмайды. Түркі дәуіріндегі монета дректеріне үлес қосып, оны барынша жоғары деңгейге көтеру біздің борышымыз деп білейік. Сондықтан нумизматика ғылымын дамытуға қамқорлық жасалса, артық болмас еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исин А. Көне Алматының ақшасы қалай табылды. // Абай. – 2004. – №4. – 77-78 бб.

2 Настич В.Н. Монеты алматы XIII века // Абай. – 2004. – №4. – 73-76 бб.

3 Кенжеахметұлы Н. Монеты с тюркскими руническими надписями из Китая// Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Серия общественных наук. 1 (253). – 2007. - Қаңтар-ақпан. – 158-168 бб.

4 Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Lid», 2005. – 316 б.

5 Тасмағанбетов И., Самашев З. Сарайшық. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 б.

6 Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы. 1, 7 Том.

7 Кочнев Б.Д. Нумизматическая история караханидского каганата (991-1209 гг.). – М: ООО Издательский дом «София». 2006. – 344 б.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҮНІ

Г.Қ. РАКИШЕВА

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі арта түскені мәлім. Өйткені, баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіндігі белгілі. Баспасөз – сан ғасыр бойы отаршылдық тепкінің астында қалған халқымыздың мүддесіне сай аумалы-төкпелі заманда жанында болып, жаңа құрылысты өмірге жөн сілтеді, сол жолда бағдар-бағыт берді. Газет халқының мұң-зарын, әлеуметтік теңсіздігін баса жазуға кірісті. 1916 жылғы алапатқа, Қазан төңкерісі мен азамат соғысының топалаңына ұшыраған елдің көзі мен құлағына, тіліне айналды.

«Қазақ» газетінде XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет - ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды.

«Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Тиражы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Хұсаинов-Қаримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә. Бөкейхановтың, Ш. Құдайбердиевтің, М. Жұмабаев пен С. Дөнентаев, Б. Майлин» С. Торайғыров, Ф. Қарашев, А. Мәметов, Б. Серікбаев, Р. Малабаев, Қ. Қоныратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлесін қосқан ардақты ағаларымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалармен қатар Л. Толстойдан,

А. Чеховтан, М. Лермонтовтан, В. Короленкодан, Ш. Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрген.

«Қазақ» газетінің дүниеге келуінің екінші себебі әрине, ақпараттық сұраныстың арта түсуі. Айына бір мәрте, ал екінші жылынан бастап айына екі рет жарық көріп тұрғанына қарамастан, қоғамдық өмір өзгерістерімен ілесе, дер кезінде хабар таратып, пікір бөлісіп отыруға бір журнал тарлық ете бастаған. Яғни, «жарты айлық шабындылығы» Айқаптың аяғына тұсау болып оралғанды.

Сонымен шын мәніндегі «халықтың көзі, құлағы, тілі» боларлық басылым шығару идеясының жүзеге асуына 8 жылдай уақыт керек болды. Осы мезгіл ішінде, бір жағынан, бірінші орыс революциясың серімен қоғамдық-саяси қызметке қызу араласа бастаған қазақ зиялыларының жетекші тобы айқындала түссе, екінші жағынан, олардың отаршылдыққа қарсы азаттық күресте әбден ысылып, мол тәжірибемен қарулануына мүмкіншілік туды. Соның нәтижесінде бұл топ 1913 жылдың басына қарай қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы- жалпыұлттық саяси басылымшығару идеясын жүзеге асырды. Шын мәнінде ұлттық сананың ұйытқысы бола білген, сөйтіп «өз ісімен – өзіне мәңгілік ескерткіш тұрғызған» (М. Әуезов) «Қазақ» газеті осылайша дүниеге келген.

Жалпы «Қазақ» газеті шыға бастаған 1913 жыл қазақ баспасөзі тарихында өнімді жыл ретінде аталынып өтілуге әбден лайық. Уақытша тоқтап тұрған «Қазақстан» газеті қайта тірілсе, сонымен бірге қыркүйек айынан бастап Петропавл қаласында екі тілде (қазақ, татар) бір жыл бойы шығып тұрған «Ешкім даласы» газетінің дүниеге келуі де осы жылдың еншісінде.

Осылайша 1913 жылы төрт бірдей басылым қазақ даласына үн тартып отырғанын байқаймыз. Олар «Айқап» журналы мен «Қазақстан», «Ешкім даласы» және «Қазақ» газеттері. Осылардың ішіндегі ең ұзақ шыққан және таралымы молы, сонымен қатар мазмұны бай, көтерген жүгі жағынан ең құндысы- «Қазақ» газеті.

«Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың қыркүйегі аралығында аптасына бір мәрте, ал 1915 жылы жұмасына екі рет жарық көріп, барлығы 265 нөмірі басылып шықты. Ұлттық мерзімді баспасөзіміздің қалыптасу дәуірінде мұндай ұзақ уақыт үзбей жарық көріп тұрған бейресми басылым жоқ. Оның үстіне, шығып тұрған уақытында қазақ даласында болып тұрған тарихи оқиғалардың шынайы шежіресіне айналып, ұлттық азат ойдың ұясы қызметін қоса атқаруы газет құндылығын еселеп арттыра түседі. Бұл қырынан

келгенде, «Қазақты» ұлттық сананын ұйытқысы бола білген басылым деп бағаласақ, әсіресе айтып ауа жайылғандық болмайды.

Газет өзінің алты жылға таяу ғұмырында, қолымыздағы мәліметтер бойынша, бес рет айып тартып, редакторы әр түрлі мерзімге абақтыға жабылған. Атап айтқанда, 1913 жылғы 9- нөмерінде басылған «Жер аудару» 1914 жылдың 78, 79, 80 және 90-нөмерлерінде жарық көрген «Алашқа», «Россиядағы ұйымшылдық», «Закон жобасының баяндамасы» және «Бұл қалай?» деген мақалалары үшін апталық 50 сомнан 1500 сом аралығында айып тартып, төлей алмаған жағдайда, редакторы 2 айдан 2 жылға дейін айдалып, абақтыға жабылатындығы жөнінде жарлық шығарылғандығын жоғарыдағы мұрағат материалдары растайды.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзі тарихында ең шоқтығы биік басылым - «Қазақ» газеті. Оған апталықтың ұстанған жол, мақсат-мұратын және шын мәніндегі «халықтың көзі, құлағы, тілі» бола білген қызметін тілге тиек ете отырып көз жеткізгендей болдық. Ол өзге басылымдарға қарағанда мейлінше ұзақ, мерзімді әрі жиі шығып тұрады. Сонымен бірге таралымы мол және таралым аймағының кең болып келуі де оның құндылығын арттыра түседі.

Апталық ғұмырының ең бір шырайлы да шұрайлы мезгілі - 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезең. Осы соңғы бір жарым жылдық уақытында газет шын мәнінде, өз сөзімен айтқанда «қазақ-қырғызға қызмет басшылық ету» міндетінде болған. Ұсақ - түйектен бастап, ұлтымыздың ұлт ретінде сақталып қана қоймай, өсіп-өркендеуіне негіз қалайтын мәселелердің баршасы, соның ішінде қазақ халқының өз алдына автономиялы ел болып өркеніетті елдер қатарына ұмтылу жолындағы қыруар іс-шаралар, ең алдымен, осы басылым бетінде талқыға салынып, содан кейін шешімін тауып отыруы – соның бұлтартпас дәлелі. Бұл қырынан келгенде «Қазақтың» «төртінші билік» тізгінін берік қолында ұстағаны көрінеді. Оған газет тігінділерінің тарихи да, таным- тағлымдық та мәні орасан зор материалдарын тілге тиек ете отырып көз жеткізу көп қиындық келтірмейді.

Газет қызметінің осынау дәрежеге көтерілуі оған деген сұранысты да, сөз жоқ, арттыра түскен. Жер-жерден оның шығарылуын жиілету туралы өтініш- тілектің ағылып келе бастауы сол жайынан сыр шертеді. Мәселен, Орал уезі, Қарашығанақ қазақтарының жиылысы «болған өзгерістің, болып жатқан болашақ уақиғалардың, комитеттер ашудың жұртқа тиімділігі, учредительное собраниеге даярлаудың цөм оған қандай кісілерді жіберу жайын сөз қылып, аяғында халықтың қамсыз

қалмай, жете біліп, түсіністікпен іс қылу шарасын сойлесу бет-бетімізбен жамырама болмас үшін «Қазақ» газетін, тым болмаса, жұмысына үш рет шығаруды лайық» көріп, басылым басқармасына өтініш білдіруі - соның бір ғана дәлелі.

Бұл мәселе 1917 жылдың 1 сәуірінде Орынборда басталған қазақ халқының тұңғыш съезінде де талқыға салынып, апталықтың 1917 жылғы 226-санында жарияланған Мадиярдың «Қазақ съезі» мақаласында жазылғандай: «Қазақ» газеті жиі шықсын деген шешім шығарылған болатын. Осыған байланысты басылым басқармасы тарапынан газет арқылы мынадай түсініктеме беріледі: «Съезде баспасыз мәселесі қараларда «Қазақ» газетін екі онан да жиі шығару жағын кеңеспен бұрын, типографиямен сөйлесіп едік, хариіп түзушілер жоқ деп, жетісіне екі басып бере алмайтынын айтты. «Ортақ өзізден оңаша бұзау артық» дегендей-ақ, қалайда болса, газетті жиі шығару жағына қам қылмай, қарап отырмаймыз».

Бұдан газетті жиі шығару ісі тек баспаханаға байланысты қаңтарылып тұрғандығы көрінеді. Осыны оқырмандар ісі құлағына күйіп, мән-жайды түсіндіру мақсатында жазылып, газеттің 1917 жылғы 214-нөмерінде жарық көрген «Баспахана туралы» деген мақаласында М.Дулатов алты алаштың жігерін жанып, намысын қайрай түседі. Бұл қазақ халқы тарихындағы тұңғыш баспахана.

Қазақтың басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы, «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызын, әсіресе, «Қазақтың шаруасына, бір жақтан, надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігін, теңдігін қалдырып, тиісті сыбағасына киянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер- білім, сол өнер білімге мезгіл етпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік», – десе «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқып, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», – дейді. Газет 1913 жылы жариялаған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысады, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№ 61), «Мектеп керектері» (№ 62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (186-1930), – Алматы, 1964. – 264 б.
- 2 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958), Алматы, 1981. – 239 б.
- 3 Әбілқасымов Б. Бұдан жүз жыл бұрын (Баспасөз жайлы). Қазақ әдебиеті. – М., 1988. – 10 б.
- 4 Субханбердина Л. Қазақ газетіне 80 жыл. Қазақ тарихы. – М., 1993. – 43 б.
- 5 Шайынғазы С. Қазақ баспасөзі әлсіз бе? Егемен Қазақстан. 2000. – 9 б.
- 6 Қодар Ә. Баспасөз және ұлтаралық жарастық. Егемен Қазақстан. 1997. – 25 б.
- 7 Файзолла О. Қазақ баспасөзінің тарихы. Лениншіл жас. 1991. № 115. – 15 б..
- 8 Орынбаева Р. Нәзипа Құлжанова және Қазақ газеті. Қазақ тарихы. 1998. №4-5. – 13 б.

ӘОЖ 94(574)

ЖАС ТҮРІКТЕР ҺӘМ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚӨЗҚАРАСТАРЫ

М.И. РАХИМОВ

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қ.Қ. БАТТАЛОВ

т.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Заман өзгерісін жан-жақты әрі терең таныған зиялы тұлғалар халқының ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс барлап, әрі қарай өрлеуіне ықпал етуге тиіс. Ұлтының тәуелсіздігін көксеп, рухының жоғары болуын қолдаған қайраткерлердің осы арнадағы мұрат-мақсаттары да, көзқарастары да үндес еді. Түбі бір, тағдыры ұқсас бауырлас екі халықтың тарихындағы ұлт зиялыларының қозғалыстары мемлекет, әлеумет, жеке адам көшін түзеп, бағытын айқындағаны сөзсіз.

Тарихта өз атын өшпестей жазып кеткен өз кезеңінде ұрпақтарының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен екі саяси қозғалыстың астарлы мағынасы тереңде жатыр.

XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында Қазақ елінің жоғын жоқтап, шаңырағын көкке көтерген зиялы қауымның қалыптасуы бауырлас түркі жұртындағы жас түріктер қозғалысымен үндестігін, белгілі бір дәрежеде оның түрікшілдік қозғалысымен сабақтастығын айта кеткен жөн.

«Түрікшілдік белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде танылды. Ресейдің отарлау саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалысты бастаушы ұлт зиялыларының түрікшілдік бағыт ұстауына ұлы түрік рухының өлмегендігі, ғасырлар қойнауынан бері қарай түрік халықтарымен бірге жасасып келе жатқан азаттық философиясының санада сақталғаны негіз болды» деген пікірге ден қойсақ, қазақ зиялыларының халқы үшін қаншалықты еңбек сіңіргенін байқаймыз [1, 36 б.].

Осы уақыттан-ақ Алаш зиялыларының отарлық езгіге қарсылық және түрікшілдік қозғалыстың басты сипаты айқындалады. Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірінғай саяси ұйымын құру идеясы пісіп жетілген еді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсетеді [2, 156 б.].

Алаш қайраткерлері көрші мемлекеттердегі әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырған. Қазақ газетінің төңірегінде топтасқан ұлт зиялылары ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, батыстық өркениет даму жолының бағытын ұстаса да, түркі жұртындағы өзгерістерді осы баспасөз арқылы насихаттап отырды. Әсіресе Түркия үкіметінің ішкі және сыртқы жағдайы, билік басындағы жас жас түріктер үкіметі мен оның басшыларының қызметі басылымның негізгі тақырыбына айналды [3, 88 б.].

Түркия елінің сол кезеңдегі хал ахуалы туралы С. Сейфуллиннің 1924 жылғы жазған «Түркияның жайы» атты мақаласынан көруге болады: «келе-келе күллі жер-дүниені тінтіп, жан-жағын жалмай бастаған Еуропа мемлекеттері, Еуропа капиталы Түркияның өзіне ауыз сала бастады. Түркиядан бұрын қорқатын мемлекеттер енді сылтау іздеп тиісіп, елді тұс-тұсынан жұлмалай бастады. Түркиядан

кім соғысса да жеңіп шығып, шет пұшпақтап, айнала тұжырып жерлерін ала бастады. Жеңетін күшті мемлекеттер Түркияның ішкі мемлекет шаруасына қол сұға бастады. Түркияның мемлекетіне керек-жарақ нәрселер беріп тұрмақ болып, Түркияның шикі, өлі нәрселерін күшті мемлекеттер жинап ала бастады. Темір жол, телеграмм, пароход, кең зауыттары, мылтық, зеңбірек — осылардай істерінің бәрін Еуропаның күшті мемлекеттері жасап бермек, жүргізіп бермек болып істің бәрін қолдарына алып, Түркия мемлекетін билеп әкете бастады. Сөйтіп Түркияның күллі саудасын, фабрик-зауыт істерінің бәрін Еуропа мемлекеттерінің байлары, капиталдылары еркімен билеп керіп әкетті. Түркияның өзінен шығатын шикізаттарының бәрін сорып, жинап, сыпырып, жалмауыздай жұта беретін болды» [4, 154 б.].

Сол себепті XIX ғасырдың соңында реформаторлық жаңа толқыны түріктердің ұлттық қозғалысы түрінде көрініс берді. Жалпы, түріктердің ұлттық қозғалысы XIX ғасырдың 50-60 жылдары басталды. Қозғалыстың бастапқы кезеңінде ағартушылық сипаты басым еді. «Жаңа Османдар» ұйымының мүшелері және белгілі ағартушы, жазушы Намык Кемал бастаған бірқатар зиялы топтар түрік тілінің дамуына және оның әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне, ағарту ісіне зор үлестерін қосты. Ендігі реформаторлық қозғалыс толқынының өкілдері империя тұтастығын сақтау шараларын іздестірді. 1889 жылғы Стамбұлда «Бірлік және прогресс» (Иттихад ве теракки) партиясы құрылады. Бұл ұйымның бөлімдері мен провинциялары шетелде де құрылды. Ұйымның алға қойған жақын арадағы мақсаты – конституциялық мемлекет құру болатын. Реформалық шаралар жүргізіп, елдің экономикасын көтеру, қоғамды жан-жақты жаңарту көзделді, шетел бұғауынан босау секілді мәселелерді көздеген болатын. Бұл қозғалыстың өкілдерін жас түріктер деп атады. XX ғасырдың басында Осман империясының халықаралық жағдайы нашарлап, империя күйреу алдында тұрған кезде жас түріктер өздерінің қызметін жандандыра түсті [5, 24 б.].

1908 жылы шілдеде батыстық державалардың Македонияны Осман империясынан бөліп алмақ болған саясатынан кейін, сұлтан өкіметінің әлсіздігіне ызаланған түрік әскерінің бөлімдері көтеріліс жасады. Бұл жас түріктер революциясының басталуы еді. Жас түріктер жағына әскердің басқа аймақтардағы бөлімдері де қосылды. Жас түріктердің қысымынан қорыққан сұлтан, 1908 жылы шілденің 24-інде, 1876 жылғы конституцияны қалпына келтіруге және парламентті шақыруға келіседі. Жаңа парламентте көп орынға ие

болып, жеңіске жеткен және әскерге арқа сүйеген жас түріктер, іс жүзінде, елде өздерінің билігін орнатады. 1909 жылы жас түріктер II Абдул Хамид сұлтанды тақтан тайдырды. Жаңа сұлтан болып V Мехмед сайланды. 1908 жылғы жас түріктер революциясы Осман империясында биліктің конституциялық түрін енгізді. Өкімет келген жас түріктер қиындықтарды шешудің жолын таба алмады. Конституциялық биліктеріне көшу империяның шет аймақтарында ұлттық қозғалыстың жаңа толқынын тудырды. Ұлттық қозғалыс жетекшілерімен тіл табыса алмаған жас түріктер, қолындағы билікті пайдаланып, күш қолдану саясатына көшеді. 1908 жылы Австро-Венгрия Босния мен Герцеговинаны аннексиялады. 1911 жылы Ливиядағы түрік иеліктерін Италия басып алды. Түрік үкіметінің сәтсіздіктерін пайдаланған жас түріктердің қарсыластары оларды үкімет билігінен кетірді [6, 120 б.].

Дегенмен 1908 жылы Түркияда шыққан республикалық төңкеріс жалыны барлық оқымысты түріктердің назарын Стамбулға бұрып, Россияның ішіне, әсіресе Түркістанға көп түріктердің келуіне себеп болды. Түріктер орналасқан жерлерде жалпы білім беру мектептері типінде және жеке бағдарламалар бойынша мектептер ашылды, жаңаша Ислам рухында тәрбиені, жоғары білімді Түркияда алуы үшін жастарға көмек беретін ұйымдар құрылады. Россиядағы түрік баспасы Түркияға жақындау және басқа нәрселерге кеңес беретін. Еркіндік пен білімге тарту ақырын - ақырын шығысқа және оңтүстікке таралды [7, 218 б.].

Жалпы, жас түріктер қозғалысы Алашорда қозғалысымен жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйеніп, үндестік сырын қадағаласақ, түбі бір түркі халқымен көптеген тұстарымыз сәйкес келеді деп тұжырымдауға болады. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің 1905 жылы Қарқаралы петициясында тәуелсіздік, дін, сот, жер, тіл туралы қазақ қоғамының өткір мәселелерін көтереді, бұл тұстарды 1876 жылы қабылданған конституциясының тарауларынан көре аламыз. Алаш партиясының II Бүкілқазақ съезінде қабылдаған 10 тараудан тұратын бағдарламасындағы барлық тұстары бірлік және прогресс партиясының бағдарламасымен сәйкестігіне көз жеткізуге болады. Мысалы: Бірлік және прогресс партиясының №9 бөлімінде: барлық азаматтар ұлтына, дініне қарамастан толық бостандыққа құқылы, барлық азаматтар заң алдында тең және қабілеті мен денсаулығына байланысты мемлекеттік билікке тартылуы қажет деген жерлері, алаш партиясының негізгі құқық бөлімінің үндестілігімен сипаттауға болады.

Жас түріктер мен Алаш қозғалыстары қайраткерлері сан-салалы мұрасынан, олардың іс-қимылдарынан алар тағылым мол. Сондықтан да екі қозғалысты өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршен көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алғанымыз ләзім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Миллер А.Ф. Очерки новейшей истории Турции. – М.: Политиздат, 1948 – 64 с.
- 2 Н. Ә. Назарбаев Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 3 Смағұлова С.О. Қазақ баспасөзіндегі Энвар Паша және түрікшілдік қозғалысы барысы.// отан тарихы. – 2013.- №1-87-93 б.
- 4 Н. О. Омашев Алаш көсемсөзі 4 том. – Алматы: Өнер, 2010. - 198 б.
- 5 Алиев Г.З. Турция в период правления младотурок. - М.: Наука, 1972. - 388 с.
- 6 Хостлер, Чарл Уоррен Тюркизм и Советы. Тюрки мира и их политические цели. – Алматы: Санат, 2006. – 287 с.
- 7 Селиверстов С. В. Казахстан, Россия, Турция: по страницам евразийских идей 19-20 веков. – Алматы: Балалар үйі, 2009. - 324 с.

ӘОЖ 168.522(574)

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

М.А. САРСЕМБИНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі қоғамдық ғылымдарда, идеология мен саясатта ұлттық, жаһандық және адамзаттық деген ұғым-түсініктердің маңыздылығы арта түсуде. Себебі, қай мемлекет болмасын, оның қазіргі таңдағы ұстанған даму үрдісі осы үш тұғырға соқпай өтпейді. Қазіргі таңдағы белгілі саясаткерлер мен экономистердің сөзінен аңғаратынымыз, «қырғиқабақ соғыс», «қарулану жарысы» үдерістері жаңа арнаға ұласып, «энергетикалық соғыс» атын алып, жаңа тартыстар мен шиеленістерге желеу болуда.

Біздің қоғамда ғылым мен мәдениет жаһанда болып отырған өзгерістерден, айтыс-тартыстардан тыс, томаға-тұйық өмір сүру керек деген көзқарастар бар. Өкінішке орай, қазіргі әлемде ондай томаға-тұйықтық, мамыражай өмірге орын жоқ. Біз қаласақ та, қаламасақ та, әлем дамудың жаңа сатысына өтіп кетті. Ол мобильді коммуникация заманына қадам басты. Қазақстан кеңестік жүйеден санасы, ділі, діні әлсіреп шыққан, отаршылдық саясатқа жүйелі түрде ұшыратылған, мәңгірттенген мемлекет болғандықтан, посткеңестік кезеңде жаһандану үдерісі етеге етуде. Оған қазіргі мемлекетіміздің ұстанған ішкі және сыртқы саяси-экономикалық ұстанымы жол беріп отыр.

Таза гуманистік-философиялық, моральдық тұрғыдан келсек, «әлем азаматы», «адамзаттық тұлға» деген концепциялар – өте жақсы тұжырымдамалар. Діни-этикалық тұрғыдан да адамның әр уақытта адам болып қалуы және адам болуға ұмтылуы – құптарлық іс. Түріміз ұлттық болғанымен, мазмұнымыз адамзаттық болғаны абзал. Қазақ халқы – болмысынан «адамзаттық тұлғаны» қалыптастыруға тырыса-тын, бейбітсүйгіш, адамсүйгіш, жат ұстанымдардан, нәсілшілдіктен ада халық. Алайда, жаһанданған алпауыт мемлекеттердің «адамзаттық» деген моделінің астарында мүлдем басқа дүние жатқаны ақиқат. Еуропа мен Америка моральдық, гуманитарлық тұрғыдағы жетілген кемел тұлға концепциясынан гөрі, жаһандық экономика дегенге басты назар аударады. Соңғы кезеңдері Еуропа мен АҚШ энергетикалық күйзелістерге ұшырап отырғандығы, болашақта да энергетикалық тапшылық тартатыны белгілі. Мұнай өнімдеріне тәуелділікті жою үшін, бұл елдер түрлі зымиян саясатқа баратыны анық. Әлемдегі қаншама елдердің отқа оранып, қанға бөгіп отырғаны да сол батыс елдерінің саясатының жемісі. Мұнайлы деп саналатын мұсылман елдерінде тоқтаусыз соғыстар мен нахақ қан төгілуінің себебі – мұнай көздерін қолды ету, баға саясатын қадағалау, пайда көзіне айналдырып, табыс табу. Тіпті алпауыт Еуропа мен АҚШ-та мұнайлы мемлекеттерді бүге-шігесіне дейін зерттеп, осал тұсын дәл тауып, от үрлеп, кикілжің тудырып, оны үдетіп, жанжал, соғыс тудырумен арнайы шұғылданатын мекемелер бары да жасырын емес. Қазіргі таңда орын алып отырған осындай өрескел әрекеттерді көре отырып, бақайшағына дейін қаруланған бай мемлекеттердің адамзатта тыныштық орнасын деп ұрандауы, адам адамға дос, туыс, бауыр деген қағидаттарының жел сөз екендігіне сенбеске амал қалмайтындай.

М. Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды?» еңбегі тұнғыш рет 1993 жылы жарық көрген болатын.

Кеңестік бұғаудан енді құтылып, Тәуелсіздік алған жас қазақ елінің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап беретін бұл еңбек зиялы, ұлтшыл қауым арасында зор құрметке ие болып, сілкініс тудырды. Зерттеудің негізгі бөлімі «Ел қалай орыстандырылды?», «Жер қалай орыстандырылды?», «Сана қалай орыстандырылды?» деген тарауларға бөлініп, тарихи құжаттар мен деректер арқылы Ресей империясының, одан кейінгі оның мұрагері саналған Кеңес өкіметінің түркі халықтарына, оның ішінде қазақ халқына жүргізген отаршылдық саясаты аяусыз әшкереленеді. Қазақ елі мен жері кешегі отаршылдық салқынынан, сол саясат қалыптастырған құлдық санадан әлі де айырыла алған жоқ. Ғалымның 2011 жылы бұл тақырыпқа қайта келуінің де сыры сонда болса керек. «Баяғы жартас – бір жартас» демекші, жеткен жетістіктеріміз болғанымен, ұлттық сана, діл тұрғысында ілгері дамығандығымыз шамалы.

Ғалым М. Мырзахметұлының шығармашылығының басты ерекшелігі – ғылымға да, қоғамдық ой-санаға да қатысты пікірлерін білдіргенде, ұлттық мүдде, ұлттық сана тұрғысынан пайымдайтындығы. Ол үшін ғалымды жазғырып жататындар да бар. Ғылыми тұжырым ұлттық деңгейден жоғары тұру керек, ғылым әлеуметтік мәселелер мен саясаттан жоғары болуы абзал деп санайтын «нағыз ғалымдардың» әрқашан шоқтығы биік, ауыздары майлы, жылы орынтақта. Ұлт мәселесіне, ел ертеңіне салқын, самарқау көзқарастардың орға жығып жатқан тұстары жоқ емес. Шындықты айтайықшы, Қазақ қоғамын кемел қоғам деп айта аламыз ба? Ел ішінде жан түршігерлік түрлі қылмыстар, азғындық, ата-баба дәстүрінен, дінінен безу, зорлық-зомбылық, жемқорлық, таныс-тамыршылдық, т.б. тізе берсең, ұшы-қиыры көрінбейтін түрлі пәлекеттердің салтанат құрып отырғандығы ақиқат. Бұл да болса, «дамыған», «адамзатшыл», «адамгершілікшіл», «ұстамды», «объективті» «ғылымның», «саясаттың» жемісі.

Тарихқа көз жіберсек, тек Ресей ғана емес, алпауыт мемлекеттердің бәрі — даму тарихында басқа қаншама халықтарды қан қақсатқан державалар. Адамгершілік идея бір басқа да, өмір, саясат — бір басқа. Идеядағы адамгершілік, идеядағы адамзаттық бірлік, адамзаттық тұлға, шекарасыз әлем, әлем азаматы – жақсы адамдардың жақсы ойлары болып қана қалады. Өмірде бәрі керісінше. Қарамағындағы ұлттар мен республикаларды шырылдатып отырған Ресей, мұнайлы араб-ислам мемлекеттерін қанға бөктіріп отырған Еуропа мен АҚШ күні бүгінге дейін соғыс ошақтарын туындатып

отыр. Ресей мен Батыстан әлемге бейбітшілік келетін болса, жер беті жұмаққа айналар еді. Ресей мен Батыс мемлекеттерінің саясаты мен философиясы байлыққа, пайдаға, билікке, күшке құрылған. Әлемді, адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, мейірімділікке бастайтын шынайы жол – мұсылман-түркі даналары қалыптастырған, Абай жетілдірген «толық адам» жолы.

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің ресми түрде басылып шыққан Әбілғазы шежіресінің жариялану тарихынан да хабардар болғандығын көреміз. Мәселен, қолжазбасының бірінде (№ 1177 папка–2 том) ғалым Әбілғазы өмірбаянын баяндап, оның алғашқы нұсқасы Европада жарық көргенін айтып, Ресейдің бұл шежіре нұсқасын түпнұсқадан емес француз тіліндегі (1726 ж.) басылымнан /4/ Қазембектің аударғанын өңгімелейді:

Араб, парсы, түркі сөздерінің тілдік құрылымын жетік меңгерген Мәшһүр-Жүсіптің төте жазуда қазақ сөздерін араб графикасы заңдылығына емес, қазақша айтылу ретіне қарай жазылуы керек (транслитерациялау) деп есептеген: “Қазақ арабша «таифа» дегенді «таипы» дейді, «ғани» дегенді «кәні» дейді (олжаға кәні болдым). Ал арабша «ғани» бай деген сөз. «Дағуа» дегенді «дау» дейді. Арабша «саяд»-аң аулау деген сөз. Қазақ «саятшы» дейді. Арабша «фаһим» дегенді қазақ

байымдау дейді, «лахаза» дегенді «ілездің арасында» дейді. Парсыша «пәнде» дегенді қазақ «бәнде», «фидея» дегенді «жаным пида» дейді.

Егер **عادل غ** (ғлме) деген сөзді жазғанда, ғайнның үстіне үтір салмасак, қазақ ғұлама я ғалама деп оқырын білмей, оқып келе жатқан сөзінің ретін бұзып алады. Еғарда **طلو غ** (ғұлама) деп жазсак, бөгеті жоқ, түсіне қалады” /10/.

Мәшһүрдің бұл пікірін ғалымдар: В.П. Юдин, А.Б. Халидов, Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев, А.И. Исин, Т.К. Бейсенбиев зерттеулері қуаттай түседі /11/.

Б. Әбілқасымов пікірінше, «Түрік шежіресін» тәржімалау (транскрипциялау) үстінде кезінде шет жерлік ғалымдар көптеген жаңсақтықтар жібергені ашып көрсетілген. «Мысалы, «1825 жылғы басылымда б мен жазылған бың, буплар сияқты сөздер Петербург көшірмесінде мың, муалар түрінде берілген, сөз ортасында б жазылған жерлерде соңғы көшірмеде п жазылған (мысалы, чабыб — чапыб, кебтін — кептін). Сол сияқты баспа нұсқада аңа, му на, йүзіке, етекіне түрінде келетін сөздер көшірмеде аю-а, мунға, йүзіле, етегіве болып өзгертілген. Баспа нұсқада кан сөзі төре тұқымының бәріне қолданыла берген болса, соңғы көшірмеде кан болмағақарды бірыңғай сұлтан деп отырады, Үкідайдан бастап улы қақарды кааа, нгки уаи деген атау кездеседі. Біз өз зерттеуімізге негіз етіп 1825 жылғы Қазан басылымын алдық, өйткені ол ең көне көшірменің негізі қате басылған, тілдік зерттеудегі мысалдар, негізінен, сол нұсқа бойынша ғана берілді. 1871 жылғы Демезон басылымынан айырмашылық кездескен жерде оны жаңаша ішх-тде көрсетіп отырдық. Ал кітап соңындағы берілген мәтін тұтастай Демезон баспасынан алынды. Өйткені кейінгі зерттеушілердің барлығы да бұл басылымды сыни нұсқа ретінде қарастырып, мойындап, өз зерттеулерінде соған сүйенеді. Біз «інежіреден» алған мысалдар ым ыз бен метіқаерімаді н қазақша аудармасын орын алмас үшін бергеніміз жоқ, өйткені, біріншіден, сөйлемдерді түгел оқығанда жеке сөздер болмаса, мәтін мағынасын оқушы қиналмай-ақ түсінеді. Екіншіден, «Шежіренің» жалпы мазмұнын толығырақ түсінемін, ғылыми айналымға түсіремін деген адамға оның қазақша аудармасын пайдалануына болады» /12/.

Ал аударманың кейде дұрыс жасалмауы оны аударушының сол еңбектің тілін, жазу графикасы ерекшелігін жетік меңгере алмауынан да болады. «Ал Әбілғазы шығармасының тілі жөнінде мағлұмат аламын деген адам кітап соңынан берілген 50 беттік мәтінмен танысса жетіп жатыр. Оған біз алғашқы баптарды алғанымыз жоқ, қазақ тарихына қатысы бар деген және Әбілғазының өзі қатысқан оқиғаларды суреттейтін 7, 8-баптарды

алдық, соңғы 9-бапты оның өзі жазбаған, араб графикалы жазбада тыныс белгілері қойылмаған, бас әріп бөлек белгіленбеген. Сондықтан сөйлем жігін шамамен өзіміз белгіледік кісі, жер-су аттарына бас әріпті де өзіміз қойдық, мәтінді транскрипциялауда үлкен қиыншылық келтірген жер-су, ел-жұрт атаулары мен адам аттары болды. Кітапта олар сол кездегі атауларына орай жазылып берілген және олардың бірсыпыралары — монғол, араб, парсы сөздері». /13/ Дәл осындай мәтінді тәржімалаудағы қиындықтар көпшілік шығармаларды аудару барысында кездестіреміз. Сондықтан болар қазақ хандығына қатысты көптеген деректердің аударылмауы, жарыққа шықпауы, шаң басып жатуы немесе зерттелмеуі әлі де деректану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұған қоса олармен жұмыс жасауда тарихи терминдер, жер-су атаулары, этнос, ру, тайпа сияқты атауларды да жақсы білу қажет.

Шығармада мемлекет, жұрт, уәлайт, ел, халық, жамағат, ру, т.б. атаулардың ара жігі айрылмай, ыңғайына қарай бірінің орнына бірі қолданыла берген тұстары да аз емес. Кейбір ғалымдар шамасы келгенше олардың ара-жігін ашып жазуға тырысқан. Ал кейбір еңбектерде тіпті атақты хандар есімі де дұрыс берілмейді.

Араб әріптерімен жазылған нұсқаларға дәлме-дәл өз мағынасындағы транскрипция да, транслитерация да келе бермейді. Сондықтан ғылыми транскрипция жасау үшін мәтін жазылған уақыттағы немесе кезеңдегі халықтың сөйлеу (дыбыстау) мәнері, тілдік ерекшелігі ескерілуі де қажет. Ал ортағасырлық шығармалар мен көне жазбалар арасында транскрипциямен қатар транслитерация айырмашылығы көп. Ортағасырлық мәтінмен айналысушы ғалымдар араб графикасын пайдаланған жазбада мәтінді транскрипция жасаудың өзіндік ауырпалығы, қиындығы, шарттылығы және ерекшелігі барын жақсы біледі. Тюркологияда «шежіреден» алынған мысалдар мен мәтіндермен жұмыс жасау барысында шартты өзіндік транскрипция жасау әдісін қолданаданады.

Шежірелер далалық ауызша тарихнаманың деректері, қайнар көзі. Олар Дәшті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи әнгімелерінен құрылған тарихи білімдерінің жинағы сияқты. Осы белгісімен бұл деректер Шығыстың көдіміг сарай тарихнамасы ролін атқарып келді.

Көптеген ғалымдар зерттеу еңбектерінде «Тазкири – йи азизан» шығармасынан үзінділер алып пайдаланылған. Ғылыми әдебиетте Мұхаммед – Садық Қашқаридің «Тазира – йи азизан шығармасын алғаш атаған Шоқан Уалиханов болды. Өзінің «Жоңғария очерктері» атты еңбегін «Тазкира – йи қожаған» шығармасына негідеп жазған. 1856 жылы ағайынды Мичеллдер Лондонда Орталық Азияны зерттеген Ресей ғалымдарының еңбектерінің жинағын ағылшын тілінде

шығарды, бұл жинақта Ш.Ш. Уалихановтың еңбегі көрнекті орын алған. Генри Беллю «Қашғар тарихы» деген өз еңбегінде Мичеллдер басылымы арқылы Ш. Ш. Уалихановтың еңбегін пайдаланды. В.В. Григорьев Карл Риттердің еңбегін «Землеведение» атымен аудармасы жасағанда, қосымшаларында Ш. Уалихановтың «Тазкира – йи азизаннан» келтірілген мәдениеттерін кеңінен қолданған.

1905 жылы немістің шығыстық – деректанушысы М. Хартмани Мұхаммед – Садық Қашқаридің шығармасын зерттеген еңбегін жарыққа шығарды, онда шығыстүркістандық қолжазба ескерткіштерге шолу бөлімінде В.В. Бартольдтың ілгеріде аталған еңбегін қосымша етіп берген. М. Хартманн шығарманың толық аудармасын жасамай, ондағы баяндалған оқиғалардың мазмұнын ғана берген. Соған қарамастан М. Хартманнның еңбегінің арқасында «Тазкира – йи азизан» осы тақырыпта жүргізілген зерттеулерге кеңінен тартылып, ғылыми айналымға енген деуге болады.

«Шайбани – наменің» («Шайбани туралы кітаптың») авторы – Камал әд – ди (Шир) Әли Бина и ибн Устад Мұхаммедхан – (сабз) ми мар Харауи. Ол жазушы әрі сазгер ретінде танылған; Герат қаласының тұрғындарының төменгі әлеуметтік тобынан шыққан; 1453 жылы туған; 1512 жылы Нәжм – и Сани басқарған сефевидтер әскерінің Қаршы қаласын ойрандап, тұрғындарды жаппай қырған кезінде өлтірілген. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша, әдебиеттің дарынды қайраткері Бина и шағатай тілі деген атаумен белгілі түркі деп аталған түркі тілін әдебиетке енгізуге ұмтылған Әлішер Науаиға (1441 – 1501) қарсы болған. Абдулғани Мирзоев Камал әд – дин Бина идің, Әлішер Науаи мен олардың замандастарының пікірлерін талдай келіп, бұған қарама – қарсы қорытындыға келеді және айта кетейік, бұл қорытындысы біршама негізделген. Бина и түркілерді, олардың мәдениеті мен тілін жек көрмегені былай тұрсын, тіпті өзі де түрік тілінде туындылар жазған. А. Мирзоев былай деп жазады: «Бина и тәжік поэзиясының шебері ғана емес, сонымен қатар өзбек (түркі) тілінде де өлендер жазған. Бағымызға қарай, ақын шығармашылығының осы бөлімінен екі дүниесі біздің заманымызға жеткен. Олардың бірі - Бабыр мырзаның бір руба иына жауап ретінде Самарқандта шығарылған Бина идің руба иы, екіншісі – оның «Шайбани – намеде» жазылған Шайбани ханның билігін сипаттауға арналған өзбекше (түркі) өлеңінің он мисрасы [3, 67 б.].

Зерттеушілік әдебиетте Қазақ даласының тарихы бойынша түпнұсқа деректеме ретінде «Шайбани – наме» өте маңызды деген пікір кеңінен таралған. Бұл пікір «Шайбани – намені», сондай – ақ

«Футухат – и ханиді» зерттегенде көбіне шайбандық циклдің басқа шығармаларымен салыстыра – салыстармай зерттеудің нәтижесі ретінде қалыптасқан. Шығарманың тәуелділік сипатына қарай, тіпті аудармалық сипатта деп айтуға болатындықтан, қазіргі уақытта бұл көзқарасты қайта қарау керек екені күмәнсіз. Дегенмен зерттеуші бұл шығармаға соқпай өте алмайды, өйткені онда кейбір бірегей мәліметтер қамтылған. «Шайбани – намені» зерттеудің әжептәуір ұзақ дәстүрі қалыптасты. Бұл шығарманы А. Самойлович, М. Салье, П.П. Иванов, Р.Ф. Муқминова, А. Мирзоев, С.К. Ибрагимов, Б.А. Ахмедов, К.А. Пищулина және басқалар өз зерттеулерінде қарастырған. 1960 ж. Мәскеуде өткен XXV халықаралық шығыстанушылар конгресіне С. К. Ибрагимов «Футухат – и хани» туралы баяндамасы ұсынған. 1969 жылы С.К. Ибрагимов пен К. А. Пищулинаның «Шайбани – наме» үзінділеріне ғылыми түсіндірме жасалған орыс тіліндегі аудармасы және В. П. Юдиннің шығармаға тарихи – деректемелік зерттеуі (XV – XVIII ғасырлардағы Қазақ хандары жөніндегі материалдар» атты еңбекте жарияланған.

Сондай ақ «Шайбани – наме» туралы және оның зерттелу тарихы жөнінде мәліметер бойынша Ч.А. Стори мен Ю.Э. Брегельдің, М.Қ. Әбусейтова мен Ю.Г. Баранованың библиографиялық шолуларын атап өтуге болады.

«Шыңғыс – наме» мен оның авторы туралы алғаш мәлімет беріп, оның ғылыми маңыздылығын атап көрсеткен Е.Ф. Каль, В.В. Бартольд және А.З. Валидов болып табылады.

Бұл түркі деректемесінде ортағасырлық Қазақстан тұрғындарының саяси, этносаяси, шаруашылық, әлеуметтік – мәдени өмірін зерттеу проблемаларын және тарихнама мен деректану проблемаларын шешу үшін маңызды материалдарға ие. Өтеміс қажының шығармасы XIII – XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының билігі кезеңін қамтиды және Бату ханнан бастап биліктің Тоқтамыс ханға көшкенге дейінгі Алтын Орда хандары туралы мәлімет береді. Оның мәліметінің сонылығы Алтын Орданы зерттеушілер үшін, соның ішінде XIV ғасырдағы Қазақстанның аз зерттелген кезеңін танып – білу үшін ғылыми қызығушылық тудыраы даусыз.

Шығарманың мәтінінде автордың есімі берілмеген, белгілі екі нұсқасының екеуінде де бос орын қалдырылып, оған ештеңе жазылмаған. Автор кім болғаны туралы бірнеше болжам айтылады. П. Лерхтің пікірінше, шығарманы Жалал ад – дин Румидің ұлы Сұлтан Валад жазған. Бірақ ол XIV ғасырдың басында өмірден өткендіктен, «Тауарихтың» сыни мәтінін басып шығарушының

дұрыс көрсеткеніндей, оқиғалардың баяндалуы 1504 жылға дейін жеткізілген еңбектің авторы ол болуы мүмкін емес.

Р.Ф. Муқминова осы шығармадан алынған үзіндінің негізінде»шығармада аты аталған Мұхаммед Темір – Шайбани ханның ұлы болып табылады, бұл факт «Тауаррих – и гузида – йи нұсрат наменің» құрастырылуына Шаубани ханның тікелей қатысқаны әрі шығарманың авторы баяндалып отырған оқиғаларға қатысқан, оған жақын адам болғанын көрсетеді» деген болжам айтады. Р.Ф. Муқминованың болжамын құптайтын А.А. Семенов «аталған шығарманың авторы Шайбани ханның өзі» деп енді неғұрлым анық атап көрсетеді. А.К. Акмаров «Тауарихты» түркі тілді өлең түрінде жазылған шығарма – «Шайбани – наменің» белгілі авторы Мұхаммед – Салих жазған» дейді, ал ал Мұхаммед Шайбани ханның шығарманың жазылуына қатысы барын теріске шығармай, «ол көшіріп жазумен айналысқан» деп тұжырымдайды. Атап айтқанда, әңгіме бірінші жақтан айтылатын және Мұхаммед Темірдің есімі аталған түс «Шайбани ханның өз қолымен жазылған» делінеді. «Шығарма хан Бұхара мен Самарқандты жаулап алғаннан кейін, оның бұйрығымен жазылған», «әрине, өзіне – өзі бұйрық бермейді, «Тауарих – и гузида – Нұсрат – намеде» авторыдң Шайбани ханға қызмет етуге кіріскендігі туралы ойларын білдіретін жолдар бар», яғни «Шайбани хан Самарқандты қоршап алған уақытта (1500 ж.) дәл осы Мұхаммед – Салих оған қызмет етуге келген», «шығармада... Мұхаммед – Салихтың «Шайбани – Намесінде» келітірілген өлеңдер бар және «Тауарих – и гузида – Нұсрат – наме» де Бинаи мен Мұхаммед – Салихтың «Шайбани – намесі» тәріздес болып құрастырылған» деген және т. б. дәлелдер келтіріледі.

«Тауарихта» Әбу-л-Хайыр хан өлгеннен кейін Шығыс Жешті Қыпшақ даласындағы қалыптасқан жағдай, Керей мен Жәнібектің осы даладағы іс – әрекеттері туралы айтылады. Әсіресе Сырдария бойындағы қалаларды иелену үшін Мұхаммед Шайбани ханның қазақ және моғол хандарымен шайқастары туралы егжей – тегжейлі баяндалады.

Шығармада шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ру – тайпалық құрамына, әлеуметтік – экономикалық қатынастарына, мемлекеттік құрылымына қатысты және басқа да көптеген мәліметтер бар.

«Тауарих – и гузида – йи нұсрат – намені» Ch. Rieu, Р.Ф. Муқминова, С.А. Азимджанова, Б.А. Ахмедов, Р.Ф. ШИ Санкт – Петербург филиалы түркі жазбалар каталогінің авторлары, М.Қ. Әбусейітова, Ю.Г. Баранова сипаттап зерттеген. С.К.

Ибрагимов өз еңбектерінде осы шығармаға тоқталып, «Тауарихтын» шағын үзінділерін орыс тілінде жариялаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ ССР тарихы (көне заманның бүгінгі дейін). Бес томдық. – Алматы: Ғылым, 1983. – Т. 2. – Б. 58.

2 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384с.

3 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-XVII вв. – С. 105.

4 Абусейтова М.Х. К истории казахской государственности XVI-XVII в.в. //Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. – С.24.; Ее же. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII в.в. история, политика, дипломатия. – С.123

5 Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Бес тарих). – 1920.– 50 б.

6 Сонда, 51 б.

7 Әбілқасымов Б. Әбілғазы Баһадүрханның Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 4 б.

8 Әбілқасымов Б. Әбілғазы Баһадүрханның Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 4-5 б.

9 Қазақ фольклористикасының тарихы (Революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б. /357/.

10 Қазақ Совет Энциклопедиясы (ҚСЭ). – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1983. - Т.2. – 640 б. /13-14/.

11 Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қоры (ОҒКҚҚ), М.Ж. Көпеев қолжазбасы, N1177 папка. – Б. 221 (264; 134).

12 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б. 121 .

13 Қ.П. Жүсіповтар әулеттік мұрағаты (ҚПЖӘМ), Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.1-17.; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 3 топтама, 22 «Ә» тізім.; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С. Дәуітов. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б. /12-13/.

14 Көпеев М.Ж. Дуаның пайдасы туралы. / Баспаға әзірлеген Н. Жүсіпов. // Зерде. – 1995. – N1. – Б. 28.

15 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б. 17.

16 Бекхожин Қ. «Дала уалаяті» және мәдениет мәселелері. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – №10. – Б. 55-65.

17 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. / Составители Баранова Ю.Г., Абусейтова М.Х. -Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 388 с. /42-43/. ; Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-XVII вв. : история, политика, дипломатия. – С.67-70. ; Халидов А.Б. Арабские рукописи и арабская рукописная традиция. -Москва: Наука, 1985. –312 с. /95,156-157/. ; Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. -Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б. /110-112/. ; «Әділ сұлтан» эпикалық жыры. / Зерттеу, қолжазба факсимилиесі, транслитерациясы, транскрипциясы, түсініктемелері, баспаға дайындау - Исин А.И. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 148 б. /17-18/. ; Бейсенбиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – Алматы: Наука, 1987. – 200 с. (32).

18 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. – Алматы: «Арыс баспасы», 2001. – 246 б. – 4 б.

19 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс баспасы, 2001. – 246 б. – 5 б.

20 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники). — Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с. – С. 98.

21 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. – Алматы: «Арыс баспасы», 2001. – 246 б. – 246 б.

УДК 882.151.212.2

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

А.О. БЕКТЕМИСОВА

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Многовековая история казахского народа имеет столь нее многовековую неизменную спутницу свою - казахскую литературу. Трансформируясь, эволюционируя в веках и эпохах, этот род духовной культуры народа выражал собою поэтический дух и высокое дарование народа. Литература в многообразии своих жанров и стилей, школ и традиций то отражала сокровенные думы и чаяния народа, борьбу и судьбу поколений, то запечатлевала чудесными творениями, светящимися для дали времен, как огни в степи, памятные исторические события.

Многое поведал народ для грядущих поколений, для истории и устами безымянных анонимных хранителей своих дум, мечтаний, порывов и творениями благородных великих сынов своих - поэтов, писателей. Казахский народ, создавший в прошлом не много ценностей материальной культуры, создал, однако, огромнейшие ценности духовной культуры - свой богатейший фольклор и письменную художественную литературу, а также талантливую музыку.

И эти духовные ценности предстали благороднейшим объектом научного изучения. По части литературы факты и объекты прошлого и настоящего обуславливают собою зарождение и развитие новой, специальной области тюркологии и истории мировой литературы - истории казахской литературы.

Факт прохождения в ранние эпохи и в средние века множества народов по необъятным просторам нынешнего Казахстана, как, известно, прошел не бесследно для истории страны и истории ее материальной культуры; он тем более сложно многообразно влиял на суть и характер изустного творчества народа, являвшегося давним обитателем этих пространств.

Но один лишь краткий перечень собранного за последнее столетие, особенно записанного и частично опубликованного

после Октябрьской революции, может засвидетельствовать о необычайном богатстве памятников как далекого прошлого, так и письменной литературы XVIII-XIX вв. Как важнейшие объекты научного изучения, к ним надо присовокупить и многочисленные виды художественной литературы начала XX столетия и особенно богато расцветшей после Великой Октябрьской революции советской литературы возрожденного казахского народа.

Не только казахский фольклор, но и богатейшие виды индивидуальной, письменной литературы воскрешены ныне, как интересные и сложнейшие объекты научного изучения с огромной галереей имен их творцов-авторов, почти преданных забвению в пору отсутствия или не зрелости историко-литературной науки, могущей вести исследования в преемственной исторической связи по учащенным рядам. А ныне возрожденные для истории эти имена с их оригинальными творениями открывают перед глазами исследователя замечательные страницы в истории народа, страницы глубоких дум, великой мечты, мечты народов, при этом особенно богато представленные акынами, писателями XVIII-XX вв.

И в XX веке мощные струи народной поэзии, поэзии борьбы в 1916 году, поэзии социального оптимизма накануне великой революции существуют рядом со всеми видами эпической, исторической, состязательной поэзии. Правда, в эту пору еще мало издаются и образцы фольклора и творения поэтов. Не составляет исключения и сам Абай. Но все эти сокровища распространялись среди народа в рукописях для грамотеев, а народу - массе, в основном неграмотной, - эти творения доносились певцами, акынами в песенном исполнении, сопровождаемом домброй.

Два течения - изустная акынская поэзия и творчество писателей, поэтов профессиональных - сосуществуют и в казахской советской литературе.

Самое характерное в их развитии и становлении - взаимное обогащение, нерушимый союз, надежное взаимодействие. Критический реализм, усвоенный из лучших традиций прошлого, сменяется в обоих течениях на социалистический реализм.

В создании казахской советской литературы принимали участие многие писатели, ныне насчитывающие свыше 20-25 лет литературного труда, а также и молодые начинающие поэты и писатели.

Вот в целом тот предмет науки, иначе творческая продукция поэтического духа казахского народа, запечатлевшая свой исторический путь с глубин веков до великих лет советской эпохи казахская

литература, берущая свое начало из туманных далей седой древности и достигшая ныне высокой ступени литературной культуры.

Материал для науки как в изустном, так и в письменном наследии прошлого и настоящего обширен, оригинален и исключительно многообразен.

Переходя к вопросу о состоянии науки, изучающей казахскую литературу, необходимо указать на две стадии ее развития. Первая - стадия собирания, записи, частичной публикации, порою с переводами на русский язык собранного. В этой стадии многие образцы казахской литературы впервые подвергаются письменной фиксации, переходя из векового устного бытования на страницы письменной истории. Но изучается литературный памятник больше в комплексах проблем: этнографии, истории, языковедения и изучаются, по преимуществу, образцы фольклора. Литературоведение не выделилось еще особо. Это был процесс, характерный для всего востоковедения, в частности и для тюркологии, поэтому фольклор и в исследованиях Чокана Валиханова - еще подсобный материал в понимании религиозных представлений, особенностей быта, обычаев, социальных проблем, моментов истории, истории культуры. В подобной постановке вопросов ранее только и видели данную задачу исследования.

Много интересных, плодотворных мыслей для будущего исследования научно-творческого порядка высказано учеными Чоканом Валихановым, В. В. Радловым. Наряду со спорными, отчасти устаревшими ныне положениями, все еще много нового, проблемного в этих предварительных опытах, закладывавших основы и научного сравнительного и историко-литературного изучения фактов казахской литературы.

Вторая стадия, стадия научного изучения казахской литературы, началась в эпоху роста и расцвета социалистической культуры Советского Казахстана. В эту пору запись-собрание всех видов казахской литературы достигла огромных размеров. А факт возникновения казахских школ, курсов учителей, педтехникумов, педвузов, Казахского государственного университета со специальными казахскими отделениями факультетов филологического и журналистики и, наконец, научно-исследовательского Института языка и литературы при Академии наук обеспечили, при постоянном деятельном участии научно-методического совета Министерства просвещения Казахской ССР, появление научно продуманных программ по истории казахской литературы, а вслед за этим - появление учебников по литературе. Уже прошло много лет, как казахская средняя школа, начиная с пятого класса до десятого включительно, имеет учебники теории и истории казахской литературы. Более 30 лет читаются

курсы по еще более повышенной программе в целом ряде казахских пединститутов и в специальном женском педагогическом институте. Уже ряд лет читаются курсы теории, истории казахской литературы не только по программе-минимуму, а с включением факультативных спецкурсов по разделам казахской литературы в Казахском государственном университете имени Кирова, ставшем уже серьезным очагом и рассадником широких и глубоких знаний по филологии, истории культуры казахского народа.

Обилие предметов науки и накопленного научно-исследовательского опыта сейчас, естественно, приводит к большей дифференциации исследовательских задач и отсюда к большей специализации ученого - исследователя литературы. Поэтому и выделило последнее десятилетие из числа казахских литературоведов, из числа тех научных деятелей, которые за последние годы вели непрерывную педагогическую и научно-творческую работу в вузах квалифицированных ученых-специалистов или по фольклору, или по истории литературы XVIII-XIX веков, или по истории литературы XX века.

Таково вкратце состояние науки, призванной в свете марксистской теории познания осветить и научно осмыслить пути и этапы, причинно обусловленные закономерности и проблемы одного из видов духовной культуры казахского народа за его многовековое историческое существование.

Переходя к вопросам проблематики изучения казахской литературы, необходимо отметить некоторые моменты наших общих наблюдений над особенностями этой литературы, над теми особенностями историко-литературного изучения, которые определяют собою, в известной мере, характер направления дальнейших научно-исследовательских задач. Во-первых, к ним относится отсутствие зрелой, развернутой критики, как это было в истории русской литературы. Там Белинский был сам по себе великим явлением, возникшим в результате большого расцвета русской классической литературы за сравнительно короткий период. Здесь научная мысль о литературе идет не от критики, которая недостаточно развита даже и теперь, а идет от историко-литературного изучения эпох и фактов. Однако и в этом последнем качестве тоже обеспечивается научность исследования, тем более потому, что мы, советские литературоведы, вооружены самой верной, истинно научной методологией учения классиков марксизма-ленинизма. Этим методом мы должны изучать историю казахской литературы строго научно, не допуская вульгаризации и упрощения историко-литературного процесса.

Сравнительное изучение казахской литературы с литературой близких по языку, по культуре, по исторической судьбе народностей должно составлять в отношении прошлого главную продуктивную систему историко-литературного построения. Постепенно это сравнительное изучение должно распространяться на аналогичные процессы, явления, эпохи и в последующие этапы развития казахской литературы.

В отношении пореволюционного периода казахской устной и письменной литературы определено главенствующим принципом научного подхода должен быть сравнительный анализ одинаковых процессов на почве многих литератур Советского Союза. А творчество акынов должно быть изучено исключительно в этом свете совместных поисков и сходных или самобытно отличных друг от друга решений общих для них всех проблем творческого освоения той или иной тематики нашей действительности. Сравнительное изучение – вообще широкая задача не только казахских историков литературы, но общесоюзная задача. Особенно эта задача стоит огромной проблемой перед учеными, историками литературы русской, так как главенствующая, ведущая роль русской литературы в прошлом и особенно теперь определила и назначение русской историко-литературной науки по особому широко, интернационально.

Везде идейно-творческое задание единое, цель одна и могут прийти к ней каждая национальная литература, соответственно своим традициям, установившейся культуре и сообразно многим индивидуально-творческим особенностям, и чем больше будет установлено сходных или научно объясненных отличительных черт, тем глубже, шире мы, деятели науки, исследователи, будем соучаствовать творчески в литературном процессе. Этот же метод будет способствовать большей научно-критической популяризации значительных памятников прошлого или достойных фактов настоящего перед всем культурным миром Советского Союза.

Огромной, еще недостаточно разработанной проблемой литературоведческой науки у нас является вопрос теории литературы. В соответствии с незыблемым, безупречно точным марксистско-ленинским определением единства формы и содержания художественных произведений в каждом научном исследовании мы обязаны блюсти закономерную соотносительность этих элементов. Поэтому необходимо бороться в науке со всякого рода упрощением историко-литературной науки, вульгаризацией, псевдонаучными, односторонними разговорами по поводу, а не по существу литературных явлений.

ӘОЖ 94 (574)

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ЕЛ» МӘСЕЛЕСІ

Г.Ж. ЕЛЬМУРАТОВ

**с.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Г.М. КАППАСОВА**

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қай уақытта да тарих өрісінде ұлт мүддесімен бірге сақталып, ұрпақ өмірімен бірге жүретін, елдің өмір тәжірибесін бойына жинақтай отырып, ұлт көшбасшыларының тұлғалық келбетін көрсететін олардың елдік рухы екені белгілі. Ежелгі мұраларымыздағы елдік, тәуелсіздік мәселесі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында көрсетілген. Ж. Баласағұн «Құтты білік» поэмасының да ел болу жағдайын арқау етуде маңызы зор. Баласағұн 1015-16 ж. Баласағұн қаласында туған. Бұл еңбегі 1070 жылы жазылған. Басты идеясы – адамгершілік мәселесі. Осы поэмадағы адамгершілік негіздерін ұстанған адам ешқашан өз абыройын жоғалтпайды, ал қоғам мүшесі ретінде елге игілік әкеледі. Әсіресе, билеуші тұлғасының қандай болу керек екені нақты ұстанымдар жинағы ретінде көрсетілген. Өнер, білім, ақыл, ой – ең жоғары құндылықтар, осыларды мақсат еткен «алланың тандаулы құлдары биікке шыға алады». Ақыл-ұлықтыққа, ал білім абырой атаққа, жеткізеді.

Түркі халықтарының ел болу мәселесіне байланысты бүгінгі түркі ішкі дүниесін басқа елдің көзқарасымен зерттеуші Қайрат Сакидің «Қыпшақ мәмлүктер» атты еңбегінде былай делінеді: «Жат жұртта жүрген мәмлүктер бір-бірін әке, аға-іні көрмесе, бір-бірін сыйлап, қолдау көрсетпегенде, бір ауыз сөзбен айтқанда, араларында корпоративтік ынтымақтастық, ұран тасталғанда бір тудың астына жиналу, қару достығы секілді жоғары түсініктер жоқ болғанда олар есік алды құлы сипатында жүре беретін еді» [1, 23 б.]. Бұл пікірден де ел болудың негізгі бағыттары – татулық, ынтымақ екендігі белгілі болады. Осы ынтымақтың негізінде қыпшақ-мәмлүктердің басқа елдің тұтқын статусынан басқарушы деңгейіне жеткендігі тарихтан белгілі.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ел болу әр жеке адамды білімге жетелеу, оның терең ақыл-ойын дамыту қоғамның басты ісі. Әр адамның білімінің зор пайдасын түсінуі, соған ұмтылуы еліміздің өркендеуіне үлес қосуы деп санауға болады.

Білім–ақыл–ой – философиялық категориялар ретінде өздерінің туындыларына ие. Оны Ж.Баласағұн еңбегіне сүйене отырып шығаруға болады олар: ізгілік, ұлықтық, абырой, бедел, қадір-қасиет мақсатқа жету, аурудан арылу, бақыт. Білім мен ақылдың арқасында адам «мың сан арманға» жете алады. Аталған құндылықтарды қорытындылайтын категория – мәңгілік.

Адамның ішкі дүниесінің, ақыл, білім деңгейін ашатын тіл мәселесі де бұл поэмада қарастырылады. Оның екіұшты категория ретінде сипатталуы адамға тигізер пайдасы мен зияны бірдей екенін түсініп отыру қажет: «Тіл кісінің абыройын арттырады, бақыт әпереді. Тіл кісінің беделін түсіреді, басын жарады» «Кісінің сөзден [беделі] көтерілді, патша болды. Көп сөз басты жерге тығып, күл етті» – деп, Ж.Баласағұн пайымдаған [2, 102-103 б.]. Сонымен, бір жағынан, жеке адамның тілі – оның ішкі дүниесінің, ақылының, білімінің, ізгі ойдың, екінші жағынан, ақылсыздықтың, білімсіздіктің, пендешіліктің айнасы болып есептеледі. Бұл қасиеттер адамның басты адами қасиеттері ретінде ерекшеленіп, халық үшін қызмет етуде тиімді ықпал жасайды. Ауыздан шыққан сөз арқылы адамның қандай жан екені бірден белгілі болады. Сөзбен ойын жеткізу арқылы адамның келбеті айқындалады.

Аса маңызды жеке тұлғаның қасиеті – елге қызмет ету: «Егер қолың ұзын болса, халықтың Бәріне ісіңмен де, сөзіңмен де игілік ет» [2, 103 б.]. Ел ішінде ізгі адамның көп болуы – сол елдің өркендеуінің шарты. Кішкене (шағын) әлеуметтік топтар ізгі адамдардың қасында үйіріліп жүріп ақылмен, парасатпен іс-әрекеттерін жасаса, қоғамның, халықтың рухани және материалдық жағынан баюының кепілі болады. Сондықтан, әр топтағы көшбасшы жақсы адам болуынан ондағы мүшелердің де мінез-құлқы, іс-әрекеті ізгілікке жетелейді. Ж.Баласағұн бұл мәселеде адамның жақсы-жаманды айырып, жақсыға жақын жүру керек екенін айтады: «Жаманды жақсы деп есептеп кейін өкінбе...», - дейді [2, 104 б.]. Бұл пікірден алды-артынды байқа, барлығын дос деп, қапы қалма деген сақтық ой байқалады.

Ел болу үшін, қоғам ақыл мен білімді құндылық етіп қарауы керек «Дүниеде асқан білімділерге бас [болған] бек еді. Осындай бектіктің арқасында дүние жас көрінді» [2, 104 б.]. Ел басының идеалы Күнтуды образы арқылы берілген. Қандай бектің (елбасшының) аты белгілі болды, данқы дүниеге жайылады, бақыты шалқиды? Бұған жауапты Күнтудының сипаттамасынан көреміз: «Ісі әділ, мінез-құлқы түзу еді. ... Сергек ақылды. Жамандарға – от, жауға жүт еді. Жолы тура. Бұл қылығы [оның абыройын] күннен-

күнге арттырды. Қамқорлық жасау үшін саясат ететін еді. Ал қамқорлық саясатпен жарасады... Күнтуды Елік осы қылығымен Күн, ай сияқты шырақ боп әлемді жарық етті. Кім білімді болса, оның [беделін] көтерді...» [2, 105 б.]. Осы Баласағұнның сөздерінде елбасына, көшбасшысына қойылатын мәңгілік сипаты бар талаптар берілген. Соның ішінде негізгі талап – қамқорлық жасау мақсатында саясат құрастыру. Ойға Күлтегіннің «елді тоқ ету, киіндіру, тәуелсіз ету» үшін барлық іс-әрекетін жұмсаған саясаты келеді.

Елдік саясаттың негізі – ел қамын ойлау болып табылады.

Елбасы, көшбасшы пенде болғаннан оның жаңылуының алдануының ықтимал екенін Баласағұн есепке алған. Сондықтан, елбасының қасына жақындатқан адамдарды керекті «сұрыптамадан» өтуінің қажеттігін айтқан: «Кім ақылды болса, оның [кім екенін] ұқты. Кім білімді болса, оның [беделін] көтерді...» [2, 105 б.]. Елді билеп отырған тұлғаның көмекшілерінің де Отанына адал, асыл, халқына қамқор болуы керектігін айтады.

Ел болу үшін ел басында тұрған азаматтардың бірлігі, «бір жағадан бас, бір жақтан қол» шығара білетін, ел үшін ізгі мақсатқа ұстанымын жолы болу керек екені Айтолды образымен ескертіледі: Елбасының жанындағы адамдар сабырлы, шыдамды болуы қажет: «Сабырлылық, әдептілік – ақылдың белгісі. Ақылсыз кісілердің барлығы – мал». «...Іске аптығып–асығып кіріспе. Сабыр ет, шыда. Асығып істеген іс ертең - өкініш. Барлық істе асықпа. Шыда, өзінді ұста. Шыдаса құл [беліне] бектің белдігін байлайды» [2, 105 б.]. Айтолдының мына сөздері «Атым – қызметші құл. Көрсен, орным есікте. Жасағаным – адамгершілік. Істегенім - құлшылық» [2, 105 б.] бүгінгі күннің жағдайына аударғанда мынадай мазмұнға ие болады: билікке ұмтылып; бекке кедергі жасамау, оның ел үшін жасаған саясатын іске асыру жолдарын іздеп, табу, адамгершілік таныту, есіктен кіріп, «төр менікі» демеу, елге адал қызмет ету.

Тағы бір ескерілетін жағдай – бек өзінің қоласындағы адамдардың дұрыс істерін көріп, қолдап отыруы керек. Сонда адамдардың ісі алға басады, «барша ісі реттеледі». Сонымен қатар, сол адамдар әрқашан сыннан өтіп отыруы қажет: «Елік неше түрлі істе сынап көрді. Қызмет мәнері [өз] ойынан толық шықты ...» [2, 106 б.].

Ел болу үшін ұрпақ дұрыс тәрбиеленуі тиіс. Ұрпақ Өгдүлміш бейнесі арқылы көрсетіледі. Өгдүлміш әкесінің ақылынан да терең ойлы кеңес бере алатынын оның сөздерінен аңғарамыз. «Пайдалы нәрсе не?», - деген бектің сұрағына Айтолдының ұлы Өгдүлміш былай жауап береді: «Кісіге екі дүниеде пайдалы [нәрсе] ізгі

іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – Ұят, үшіншісі - әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады. Ісі ізгі болса, бүкіл халық сүйеді. Ісі әділ болса, төрге шығады. Барлық теңсіздіктен тыюшы – ұят. Ұятсыздық адамға теңдесі жоқ ауру. Әділдік, ұят және ізгі іс Үшеуі біріксе, сүйініш болды...»- дейді [2, 107 б.]. Өгдүлміштің бұл ойларынан адам бойындағы ізгілік қасиеттердің ел болудағы алғышарттардың қатарына енетіндігі байқалады.

Бұл сөздерде елдің дамуы, өркендеуі келесі ұрпақтың ізгілік жолында тағы бір сатыға жоғары көтерілуімен тығыз байланысы көрсетілген.

Сонымен қатар, ел рухани жағынан биікте болуы үшін оның өкілдерінің құндылық етіп қарастыратын мазмұнында. Сондықтан, Баласағұн әділдік, ұят және ізгі іс құндылықтарын насихаттайды. Бектің «Пайдасыз нәрсе не?», - деген сұрағына Өгдүлміш пайымдау арқылы үш нәрсеге назар аудартады: «Бірі – жауыздық істен қасарысып айрылмаса, Тағы бірі – жалған сөзбен шұғылданса. Тағы бірі – сарандық. Ол [есемін тауып] кісіден жейді. Бұлар – үш нәрсе. Үшеуі - білімсіздің ділі» [2, 107 б.]. Бұл пайдасыз, атақ-абырой әкелмейтін істер. Осы жолға түскен адамдар түптің түбінде жақсылыққа, ізгілікке жетпейді, «күн шыққанда [олардың - Г.К.] барлық оңбағандығы ашылады» [2, 107 б.]. Күн шыққанда дегеніміз Күнтуды сияқты тұлғалар күн болып жарқырағанда (істері арқылы), соның негізінде барлық жамандықтары сыртқа шығады.

Ел болу үшін білім қуу керек. Қазақ ел арасында «ақылды тентек» деген адам бағалайтын тұрақты сөз тіркесі бар. Оның мағынасы «ақылы бар, ал білім болады» дегенді білдіреді. Баласағұн ақыл мен білім арасын жіктеп берген Өгдүлміш сөзімен былай дейді: «[Бала] білімсіз туады. Дәстүрді үйренеді. Білім алса, кейін баршаға қолы жетеді. Анадан туғандар білімсіз туады. Біліп, үйреніп, кейін төрге шығады. Ақыл. Оны адам үйрене алмайды. Адаммен қоса жаратылады. Үйренілмейді. Ақылдан басқа барлық өнерді. Кісі үйренеді. Кейін қолы ұзарады» [2, 108 б.]. Бектің бұл ақылды ұланды қолдауы – «ізгі жолды біліп, атасының орнын басты» дегені. Өр ұланның кішкене кезінен бойына ұлттық салт-дәстүрді, өнер-білімді тоқып өсуінен ұтарымыз мол болмақ деген аталы ой осы тұста да айқын көрініс береді.

Сонымен, ел болу үшін ақылдың ісін жалғастыратын ізбасарлар болуы керек.

«Одғурмыш жайында» атты тарауында Күнтуды Елік, өте өнегелі сұлтан. Халыққа бауырмал, сүйікті жан Одғурмышты іздетіп, шақырады. Одғурмыш образы арқылы Баласағұн пендешілік жасап,

дүние қуып, соған алданып, «екі күндік жалған» өмірі үшін «жанын [отқа] күштеп күйдірмеуге» шақырады. Одғурмыш пен Өгдүлміштің сұхбаты терең философиялық ой тудырады. Одғурмыш ел-жұрттан алыстап, өз жанын таза ұстап, «баянсыз дүние опасыз бақытымен айналады», алдымен «сүйіндірсе, ақырын көр, сүргінге ұшыратады, мал-мүлкімен қызықтырып, тез абыройсыздық әкеледі», - деп санайды. Бұл ой ел ішінде қанағатты құндылық етіп насихаттау мәселесін ашады: «[Адам] байыса, көрмейсің бе, халықтың төбесінен қарайды, Кедей болса, көңіліне Кішіпейілділік енеді» [2, 110 б.]. Қанағатшыл бол, баймын деп тасыма, халқынды ойла деген ойды нұсқап тұрғандай.

Өгдүлміштің жауабында, ел, халық болу тақырыбы қарастырылған: «Бұл дүниенің ... Азабы көп болса, рақаты да орасан... Дүние халқы мемлекеті мен кентін тастап, [О дүниенің] ауыр жүгін арқалап тауға барып тұрса. Барлық дүние бұзылып, бос қалар еді. Адам баласының баршасы ұрық шашпас еді» - дейді [2, 111 б.]. Сондықтан, Өгдүлміш бұл дүниеде де парасатты өмір сүру, еліне, халқына қызмет ету адамның міндеті деп санайды.

Елге дұрыс қызмет ету – білімділердің қолында деген идея бұл поэмада басым:

«Білім ал. Өзіңе төрден орын дайында!

Білім алсаң, жаның [кеудеңде] берік сақталады.

Білімсіз кеудең мен тілің неге жарайды?

Біліммен [таза] су сияқты барша [халықтың қадесіне] жара!

Қанша білсең тағы біл, ізден!

Білімді [кісі], көрмейсің бе, қалаған тілегіңе жетеді. ...

Білім ал. Кісі бол. Өзінді жоғары көтер», – дейді Ж. Баласағұн [2, 112 б.].

Алған біліміңмен еш уақытта шектелме, үсті-үстіне ізденіп, бойыңа тоқи бер, ел үшін адал қызмет жаса, - деген көшелі тұжырымдар көрініс береді. Кісілік қасиеттерінді жетілдіре түс, бойыңда бармен масаттанба, сонда ғана мақсатыңа жетесің,-деген келелі түйіндер жасайды.

Тұжырымдайтын болсақ, данышпан адамдар бүгінгі қазақ еліне, елдікке жарайтын көптеген терең саяси-философиялық ойлар қалдырған. Олар жеке адамның ішкі дүниесіне үніліп оның тазалығы асыл ой, ақыл, білім, ізгі іс, ұят, әділдік, әдептілік, қанағаттылық, тәубашылық, қайырымдылық, кішіпейілдік, биік рух, періштелік ниет, түзу мінез-құлықтан құралатынын айтып кеткен. Осындай адамдардан қоғам құрылса, ауызбірлік, ынтымақтастық,

келісімділік, қадір-құрмет, тыныштық, теңдік, ізгілік орнайды. С. Сарайдың «Гүлстаны (Гүл бағы)», Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы», Т. Кампанелланың «Күн қаласы», А. Августиннің «Град божий», Асан Қайғының «Жерұйығы» тектес мемлекет бола аламыз. Осы дәуірдегі келесі үлкен мәселе - ел билеушінің идеалы. Сабырлы, әдепті, ұстамды, білімді, жомарт, кішіпейіл, әділ, рухани байлықты жоғары қоя білетін, ел қамын өз мүддесінен гөрі алдыңғы қатарға ұстайтын тұлға ғана елдің дұрыс батасын алады, көп жақсы ізбасарларға ие болады, елді алға тарта алады. Егер осындай ел билеуші болмаса, ел оның соңынан ермейді. Оның мемлекет үшін жасаған жоспарлары елдің сенімсіз іске аспайды.

Елді мәңгілік ететін осы елде ғылым саласында ашылған жаңалықтар. Бүгінгі күнге дейін елінің атын шығарған әр ұлттың өкілдері бар. Қазақтардың да білімге зейін қойып, олардың ішінен әлемдік деңгейде ғылыми жаңалық ашқан ғалымдар шығып жатса, ел үшін үлкен мақтаныш, елді мәңгілікке апаратын жолдардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайрат Саки «Қыпшақ мәмлүктер» [8, 23 б.]. Алматы.

2 Баласағұн Ж. Құтадғу билиг. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған А. Қыраубаева. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

УДК 821.512.122.+821.512.161

ОСОБЕННОСТИ СБОРА ФОЛЬКЛОР МАШХУР ЖУСИПА И СКАЗКА «СУЮНДИК: БАТЫР ОЛЖАБАЙ»

Н.К. ЖУСУПОВ

д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

М.Н. БАРАТОВА

к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

А. ЕЛШИН

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Собирая материалы из уст народа, многие ученые-фольклористы не обращают внимания на то, из чьих уст они записывали эти образцы. Фольклористы В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, а также представители русской интеллигенции Л.Ф. Писемский, П.В. Киреевский,

Н.Белозерский, М.Максимович, Л.Жемчужников, Н.Добролюбов, П.Кулиш, А.Метлинский, Г.И. Якушкин указывали полное имя того, из чьих уст записывали фольклорные материалы. А.Ф. Писемский и А.Метлинский говорили о необходимости давать полные пояснения по поводу тех, из чьих уст записывались фольклорные образцы. С их точкой зрения соглашались ученые З.М. Власова [1] и Б.П. Кирдан [2]. Ученый А.Д. Соймонов выражает точку зрения П.В. Киреевского о том, что встречаются некоторые трудности, когда даешь пояснения по поводу тех, из чьих уст записываются фольклорные образцы: «Киреевский старался показать исполнителей, но материалы, которые он записывал, далеко не всегда позволяли это сделать... что за исполнение песни об Аракчееве били батогами и ссылали... Собиратели, как правило, избегали называть имена таких песен» [3].

Ученый Б.П. Кирдан [4] точно пометил мысль Н.Белозерского о составлении списка исполнителей, в то время как видный фольклорист М.К. Азадовский приводит точку зрения Н.Добролюбова: «Добролюбов требовал точного указания, где и когда записана сказка, подробных сведений о самих носителях сказки, об их мировоззрении, об их отношении к аудитории, к рассказываемому тексту...» [5].

Ученый Б.П. Кирдан высоко оценил требования М.Максимовича [6] и П.Кулиша [7] о необходимости обзора автобиографии исполнителей. Л.Жемчужников [8] говорил о необходимости описания среды исполнителей.

Машхур-Жусип собирал среди народа героические эпосы «Қамбар батыр» («Батыр Камбар»), «Ер Тарғын» («Мужественный Тарғын»), «Ер Көкше» («Мужественный Кокше»), «Ер Сайын» («Мужественный Сайын»), «Нәрік ұлы Шора батыр» («батыр Шора Нарикұлы») и др. [9]; лиро-эпические поэмы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» («Козы Корпеш и красавица Баян»), «Алтын бас, күміс аяқ» («Златоглавый, среброногий») [10]; также «Киік» («Сайгак»), «Бозторғай» («Жаворонок»), «Дін үйренетұғын» («Обучение религии») [11] и другие произведения. Поэмы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» («Козы Корпеш и красавица Баян») и «Ер Тарғын» («Мужественный Тарғын») Машхур-Жусип переписал в 8 лет, в 1866-ом году из рукописи хазрета Камара. Мы являемся свидетелями того, что Машхур-Жусип дает пояснения по поводу лиро-эпической поэмы «Алтын бас, күміс аяқ» («Златоглавый, среброногий»), что он состоит из 200 строк, что собрал эту поэму В.В. Радлов [12]. Образцы, которые переписал из сборника В.В. Радлова, Машхур-Жусип разместил последовательно. Вместе с

тем, в рукописи имеется сведение о том, что объем героического эпоса «Сайын батыр» («Мужественный Сайын») составляет 2000 строк. Из вышеперечисленных фольклорных образцов изданы только «Алтын бас, күміс аяк» («Златоглавый, среброногий») и «Сайын батыр» [13] («Мужественный Сайын»), остальные еще не известны читателю.

Машхур-Жусип собирал среди народа и сказки: «Еділ-Жайық», «Көр актарған Жаманбай» («Жаманбай, осквернивший могилы») [14], «Баһырам патша туралы» («О повелителе Бахрам»), «Есен тентек туралы» («О шалуне Есен»), «Ертеде бір хан болыпты» («В давние времена жил-был хан») [15], «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім» («Высокорослый батыр Есим») [16]; «Алаша хан» («Хан Алаша») [17]; «7 жасар Желкілдек» («Семилетний шалунишка») [18]; «Ер Төстік» («Мужественный Тостик»), «Әз Жәнібек және бір ұста» («Мудрый Жанибек и мастер»), «Екі патша» («Два повелителя»), «Әділ би» («Справедливый би»), «Сүйіндік: Олжабай батыр» («Суюндик: Батыр Олжабай») [19]; «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») [20] и др.

Среди собранных сказок такие образцы, как «Алаша хан» («Хан Алаша»), «7 жасар Желкілдек» («Семилетний шалунишка»), «Еңсегей бойлы Ер Есім» («Высокорослый батыр Есим»), «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») [21] изданы именем Машхур-Жусипа. Остальные еще не опубликованы. Машхур-Жусип пытался давать пояснения по поводу того, как и каким образом он собирал сказки среди народа, указывал, из чьих уст он записывал их. К примеру, сказку «Сүйіндік: Олжабай батыр» («Суюндик: батыр Олжабай») Машхур-Жусип записал в 1865-ом году из уст акына Сакау. Свидетельством тому является письмо А.Маргулана Сердалы, сохранившееся в «семейном архиве». В письме дается следующая ссылка: «В 1865-ом году Машхур-Жусип записал из уст акына Сакау». Во-первых, Машхур-Жусип знал, что записанный образец принадлежит к жанру сказки; во-вторых, образец записан из уст акына Сакау; в-третьих, образец записан в 1865-ом году / акыну было 7 лет/. Ясно, что приведенные сведения составляют паспорт данного фольклорного образца. А ссылки, указывающие на то, из чьих уст, когда, каким образом записан материал являются одним из основных требований, предъявляемых к сбору фольклорных образцов в фольклористской науке.

Сказку «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») Машхур-Жусип записал из уст стрельца Сарыбаса из рода Тама Среднего жуза Карабура. В этой сказке описываются

особенности охоты древних времен. Следовательно, материалы, раскрывающие тайны природы, историю народа подчеркивают значимость произведения. Кроме того, фольклорные образцы, собранные Машхур-Жусипом, были использованы и экспедицией ученого-фольклориста А.Диваева. Потому что среди рукописей в 1062-ой папке сохранилась сказка «Еңсегей бойлы ер Қасым» (вероятно, «Ер Есім» – Н.Ж.). Наряду с вышеупомянутой сказкой, там имеется еще несколько фольклорных образцов. Автограф дан на обложке папки по образцу арабского письма. А внутри папки в конце сказки дается такое примечание: «По словам известного Машхур-Жусип Копеева». Следовательно, фольклорные образцы, собранные в папке, действительно принадлежат Машхур-Жусипу.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Власова З.И., Писемский А.Ф.// Русская литература и фольклор / 1-я половина XIX века. – Л.: Наука, 1976., 403-404 б.
- 2 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии /Из истории украинской фольклористики XIX века. – М.: Наука, 1974. – 160 б.
- 3 Соймонов А.Д. П.В. Киреевский и его собрание народных песен. –Л.: Наука, 1971. – 185-186 б.
- 4 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии. / Из истории украинской фольклористики XIX века. – М.: Наука, 1974. – 250 б.
- 5 Азадовский М.К. История русской фольклористики. Т. II, –М.: Учпедгиз, 1963. – 222 б.
- 6 Қараныз: Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии /Из истории украинской фольклористики XIX века. – М., Наука, – 71-72 б.
- 7 Сонда, 222 б.
- 8 Сонда, 268 б.
- 9 ҚР ОҒК ҚҚ.1178-папка, 45-49 б.; 1170-папка, 148-173, 225-289 б.; 1645-папка, 165-208 б.
- 10 Сонда, 1170-папка, 321-340 б.
- 11 Сонда, 1170-папка, 289-321 б.
- 12 Сонда, 1170-папка, 358 б.
- 13 Көпеев М.Ж. Танд. Шығ. жин. II-т., А., Ғылым, 1992, – 138-146, – 170-216 б.
- 14 ҚР Ғылым академиясы Орталық қолжазбалар қоры. 1175-папка, – 171-217 б.
- 15 Сонда, 1173 «Б»-папка, №1 дәптер, – 14-20, 26-35, 151-155 б.
- 16 Сонда, 1645-папка, 86-88, – 108-114 б.
- 17 Сонда, 215-папка.

18 Сонда, 1170-папка, – 173-225 б.

19 Бұл деректер «әулеттік архивте» сақталған.

20 Көпеев М.Ж. Тама Сарыбас мерген ертегісі. // Зерде, №6, 1992., – 27-28 б. / Материалды әзірлеген – Н. Жүсіпов/.

21 Көпеев М.Ж. Алаша хан. 7 жасар Желкілдек. // Таңд., II-том. – А.: Ғылым, 148-169 б.; Еңсегей бойлы Ер Есім. – Сонда 146-148 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

Б.Т. КУСАЙДАРОВА
студент, Павлодар медициналық колледжі

Қазақ елі тарихынан елеулі орын алып, артынан өшпес мұра қалдырған 18 ғасырдың батыр тұлғаларының бірі – Олжабай Толыбайұлы. Халық өмірінің алмағайып-аласапыран кезеңінде тұрмыс кешкен батыр турасында ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Он сан Орта жүзге ұрын болған – ер Олжабай» - деп кеңінен зерттеген. Батыр шежіресі төңірегінде ойшыл былай дейді: «Бұл Олжабай батырдың туысы - Орта жүз: Арғында он үш жасында «Айдабол би» талған Айдабол - Күліктің Айдабол ұрпағынан шыққан. Айдабол бидің бәйбішесінен: Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы. Ортаншы қатынынан: Қарақозы, Бозқозы, Аққозы. Кенже тоқалынан: Қожакедді, Тайкелтір. Осының бәрі де өсіп-өніп, өзді ру ел атанған. Жалғыз-ақ бәйбішенің кенжесі Кенжеқозы қыршын жас күнінде өліп қалып, атастырып қойған қалыңдығы оң жақта жесір қалған. Ол үйсін Қаратай батырдың қызы екен. Әкесі осы қызды тоқалдан туған Тайкелтірге алып берем дегенде, Жанқозы «К...ттесім жесірін тоқал баласына алдырмаймын!» - деп, - тетелес інім Малқозының баласы Толыбайға алып беремін!» - деп зорлықпен қызды алдыртады. Осы Қаратай батырдың қызынан Олжабай туады». Олжабайдың батыр бейнесі кімге де болсын аян, ал оның шешендік дарыны мен даналығын әркім біле бермес. Жоғарыда айтып өткендей Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Олжабай тарихын зерттеп, ол туралы бірнеше нұсқалардағы халық әңгімелерін жинақтаған. Олжабай батыр әңгімесінің екінші нұсқасында он жеті жасар Олжабай өзінің ұрланған биесін іздеуге

аттанбақ болып анасына айтқан сөзі: - «Уай, шеше - ай: «Бұтынан ет кеткен сон, ат желмейді, Мал үшін жігіт адам қайда өлмейді?» Мен де: «қатынмын!»- деп, атқа мінгенім жоқ, «батырмын ғой!» – деген екен. Бұл жерде Олжабайдың намысшылдығын байқамасқа болмас.

Осы әңгімелердің төртінші нұсқасында Олжабайдың Жасыбай батырға айтқаны:

«Кел, екеуіміз осы Баянаулада жаталық,

Қойдай өріп жүрген: бұғы, бұлан, аладомбай, керкуданын аталық!

«Жалғанды жалпағынан басып» Мерекеге баталық!

Бұл тауды: «Елсіз қалды, иесіз қалды!»- деп, қалмақ келеді.

Кедергі болып, соның жолынтосалық!

Бір асуының аузында мен жатайын!

Бір асудың аузында сен жат!»

– деп туған жерге деген мақтанышын, махаббатын көрсетеді.

Сонымен қатар Олжабай батыр Омбыда ауырып жатқанында хал-жағдайын сұрап екі жолшы келеді деседі. Сонда сол жолаушыларға Олжабай: «Менің үрім - бұтағымның жау десе, көтені лүпілдейді; дау десе, көмейі бүлкілдейді! – деп. Естіген сөзімнен сөз қалмасын: «Естіген құлақтың жазығы жоқ!» – деп сәлем жолдаған екен. Сәлемінің тағы бір нұсқасы осындай мағынада: «Менің жазып беретін халім жоқ. Мен айтайын, өздерің жазып ал, – деп айтқандағысы:

Орта жүз: Арғын аға ел еді.

Арғынменен қай қазақтың баласы тең еді?!

Мейрам сопы бір анадан жалғыз ұл еді.

Мейрамның бес баласын сағындым, соған сәлем айта бар!

Қуандық пен Сүйіндік, Қаракесек,

Бегендік пен Шегендік,

салмағыңа тең келетін қазақ жоқ,

туысыңды, тұрысыңды сағындым

оған сәлем айта бар!

Арғын, Найман туысқан,

Мәңгілікке бел байласып тұрысқан,

Жұртқа дастан атың шыққан,

Қайран ерлер, қызығыңды сағындым!

Соған сәлем айта бар! Сары жетім,

Шақшақ момын елді,

Шұбыртпалы - Ағыбай,- о да Арғынның ұлы еді.

Ер асылын, жер асылын сағындым, соған сәлем айта бар!

Үш жүзді билеп өтті Абылай,

Ел бағына туып өскен ерлер қандай?!
Қазыбек, Жәнібек, Бөгенбай, Баян батыр,
Қошқарбай, Қабанбайым, Ұса серек.
Ноғайлыда - Әз Жәнібек,-
Тараншыда бас қосқанын сағындым.
Соған сәлем айта бар!
Қырғыз бөген қалмақты
Сарыарқадан кетіріп,
қазақ елін орнатқан қайран ерлер,
қызығынды сағындым,
соған сәлем айта бар!
Сарыарқаның тауы мен тасын,
аққан суын, ағашын, көлін сағындым,
соған сәлем айта бар!
Ұрығымды сұрасаң,
Қанжығалы; затымды сұрасаң,
Бөгенбай. Бөгенбайдан
Қошқар туған екен.
Қошқардан туған қозы едім.
Қозыдан сәлем айта бар!»

Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Олжабай батырдың айтқан сөздерін халық ауыз әдебиетінен қағаз бетіне түсіріп қалдырған. Мысалы екінші сөзінде Олжабай:

«Адам баласы - Алланың добы- деген анық қой,
Басқа біткен бақ-дәулет жанып тұрған бір жарық қой!
Бастан кетсе, ол шіркін жарықтың өшетіні анық қой!
Артынан тұғырынан түссе, о да шын мүсәпір көріп (ғарыб) қой!
Осы жүрген адамдар суда жүрген балық қой,
Балықты Судан шығарсаң, өкпесін соғып жататыны анық қой.
Табиғатта бір Алладан басқаның өзгеруі анық қой!»

-деп адам баласының түрлі қасиеттеріне философиялық тұрғыда ой тарқатқан. Бұл жерде Олдабай батырдың қолданылысындағы «Адам баласы – Алланың добы», «Табиғатта бір Алладан басқаның өзгеруі анық», «Басқа біткен бақ-дәулет жанып тұрған бір жарық» - деген нақыл сөздері бүгінгі күнде кеңінен қолданылуда. Бірақ, кімде-кім бұл сөздер Олжабай батырдың айқандығын біле бермейді.

Ал үшінші сөзі:

«Арыслан (арыстан) болып айға шап!»- дедің, шаппадым ба?
«Бүркіт болып, таудан түлкі қақ!»- дедің, қақпадым ба?!
«Қаршыға болып, көлден үйрек іл!»- дедің, ілмедім бе?

«Шортан болып, су түбінен балық сүз!»- дедің, сүзбедім бе?!
«Жеті басты жалмауыз болып, елдегі жақсы атты мін!»- дедің,
мінбедім бе?!

«Сайрандап дүниенің төртбұрышын кез!»- дедің, кезбедім бе?!
-деп, бұл өмірде қандай да болмасын бір іске қолыңды жеткіз,
сегіз қырлы, бір сырлы бола білуді ақыл етуде. Туған ел, отан
тақырыбы оның төртінші сөзінде қозғалған. Өзінің кіндік қаны
тамған ел Ерейментау жерінен қасиетті Баянауыл жеріне қоныс
аудару мәнін айтады.

«Мен елімнен кеткенім жоқ ұрлықпен,
Не болмаса кісі өлтірген сұмдықпен.
Әлемге бірдей Әмірді,
Науқанды тарттық біз көппен.
Жанымда жүр жалпыһп (жалығып),
Б...ққа алғысыз мал біткен.
Маған үлкен ұят қой:
Мен қалып елде,
Бұл кеткен.
Атаңа сенің рақмет,
Осылармен бірге мені жөтелткен!»

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Токтар Әлібек Олжабай батыр туралы:

«Халық ақыны хат жазуға қалам алған,
Ешкімнен өтпей тұрмас мына жалған.
Орта жүзде Сүйіндік ұранды ел,
Олжабай қатарында батыр болған.
Мәшһүр Жүсіп жазыпты кітабына,
Үшбу сөз тарих болып бізге қалған...»

-деп жыр еткен. Сондықтан Олжабай батырдың адамды игілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелейтін адамгершілік мәселесін көтерген нақылға толы сөздері –бүгін өскелең ұрпаққа қалдырған асыл қазынасы. Бүгінде оның сөздері қолданылыста жүрсе де, ол Олжабай батырдың сөздері екенін әркім біле бермес. Оның сөздерінен отанға, елге, жерге деген құрметті, намысшылдық, адамгершілік, жақсыға бой ұсыну сияқты қасиеттерді үйренуге болады. Бүгінде жас ұрпаққа Олжабай бейнесін тек батыр тұлғасында ғана емес, шешендік өнерін де таныту мақсатқа айналуы тиіс. Ер Олжабайдың айтқан өсиеттері біздің жадымызда сақталып, келер ұрпаққа мұра болып қалар таптырмас дүние.

ҚАЗАҚСТАНДА ДОМБЫРАНЫ ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ

А.А. МЕЙРМАНОВ

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Домбыра - қазақтың құнды жәдігерлерінің бірі. Терең тарихы бар құндылығымыздың елімізде алатын орны ерекше. Қазақ халқы ежелден домбыраны қастерлеп өткен халыққой, әрқашанда үйдің төрінде ілулі тұратын ерекше құнды мұрамыз. Халқымыз тойды ешқашанда әнсіз, күйсіз өткізбеген және бұл дәстүр сақтаулы. Домбыраны дәріптеуде еңбегі сіңген белгілі тұлғаларымыз бар. Олар: Құрманғзы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова секілді домбыра өнерінің дамуына айрықша із қалдырды. Осындай жәдігерлерімізді сақтау, дамыту жас ұрпақтың міндетті ісі болып табылады.

Мақаланың түп маңызын айтпас бұрын домбыраның тарихына үнілуге тура келеді.

Домбыра екі, кейде үш шекті шертіп немесе қағып ойнайтын музыкалық аспап ретінде танымал Қазақ жерінің әр өлкелерінде тұратын халық шеберлері домбыраны өз қалауынша әр түрлі үлгіде жасады. Оған қайың, қарағай, жөке, шырша, үйеңкі ағаштарын пайдаланған.

Домбыра аспабы 2500 жыл бұрын (ғылыми болжам бойынша 5000 жыл бұрын пайда болған деген сөздер айтылады) пайда болғаны туралы деректерде кездеседі. Аспапты ойлап тауып, оны жасаған авторы белгісіз, сондықтан ол халық аспабы болып есептелінеді. Домбыра аспабы туралы Геродот, Приск, В. Виноградов, А. Левшин, В. Бартольд, А. Жұбанов, М. Әуезов, т.б зерттеу еңбектерінде сак, ғұн, үйсін, қанлы, көк түріктер, оғыз-қыпшақтар, ноғайлы кезеңдері мен қазақтардың тарихында екі шекті аспап жиі ұшырайды. Археологиялық олжалардың ішінде кем дегенде осыдан екі мың жыл бұрын тұтынылған қос шекті аспаптың бейнесін айрықша айтады.

Бауыржан Момышұлы қазақтың киелі аспабы туралы былай дейді:

Ол «Домбыра- қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта алмасаң да қадірлей біл. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызына жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын түсінбейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры

шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді. » деп философиялық ойын түйіндейді.

Домбыра мұнша шешен болдың неге? Күй толған көкірегің шежіре ме? Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің, Саусағым тиіп кетсе ішегіне, – деп Қасым Аманжолов жырлағандай қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған. Адамдардың бәрінің бірдей музыкалық қабілеті бола бермейді ғой. Ал қандай адам болсын музыканы сүйіп тындайды. Демек, музыка адамдардың рухани қорегі деуге болады. Ал өзге халықтар секілді қазақтар да өзінің ұлттық аспаптарын құрметтеп, ән-күйлерін тындап ләззат алады. Әсіресе, домбыраның үні естілгенде елендемейтін қазақ жоқ.

Менің бұл мақаламның негізгі мақсатына келетін болсам жоғарыда айтылып кеткен домбыраның кең бай тарихын ескере отырып Қазақстанда домбыраны пән ретіндегі оқыту жүйесіне енгізе отырып домбыраның қажеттілігін, қасиетін анықтай аламыз деп ойлаймын. Сол арқылы болашақ ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, әр оқушының жүрегіне отанына, тіліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыратынымызға мен кәміл сенемін.

Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ- домбыра» деген сөзінің зор мәні бар. Расында, қазақ деген халықтың жанын, рухын, таным-түсінігі мен ділін тап басып түсіну үшін оның сонау ерте замандардан бері келе жатқан күмбірлеген күйлері мен асқақтаған ән-жырларына құлақ қойып тындау керек. Замана сыры, уақыт үні тұнып тұрған сыйқырлы әуен алпыс екі тамырынды идіріп, сол тамырды бойлай аққан қаныңды қыздырып рухтандырып жігерлендірері сөзсіз. Себебі бұл- ғасырлар бойы табиғатпен етене жақын күн кешкен, тау мен тасты жаңғырта шауып өткен жылқы тұяғының дүбірі арқылы түйсіне білген қазақ деген көшпенді халықтың бастан кешкен тарихы, мәдениеті, рухы. Осыны жіп-жіңішке қос ішегінен күй қылып, ән, терме, толғау, жыр етіп төгілте білген домбыраны нағыз қазақ демей, не дерсін?

Иә, домбыра деген керемет дүние ғой шіркін! Домбырадан шыққан үнді естігенде елендеметін қазақ жоқ шығар сірә.

Кішкентай кезімнен домбыраға деген қызығушылығым шексіз. Домбырамен отырып бір әдемі күй, ән айтып отырса бір бақыт, өнер деп есептеймін. Сондықтан да жас ұрпақтың бойына өнерге деген қызығушылығын ояту керек деп ойлаймын. Қазақ жастарының домбырада ойнауын білмейді, қызығушылық жоқ демеймін, өнерлі жастар көп.

Ондай жастардың бойынан, нағыз қазаққа тән қасиеттерді, имандылықты көреміз. Тіпті Қасиетті Құранда үн туралы айтылған екен. Адамның үнін ұлы күшке теңеген. Домбыра ермек қылатын кісіге – дыбыс, ойлы адамға ләззәт, махаббат, Алла берген жанына – шипа.

Домбыра үйрену- еңбек. Домбыраға пернәсін басып шек қағу- математика. Домбыра пернәсін басып, әуен шығару, бір мезгілде поэзия қосып нәтижесін көрсету- логика. Домбыра екі шегін тартып, есту арқылы құлақ күйін келтіру – физика. Домбырада орындалған күй мазмұнын елестетіп әңгілей білу- бейнелеу. Домбыраға қосылып ән- терме, өсиет, т.б. шығару, оны орындау – әдебиет. Ал домбыраның барлық қырын бір арнаға жинақтау- философия.

Сондықтанда мектептерде домбыраға айрықша назар аударылса нұр үстіне нұр болады деп ойлаймын. Оқушылар күнделікті математика секілді сабақтардан жалығып оқуға деген құлшынысы төмендейді. Ал домбыраның күмбірлеген үнімен ән айтуын үйренсе қандай керемет болатын еді.

Бабамыздың мұнысың сен домбыра,
Анамыздың сырысың сен, домбыра,
Қазағымның жүрегінен жаралған,
Даламыздың үнісің сен, домбыра!

Бүгінде осы бір құндылығымыз жойылып бара жатқандай. Себебі жас ұрпақ, көбіміз домбырада ойнауын білмейміз. Мектепте домбыраны үйренетін мүмкіндік болмағандықтан, кейбір мектептерде үйірме болып тұрса да бірақ оған ешкім міндеттемегендіктен көбі бара бермейді. Сондықтан менің ойым бойынша мектептерде домбыраны пән ретінде 3 сыныптан бастап оқытсақ, болашақ ұрпақ домбыраның құлағында ойнайтын болады. Бұл домбыра ұлтымыздың құнды жәдігері болғандықтан оны жоғары деңгейде бағалап ардай- ым ойымыздан шықпайтындай етуіміз керек. Бұның бірден-бір айғағы ретінде біздің Павлодар облысында домбыраға деген қызығушылық көп жерде байқалмайды. Біздің іні-қарындастарымыз кішкентай болғандықтан және де домбыраның түрін теледидардан ғана көргендіктен қалайша жас ұрпақ домбыраның күдіретті екенін сезінбек. Ауылдық мектептерде домбыраны үйрену мүмкін емес.

Қазақстанда осындай бір жаңалықты енгізетін болсақ мемлекетіміз бүкіл түркі қандастарымызға үлгі болатын еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 www.asyl-bilim.kz
- 2 www.yvision.kz
- 3 Жұбанов А. «Ғасырлар пернәсі». – Алматы, – 2002.

ӘОЖ 070.485

ҚАЗІРГІ БАҚ-ТАҒЫ ЖАРНАМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ш. МЫРЗАХМЕТОВ
магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ баспасөзіндегі жарнама тарихының әр кезеңінде өзіндік ерекшеліктер болған. Жоғарыда айтылған алғашқы қазақ басылымдарындағы жарнаманың мақсаты мен бүгінгі таңдағы баспасөздегі жарнаманың мақсаты қарайлас. XX ғасырдың басындағы жарнама рухани қажеттілікті өтеуге арналса, қазіргі жарнаманың басым көпшілігі материалдық сұранымға бағытталғанын аңғаруға болады.

Соңғы жылдары еліміздің дамуы қоғамның барлық салаларындағы сапалы өзгерістермен ерекшеленеді. Бұл жанару үрдісі саяси, экономикалық және әлеуметтік институттардың барлығын қамтып өтті. Елдің нарықтық экономикаға көшу кезеңінде көптеген мекемелер мен ұйымдар тәуелсіз болды, сондықтан олардың экономикалық талаптарға сай қызметі дұрыс ұйымдастырылған кешенді маркетингтік бағдарламасыз өз жұмыстарынан оң нәтиже шығару мүмкін емес еді. Өнімнің жарнамасы – маркетингтік коммуникацияның маңызды құрамды бөлігі бола отырып, тұтынушымен өзіндік ақпараттық байланыс орнатуы тиіс. Дұрыс ұйымдастырылған, сондай-ақ іс жүзіне асқан жарнама өте тиімді әрі өнімнің үздіксіз, тез өндірілуіне мүмкіндік береді. Бұл мекеменің ақша айналым процесінің тез жүргізілуіне, тұтынушылармен байланысты оларды тұрақтандыруға, сұраныстың артып, қызмет тиімділігінің жоғарылауына септігін тигізеді. Яғни, тауар мен қызмет жарнамасы – экономиканың жасанды емес, табиғи құралы және нарық жүйесінің маңызды реттеушісі екені даусыз.

Бүгінде БАҚ-тағы жарнама нақты бір мақсатты аудиториямен қарым-қатынастың әмбебап құралына айналып отыр. Сондықтан көптеген мекемелер жарнама бюджетінің едәуір көп бөлігін БАҚ-тағы жарнамаға жоспарлайды. Адам ақпараттың 75 пайызын көру арқылы қабылдайтындығы ғылыми түрде дәлелденген. Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама берудің ең тиімді әдістерінің бірі ретінде танылып отыр. Бұл жарнаманың түрін жарнама берушілердің кең ауқымды көлемі пайдалана алады. Сондықтан БАҚ-тағы жарнаманы ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Баспасөздегі жарнама – БАҚ-дағы жарнаманың дәстүрлі, барынша көп таралған түрі. Арманд Дейян деректерді «Франциядағы жарнамаға арналған барлық шығыстардың шамамен 55%-ы баспасөздегі жарнамаға келеді» деп келтіреді, бұл процент скандинавия елдерінде одан да көп. Бұл баспасөз жарнамасының халықтың қалың бұқарасына материалдық (бұқаралық баспасөздер арзан), физикалық мазмұнда (көлікте, электрмен жабдықтау жоқ болғанда оқуға болады және т.б.) қол жетімділігіне байланысты. Баспасөз жарнамасы жалықтырмайды, құжат сипатында болуы мүмкін, ал кейде сондай болып табылады («газет кесіндісін көрсеткен адамға – жеңілдік»), ол радио және тележарнамадан арзанырақ және ерекше редакциялық өңдеуге байланысты қолайлы (мысалы, «сатып аламын», «сатамын» айдарларын бөлу арқылы), баспа сөзге дәстүрлі сенім себебінен танымал. Баспасөздегі жарнама, айтылғанындай баспасөз жарнамасымен салыстырғанда жарнаманың бұқаралық түрі маңызды, бірақ қымбат тұрады, себебі оны жасауға қызметкерлердің үлкен штаты қатысады – редакторлар, көркемдеушілер, түзетушілер және т.б.

Баспасөздегі жарнамаға жарнама берушілер көбіне өзінің фирмасы, оның нарықтағы қызметі, шығаратын тауарлары мен олардың ерекше сапалары туралы ақпаратты жеткізу қажеттілігі туындаған кезде, компаньон немесе оқырмандар арасынан іскерлік ынтымақтастық үшін демеушілер табу қажет болған жағдайларда жүгінеді, радио және тележарнама қызметтерін пайдалануға қаржылық мүмкіндіктер жоқ не орынды деп санамайды. Осылайша, әлемнің барлық елдерінде (тіпті теледидар жарнамасы саласында жетекші орындағы АҚШ-та да) туристік бизнес қызметтерінің жарнамасы көбіне газеттерде және журналдарда орналастырылады. Оларда (негізінде қымбат журналдарда) тұтынушылардың аз топтарына есептелген жарнама орналастырылады (мысалы, қымбат элиталық автомобиль маркаларының жарнамасы).

Баспасөз үлкен аумақтар мен оқитын халықтың үлкен массасын, сондай-ақ өте кішкентай тар шеңберлі мамандықтарды немесе саны ондаған адам болатын саяси партияларды қамтитын халықаралық, ұлтаралық, өңірлік және жергілікті сипаттағы мерзімдік газет және журнал басылымдардың жиынтығы. Осы басылымдардың мерзімділігі жарыққа күнделікті шығудан жылына бір ретке дейін құбылып тұрады. Жарнамалық іс-шаралардың санына баспасөздегі жарнаманы қоса отырып, адамдардың көбі жарнамаға шүбәмен қарайды, бірақ барлық жарнамаға емес. Адамдардың жарнама жарияланатын басылымдарға деген қарым-қатынасы осы жарнамаға да өтеді. Егер баспасөз басылымы құрмет пен сенімге ие болса, онда сол жерде жарияланатын жарнама да үлкен назарға және сенімге ие болады, осылайша барынша тиімді болады.

Газет және журнал жарнамасының белгілі бір ерекшеліктері бар. Газеттердің тираждары көп және бағасы арзан, халықтың кең топтарына барынша қол жетімді. Газеттердің құндылығына онда жергілікті бөлшек қызметтерді қоса алғанда, әртүрлі жарнамалардың орын алатындығында. Жарнамалық хабарламалар жеткілікті жеделдікпен орналастырылуы мүмкін, бұл жерде купондарды орналастыру кеңінен қолданылады, жарнаманың кейбір заттарын айқын суреттеуге болады, оларға радио мен теледидар жарнамасында мүлдем уақыт жетпейді. Газет жарнамасында фирманы қалай табу керектігін көрсететін картаны немесе жоспарды орналастыруға болады. Газетте хабарландыру орналастыру басқа БАҚ-қа қарағанда оңай және арзан. Сонымен қатар, түпнұсқа-макетті жасай отырып, оны көп рет пайдалануға болады.

Газет жарнамасының кемшіліктері арасында қысқа өмірлік циклды (шамамен 24 сағат) және ақпаратты беру сапасының жеткілікті жақсы еместігін, қара-ақ бейнелеудің басым болуын айта кетуге болады. Газет қағазының сапасы газеттерде иллюстрациялардың фотосуреттерден жақсы шығатындығына себепші болады, бұл жарнамалық жарияланымдардың мазмұны мен сапасында көрінеді. Газет жарнамасы көбіне басқа фирмалардың бұқаралық хабарландыруларымен көрші тұрады, бұл оны қабылдауға кедергі келтіреді. Қазіргі заманғы оқырман газет оқуға аз уақыт бөледі, көбіне оны жай көзбен шолып өтеді.

Журналдық жарнама – табыс, демографиялық өлшемдер, әлеуметтік-білім беру және кәсіби мәртебе, тұтынушылар қызығушылығы т.б. белгілердің үлкен жиынтығы бойынша едәуір сегментацияға ие. Журналдық мерзімді баспасөз топта-

стыруында тұтынушылық, іскерлік, (сауда, өндірістік, кәсіптік), фермерлік, сондай-ақ әйелдер мен балаларға, оқу орындарына арналған *журналдар*. Журналдарда түстердің мол гаммасы пайдаланылып, мамандандырылған аудиторияларға арналған жоғары полиграфиялық орындаудағы жарнамалар орналастыруға болады, еске сала кететіні ол мамандандырудың деңгейі өсе түсуде. Журналдық мерзімдік баспасөздің басты кемшілігі, ол икемділігінің шектеулілігі, құнының жоғарылығы мен таратылуындағы белгілі қиыншылықтар. Перспективалары виртуалдық журналдық басылымдарды дамытумен байланысты.

Баспасөзде жарнамалық хабарды дайындау кезеңдері былай бөлінеді:

Жарнамалық хабардың формасы мен түрін таңдау.

Нақты баспасөздік БАҚ-ты таңдау.

Жарнамалық хабардың көлемін, форматын, мөлшерін, және т.с.

Бәсекелестердің жарнамалық хабарламаларының мәтіндері мен макеттерін талдау.

Жарнамалық хабарламаның мәтіні мен макетін құру.

Таңдалған БАҚ-на мәтін мен макетті тапсыру.

Жарнамалық хабарламаның макетін баспасөзде құрастыру күрделі шығармашылық үдеріс. Макет ол – жарнаманың барлық элементтерінің: атауы, слагоны, мәтіні, суреттемелер, логотипі, коды, рамкалары, купондарының орналасуы анық қадағаланып отырылуы тиіс схематикалық сурет. Макет тәртіпсіздікті ретке келтіреді, және архитектуралық жобамен салыстырғанда болашақ шығармашылық жарнамалық туындының негізі болып табылады. Бұл көзбен көруге болатын, неғұрлым жақсы нәтиже алу үшін оны бірнеше рет қайта қарауға және редакциялауға болатын тұжырымдама. Макеттің ең көп тараған стилі – ол жарнама көлемінің 60-70%-ын алатын басымырақ суреттеме, оның астында атауы мен мәтіндік блок орналасады. Логотип немесе кода үндеудің астында жайласады.

Басымырақ суреттеменің неғұрлым ұсақ суреттер тобымен қиюласқан нұсқасы болуы мүмкін. Негізгі назарды көркем безендіруден гөрі шрифтке көбірек бөлетін макеттер сирек кездеседі.

Макетті әзірлеу шимай эскиздерден - макеттің идеяларын алдын ала суреттеулерден басталады. Шимай эскиздерден толық емес макетке ауысады – макет нақты ауқымында болады, онда суреттемелер мен ерекшеліктін шрифт беріледі, ал мәтіннің нобайы беріледі. Толық макет жарнаманың соңғы нұсқасы сияқты көрінеді, және, соңында, түпнұсқа-макет (разметка) – ол ақырғы монтаж,

онда баспа формаларын дайындау үшін фотаға түсірілген әр элемент дәл өз орнында тұрады. Көбіне бұл рәсімдер компьютердің көмегімен монитордың экранында жасалады және принтерден басып шығарылады.

Баспасөзде әсерлі жарнамалық мәлімдеме жасаудың маңызды қағидасы оны безендіру элементтерінің құрылымына міндетті түрде оқырманның назарын аударатын және қызығушылығын тудыратын, жарнама пәнінің пайдасына асатын орынды негізделген, оның пайдалылығы немесе таңдаулылығына сендіретін аргументтер, сатып алуға психологиялық бейімділігін тудыратын және сол арқылы оқырманды сатып алушыға айналдыратын дәлелдемелерді қосу болып табылады. Оқырмандардың назарын аударуға көбіне суреттердің, фотографиялардың алуан түрлерін, түрлі-түсті иллюстрацияларды пайдалану, сондай-ақ төменде көрсетілген жаппай коммуникацияның элементтерін пайдалану ықпал етеді:

Қарқындылық – ірі, көрнекті тақырыптамаларды ерекшелеп көрсетуге негізделген жариялым параметрі және психологиялық тәсіл. Оқырман әдетте мәтінді қабылдауды тақырыптамадан бастайды және ірі тақырыптама көзге тез түседі.

Бірегейлік – жариялымның немесе оның мәтінінің элементтерінің сол іспеттестерден бейнелілік, көркемдік формасының өзгешелік принципі. Бірегейліктің маңызды қырлары – біртұмалық және жаңалығы. Олар мысалы инверстік пішіндегі аударылған мәтін орналастыру арқылы іске асырылуы мүмкін және т.б. Бірегейлік элементінің жарнамалық мәлімдеменің мазмұнына қарағанда формасына қатынасы көп. Оны іске асыру көбіне таңғаларлық, ерекше, қиял-ғажайып немесе арбайтын «суреттер» (ұшатын пілдер, иттер сияқты) іріктеуге негізделген.

Динамика – керемет ракурс, «көмескілік» элементтеріне ие, қозғалыс елесін беретін алуан түрлі «құбылмалы» суреттер. Инфузория-туфелькадан бастап әр бір тірі организм алуан-түрлі орын ауыстырулар мен қозғалыстарға қатты сезімтал келеді. Мұндай реакция адамға да тән. Сондықтан шаштары желге таралған әйел образдары, шампан шашырандылары, жүгіріп бара жатқан спортшы, жүріп келе жатқан автокөлік (осыдан барып әр фотоәуесқойға түсінікті – суреттің «көмескілігі- смазанность») оның назарын көп аударады.

Қайталаушылық-берілген мерзімділікпен (қарапайым қайталаушылық) бір түрдегі жарнамалық мәлімдемелерді немесе бөлшектері бойынша әр түрлі, бірақ фирмалық константтары бойынша бірдей мәлімдемелерді «сериял» сияқты (күрделі

кайталаушылық) бірнеше рет орналастыру жолымен жарнамалық әсерін күшейту.

Қарама-қарсылық - назарды фирманың немесе оның өнімінің жеке «Меніне», оның ерекшелігіне, яғни қарама-қарсылығына аудару. «Қарама-қарсы» жарнамада, әдетте эксклюзивті (бірегей) коммерциялық ұсыныс болады, ол «Тек бізде ғана...», «Тек біз...» т.с.с. идеяларды іске асырады. Қарама-қарсылықтың бірегейлікке қарағанда жарнамалық мәлімдеменің безендірілуіне емес мазмұнына көбірек қатысты болады. Бірақ кейде қарама-қарсылық сәйкес «көркем» иллюстрациялармен «қуатталуы» мүмкін (мысалы, ақ халат киген қара нәсіл әйелдің суреті т.с.), бірақ ол ең бастысы емес.

Дұрыс таңдалған түстік гамма «жарнамалық суретті» безендіруде өте маңызды. Қандай-да бір түстерді пайдаланудың түрлі медициналық, физиологиялық және эмоционалдық аспектілері, сондай-ақ мәдени-ұлттық ерекшеліктері бар. Кейде оқырмандардың назарын аудару үшін жарнамада былайша айтқанда түстік дақты – белгілі формадағы, өзіндік визуалды «еліктіргіш» ролін атқаратын біртекті боялған дақты орналастыру әдісі пайдаланылады. Газеттің немесе журнал бетінің үстіңгі жағында, белдіктің барлық еніне орналастырылатын - газеттегі хабарландыру, былайша айтқанда «жарнамалық таспа» жақсы әсер беруі мүмкін. Кейбір жағдайларда газеттің немесе журналдың редакциялық материалдарымен қоршалған былайша айтқанда жарнамалық мәлімдеме «аралын» орналастыру жақсы нәтиже береді. Оқырманның назары аударылғаннан кейін, оның қызығушылығын сақтап қалуға қол жеткізу керек. Жарнамалық мәлімдеме үшін баспасөзде әсерлі жарнамалық мәтін дайындау мәселесі өте маңызды. Мәтіннің мазмұны оқырмандарды қызықтыруы керек. Ол үшін «көзге түсетін», қызықты тақырыптама болуы керек, анық тұжырымдалған «естен тандырардай» коммерциялық аргументтер тізбесі, қандай-да бір тауардың қандай-да бір өмір стиліне үйлесімділігін көрсетуі тиіс.

Мәтінде жақсы-көңіл күйді, жанға жайлы естеліктерді білдіруге болады, әрекеттегі тұлға ретінде тауарды бейнелейтін қандай да бір символикалық, немесе белгілі персонажды енгізуге болады. Мәтінде фирманың кәсіби тәжірибесі мен коммерциялық табыстары, жарнамалатын бұйымның пайдалылығы мен жоғары сапасы туралы ақпарат беруге болады.

Баспасөзде жарнаманың қабылдану әсерлілігіне жарнаманың газет немесе журналдың сыртында орналасу орны ықпал етеді. Кәсіпқой жарнамашылар сол жақ жоғарыдан оң жақ төменге

өтетін оқырман көзқарасының траекториясын - былайша айтқанда «Гутенберг диагоналін» ескеруі тиіс. Жарнамалық ақпараттың сыртына оң жағына - 50% орналастырған тиімді (сол жағына -30%). Бұл пікірлердің барлығы мүмкін, ескеруге болады, әрине егер жарнама берушінің материалдық мүмкіндіктері, газеттің қандай-да бір жеріндегі бір модульдің құны туралы мәселелер анықталса т.б.

ӘОЖ 882.151.212.2

АЛФАШҚЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ

С.Е. ТАПАНОВА

**ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.**

Жеке адамның бас бостандығы үшін күрес идеясының ғасыр басындағы әдебиеттің негізгі лейтмотивіне айналуы заңды процесс болатын. Бүкіл қоғамның тең жартысынан астамы әділетсіздік, теңсіздік аталуының бар ауырытпалығын тартып отырғанда қандай да бір болмасын басқа бір бостандық туралы әңгіме өрбіту мүмкін емес еді. Өмір тауқыметі шеккізген осы шындықты әдебиет өзіне өнеге етіп алды да, тиісті қорытынды шығарды. Соның нәтижесінде қазақ әйелі ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің, оның ішінде жаңа жанр – қазақ романының басты кейіпкері болды. Соған орай бостандық идеясын ту етіп көтерген әдебиетке тән еркіндік, азаттық, адамгершілік идеялары әйел образының тағдыры мен арман-мұны арқылы өрбітілді.

ХХ ғасырдың бас кезі қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі өзгеріс, тың жаңалықтарға толы болды. Ұлттың зиялы қауымының үлкен бір шоғыры қалыптасып, қазақтың жазба әдебиеті өркендеді.

Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі барлық қаламгерді тебірентті де А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын жан-жақты жасаумен қатар білімге, өнерге үндеу идеясын жүзеге асырды. Олар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырды.

Әйел теңдігі мәселесі мен қазақ қызының азат етілуі туралы проблема қазақ әдебиетінде қоғамдық өмір әділетсіздігі мен теңсіздігін

ашудың көркем құралы қызметін атқарды. Осы іздену жолында ірі туындылар пайда бола бастады. М. Сералиннің «Гүлкәшима» поэмасы әйел теңсіздігіне арналған алғашқы поэма болды да, бұл шығармада ақын сүйген қызына қосыла алмай арманда кеткен жігіт өлімі арқылы махаббат, әйел теңдігі мәселесін шешуді күн тәртібіндегі бірінші мәселе етіп қояды.

Қазақ әйелінің бейнесі шығармадағы басты кейіпкерге айналып, әйел теңдігі тақырыбының әдебиетте негізгі идея болғаны соншалық, дәуір шындығын терең де жан-жақты суреттеген реалистік туындылар – М. Дулатов қаламынан шыққан «Бақытсыз Жамал» атты тұңғыш қазақ романы, оған іле-шала туған С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдары осы мәселеге байланысты жазылды. Сайып келгенде, бұл романдарда сол кездегі шындық тұрғысынан қазақ әйелінің біртұтас бейнесі жасалып, әлеуметтік теңсіздік мәселесі айқын көрсетілді.

Ғасыр бойындағы әдебиет хронологиялық жағынан тым шектеулі болғанымен осы жиырма жылдағы әдеби дамудың толқынды күші бірнеше ғасырлар пешенесіне лайық десек қателеспейміз. Бұрын қазақ әдебиеті тек өлең-жыр болып келетін поэзиялық әдебиет болса, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туып, біршама прозалық шығармалар, алғашқы романдар мен повестер жазылды, ақын, жазушылар саны күрт көбейіп, қазақтың жаңа құрыла бастаған алдыңғы қатарлы қауымы – жас зиялы қауымының қалыптасуына жол салды. Мұның өзі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің кәсіптік жағынан да, сан, сапа жағынан да едәуір өсіп, кәсіби әдебиетке айнала бастағандығын байқатты.

Роман – өмір көрінісін, өмірде болып жатқан оқиғаларды бейнелейтін, оны адам тағдырымен байланыстыра суреттейтін үлкен жанр. Оны дәуір туғызды. Романның тууына сол қоғамдағы әр қилы өзгерістер себеп болды. Сондықтан қаламгердің де көңілін аударған уақиға, объект оған әсер етіп, шығармашылық қызметке түрткі болған фактор – аянышты, қайғылы хал.

Романдарда жастардың тағдыры, олардың адамдық өмір жолындағы күресі махаббат хикаясы арқылы баяндалады. Екі жастың тағдырын трагедияға душар қылған әлеуметтік топтар мен түрлі күштердің мақсат-мүддесі көрінеді. Сондықтан роман кезінде қазақ қоғамы арасында жақсы қабылданып, қоғамдық санаға қозғау салды.

Әйел теңдігі мәселесі осы аталған тұңғыш қазақ романдарының ең басты тақырыбы болып, бұл мәселе жалпы әлеуметтік теңсіздіктің бірі ретінде айшықталды. Әйелдер бас бостандығы мәселесі – сол

кездегі бұқаралық халықтық қозғалыстың саласына айналған осы романдардың тек қана әйел тақырыбын басты объект, басты кейіпкер, басты идея етіп алуы толық айқындайды.

Бір ғана қаламгердің емес, тұтас бір дәуір әдебиетінің алтын арқауына айналған тақырыптың алғашқы қазақ романдарында негізгі тақырыпқа айналуының өзіндік себептері бар. Себебі әйел тағдыры, әйел теңдігі мәселесі қазақ ақын-жазушыларын қатты толғандырды. Ғасыр басындағы үлкен әлеуметтік өзгерістерді әдебиет тілімен әрлі де нәрлі сөйлетіп, халық санасына терең ұялату үшін жаңа түрлік және жанрлық ізденістердің қажеттігі туды да, қазақ зиялы қауымының осы тұстағы алдыңғы қатарлы, озық ойлы өкілдері болып танылған көрнекті ақын-жазушылары өздері өмір сүріп, бастан кешкен кезең келбетін жинақтап, ондағы әлеуметтік қайшылықтар мен күрделі оқиғаларды, адамның ішкі жан-тебіренісінде болып жатқан түрлі өзгерістерді суреттеуде кең құлашты эпикалық жанр-романға жүгінеді.

Қазақ әйелінің тағдыры мен ауыр халі туралы жазылған «Бақытсыз Жамал» романынан кейін С. Көбеевтің «Қалың малы», С. Торайғыровтың «Қамар сұлуы», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелігі», Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі» т.б. ұлттық әдебиетіміздің ХХ ғасыр басындағы алғашқы романдар легін жалғастырып, жанр жүгін өз әлінше көтере білген шығармалар болып тарих сахнасына енді.

Тақырып тұрғысынан идеясы, мақсаттары бір болса да, әр жазушының көтерген проблемасы әр басқа болады. Әр жазушының өзіне тән стилі, жазу машығы әр тұрғыда болады.

Замана жаңалықтары жастар мақсаты мен салт-сана, әдет-ғұрып арасындағы қақтығыс ХХ ғасыр басында көп көтерілген мәселе болды. «Бақытсыз Жамал» романында да осы мәселе басты тақырып болып көтерілді. Романда жастардың тағдыры, олардың адамдық өмір жолындағы күресі махаббат хикаясы арқылы баяндалады. Екі жастың сол тағдырын трагедияға душар қылған әлеуметтік топтар мен түрлі күштердің мақсат-мүддесі көрінеді. Сондықтан роман кезінде қазақ қоғамы арасында жақсы қабылданып, қоғамдық санаға қозғау салады.

Негізгі идеясы – әйел тағдыры. Қазақ болмысындағы қалың мал, әменгерлік сияқты қырсықты кеселдерге үзілді-кесілді қарсы бағытталады. Онда малға сатылып зорлықпен некеге көндірілген Жамал атты қыздың сүйген жігітіне қосыла алмай зар шегіп, көп азап көріп, ақырында қаскөйлер зауалынан қайғылы қазаға ұшырау тарихы баяндалады. Өз тағдыры үшін белшешіп күресуге дайын, білімді

де сауатты қыздың өмір, заман туралы ойлары үздіксіз өсу үстінде көрсетіледі. Романда жалпы қазақ әйелдерінің басынан өткізіп жатқан қиын жағдайларды Жамал бейнесі арқылы бергендіктен, Жамал – романның бас геройы, әрі типтік бейне.

1910 жылы жазылған «Бақытсыз Жамал» романынан кейін, С. Көбеевтің «Қалың мал» романы жазылды. Романда тек қалың мал туралы сөз болмайды. Романды жазуға тағы бір ең басты себеп болған нәрсе – қазақ әйелінің қас жауы оларды малға тенеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Ал, 1912 жылы жазылған Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» романында қазақ жастарының түгелдей оқуға, білімге ұмтылуын байқатады. Романның басқа романдардан жаңашылдығы Ғайникамал сыртқы сұлулығымен ғана емес, ішкі, ақыл-ой, адамгершілік парасатымен сұлу. Ол өзінің қара басының қамын ойлаудан аулақ:

Алданып ойынменен қалсақ надан,

Өткен соң бармақ тістеп өкінерсіз [1,98-б.], – деп өз құрбыларын ілгері ұмтылуға білім іздеуге үндейді. Демек, «Қыз көрелік» ағартушылық реализмнің прозамыздағы алғашқы көрінісі. Өз жаңашылдығы, өз ерекшелігі де міне осында. Ал, С.Көбеевтің «Қалың мал» мен С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарында көтерген тақырыптары бір болғанмен, С. Көбеевтің романына қарағанда С. Торайғыровта реалистік әдіс, шынайы демократиялық оймен қоса өрбілген. Қазақ әйелінің аянышты ауыр жағдайы, ескі әдет-ғұрып салдарынан шеккен азапты халі шынайы суреттелген С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін жасаудағы алғашқы жемісті тәжірибенің бірі болып табылады. Роман өлең мен қара сөзі аралас, өлеңі терең мәнді де көркем тілмен жазылған. Сондай-ақ романда эпистолярлық роман мен драмалық поэманың да көптеген белгілері бар. Озбыр да надан күш қаншама үстем болғанымен, Қамардың адамдық пен махаббатты мадақтап, әділетсіздікті жеріне жеткізе әшкерелеген тіліне кесе-көлденең бола алмайды. Осы тақырыптың жалғасы іспетті Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында қазақ қызының әлділердің ойыншығына, ермегіне айналған трагедиясын ашып көрсетеді. Бұл бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Өз жаңашылдығы, басқа шығармалардан ерекшелігі, ескі салт-санадан құтыла алмай, қазаға душар болған Бейімбеттің Шұғасы сияқты емес, бұл өз бақыты үшін өзі күрескен тың бейне. Ол Сәкеннің Айшасына да ұқсамайды. Айша Ақбілек сияқты оқу, іздену жолына түсе алған жоқ.

Ғасыр басында, жалпы алғанда, тек қазақ халқында емес, бүкіл Азия құрлығында әйел халі аянышты да ауыр болатын. Бұл ретте әйел ескіден қалған қоғамдық сананың адам төзгісіз қатал салт-дәстүрінің ойыншығына айналып мал есебінде саналды да, оның орны үнемі төменгі деңгейде сипатталды. Әйел қауымы өз еркімен сүйген адамына қосыла алмай, құлқыны үшін малға сатылып, өке еркімен өзі ұнатпаған адамға, оның өзінде ең сорақысы – жасы бірнеше мүшел үлкен адамға немесе екі-үш әйелі бар байларға тоқал, күң есебінде ұзатылды. Сол себепті де бірнеше әйелі бар немесе әйелі өлген, не болмаса әйелі бала көтермеген шалдар қазақ қызының соры болып, жау бейнесінде елестеді. Онымен қоймай, тағы да ескілік сана болмысы қылаң беріп, әмеңгерлік салт бойынша сүйіп қосылған күйеуі өлсе, оның інісі жеңгесін әйелі үстіне алу шарт болды

Мұндай қатыгездік, өксікпен өтетін қыз тағдыры әйел теңдігі мәселесіне тіреліп, әдебиеттегі әйел бейнесінің көкейкесті проблемаға ұласуына өкеп соқты, бұл тақырып осылай тұңғыш қазақ романдарының басты объектісіне, басты бейнесіне айналды. Әйел теңдігі мәселесінің «Бақытсыз Жамалда», «Қалың малда», «Қыз көрелікте», «Қамар сұлуда» болсын, көбірек көтерілу себебінің түп-төркіні осында.

Абайдың реалистік дәстүрі негізінде дамыған ХХ ғасырдың бас кезіндегі бұл бұқарашыл әдебиет өзінің жанрлық, тақырыптық жағынан жаңа сатыға көтерілген әдебиет болды. Туған әдебиетіміздің құнарлы да жемісті бір кезеңі болған осы дәуір басындағы әдебиетте жаңа бетбұрыс, соны бағыт-бағдар байқалды. Осы уақытта өмір сүрген ақын-жазушылардың барлығы дерлік заман шындығын, халықтың ауыр тұрмысын сөз етті, қазақ халқының алдыңғы қатарлы халықтардан көш қалып, шырт ұйқыда жатқанын, шаруашылықты дамытып, мәдениетті ілгерілетуде де мешеу болғандығын тілге тиек етті, бұқара халықтың, қазақ әйелдерінің аянышты халін суреттеді. Сонымен бірге олар қоғамның, ұлттың озық ойлы өкілдері ретінде өз шығармаларында қазақ халқын оятып, алға дамыту мен әлеуметтік-экономикалық жағынан ілгері бастыру жолдарын қарастырып, ұлт-азатық идеясы мен адамгершілік мәселелерін батыл көтерді, халықты оқу-білімге, мәдениетке, ынтымақ-бірлікке шақырды, ерікті, бақытты тұрмысты аңсап, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман орнауын армандады.

ХХ ғасырдың басы - бүкіл әйел тағдыры, әйел тұлғасы рухани теңдік алудың басты бір саласы ретінде күн тәртібіне қойылды, балиғатты жасқа толып, болашақтағы жеке тағдыры беймәлім,

күңгірт, қыл үстінде тұрған қыз баланың ескі рулық салт-сананың шырмауынан шығып, өзі қалаған адамына қосылуы демократтық және ағартушылық бағыттағы қазақ әдебиетінің басты ұраны болды. Сол себепті де жаңа ғасыр көгіндегі демократ, ағартушы ақын-жазушылар әйелге бостандық әперіп, тең құқық беруді өздерінің шығармашылық мұраттарының басты бағдары болған азаттық идеясы қатарында қойып, өз туындыларында бұл мәселені батыл айтты, романдары мен повестерінің, әңгімелерінің басты кейіпкері етіп әйел бейнесін алды, баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында да әйел бейнесіне жете көңіл бөлді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбының кеңінен қамтылып, әйел бейнесінің жеке шығармаларда, әсіресе басты кейіпкер ретінде сомдалғаны соншалық, осы кезең әдебиетін жан-жақты зерттеген ғалым Ә.Дербісалин дәп атап көрсеткендей бұл мәселе «өзін айқын демократияшыл тенденциясы мен реалистік сипаты жағынан барынша өсіп, әдебиеттің бұрыннан келе жатқан жанрлық формасына сыймай, жаңа әдеби формалар іздеген ірі проблемалық тақырыптардың қатарына көтерілді»[2,175-б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғали Р. Қазақ романының алтын ғасыры. – А., 2002. – 528 б.
- 2 Дербісалин Ә. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – А. 1986. – 312 б.
- 3 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – А., 1996. – 336 б.
- 4 Бисенғалиев З. Қазақ прозасы және «Бақытсыз Жамал» романы. – А., 1993. – 55 б.
- 5 Тапанова С. Алғашқы қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесін жасау эволюциясы. – А., 2012. – 264 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІНІҢ ЖАСАЛУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

С.Е. ТАПАНОВА
ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Дүниедегі барша іс-қимылдар ең алдымен Аналардың ақ адал пейілінен, өз-махаббатынан бастау алады. Ана қуанышы, әйел бақыты – үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Қазақ әйелі - әуелі от анасы: шаңырақтың иесін, ошақтың киесін қашырмай ұстап отыратын құт дарытушы: сосын ұрпағын ұлы іске баулитын ұстаздық тағылымы бар жан – бесік жырымен емізіп, ертегісімен еліктірген, аңызмен уыздандырған, батырлар жырымен ерлік рухын ұрпағының бойына сіңірген: одан кейін ері жоқта елін қорғайтын батыл да жүректі, жауға намысын тапталпаған, ошағының отын өшірмеу үшін күрескендер.

Қазақ жұртында әйел затын ерекше ардақ тұтатын салт-дәстүр бар. Қыз баланы аз күндік қонақ ретінде сыйлап, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп тақиясына үкі қадап, үлгілетіп өсірген. Нәзіктік пен сұлулықтың бастауы болған әйел затына ерекше құрметпен қараған қазақ халқының өткендегі тарихына үңілсек, ел аузында аңыз боп тараған қажыр-жігері арқылы ел билеп, топқа түсіп, сөз сөйлеген әйелдері де аз емес. Қызай, Қарашаш, Мұрын, Бәтей, Ұлдай, Енең т.б. әйел атымен аталатын ру аттары күні бүгінге дейін мәлім.

Қазақ әдебиетіндегі тапқыр, ақылымен ханды да жеңген қарапайым әйел Қарашаш, адал махаббатын ардақтаған, елін қорғаушы батырға серік болған Ақжүніс, Назым, Құртқа, Гүлбаршын, бас бостандығына, теңдікке талпынған Баян, Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Мамыр мен Еңлік, Ғайша мен Шұғалардың бейнесі әділетсіз қоғамның құрбандығы болғанмен халық ойын, арманын баршаға аян еткен жарқын бейнелер еді.

Қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырлардың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогрессивті, жаңа тілмен айтсақ, демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі. Алайда, тарихтың желі теріс соғып, қазақ елі отарлық қамытына тап болған кезеңдерде қалың жұрттың, әсіресе,

әйелдің тауқыметі көбейе түсті. Әйел теңсіздігіне қарсы күрес ұлт зиялыларының ұлы мақсаттарының бірі болатын.

Әйел тақырыбы, әйел бейнесі XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетте орын алғанмен үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады да, ақын-жазушылар әйел бейнесін жырларына қосқанда «жақсы қатын», «жаман қатын» сияқты дидактикалық сипаттағы сарындардан әрі асқан жоқ. XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының туындылары әйел мәселесін жеке тақырып етіп қозғамаса да, жаңа мазмұндағы әйелге сипат беру, жақсы, жаман әйелді салыстырып тәрбиелік мәнге назар аудару жағынан ауыз әдебиетімен және осыған дейін XV-XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен Асанқайғы, Шалкиіз сияқты жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет түріндегі дидактикалық жырлар. Бұл ретте ауыз әдебиеті үлгісін ұстаған суырып салма ақын Шал Құлекеулы өз өлеңдерінде ел өмірін, халық тұрмысын қамтумен бірге әділетсіздік, жүгенсіздік, парақорлық атаулыны сынап келіп, әйел бейнесіне де біршама назар аударған.

От басының берекелі болуын арман еткен Шал ақын адал достық пен кіршіксіз махаббатқа негізделген тату-тәтті үй-іші тұрмысын, бақытты тіршілігін аңсай келіп, адамның бар жақсылығы негізінен алғанда, оның ақылы мен көріп білген тәлім-тәрбиесінде болатындығын айтады да, бұл мәселеде үй-ішінің ажары да, сөні де, мәні де – дұрыс жар, яғни әйел таңдауға үлкен назар аудару қажеттігін баса айтады:

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,

Сол болар басқалардан жақын кісін.

Ағайынға, туысқа қайырылса,

Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің [1, 120 б.]

– деп, жар таңдау мәселесіне осылай ақыл-кеңес береді де, жақсы, жаман әйел арасын ашып, ұнамды, ұнамсыз әйелдердің бейнесін елестетеді:

Алғаның жақсы болса қара жердей,

...Алғаның жақсы болса қорғандай-ды,

Жаман болса қайтесің сормаңдайды

Атың жүйрік, алғаның жақсы болса

Астында жылжып жүрген жорғандай-ды,

– деп жыраулық стильмен бір толғап кеп, келесі бір жыр шумағында:

Жақсы әйел дәулетіне жөн келтірер,

Әйелің долы болса күнде өлтірер [1, 120 б.],

– деп екі түрлі әйел бейнесіне сипаттама жасап, өзіндік қорытынды жасайды. Жақсы, инабатты, адамгершілігі жоғары әйел бейнесі мен, ер жігіттің түбіне жетпей қоймайтын ұрысқақ, салақ, өсекші әйел, яғни «жаман әйел» бейнесі ақынның басқа өлеңдері мен толғауларында жиі кездеседі.

Жақсы және жаман әйел бейнесін көбірек жырланған Шал ақын шығармашылығы өзіне дейінгі және өзінен кейінгі ақындар туындыларымен тұтаса жалғасып жатыр. Екі түрлі кереғар мінезді әйелдер бейнесін жырлау қазақ поэзиясының желілі бір сарынын танытса керек.

XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы осылайша ауыз әдебиеті дейгейінен сәл биікке көтеріліп, бірте-бірте реалистік сипаттарға ие болды да, солардың арасында оқыған ақындар пайда болды, әйелдер бейнесін жырлау ұлттық жазба әдебиет дәрежесіне жетпегенімен бұл ретте біршама ілгерілеушілік байқалды. Алайда әйелдер бейнесін бейнелеу жағынан алғанда ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік нақышы, бейнелілігі әлі бір қалыпты емес, жадағай болатын да, олар әйел бейнесін жырлауда үгіт, насихат, өсиет түріндегі дидактикалық сарынды баяндаулардан суреттеу дәрежесіне, жеке толыққанды образ жасау деңгейіне көтеріле алмады. Бұл ерекшелік ақын-жыраулар дәстүрін мұра қылып алған XIX ғасыр әдебиетіне тән болғанмен, әйел бейнесін жеке шығарма кейіпкері ретінде сомдамаса да, біршама ілгерілеушілік болды деп айтуға болады.

Бұл кезең әдебиетінде қарапайым бұқара халық көңіліндегі мұң мен зар, ыза мен кек, арман мен тілек бірнеше әлеуметтік тақырыпты қозғай алған көркем сөз арқылы кең өріс тапты да, XIX ғасырда өмір сүрген көрнекті ақындардың түгелі дерлік ел тілегінің жоқшысы, күрделі, қайшылықты кезең жыршысы болды, өз шығармаларында заманның шынайы келбетін, қайшылықты да көлеңкелі жақтарын таныта білді де, әйел мәселесіне, әйел бейнесіне де біршама зер салып, бұрынғы ақын-жыраулардай емес, тереңірек мән бере бастады.

Шығыс әдебиетінің білгірі, осы әдебиеттен көп үлгі-өнеге алған ескіше сауатты ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы өзінің мысал үлгісінде шығарған «Тотынама» толғауында әйел бейнесіне жете мән беріп, ақылды әйелдің ер жігітке ырыс болатындығы туралы дидактикалық-сарынды келтіреді де, еркекпін деп өркөкіректікке ұрынған, дандайсыған ақымақтық қылықтарды сынап, әйелді сыйлай білуді уағыздайды. Адамның бір-бірінен артықшылығы жынысында емес, әйелдің еркекке бергісіз данасы да болатындығы

туралы ой қозғап, әйел атаулымен санасу керектігі жөнінде қазақ әдебиетінде алғаш рет өз үнін білдіреді.

Майлықожа басқа өлеңдерінде де әйел теңдігі мен қалың малға қызды беру салтына өз наразылығын білдіріп, «Алдаберген байға» деген арнау өлеңінде жасы жетпістен асқан шалдың жеке басының мүддесі үшін жас тоқал алып, әйелдерді қорлаған қылықтарын мазақ қылады.

Ақынның әйел туралы ойлары жалпы адамгершілік ниеттен туған. Соған қарамастан ақын әйел теңдігін жалпылама айтады да, әйелдің қоғамдық-әлеуметтік құқықтары туралы пікірін білдірмейді, әйелді отбасы, ошақ қасының берекесі, сүйген жар, жақсы әйел бейнесінде ғана түсіндіреді.

Ақындық өнерін қалың бұқара қамы үшін жұмсаған өткір тілді ақын Құлан Алдабергенұлы да өз шығармаларында әлеуметтік теңсіздіктерді әшкерелеп, қазақ ішіндегі әйелді қалың малға сату сияқты жағымсыз қылықты айыптайды, осы арқылы жеке әйел образын жасамаса да, әйел бейнесіне деген құштарлығын, махаббат сезімдерін білдіреді. «Әйелдер бар әртүрлі» – деп басталатын толғауында Құлан ақын жақсы әйелдің бейнесін жасайды: әйелдің үй-ішіндегі алар орнына жеке мән беріліп, адал жар, абзал ана болуымен қатар ер жігіттің ырысы ретінде мадақталады. Керісінше, осыған қарағанда «жаман әйел» бейнесін де даралап сомдайды. «Жаман әйел - шайпау сөз, қазық аяқ» – деп қорытынды жасай келе жастарды осындай тәрбиесіз қыздардан сақтандырады, өз теңін табуды насихаттайды.

Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдың үшінші ширегіне дейінгі рухани өмірді жырлаудағы өзіндік бір ерекшелігі – оқшаулық, тұйықтық болса, мұның салқыны әйел бейнесін сомдау талпыныстарына да тиіп, әйел теңдігі мәселесі үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады. Осы ғасырдың екінші жартысында қазақтың ескі өміріндегі жағымсыз әдеттердің құрбаны болған әйелдердің аянышты тағдырына жоқшы болып, кесапаттың тамырына балта шабар кездің таяу қалғанын халқымыздың сол кездегі ірі ақыны Біржан сал Қожағұлұлы батыл жырлап, махаббат еркіндігін, әйел теңдігін тілге тиек етті, өзі өлең сайысына түскен Сарамен айтысында осындай асыл жанның бас азаттығын аңсап, оны Жиенкүл сияқты кемтарға қор қылмай, теңіне қосып күндіктен құтқаруды талап етті. Біржан сал осы атақты айтысында Сараны орынсыз даттап жеңуді мақсат етпей, өзінің азаттық идеясын, әйел теңдігі мәселесін батыл көтергенде, бұл ойларын қыздарға арнаған басқа өлеңдерінде де өрбіткен.

Қазақ ән өнері мен поэзиясында ерекше орны бар дарын иесі Ақан сері Қорамсаұлы да кіршіксіз махаббатты, әйел бейнесін жырлап, өзі сүйген, ұнатқан, қыздарға ғана емес, жалпы қазақ сұлуларына, қыз-келіншектеріне қырық шақты өлең арнаған. «Ақмарал», «Ашық жарға», «Сүйген қалқа», «Айжан қыз», «Базар қызға», «Қажы қызға» [2] және басқа өлеңдері сұлулықтың ұранындай естіліп, тамаша әйелдер бейнесін мүсіндеген махаббат лирикасының тамаша үлгілері болғанымен әйел бейнесі әсемдік символы, сұлулық белгісі ретінде әдемілік пен махаббаттың адал өрнектері сипатында ерекшеленеді. Ақан сері басқа шығармаларында әділетсіздік атаулыға қарсы шығып, үн көтергенімен, әйел бейнесін әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны ретінде сомдай алған жоқ.

Қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушысы Шоқан Уәлиханов қазақ қыздарының теңсіздігін үлкен әлеуметтік мәселе деп танып, ол туралы батыл түрде өзінің пікірін білдірді. «Қазақта қыздарын тым жас кезінде және, көбінесе, олардың ықтиярыңыз күйеуге беру сияқты сөлекет әдет бар» [3] екендігін айта отырып, осы іске ел басқарушылар, патша әкімдері араласып, белгілі бір заң шығарса, жасы жетпеген ұлдар мен қыздарды дін жолымен зорлап қосуға тиым салынса деген пікірлерін білдіреді. Бұл – сол кездегі қоғамдық құбылыстың сырын түсінген батыл ой.

Шоқан пікірін Ыбырай Алтынсарин жаңғырта, жаңарта түсті. Ол қазақ топырағында қазақ қыздары үшін арнаулы оқу орнын ашып, игі істің бастамасын жасады. Олар өнер-білімге жетелесе, өз бас бостандығын өз қамтамасыз етеді деген ағартушы-демократтың идеясын басым ұстады. Өзінің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» [4] деген еңбегінде қазақтың ескі әдет-ғұрпына батыл наразылық білдіреді.

Қазақ әдебиетінде әйел тақырыбын ұлы ойшыл ақын Абай бұрын болмаған дәрежеде дамытып, әйел бейнесін сомдауда үлкен төңкеріс жасады. Әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысты. Ол қазақ қызының теңсіздікті басынан кешіріп, теңіне қосыла алмай келген ауыр халіне күйінішін білдіріп, осыған наразылық белгісі ретінде аянышты сезімге толы өлеңдерін арнады. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» – деп басталатын өлеңінде ескі салт бойынша қалың малға қартаң жастағы ханға тоқалдыққа беріліп, жас өмірі қор болған қазақ қызының аянышты халін суреттейді. Қанша байлық пен сән-салтанатта жүрсе де, хан сыйлаған алтын-күміс алқаға алданбай, өз ары мен намысын жоғары ұстаған қыздың әділетсіздік пен зорлық

атаулыға наразылығын жақтап, қорлықта жүргеннен гөрі өлгенді жөн көрген қыз шешімін қолдайды:

Етімді шал сипаған құрт жесін де,

Жартастан қыз құлапты терең суға [5,251-б.] – деп өлеңнің бас жағында қыз тағдырынан хабардар етеді де:

Сәң-салтанат жұбатпас жас жүректі,

Кім де болса тұрғысын көксемекті [5,251-б.], – деп «тең-теңімен» деген мәтелдің шын мағынасындағы мәніне назар аударып, махаббат бостандығын биік ту етеді. «Масғұт» поэмасында да әйелді қоғамның тең мүшесі ретінде қарап, оның ана, ақылшы, жанашыр, сүйген жар, үй-ішінің ұйытқысы ретіндегі ролін жете түсіндіреді. Әйелді адам ретінде жоғары бағалап, гуманистік ойын танытады.

Әйел бейнесін сомдауда, оның өмірдегі орнын бағалауда Абай өзіне дейінгі ақындардан шеберлігін асырып, әйел тақырыбы оның поэзиясының басты өзегіне айналды. Абайға дейінгі ақындардың махаббат шығармалары қыздың сыртқы сұлулығын мүсіндеуден аспайтын да, қыз бейнесін оны сүйген жігіттің нысаны ретінде сүрең қалыпта кейіптелетін. Ал Абай поэзиясында әйел бейнесі сүйе, күйе білетін кейіпте ғана емес, өз бойын құрсаған сезім – туралы сыр ақтара алатын жанды кейіпте бейнеленді. Абай қазақ қызының шынайы бейнесін жасады. Оның қиялынан туған қыз бейнесі бұрынғы аңыздар сомдаған шығыс поэзиясына тән хор сұлуы емес, ұлы ақынның шебер қаламынан қиылып жасалған нағыз дала мінезді, әдемі де биязы мінезді, қазақы қалыптағы сұлу тұлғасымен мұңдалады.

Абайдың ақын шәкірттері мен оның әдеби дәстүрін жалғастырушы ақын-жазушылар ұлы ақынның әйел теңдігі мәселесіндегі адамгершілік қағидаларын насихаттап, өз шығармаларында әйел бейнесін жасауда Абай сомдаған әйел бейнесін ілгері дамытты, жаңа әдебиет мұраттарымен сабақтастырды, қазақ әдебиетінің жаңа сапалық биікке көтерілуіне, жаңғыруына ерекше үлес қосты. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың әйел тақырыбындағы өлеңдері ағартушылық сипатта болса, XX ғасыр басындағы әдебиеттегі әйел теңдігі үшін күрес әуені басты сарындардың біріне айналып, әйел бейнесі прозалық шығармалардың негізгі кейіпкері болды.

Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі барлық қаламгерді тебірентті де Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын жан-жақты

жасаумен қатар білімге, өнерге үндеу идеясын жүзеге асырды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырса, Сәбит Дөнентаев қалың малдың құлы болған әкенің қаталдығы мен мейрімсіздігін аяусыз әшкереледі.

Ақын поэзиясында әйел бейнесі тотыдай таранып, гүлдей құлпырып өсіп келе жатқанымен ертеңі мешуе, келешегі күңгірт жан ретінде қалың малға ұзатылған мұңды тағдырына араша түсіп, құтқарушысын күткен қапастағы әлеуметтік тұтқын енді бұдан былай еркіндік алған еркін бойжеткен бейнесінде беріледі. «Жәмила қыз» – әйелі өлген шалға мал үшін құрбан болып, ұзатылған қыз зарына толы өлең болса, «Әйелдер мейрамына» – қазақ әйелінің кешегі қараңғылық құрсауындағы тірлігі мен одан кейін бостандыққа қол жеткен күнін салыстыра жырлаған мадақ іспетті шығарма.

Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде қазақ әйелінің қараңғылық тұмшалаған ескілік кезден теңдік алған ерікті күндеріне дейінгі эволюциясы айқын көрінеді. Соған орай, әйел бейнесін жасаудағы ақындық шеберлік те сезіледі: алғашқы «Көркем қызға», «Жәмила қыз» сияқты өлеңдерінде сесті қара бояу немесе ырғақ, ал соңғы «Ерікті Айша» сияқты өлеңдерінде еркіндік қуанышы шаттық ырғағы көрініс береді. Әлеуметтік теңсіздіктің түйінді бір мәселесі – әйел теңсіздігін ақын осылайша өз шығармашылығының үзілмес тақырыбына айналдырды. Қазақ әйелінің бейнесі шығармадағы басты кейіпкерге айналып, әйел теңдігі тақырыбының әдебиетте негізгі идея болғаны соншалық, дәуір шындығын терең де жан-жақты суреттеген реалистік туындылар – Міржақып Дулатов қаламынан шыққан «Бақытсыз Жамал» атты тұңғыш қазақ романы, оған іле-шала туған Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдары осы мәселеге байланысты жазылды. Сайып келгенде, бұл романдарда сол кездегі шындық тұрғысынан қазақ әйелінің біртұтас бейнесі жасалып, әлеуметтік теңсіздік мәселесі айқын көрсетілді.

Ғасыр бойындағы әдебиет хронологиялық жағынан тым шектеулі болғанымен осы жиырма жылдағы әдеби дамудың толқынды күші бірнеше ғасырлар пешенесіне лайық десек қателеспейміз. Бұрын қазақ әдебиеті тек өлең-жыр болып келетін поэзиялық әдебиет болса, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туып, біршама прозалық шығармалар, алғашқы романдар мен повестер жазылды, ақын, жазушылар саны күрт

көбейіп, қазақтың жаңа құрыла бастаған алдыңғы қатарлы қауымы – жас зиялы қауымының қалыптасуына жол салды. Мұның өзі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің кәсіптік жағынан да, сан, сапа жағынан да едәуір өсіп, кәсіби әдебиетке айнала бастағандығын байқатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. – Алматы. 1989. – 348 б.
- 2 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы. 1994. – 280 б.
- 3 Ысмайлов Е Біржан сал Қожағұлұлы. – Алматы. 1967. – 1975 б.
- 4 Ақан сері. Шығармалары. – Алматы. 1963. – 141 б.
- 5 Абай (Ибрагим Құнанбаев). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 448 б.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТАЗАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

М. ТЕЗЕКБАЕВ

ф.ғ.д., доцент, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілінің орасан көп байлығы – халық даналығының ұлы туындылары. Жазба әдебиетінің қорына кірген тіл байлықтары қаламгердің творчествосында әшекейге бөлініп отырады, сымбаттылық қасиетке ие болады, ықшамдалып белгілі бір жүйеге түсіп отырады. Осылардың нәтижесінде әр тілге сай, оның қасиетін сақтайтын тілдік нормалар қалыптасады.

Әдеби тілдің даму процесінде біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан тіл қоғам өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, ол үздіксіз дамып, сол даму барысында халық игілігінің мүмкіншіліктерін (внутр. ресурс языка) кеңінен пайдаланып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси-қоғамдық іс атқару жұмыстары орныққан сайын баспасөз, әдебиет, экономика, ғылым, мәдениет салалары дамыған сайын тілде бар байлықтардың ұтымдылары, тілге жатық, айтуға жарамдылары сұрыпталып, іріктеліп, тілдік нормаға айналады. Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуында да, лексикалық тұлғаларды

пайдалануда да, сөйлем құрауда да, қысқасын айтқанда, тілдің өн бойында болуы тиіс. Әрбір жазушы, әрбір журналист, әрбір сауатты адам әдеби тілдің нормаларын жақсы білуіне, соларды сақтап жазуға, сөйлеуге тиісті екені өз-өзін түсінікті болса керек. Мысалы, сөйлеу тілінде «жиырма» сөзін «жігірма», «жерма» деп әртүрлі айтады. Бірақ әдеби тілді білетін адам бұл сөзді осылайша түрлендіріп жазуды да, айтуды да мәдениетсіздік деп таниды, ар көреді. Немесе, үстіміздегі ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін қала, кент, шаһар сөздері қатар қолданылып келді де, кейін «қала» әдеби нормаға айналыш кетті. 1930 жылдары бір сөз жаңа, және болып, халық – қалық болып, өйткені – ұйткені болып түрліше жазылатын. Кейінірек және халық, өйткені деген варианттарын қабылдап едік, сол әдеби норма больш тілімізге сіңісіп кетті. Промышленность (орыс тіліне П. Карамзин енгізген) деген сөзді қазақша өнерлі кәсіп, өндіріс кәсібі, өнеркәсібі деп әртүрлі атайтынбыз, Өнеркәсіп сөзі ресми түрде қабылданып әдеби нормаға айналды. Әдеби тіл пайда болғанда, халық тілінде бар дөрекілікке, қара-дүрсін ала-құлалыққа тиым салына басталады да, таңдау, талғау күшейеді. Сол себепті әдеби тіл белгілі жүйеге түскен тіл болып табылады. Мысалы, ХVIII ғасырда араб-парсы тілдерін енген сөздердің айтылуында, жазылуында ешқандай тиянақтылық, бірізділік болмайтын. Сондықтан сол кездегі әдеби тілде қазіргі әдет-ғадат больш жазылатын. Мұндай сөздердің бұрынғы нұсқасын сақтау діни зиялылар арасында күшті болғанымен, қарапайым қазақтар оларды халық тілінің заңына бағындырып, өзгертіп айтатын еді (М. Балақаев). Осы күні солар әдеби тілдің нормасына айналып кетті.

Әдеби тілді нормалау қалам қайраткерінің, ғылым қызметкерінің күшімен баспасөз, мектеп, радио, теледидар хабарлары арқылы іске асады. Тілді нормалау дегеніміз – бір жағынан, тілде барды сол күйінде қалыптастыру болса, екіншіден, тілде барды өзгертіп қалыптастыру, үшіншіден тілде жоқты, бірақ әдебиет үшін керекті жаңадан енгізіп қалыптастыру болады (Мысалы, стол – үстел). Тілдегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан алғанда онша үйлесімді болмауы мүмкін. Мысалы, жұмыс істеп жатыр, қолын тістеп алды дегендердің құрамын бөліп қарасақ, осындағы сөздер пәлендей логикалық байланыста құрмағанын аңғаруға болады: жұмыс істеу мен жатыр, тістеу мен алды етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары мүлде үйлесімсіз. Сонда да халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада солай қолдану дәстүрге

айналған, сондықтан оларды өзгертудің ешбір қажеті жоқ. Сол сияқты күн күркіреді, қарным ашты, жаным ашыды сияқты ескі мифологиялық ұғымнан құрылғанымен, оларды қазір басқаша түсініп, жаңаша жұмсап керегімізге жаратамыз.

Сонымен, әдеби тілдің нормасы дегенімізге төмендегідей анықтама беруге болады. Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз. Әдеби тілдің нормалары әрдайым сол түп-тұрқының сақтап қатып қалмайды, қоғамдағы өзгерістерге байланысты олар да өзгерістерге ұшырап отыруы мүмкін. Ондайды нормадан ауытқу деп атаймыз, бірақ бұл ауытқулар да уақыт өте келе тілдік нормалардың белгілі бір жүйесіне айналуы мүмкін.

Ал сөйлеу мәдениеті дегеніміз не? Қазақ тілінің өзге де елдер сияқты ерекшеленіп, қырланған, тұрақалған нормалары немесе заңдылықтары болатындығы туралы жоғарыда айттық. Ал сол заңдылықтар бірнеше топқа бөлінеді:

1. Сөздерді дұрыс таңдау, оларды орнымен қолдану (лексикалық нормалар);
2. Сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлем құрастыра білу (грамматикалық нормалар);
3. Сөздерді дұрыс жазу (орфографиялық нормалар);
4. Сөздерді дұрыс айту.

Аталған заңдылықтардың (нормалардың) барлығының да тіл үшін бір-бірінен артық-кемі жоқ, маңызы бірдей. Сауатты, мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздердің дұрыс айтылуы, дыбысталуы сондай шарт. Сөйлеу мәдениеті осы жерде көрінеді.

Сонымен қатар тіл бөлімінде сөйлесу мәдениеті мен сөйлесу техникасы (техника речи) деген терминдерде қолданылады. Сөйлеу техникасы актердің, диктордың өз дауысын меңгеруіне байланысты сөз болады. Адамның өз дауысының меңгеруі оның тынысына, сөйлеу аппаратының қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшандығына (гемноритм), паузаға, дикцияға байланысты болады. Біздің тілге тиек ететініміз сөйлеу техникасы емес, сөзді дұрыс айту жолдары дер едік.

Сөздердің жазылған түрі мен оның оқылуы да үнемі бірдей түсе бермейді. Сөйлесуде немесе жазылғанды оқу кезінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып» үндесіп жатады. Осындай үйлесімділік үстінде кейбір дыбыстар кейде жоғалып та кетеді. Мұндай үндестік – қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи қасиеті. Әр

тілдің өзінің ғана тән дыбысталу заңдылықтары – сол тілді дербес тіл етіп көрсететін ерекше белгілердің бірі болып саналады. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұсқан келтіреді деген сөз (акцент).

Мысалы, алдыңғы сөз а, е, ы, і сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса, ритмика жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің бастанқы кезде к, қ дыбыстары ұяндап ғ, г дыбыстарына айналады. Мысалы, бала кезде (балагезде), күні кеше (күнүгеше), Алматы қаласы (Аламатығаласы), Ботакөз (Ботагөз) т. б.

Сол сияқты сөздің басында тұрған дауысты дыбыстар да өзінің алдындағы (бірінші сөздің соңындағы) қатаң к, қ, п, дыбыстарын ұяндатып жібереді: шекара (шегара), көк ала (көгала), сатып алды (сатыбалды), кісі аты болса Сатыбалды болып жазылады.

Тағы бір-екі мысал; ү, ү, л, ә деген еріндік дыбыстар қазақ сөздерінде не сөз басында, не тек бірінші буындағы ы, і, е дыбыстарына «тізесін батырып» (Р. Сыздықова), оларды ү, ү, е дыбыстарына ұқсатады: күміс-күмүс, құлын-құлүн. Сол сияқты екі сөздің түйісер жерінде келген екі дауыстының соңғысы алдыңғысын «жұтып» қояды: Сарыарқа -Сарарқа, бара алмады-баралмады.

Дыбыстардың бір-біріне әсер етуінің бірнеше себептері бар. Солардың бірі – артикуляция органдарының өз жұмысын жеңілдетуге әр алуан кедергіні кемітуге ұмтылуы. Оның үстіне дыбыстар үндестігін сақтап айту – сол сөйлеген адамдардың құлағына жұмсақ тиіп, әуезді үн береді. Тілдің мұндай ерекшелігі әсіресе поэзия саласында кеңінен пайдаланылады.

Қазақ поэзиясы ассонанс пен аллитерация деп аталатын дыбыстар ұқсастығынан туатын құбылысты экспрессияны әсерлік үшін стильдік құрал етіп молынан пайдаланады. (Сөздердің көпшілігі біркелкі немесе бір-бірімен жақын дауыссыздардан басталып келсе аллитерация деп, бірдей дауыстылардан басталса ассонанс деп аталады).

Кейде аллитерация мен ассонанс белгілі бір сөзге екпін тусіретін стилизациялау рөлінде де қолданылады. Мысалы, Жамбылдың Алғадай деген сүйікті ұлының Сталинград майданында қаза тапқанын естірткенде:

Алатауды айналсам,
Алғадайым табам ба?!
Сарыарқаны сандалсам,

Саңлағымды табам ба?! – деп күңірену үстінде ассонанс пен аллитерацияны қолдану. Алғадай, саңлақ сөздерін айырықша

көрсетіп, оларға екпін түсіріп, әкенің қайғы-зарын өте күшейтіп тұр. Мұндай ерекшеліктер проза тілінде де жиі кездеседі. М. Әуезовтың «Еңлік-Кебегінде»: «Абыз-Сыбыр сөзбен шығарып сап, сынайтын деп келдің ғой, келгір сөзбен көлденең болғың кепті ғой...». Мұнда да жазушы **с, к** дыбыстарын ойнатады. Ендігі мәселе тіл тазалығы жайында.

Өткен ғасырда К. Маркс «Өзінің ана тілі мен туған мәдениетін сүйе алмаған адам басқа халықтың тілі мен мәдениетін ешқашан сыйлай алмайды» деген ұлағатты сөзін бүгінгі күні ұмытқан сияқтымыз.

Тілдік тұрғыдан қарағанда интеркаляцияның төмендегідей себептері болуы мүмкін. 1. «Тілдік экономияға» байланысты. «Тілдік экономияға» жүгініп, қазақ сөйлемдерін орынсыз орыс тілінің сөздерін араластырып сөйлеу, бүгінгі күнде жағымсыз әдетке айналып отыр.

Айталық орыс тілінің звонить етістігіне қазақтың телефон (соғу) шалу екі сөзден тұратын перифразы сәйкес келеді. Бірақ бұл перифразды қолданбай «Мен саған звондадым» деген сияқты шала-жансар сөйлемдерге жүгінеді. Жоғарыда келтірілген звондап «үлгісі» бойынша ертеңгі күні тілімізге «кушайттап», «чигаиттап» сияқты шала-жансар сөздің тумасына кім кепіл?

Ендеше – «тілдік экономия» элементтері тілдік фактіге айналмай тұрып (екі тілдік сөздіктерге кірмей тұрып) қазақ тілінде сөйлеу тәжірибесінде қолданылмауы керек.

Интеркаляцияны тудыратын себептердің екіншісі – орыс синтаксисінің қазақ сөйлеміне тигізетін ықпалымен байланысты. Айталық, өнер қайраткерінің «Оркестр Құрмағазының орындауында», «Фронтта выступать еткенде» деген фразалардың көрермен қауымды ана тілін сыйлауға, қадірлеуге баулиды деп айта алмаймыз. Тіл аралық байланыс мәселелерімен шұғылданыш жүрген ғалымдар арасында орыс сөздерінің черт возьми, конечно, давай т. б. сөздері экспрессияға байланысты кірген делінеді.

Бұл жаңсақ және дәлелденбеген пікір. Себебі әр тілдің өзіне тән сұлулығы мен ұлаң-асыр күші болатынын тіл ғылымымен айналыспайтын адамдар да жақсы біледі. Жоғарыда келтірілген орыс сөздері еш қиындықсыз аударылады және экспрессия жағынан алғанда оларда ешқандай әлсіздік байқалмайды. «Черт возьми – сайтан алғыр, конечно – әрине, давай – қане».

Тоқсан ауыздай сөздің тобықтай түйіні ретінде айтатынымыз қай тілде сөйлесек те, сол тілдің табиғи ерекшеліктеріне нұсқан

келтірмеу, оның өзіндік заңдылықтары мен нормалардың бұзбау, оларды әрқашан естен шығармау керек демекпіз.

ӘОЖ 070

РЕПОРТАЖ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.Б. ШЫНДАЛИЕВА

ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Әрбір жанрдың өзіндік ерекшелігі - өзіндік әдеби-стилін қалыптас-тыруға мүмкіндік береді. Мәселен, репортаж жанры кейіпкердің қатысуы мен эмоцияның үйлесімсіз мүмкін емес. Сонымен қатар, репортаж жеделдікті қажет етеді. Репортаж ең алдымен болған оқиға, байқалған құбылыс жайында бастаң-аяқ баяндау. Ол бүгінгі таңда журналистика саласында кең етек алған жанрдың бірі. Репортаж барысында журналист оқиғаны сан қырынан көрсетіп, шынайы болмысты оқырманға, тыңдарманға, я көрерменге жеткізеді. «Репортаж» сөзі латын тілінен аударғанда «хабарлау» деген мағынаны білдіреді. Оның даму кезеңі баспасөздің дамуымен тұспа-тұс келеді. Алғашқы белгілері заметка жанрында байқалады. Орыс журналистикасындағы репортаждың атасы В.А.Гиляровский болып саналады. Сонымен қатар, репортаж жанрының В.Г. Короленко мен А.М.Горькидің шығармашылық өмірінде атқарған рөлі зор. Журналистика-ның майталмандары бола білген Лариса Рейснер, Михаил Кольцов, Анатолий Гудимов, Анатолий Рубимов секілді журналистер шығармашылығында да жетекші орынды атқарған жанр. Егер репортаж журналистің қатысуымен жасалып, баяндалса онда ол сәтті болып шығады. Дегенмен, мұндағы журналист өз ісін жетік меңгерген маман болуы тиіс. Себебі, оқиғаны өз жүрегінен өткізіп аудиторияға әсерлі етіп жеткізіп оның көңілінен шыға білу үлкен еңбекті қажет етеді. С.М. Гуревич репортаж жанрына былай деп анықтама берген: «Репортаж – бұл авторы болған куәгер немесе қатысушының оқиғаны көрнекі бейнелеуінің жедел динамикалық нысаны» [1, 78]. Аталған анықтаманың авторы репортажды бірнеше түрге бөледі. Оқиғалы репортаж – оның негізінде өте маңызды оқиға. Оның ерекшелігі - жеделдігі. Танымдық репортаж –

кітап қоймалары, мұражайлар және тағы да басқалармен танысу мақсатында жазылады. Проблемалық репортаж – оның негізінде фактілерді талдау, осы немесе өзге де проблемаларды жан-жақты ашуға тырысу.

Марина Шостақтың болжамдары бойынша «Оқиға» – репортаждың синонимдерінің бірі болып табылады. Тағы да зерттеулерден: «Жаксы репортаждың детальдары бір жағдайдан екінші жағдайға, бір ырғақтан басқаға ауысу шегін көрсететін қозғалыс бейнесін береді»[2,90]. Суреттеп жазу емес (артық жағдайлар репортажға зиян келтіреді), тұрақты қозғалыстың берілуін түйсіну, оның қозғалысы қозғалмалы сипатта болу қажет. Репортаждың өзіне тән ерекшеліктері төмендегідей:

- уақытылы оқиғаларды өрістету;
- кезеңдерге оқиғаларды бөлу;
- міндетті әсерленуші орта;
- деталь арқылы жасалатын жұмыстар;
- репликалармен және эпизодтармен (осы репортаждық) болып жатқан тез болатын әсерді жасау;
- авторлық «менді» сезіну;
- талпыну ырғағы;
- оқиғаның аяқталған бейнесі.

Репортаж – бұл ерекше жанр. Мұнда стиль, сюжет және көрнекілік, дәлелдеушілік, болып жатқан оқиғаға авторлық қарым-қатынас өте қажет.

Бұл жанр рубриканың «проблемалық репортаж» түрі басылымдарда жиі орын алады. Оқиғалардағы сол немесе өзге де проблемаларды жазу авторға қосымша міндеттеме жүктейді. Оқиғалар туралы айту және проблемалардың неге байланысты болып жатқанын оқырманға жеткізу өте қажет. Қазіргі заманғы репортерлер проблемалық линияларды, проблемалық кезеңдерді көбірек қолданады. Проблемалық репортаждың авторлары сол немесе өзге де проблемаларды зерттеуге тырысады. Бұл осы жанрдың алға жылжуын көрсетеді. Одан басқа газет жарияланымдары, жанрлардың өзара кірігуі, өзара әсер етулері жүріп жатады.

Репортаж – оқиғаларды орнынан жедел және көркем «беретін» жанр. Жанрдың ең негізгі және ерекше қасиеті – «болу эффектісі» - бұл оқырман, тыңдаушы, көрермен болған оқиғаны репортердің көзімен көруі және естуі. Оқиғаның тікелей қатысушысы автордың өзі оған барлық оқырмандарды, тыңдаушыларды және көрермендерді қатыстырады.

Репортаж түрлері: оқиғалық – оқиға хронологиялық (сондай-ақ оқиға алды мен оқиғадан кейінгі репортаждарды қарастырады) түрде беріледі, тақырыптық – оқиға қандай да бір жерінен бастап беріледі, бұл жерде кеңейтілген және нақты түсініктемелерге рұқсат етіледі және жазылатын ахуалды, яғни репортаж жоспарланбаған оқиғадан беріледі.

Репортаждың тілі мен стилінде екі тілдік бастама болуы мүмкін: документалдығы және көркемдігі, олар идеалды тепе-теңдікте болуы тиіс, егер көркемдік басым болса, репортаж беллетристикаға айналады, ал документалдық болса – құрғақ және қызықсыз болады.

Баспасөз публицистикасының қандай да бір ақпарат ағымын жедел түрде жеткізетін жанрларын ақпараттық жанрларға жатқыза аламыз. Репортаж – хабар таратудың кеңінен жайылған жанры. Ол радионың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді және ерекшелігін толықтай іске асыра алады. Радиорепортажда ақпараттық радиохабардың ұтымды жақтары қолданылады: жылдамдық, өзектілік, мәтіннің қысқа, әрі нақтылығы, образдық бейнелеу. Радиорепортаждың негізгі жанрлық нышаны – деректік, дәлдік. Репортаж уақытша материалмен байланысты. Оның жаңалығы, өтіп отырғаны, динамикалығы да осыдан. Ол әдетте көпшілік арасында көп талқыланатын, қызығушылық тудыратын хабарлама болады. Сондықтан радиорепортажда үш әсердің болуы маңызды: нақтылық, болу, бірге бастан өткізу.

Газетке репортаж дайындап отырған тілшінің де тапсырмасы дәл осындай, тек басты қаруы – жазу. Басқаға қарағанда, ол өз мәтінін ұтымды сөздер қолданып толықтыра алады. Радиорепортер сол уақытта бар білгенін жайып салады. Оның жұмыстағы қорында: дыбысталған сөз, шу, әуен. Ол болып жатқан дүниенің дыбыстар арқылы образын қалыптастырады. Репортаждың үш түрі бар. Оқиғалық, талдамалы-проблемалық, ақпараттық. Репортаждың классикалық түрі – оқиғалық репортаж болып табылады. Талдамалы – проблемалық репортаж әдетте қаладағы көлік кептелісін баяндаудан тұрады. Транспорттың ағымын, ГАИ қызметкерлерінің атқарып тұрған функциясын, жолаушының сұхбатынан құралады. Бұл репортаж түрінің мақсаты - тыңдарманға болған оқиға жайлы жалпы түсінік беру. Ақпараттық репортаж тек мағұлматты ғана құрауы мүмкін. Кейде өзекті мәселені нысанға алады. Басты міндеті – тыңдарманды ғылымда, медицинада, өндірісте болған жаңа ашулар жайында құлағдар ету. Репортаж – синтетикалық жанр. Ол өзіне бейнелеу элементін, сұхбат, комментарийді қосуына болады. Ал енді

осы элементтерді репортажда ойната білу шебердің ғана қолынан келетін дүние. Радиорепортаж міндетті түрде оқиға өтіп жатқан жерден болады. Тыңдарманның санасында сол жердің атмосферасы қалыптасуы керек. Репортер оқиға орнынан тек қана сезімін ғана емес, сенімділігін де тыңдарманға жеткізуі тиіс. Ю.А. Летуновтың айтуы бойынша: «Радиореporterдың шеберлігі - оқиғаның бір сәтін немесе басты кейіпкерін ашық, толық және жарқын түрде жеткізу, ал бастысы – бояуы жоқ, табиғи дүние»[3,69].

Тілші «Бәрі үй үшін» көрмесінен (фонда залдың шуы, түрлі гүлдеген дауыстар) репортаж жүргізуде.

Тілші: Менің назарымды мына бір әдемі көйлектер өздеріне аударып отыр. Тек көйлектер ғана емес. Ал мынау не нәрсе?

Дауыс: Мұнда костюмдер мен күртешелер, жейделер, жалпы керектінің бәрі бар.

Тілші: Әйел үшін.

Дауыс: Әйел үшін (күледі).

(шу кедергі жасауда)

Тілші: Міне, мен бір әдемі гүлдерді көріп отырмын, ерекше әрі әдемі екен...

Дауыс: Бұл көлемді кесте, ескі колөнер, осындай қатпарлы, қалың жіптердің өзімен осындай әдемі заттар жасап шығаруға болады.

Тілші: Міне алыстан қарасаң қарапайым шалбар сияқты, ал жақындасаң ерекше үлгіде жасалған.

Ақсары қыздан сұраймын: Сіз Беларусьядансыз ғой, иә?

Дауыс. Иә, Минск қаласынана боламын (әрі қарай түсіндірме сөздер кетеді).

Бұл репортаж радиоэфирде сегіз минут жүрді және тек диалогтан ғана тұрады. Журналисттің қателіктеріне тоқталайық. Алдымен көрме жайында ешқандай ақпарат жоқ, қай жерде, кім қатысуда, кімдер көруге келген. Келушімен ешқандайда сұхбат жоқ. Егер де келушімен сұхбат болса, сондағы қызықтарды ол өз сөзімен, пайымдауынша жеткізер еді. Сөздердің қайталануы, бөлініп кетуі де журналисттен кеткен қателік. Белоруссиядан келген қызбен сұхбатында, ситуацияны тездетіп қойды. «Сіз қайдан келдіңіз?», - деп сұраудың орнына, «Сіз Беларусьядансыз ба?», - деп тездетіп жіберді. Жаңалықтың бәрін журналист өзі ашып қойды. Және соңы жоқ.

Ю.А.Летунов былай дейді: «Радиорепортаж, - өзінің ерекше құрылымына ие, жіңішкелігі бар, кішкентай, аяқталмаған шығарма. Бірақта шарықтау шегі мен шешімі бар»[3,79]. Репортажға оқиғаны сюжет бейнелейді. Алайда, эпизод таңдауда автордың рөлі өте

маңызды. Журналист репортажда белсенді, ол оқиғаның ортасында, ол материалдың дирижері, режиссері, операторы, жүргізушісі.

Радиорепортаждың басталуы өте маңызды. Тақырыбымен ғана емес, оқиғасымен, ақпаратымен ол тыңдарманды өзіне тартады. Тыңдарман жалпы образды қалыптастырған соң келесі жаңалықты күтіп отырады. Осындай кезде байланысты жоғалтпау үшін, ситуацияны уыстан жібермеу қажет. Сонымен қатар, ұтқыр ойлы репортер қай жерде болмасын ситуациядан ұтып шығудың амалын табады. Айтылған әрбір сөз эмоция мен ойды жеткізеді. Сөздердің ағымы, ырғақ, темп - бәрі де маңызды. Оқиға орнында репортерға дәл келетін эпитет, метафора, салыстырмалы сөздер керек болады. Бұл істердің бәрі оның шеберлігімен өлшенеді. Микрофон алдында қобалжымау, дұрыс дикция, артық дыбыстың болмауы қажет.

Біз репортаждың телевизияның табиғи қасиеті екенін білеміз. Сондықтан да репортаж ең көп тараған, журналистиканың басты жанры болып табылады. «Репортаж» термині француз тіліндегі «reportage» және ағылшынның «report» деген терминінен шыққан. Ол «хабарлау» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздердің ортақ түбірі латынның «reporto», яғни «жеткіз» деген сөздің мағынасын береді.

Бұл термин өткен ғасырдың ортасында пайда болды. Оның мерзімдік баспасөзге шығар алдында да хабарламалары кездескен. Онда репортаждық элементтердің де болғаны айқындалған. Бірақ репортаж өз алдына жеке, сапалы жанр болғанға дейін бірнеше жылдар қажет болды. Содан кейін ғана репортерлік мамандық пайда болды. Ол «жаңалықтарды хабарлау», яғни аудитория мен оқиғаны байланыстырушы болды. Сонымен бірге, Отандық журналистиканың өрлеуі осы репортаждың барлық БАҚ-тың ішінен ең алдыңғы орынға шығуына септігін тигізді. Әрине теледидарда бұл жанрдың кең таралуына әсер етті.

Сөйтіп, репортаж - журналистика жанры. Баспаға, радиоға, телевизияға қандай да бір оқиғаны тілшінің көмегімен жедел жеткізеді. Ең соңғы жағдайды ерекше атап өткеніміз дұрыс болар. Өйткені, жаңалықтарды хабарлау басқа да ақпараттық жанрлардың мақсаты болып табылады. Бірақ репортажда автордың оқиғаға деген көзқарасы, құбылыс, деректерді таңдап алуы бірінші орынға шығады. Ол ақпараттық жанрдың шынайылығын жоққа шығармайды. Журналистиканың тарихында репортаждың орны ерекше. Ол өмірге жақындығымен, құбылыстың шындық бет-бейнесін ашуымен ерекшеленеді.

Газет пен радиода репортер оқиғаны сөзбен әрлеп жеткізеді. Сондықтан суреттеу функциясы газеттік немесе радиолық репортердің шығармашылық жұмысында басты орын алады. Телевизияда бәрі өзгеше: телекамера өмірдің өзін бақылайды, ал репортер оқиғаға көрермендер көзімен қарайды. Суреттеу функциясы камераның көмегімен жүзеге асатындықтан, репортерге болған оқиғаны тек кадрдан тыс баяндап, толықтыру ғана қалады. Берілуіне қарай тікелей репортаж дәл сол кезде болып жатқан оқиғаны көрсетеді. Және ол қозғалмалы телевизиялық станциялардың көмегімен жүзеге асады. Ал оның дәл сол сәттегі немесе сол уақыттағы оқиғасын көрсете алмауы фиксацияға жатады. Фиксация репортерлік әдіске қарай бейне, кино, фоторепортаж болып бөлінеді.

Фиксацияның ежелгі тәсілі – бейнелеу, сурет салу болып табылады. Бейнерепортаж жанрын телевизияда елестету қиын емес. Бұл тәсілде қазіргі компьютерлік графика мен арнайы эффектілердің көмегін қолдануға болады. Бұрын Америка Құрама Штаттарында заңда қатаң белгіленгендіктен, тележурналистер әрқашан суретшілердің көмегіне жүгінген, бұл әдіс бейнерепортажға жатады.

Дыбыс сүйемелдеуінің ерекшелігіне орай репортаждың екі түрін келтіруге көмектеседі. Синхронды - табиғи дауыстар мен қатысушылардың сөзінен құралатын репортаж түрі. Инемалық – мұнда кадрдан тыс мәтінді теледиктор оқиды. Бұл репортаж түрінің өзінің қолданылу аясы бар. Бұған арнайы репортаждар жатады.

Репортаждың типологиялық ерекшеліктеріне оның оқиғалық болып бөлінуі, тақырыптық және қойылымдық болып бөлінеді. Алғашқысында ол шын болған оқиғаны көрсетеді. Ол репортерге қатысты емес. Ең бастысы оны дәл, нақты ақпаратпен қамтамасыз етсе болғаны. Тақырыптық репортажда автор-журналист телевизиялық бағдарламаның тапсырысы бойынша жұмыс жасайды. Яғни тақырыпқа байланысты оқиғаны және көрсетілім орнын түсіреді. Сондықтан ол бұл қойылымдық репортажда оқиғаны ұйымдастырушы рөлін атқарады.

Репортаждың алғашқы қолданылуы тікелей эфирдегі оқиғаны берумен байланысты болған. Мұндай тікелей эфирдегі репортаж қоғамдық, саяси немесе мәдени оқиғаларды көрсету кезінде қолданылады. Мұнда көрермендерге қызықты болғандықтан осындай репортаждар беріледі. Әлемнің жоғарғы заң орандарының отырыстары, Отандық және шет мемлекеттердің өкілдерінің баспасөз конференциялары, спорттық сайыстар да жатады. Сонымен

қатар кейбір концерттер, қойылымдар телевизиялық репортаждың дәл осы тікелей эфирлік жанрына жатады. Репортажда оператор, режиссер, репортер үшеуі бірлікте белсенді қызмет атқарады.

Оқиғалық репортажда ең бастысы оқиға және оның одан әрі дамуы. Репортердің сөзі ештеңені жүрізбейді, еш оқиғаны, қимылды ұйымдастырмайды. Бірақ оқиға соңынан жүріп отырады. Кадрдан тыс баяндап отырғандықтан, репортердің жұмысы өте қиын, әрі жауапты болады. Оған газет журналистерінің секілді жазған материалын мұқият тексеріп шығуға, әр сөзін тереңірек ойлауға, кейін оны оқып шығуға еш мүмкіндік берілмейді. Ол бағдарламаны «тікелей» жүргізіп жатқандықтан, дәл телекөрермендер сияқты әртүрлі күтпеген жағдайларға тап болады, олар сияқты таңғалып, қиын кезде бірге мұңаяды. Репортажға дайындық ең алдымен сол оқиға жөнінде мағлұмат жинаудан, сонымен қатар, тақырыпты ашатын жарық, әрі тез есте сақталатын өткір ойларды жинауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гуревич П.С., Ружников В.Н. Советское радиовещание: Страницы истории. – М., 2006.
- 2 Шостак М.И. Репортер профессионализм и этика. – М., 2001.
- 3 Летунов Ю.А. О развитии документальной радиожурналистики. – М., 2000.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Павлодар облысының әкімі	
Е.М. Арынның алғы сөзі	3
С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың проректоры	
Н.Т. Ержановтың алғы сөзі	5

Пленарлық отырыс Пленарное заседание

М.А. Хаканов	
Олжабай бабаның ескерткіштер	8
Махсат Алпысбес	
Шежіредегі қазақ батырлары туралы ғұмырнамалық деректер. Олжабай батыр Толыбайұлының (1709-1783) 305 жылдығы қарсаңында ...	11
Қ. Алдаберген	
Он сан Орта жүзге ұран болған Ер Олжабай	34
А.Қ. Тұрышев	
Мәшһүр-Жүсіп шығармасындағы «Олжабай» батыр бейнесі	38

1 Секция. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің мәселелері

1 Секция. Вопросы теории и практики изучения национально- освободительного движения казахского народа

М.Ж. Абдыкаримова	
Абылай хан – организатор всенародной борьбы против иноземных захватчиков	45
Ә.Е. Әбілқыш	
Ер Олжабай – Алаштың алдаспаны	50
А.Д. Азербай	
История национального протеста казахского народа: формы и трансформации	53
А.М. Акшанова, Қ.Қ. Батталов	
Батырлар институты және олардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны	56
Ж.О. Артықбаев	
Қазақтың ерлік ғасыры: тұлғалар мен қайраткерлер	62
Ж.О. Артықбаев	
Борьба за восточные регионы страны и первый подвиг Олжабай батыра в казахских исторических сказаниях	74
Қ.Қ. Батталов	
Олжабай батырдың қазақ тарихындағы орыны	84

М.Қ. Дауытбекова	
Қазақ батырларының әлеуметтік институт ретіндегі рөлі (XVIII ғ.)	89
Ф. Жұмағұл, А.А. Қасқабасова, К.К. Сыздықов	
XV-XVII ғғ қазақ және жоңғар хандықтарының қарым-қатынастары ...	97
Е.Қ. Жүсіпов	
Олжабай Толыбайұлы (1709-1783)	104
Е.Қ. Жүсіпов	
Шақшақ Жәнібек (М.Ж. Көпейұлы деректері бойынша)	114
Б.Б. Садықова	
Қабанбай Қожақұлұлы – знаменитый казахский батыр	120
Д.К. Сарсекеев, А.А. Қасқабасова	
1812 жылғы Отан соғысына қазақтардың қатысуы	124
Н.М. Сеитов	
Борьба казахского народа против джунгарской агрессии	132
Г.Б. Тусупова	
Павлодарское Прииртышье в годы джунгарской агрессии	141
В.В. Хихлуха	
Роль Канай батыра в борьбе против джунгар	147

2 Секция. «Халық тарих толқынында» Ұлттық бағдарлама аясындағы тарихи зерттеудегі жаңа әдіс-тәсілдер

2 Секция. Новые подходы в исторических исследованиях в контексте Национальной программы «Народ в потоке истории»

С.Б. Амирова	
Культурный путь развития Казахстана	151
И.Б. Андирова	
Қазақ ағартушылары және оқу-ағарту мәселесі	156
Б.Т. Ахмұльдинов, А.А. Қасқабасова	
«Қазақ» газеті тарихынан	161
С.К. Бастемиев, Е.С. Қайырбек	
Ұлус Джучи - Ак Орда	166
А.Р. Бейсембаева	
Роль семьи Капустиных в активизации общественных отношений в Северном Казахстане	171
А.С. Буктаева, А.А. Қасқабасова, К.К. Сыздықов	
Рухымызды оятқан сен, Желтоқсан!	179
Б.Ж. Ельмуратова	
Некоторые аспекты развития феминистского движения: историческая ретроспектива и историография	183
Б.К. Еспаева	
Деятели культуры, науки, медицины Казахстана и их международное признание	190

Ш.А. Жапар	
Причины кризиса Османской империи. Реформы Селима III и Махмуда II	197
Д.А. Зулхарнай, А.С. Молдакимова	
Миссионерская деятельность в Казахстане в XVII-XVIII вв.....	201
Ә.І. Қапалова	
Ғылым, білімге арналған салалық басылымдар ерекшелігі.....	206
Г.К. Кульжанов, Д.К. Кульжанов	
Традиционный ислам ханафитского мазхаба в Казахстане	211
С.Н. Мамытова	
О роли чингизидов в истории Казахского ханства.....	216
А.А. Мурзабекова, А.А. Каскабасова	
Қазақстандағы нумизматика саласының өзекті мәселелері.....	228
Г.Қ. Ракишева	
«Қазақ» газетінің қазақ даласындағы үні.....	234
М.И. Рахимов, Қ.Қ. Батталов	
Жас түріктер һәм алаш қайраткерлерінің көзқарастары.....	238
М.А. Сарсембинова	
Жаһандану жағдайындағы Қазақстан мәдениеті	242
Т.М. Сарсенов, А.Е. Жумабай	
Ұлттық идея – ұлттық патриотизм (Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда ұлттық идеяны пайдалану).....	249
С.С. Серкенова, А.С. Молдакимова	
Роль Казахстана в развитии сотрудничества в области безопасности в рамках Шанхайской Организации Сотрудничества.....	253
А.Г. Шабамбаева, Б.Ж. Ельмуратова	
Некоторые вопросы современного положения гендерного развития в Казахстане	259
Н.М. Шакиров	
Қазақстанның тарихының деректері мен олардың ерекшеліктері	263

3 Секция. Қазақ әдебиетінің мәдени құндылықтары
3 Секция. Культурные ценности казахской литературы

А.О. Бектемисова	
Проблемы изучения истории казахской литературы.....	274
Г.Ж. Ельмуратов, Г.М. Каппасова	
Жүсіп Баласағұнның шығармашылығындағы «Ел» мәселесі	279
Н.К. Жусупов, М.Н. Баратова, А. Елшин	
Особенности сбора фольклора Машхур Жусипа и сказка «Суюндик: батыр Олжабай»	284
Б.Т. Кусайдарова	
Олжабай батырдың шешендік өнері	288
А.А. Мейрманов	
Қазақстанда домбыраны пән ретінде оқыту жүйесіне енгізу.....	292

Ш. Мырзахметов	
Қазіргі БАҚ-тағы жарнаманың ерекшелігі.....	295
С.Е. Тапанова	
Алғашқы қазақ романдарындағы әйел теңсіздігі мәселесі.....	301
С.Е. Тапанова	
Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесінің жасалу эволюциясы	307
М. Тезекбаев	
Қазақ тілінің мәдениеті мен тазалығы туралы	314
М.Б. Шындалиева	
Репортаж жанрының ерекшелігі.....	319

**ОЛЖАБАЙ ТОЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ
300 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
«ОЛЖАБАЙ БАТЫР – ЕЛ ҚАҺАРМАНЫ»
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор Б.В. Нургожина
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, А.Р. Омарова
Компьютерде беттеген Б.Б. Ракишева

Басуға 18.10.2013 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 421/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 17,6. Таралымы 100 дана.
Тапсырыс № 2115
«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.